

# МУХТАР ӘУЕЗОВ

---

894.342-3

2-90

12



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# МУХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ  
1983

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

884.342-2

Ә-50

# МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ОН ЕКІНШІ ТОМ



*Драмалық шығармалар*

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ

1983



Редакциялық коллегия:

БАЗАРБАЕВ М., АХМЕТОВ Э., ӘУЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р.,  
ҚАРАТАЕВ М., МҮСРЕПОВ Ғ., НҮРПЕЛІСОВ Ә.,  
ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕРДІ ЖАЗЫП, ТОМДЫ  
БАСПАҒА ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

ӘУЕЗОВА Л., МЫРЗАХМЕТОВ М., СЕРІКҚАЛНІЕВ Э.,  
УАҚАТОВ Б., ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р., ҚУАНЫШБАЕВ А.

БӨЖЕЕВ М., САХАРИЕВ Б.

Әуезов Мұхтар

- Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы:  
Жазушы.— Т. 12: Драмалық шығармалар.— 1983.  
344 бет.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он екінші томына «Абай» сценарийі, «Алуа» пьесасы және «Дос — Бедел дос» пьесасы қазақ тілінде, «Қалқаман — Мамыр» және «Біздің совхозда» атты либреттолары мен «Дала батыры», «Райхан» киносценарийлері орыс тілінде беріліп отыр.

Каз 2

4702230200—13 3—82

© «Жазушы»— 1983



# АБАИ

## Сценарий

## ҚАТЫНАСУШЫЛАР

- Абай.  
Айдар. } Абайдың ақын шәкірттері.  
Шәріп. }  
Көкпай. }
- Баймағамбет — ертекші, Абайдың досы.  
Зейнеп — жолаушы ақын әйел.  
Әдірахман (Әбіш) — артиллерия офицері, Абайдың баласы.  
Мағауия — Абайдың баласы.  
Ажар — қаралы әйел, кейін Айдардың жары.  
Долгополов — доктор, антрополог, айдаудағы адам.  
Ерден — тобықтының ру басы.  
Нарымбет — Ерденнің жақыны.  
Мәрия (Мағыш) — Нарымбеттің қарындасы, Әбіштің қалыңдығы.  
Оспанов Әзімхан — облыстан келген шенеунік.  
Тәкежан — Абайдың ағасы, болыс.  
Еркежан — Абайдың әйелі.  
Қарлығаш — Абайдың жақындарының қызы.  
Сырттан — тобықты руының қарт биі.  
Мес — Ерденнің жігіті.  
Дәулет — Айдардың жақыны.  
Ораз — Олда.  
Кыз — олда Айдардың руласы.

Урядник, полиция, қонақтар, жігіттер, балалар.

Қазақтың ен сахарасы. Ескі молаларда тас бейнелер, ескі қорған көрінеді.

Ақтарылған қорғанның басында бірнеше адам отыр. Бәрі де қазылған шұңқырға үңіліседі. Төменнен жіңішке түтін шығады. Аздан соң сол төменнен трубкасын түтетіп Долгополов шығады. Қолында адамның бас сүйегі. Сүйекке қадалған садақ оғы бар. Сүйекті топырақтан тазарта тұрып, Долгополов Абайға:

— Ал, соңғы қорған мынау. Бұрынғылардан қызығырақ сияқты. Бас сүйек... ал мынаны байқайсың ба, бұл шақпақ тастан істелген оқ қой.

Жұрт танырқай қарасады. Әсіресе Баймағамбет ентелей қадалады. Долгополов:

— Қадым заман белгісі. Тас ғасырдың куәсі. Бірақ сонымен қатар жылқы сүйегі мынау.

Аршылған топырақ үстінде жылқының бас сүйегі жатыр. Қасында темір ауыздық бар, тағы басқа сүйектер. Адамның тағы бір сүйегінде алтын құрсау бар. Долгополов трубкасын бұрқылдатып:

— Темір ауыздық... құрсау... өзі алтын... Анау шақпақ оққа қарағанда ірі мәдениет айғағы ғой... Тегі, ескі қазақ осы сахарасы үшін талай жабайылармен соншалық ұзақ заман алысқан-ау... Солай шығар деп ойлап ек-ау, Ибрагим Кунанбаевич!

Баймағамбет ауыздық пен құрсауды ұсталап:

— Дұрыс... бұл қазақ. Баяғыда бір үш қатын бопты, үшеуі де перзент күтеді екен. Соның бірі толғатқанда жер тырнапты — оның нәсілі қытай бопты. Жер де көп, ел де көп. Тағы бірі толғатқанда — ағашты құшақтапты. Бұның нәсілі орыс екен. Тоғай да көп, ел де көп. Енді бірі толғатқанда аттың жалын құшыпты. Осының нәсілі қазақ бопты — ел де көп, мал да көп.

Долгополов үлкен тостағанға қымыз құйып жатып күліп:

— Өлгеніңше оқып өл!..— дейді.

Шәріп Абайға бұрылып, түнере қарап:

— Абай аға, мен өлімге қарап күлгенді сүймеймін!— деп, қолына бас сүйекті алып ақырын бір өлең шығарып кетеді:

Тақ Сүлеймен тауып айтқан  
Тағдыр қатал, әмір зор.  
Жетер сағат, жетер құдірет  
Алдың тосар ажал сор.  
Мұң сапарда адамзат  
Ұзақ жолда күні қор.  
Күндер айдап, жылдар кетед  
Қасірет түбі қайғы тор...

— Мынау сүйек осындай ой толқытады...— дейді.—  
(Абай қымызды шөліккей жұтып.)— Бұ неткен шер!..  
Сен бас сүйекке қарап, Омар Һаямның не дегенін білемі-  
сің?

Бар жаһанның ардақтысы асылы біз,  
Фани дүние ең бір сұлу нәсілі біз.  
Бар ғаламы жүзік болса дөнгелек,  
Сол жүзіктің анық гауһар асылымыз!—

дегені қаны! Сен болсаң өз ішіңе тығыла бересің-ау,  
Шәріп! Мынау тұнжыраған тұңғиық мөлдір көкке қара-  
шы. Тірек те, дерек те жоқ. Бірақ жоқ болғанмен оның  
көркі кем деп кім айтады! Рас емес пе, Федор Иваныч?..

— Әбден рас, Ибрагим Қунанбаевич — деп, Долгопо-  
лов жар астынан үн қатады да:— Бірақ сырымды жасыр-  
майын... ақындықты аз ұғам... дейді.

Абай қолына Долгополовтың балғасын алып:

— Тіпті мына доктор Долгополовтың өшкенді жанды-  
рып, өлгенді тірілтіп жатқаны жаман ба?.. Ал тіпті ана  
Көкпайдың маңдайына қонған алтындай араны көрші...  
Көкпай секем алып қиғаштай қарайды.

Абай әзіл етіп:

— Әніки, шағып та алды. Сонысы ақыл-ақ тіпті. Көзін  
көріп отырмын, «Абылайын» бүгін де оқып беретін түрі  
жоқ қой!..— дейді.

Көкпай ара шаққан маңдайын сипап:

— Мен бітіруге жақынмын, Абай аға. Жақында.

— Жә, жарайды,— деп Абай сөзін бөліп,— «Абыла-  
йынды» бізден туған немереге оқып қуантарсың...



Мағауия. Аға, бұның жаман жазудан қорыққаны сондай, тіпті жақсы жазуға батылы болмай жүр.

Абай. Сөз-ақ Мағауия. Оның рас... Батылдық жоқта өнер жоқ!— деп Көкпайға:— Мына мысалдарың жақсы басталыпты. Әсіресе көбелек пен шам тәуір. *(Қойнынан жазулы қағаз алып, Көкпайға беріп.)* Қиыны орта тұсы, соны жеңсең аяғы өзі оралады. Мә, азырақ түзеген болдым. Ал, Айдар бүгін де жоқ па? Қайда жүр?— дейді.

Көкпай *(қысылып)*. Ол бір ауылға кетіп еді, Абай аға.

Абай. Сол ауыл жақыны боп, біз жаты боп жүрмейік, соның...

Мағауия. Ал енді аға, өз өлеңіңізді оқысаңыз қайтеді?

Абай. Жарайды... оқийн. *(Көзілдірік киеді.)*

Мағауия. Жаңа өлең ғой?

Абай. Жаңа... «Жазғытұры».

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырып жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.  
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.

Кең даланы көк масаты кілем жапқан. Әдемі белеңдер. Жарқыраған айдын көл бетінде құстар мәз.

Абай үні баяулай естіледі.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз  
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.

Ақын даусы тағы алыстап баяулап барады. Музыка араласады.

Құс қатарлап байлаған қанжығаға  
Қыз бұрандап жабысып, қылады наз...

Дауыс естілмейді. Музыка қауіп елестетеді. Қаттырақ шығады. Тарс-тұрс мылтық үні киіп кетеді.

Тау ішінде бұраң жолмен екі атты кісі шауып келеді. Қыз бен жігіт — Айдар, Ажар. Әйелдің шәлісін, жігіттің көйлегін жел ұйтқытады. Арттарында қуғын бар. Атқылап қуып келеді. Айдар аты оққа ұшты. Ажар тоқтай қалады. Айдар тұра бере Ажарға:

— Жөнел! Абай ауылы жақын. Құтыласың!

А ж а р. Сен ше?

А й д а р. Қаш, мен бөгеймін жауды!

А ж а р. Сен өлсең маған тірлік не дәрі?

А й д а р. Күнім-ай!— деп Ажардың атына қарғып мініп, тебіне жөнеледі.

Ерден Нарымбет жігіттерін ерте, атқылай қуады. Нарымбет алға түсе бере атын тоқтатып, шыр айналған ат үстінен көздеместен атып қалады.

Алдына бір қарап, екілене айғайлап тағы ұмтылады.

Ажардың аты да өліп жатыр. Айдар Ажарды көтеріп алады. Нарымбет бастаған барлық топ қаптай кетеді. Аттан ырғи берісе Айдарды ұстайды. Нарымбет Ажарға төніп қалшылдап:

— Ер әруағын қорладың ба? Қаралы қатын емес, қара жыланбедің?

А ж а р. Қаралы жылын күткемін. Сенің айтар күнән жоқ...

Н а р ы м б е т. Арсыз! Атадан азған! (*Қамшы сермейді.*) Ері өлсе келін мұра, әменгерің мен! Ата жолын аттап көр. Мынау бұралқы ма, сені аздырып алатын.

А ж а р. Азып тигем жоқ, таңдап тидім, өле қал!

Н а р ы м б е т (*сұмдық көріп*). Әруақ! Қайдасың әруақ! (*Қамшымен тартып жібереді.*) Айдар қолы байлаулы болса да, ақыра ұмтылып, Нарымбетті қағып жығып, бассалады. Нарымбет жігіттері бұған жабыла түсіп сабап жібереді. Арғымақтай қара атқа мінген Ерден Меске ақырып әмір етеді.

— Әпкел арқанды! Менің қолымнан, Ерден аулынан қатын тартып алмақ па, шұнақ құл!

Н а р ы м б е т (*есін зорға жиып*). Қарақшы! Ағызармын қаныңды.

Е р д е н. Таң, аттың құйрығына!

Ерден жігіттері арқан шұбатып ат құйрығына тағады. Сүйретіп өлтірмек.

Мағауия, Тәкежан шауып келе жатыр... Соққыдан есі ауған Айдардың мойнына арқан тағылған. Ажарға да тағысады. Мағауия ұмтыла айғайлайды:

— Тоқтат! Араша! Айт айыбын.

Арқанға жабысады.

М е с. Білмейсің ғой айыбын. Бәрің де бір ұядан. Жөнел. (*Шетке қағады.*)

М а ғ а у и я. Мен бермеймін Айдарды. Өлтіртпеймін.

Е р д е н. Доғар! Кіріспе менің ісіме!

Мағауия. Тәкежан аға! Әмір сенде. Өлтіртпе мынаны.

Ерден. Уа, Тәкежан. Береке бересің бе үй ішіме, жоқ па? Інің Абай жауымды сақтайды. Мынау немен қолыма жармаса ма? *(Тағы бір топ атты шауып келеді. Арасында Шәріп, Көкпай.)*

Шәріп. Ақсақал, Ереке! Қолда көз жоқ, жолдан азасың ба?

Ерден. Сөйлеме, Шәріп! Бұнын бәрі данышпан, жеткізгенің мынау ғой. Ұстазың Абай. Токта, жетермін тегіс түбіне!

Шәріп. Ашу тілі жұдырық, ақыл тілі сөз емес пе еді?

Ерден. Ақылыңмен қоса қағармын кара жерге.

Нарымбет. Болысқаның кім сендердің? Қаңғыған бұралқы ма? Елі кім, тегі кім? Әр ауылдың шетіндегі қоңсы ма? Қайдан шықты бұл? Кім шақырды әрекеге?

Ерден. Қаңғырған қайыршы Айдар әруағымды ісімен де, сөзімен де қор етпеді ме? Тілегені немене бұл бүліктің? Осының туысы емес пе, тімтініп жер тілеп жүрген. Жер бер бұған, жол бер бұған. Қойныңдағы қатыңды бер. Жырын тыңда.

Қайран сөзім қор болды  
Тобықтының езіне!—

десіп...

Мағауия. Ол бұның сөзі емес...

Ерден. Енді кімдікі?

Мағауия. Оны айтқан менің әкем. Ол Абай сөзі.

Ерден. Ә-ә, тағы Абай ма? Жазатын Абай, жырлайтын Айдар, тыңдайтын біз ғой! Бар даланы басып барасың өрттей...

Нарымбет. Сорлы заман! Әруақ! Айналайын әруақ, қайдасың? Жой мынаны. Тәкежан-ай, сөзіңді... Өлтірт мына қара беттерді.

Ажар. Қанға қарайсаң мені өлтір. Айыбы жоқ Айдардың!

Шәріп *(Ажарға)*. Үндеме, сен әйел! *(Тәкежанға.)* Айыпты болса биге сал!

Тәкежан. Токтат! Бұлардың билігі айтылған, Кеңгірбай айтқан. Ұлықтан кәр кетсе, елден ар кетеді. Азбаймын ата жолынан. Бердім Ерден қолыңа.

— Сен берсең де, мен бермеймін!— деген Абай үні шығады.— Ара түсем!

Көкпай Айдарға ұмтылып арқанды кесіп жібереді. Мес. Тиме арқанға!

Көкпай (*арқанды лақтырып*). Мә, арқаның қолқаңа кетсін! (Абай аттан түсіп Айдарға келеді.)

Айдар (*есін жия*). Абай аға... асыл аға!..

Ерден. Иеге келдің? Не тілейсің тағы да?

Абай. Әділет тілеймін... Бала мен бауырдан да қымбат маған Айдар.

Тәкежан. Не дедің сен? Осындай азғын қымбат па бізден?

Абай. Алмастың түймедейі түйедей тастан әбзәл. Ара түсем.

Нарымбет. Неткен қорлық... Қайдасың әруақ!

Ерден. Ара түскен айыпкер үшін жауапкер... Оны ұмытқан жоқсың ғой сен?!

Абай. Білем жолды...

Ерден. Жауапты сенен алам ғой?

Абай. Менен...

Ерден. Мал-басыңмен жауаптысың ғой?

Абай. Басыммен де, малыммен де жауапкермін.

Ерден. Тәкежан, жауапкер Абай болғанда, мен көндім, билікке.

Тәкежан. Болсын солай.

Нарымбет. Билікке шейін айыптыларға кім не?

Абай. Ажар өмірін сен сақтайсың, Ерден. (*Басқаларға*.) Сенушімендер? Айдарды би өкімі болған күні менің қолымнап аласыңдар. Ал қазір босатыңдар.

Мес. Ерденге қиғаш қарай түсіп, Айдар, Ажар мойнынан арқанды алады.

Ерден (*Нарымбетке*). Мәз ғой. Бұғалықтан құтқарады дейді ғой. Мен сол бұғалықты дәл өз мойныңа арнадым...

Нарымбет. Осынысы өзі теріс те болмас. Ойға түсер ме екен әлі ана бір құтырғаны.

Ажар (*Айдарға ұмтылып*). Айдар жаным! Жарға жықтым-ау сені...

Айдар. Күнім, қуанышым. Кеше гөр.

Мес Ажарды қақпайлай жөнеледі. Ерден жігіттері кетеді.

Абай тобы мен Айдар қалған.

Ш ә р і п (*кеткендерге қарап*). Айдар-ай! Дұспанның да азулысын тауып бердің-ау, Абайға бүгін!

— Абай аға, асықтық ажалдан да күшті екен... Қайта ажалыма ара түскен өзіңсің. Қалғанын да өзің шеш... Әкем бол да, өкім айт.

А б а й (*атына мініп жатып*). Әкең болсам, осыншалық сыр жасырып жүргеніңе өкпелеймін. Билікке шейін үйден шықпайсың. Мен саған бармаймын.

\* \* \*

Жайлаудың жақсы бір сәскесі. Көл беті айнадай жалтырайды. Көк шалғында әппак боп отырған Абай аулы.

Қосыла шырқап, ән салып жатқан балалар үні естіледі.

Ауылды жағалап Шәріп келеді, қалың ойда. Долгополов үйінің жанынан өте береді. Баймағамбет пен Долгополов моладан тапқан заттарын қарасып отыр.

Шәріп балалар жанынан өтеді. Бастығы молда боп ән жаттасып жатыр. Қарлығаш та сонда. Әні шырқай шығады. Молда Шәріпке жақындап, қалың кітап ұсынады.

М о л д а. Бар өнерімді салып ем. Талай көшірдім. Дәл осы көшірмеме екі қой бермекші. Иншалла, бұндай көркем мәшіх жазуын бұл өңір көрмеген болар. Өзіне көрсетші, не дер екен?

Шәріп кітапты алады. Молда балаларға қайтады. Шәріп тағы жүріп келеді. Еркежан үйі. Үлкен самауыр бусанып тұр. Бір қыз үрлей түседі. Еркежан есік алдынан қызға қарап тұр.

Ш ә р і п. Абай ағам осында ма?

Е р к е ж а н. Жоқ, әлі ұранқайда. Тіпті үш самауыр суып қалды. Келсін деші. Осы, түн бойы ұйықтаған да жоқ па деймін.

Шәріп Абай үйіне кіреді. Аласа үстел жанында Абай отыр. Үй іргесі түрілген. Қағазға, ескі сағатқа, қауырсын қаламға, майы ағып сауыс боп тұрған шамға күн сәулесі түсіп тұр. Абай жазып отыр.

Ш ә р і п. Абай аға!

А б а й (*жазып жатып*). Тұра тұр... (*Жазып болады.*) Ал, сөйлеші.

Ш ә р і п. Көңіл күпті, маза кетті ғой.

А б а й (*күлімсіреп*). Сабыр, сабыр, шошытпа! Жауар бұлттай түнергені несі екен... Домбыраны әпер.

Шәріп (*домбыраны әперіп*). Хайран қалам, Абай аға. Бұ неткен сабыр! Жаулық өрттей лаулап тұр. Абай бүлікті қостайды. «Абай жолға қарсы. Абай елдің намысын ұмытты» дегелі тұрған жоқ па ертең?

Абай. Сабыр... одан да ананы тындашы. (*Домбыраны ақырын тартып, алыстағы балалар әніне күй қосады. Ән — «Бойы былғаң»...*)

Шәріп. Сенің жонынды жауға төседі, анау есуас.

Абай. А, бақыт көксеу есуастық па еді?

Шәріп. От боп өртеген бақыт болушы ма еді. Өлеңге өлшеу, сезімге шек бар емеспеді?

Абай. Олай емес. Одан да шексіз сезім өлшеулі өлеңге сыйсын десенші. Сондай өлеңнің ғана үні өзге болмақ. Айдар құлағы сол үнді шалып жүрсе қайтесің, Шәріп?

Шәріп. Жаңыласыз ғой, Абай аға. Оның көргені де, шалғаны да шамалы. Оныкі тек жүгенсіз кеткен бассыздық. Жол жора катал болсын, надан болсын. Бірақ ел үшін ол парыз ғой. Қарсымызға халық шыға ма деп қорқам. Осыдан шошымын, Абай аға.

Абай. Сен шошыма, Шәріп. Халық шындыққа қарсы баспайды. Соқса, соқсын дауылы. Бәрінен де бықсып, бүксу жаман. Тостым түбін... Ерден Айдар руын, бар борсақты кең сахараға сыйғызбай өзі тоздырып, бездіріп болып, енді солардың аштық-жалаңаштығын қорлайды. Бар жерін өзі тартып ап, Айдардың жер мекені жоқтығын айып етеді. Осыны аңғарсаңшы. Енді бұны өлтіргісі келеді, жазығы жалындап сүйген махаббаты ғана. Сорлы Айдар! Жауынның жеміті-ай! Бірақ осы теріс емес. Надандық бізден қорқа бастаған. Долданғаны сондықтан. Билікте барды айтам. Естір құлақ қапсын да, сезінер жүрек жалын атсын. Тіпті осыдан өзім де жасарғандаймын. Түнде бір өлең де жаздым. Тындашы:

Қызарып сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі.  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі.  
Екі асық құмарлы  
Бір жолдан қайталмай.  
Жолықса, ол зарлы  
Сөз жөндеп айталмай.

Қызыл тіл, жүйрік ой,  
Сол күнде қайда едің?

Ғашыққа мойын қой,  
Жеңілдің, жеңілдің...

Ш ә р і п. Айдар, Ажарға арналған ба?..

Абай бас изейді де:

— Ал, Айдар өзі қалай?— дейді.

Ш ә р і п. Қалай екенін қайтесіз соның қазір.

А б а й. Осы неге түйіле бересің, Шәріп? Айдарды сен қашаннан жек көрушен?

Ш ә р і п. Бәсе сондықтан қапа болам. (Абайға кітап ұсынып.) Мүрсейіт молла сізге көрсет деп еді.

А б а й (ашып қарап). Менің өлеңімді неше рет көшірді екен осы? Көшіреді де таратады. Таратады да көшіреді. Нақыстап жазған жазуда:

«Кітәб ғақлия»— Ибраһім Құнанбай хажы мархұм ұғлыныкі. Мәриямға мәңгілік жиһаз» деп жазылған.

Абай Шәріпке тандана қарайды.

Ш ә р і п. Несіне таңырқайсыз, Абай аға. Ұзатыларда жасау басы Абай кітабы болғанын қай қыз тілемейді? Тек, бірақ Мәриям сіздің балаңызға бұйыра ма, жоқ па!

А б а й. Неге үйдейсің? (Әбіштің суретін алып қарайды.) Әлде Петербургта бізге де, қалыңдығына да жат боп кетті деймісің Әбішті?

Ш ә р і п. Жоқ, тек бірақ азғырған жақсы болса деп, Ажар үшін Нарымбеттер Мәриямды азғырып жүрмесе... Нарымбет құдаңыз емес, жауыңыз болған жоқ па кешеден бері.

А б а й. Рас, рас... Әбіш пен Мәриям алдына о да бір сыбаға ғой.

Ш ә р і п. Олар емес, бәрімізге де тың сыбаға сол болмаса.

Далада ит үріп, балалар шулайды... Абай соған құлақ салады. Ауылға салт атты әйел келеді. Қасында атқосшы жігіті бар. Қанжығада домбыра. Бұл ақын Зейнеп. Абай, Шәріп, Еркежандар Зейнепті қарсы алады.

А б а й. Болар істің басына досы келер қасына. Ән туатын сәтіне ақын келер болар ма?

З е й н е п.

Ән туса, әсем туса болмай ма?

Ән тудырар ағасы

Ән емес зәр жұтарман болғанда,

Сөзіне ынтық ел досы

Савадан сірә солмай ма?

Сахраң сазыңды тосады. Соыңнды тыңдай келмеп пе ем.

Е р к е ж а н. Көрмегелі көп болды Зейнеп. Бұнда не боп жатқанын білдің бе екен?

З е й н е п. Иә... Дүние деген дария жаңғырып ағып жатат та! Көкшетауда Ақан шырқайды, асқақ әнін әдейі әкелдім. Арқада Біржан сайрайды. Еміреніп ел тыңдайды. Саған деген ән сәлемі болсын деп домбырасын жіберді, Абай.

Абайға әдемі домбыра ұсынады.

А б а й. Әкелген сыйың асыл тұттым, Зейнеп. Әніңе әсіресе шөліркеп ем. Көңіл ашшы бір күндіз-түн.

З е й н е п. Әй, қорқам-ау, ән тындар мұршаң болса етті-ау. Өзгеде көрінеді ғой ойларын.

Ш ә р і п. Зейнеп!

З е й н е п. Ал! Ертеңгі билік дегендерің! Бұл не өзі?

Е р к е ж а н. Зейнеп, жәйланып, тыным алсаңшы!

З е й н е п. Қайда әлгі Айдар?

Е р к е ж а н. Ол үйден шықпайтын болған ғой.

Зейнеп үйге қарай жөнеледі. Абайлар артынан ереді.

А б а й. Оны қайтесің, Зейнеп?

З е й н е п. Сөйлесем. Сені сүйгені шын болса, тыйылысын тез.

А б а й. Неге?

З е й н е п. Қерегі жоқ биліктің, сергелденсіз де Абай мен Айдар міндеті аз емес. Ел күткені бұл емес. Сен не қарап жүрсің, Шәріп.

Ш ә р і п. Болмайды ғой, Зейнеп-ау! Билікті біз тілегеміз жоқ па?

З е й н е п. Онес? Неге?

А б а й. Билік керек, билікте біз жеңбек керек.

З е й н е п. Жеңе алмасаң қайтесің?

Абай күліп қана алақанын жаяды.

З е й н е п. Күлесің-ау, Абай. Ертең дұспаның күлсе қайтеміз.

Айдар үйіне тақайды. Ол үйдің жанында Көкпай, Қарлығаш бір-біріне сүйенісіп отыр. Қарлығаш үй ішіндегі ақын сөздерін тыңдайды... Бірде сыбыр, бірде құлышынған, тасқындаған сөз, бұны шошытқандай.

К ө к п а й. Өй, неден үріктің, Қарлығаш?

Қ а р л ы ғ а ш. Жынданбасам игі еді! Естимісің? Сорлы Айдар.



К ө к п а й. Уа, койшы. Жындану деген онай ғой деп пе ең қарап тұрып.

Қ а р л ы ғ а ш. Иә... ол сен ғой деп пе ең... Жалын да жоқ, сапар да жоқ! Ол от емес пе?

К ө к п а й. Е-е, от та сол... жын да сол... Қарқ қыпсың ендеше оны да..

Айдарды тындап отырып, арт жақтарынан кеп тұрған Зейнеп, Абай, Шәріпті көрмейді. Кейінірек байқап сырғып кетіседі.

Үйден Айдар даусы келеді.

Үй ішінде Айдар. Омырауы ашық, шашы ұйпаланған. Анық шабыт үстінде. Өз өлеңін әр түрлі үнмен оқып отыр. Асыға, жазып қояды. Аралықта қымыз жұтады. Көреп көзге қазіргі мінезі жат сияқты. Үйге Зейнеп кіреді.

З е й н е п. Бұ не? Неғып, арпалысып отырсың, шырағым? Әлде... жын иектеп отыр ма?

А й д а р (қуана таңданып). Зейнеп апа!

З е й н е п. Әлде күнәна мойындап тәуба қып отырмысың?

А й д а р. Тәубе емес, апа, жазып отырмын.

З е й н е п. Е, сүйтіп жазғанда бақырады екен ғой.

А й д а р. Е, менің даусым шықты ма?

З е й н е п. Бақсыдай сарнады! Есіңді алып болты ғой өзі асықтық.

А й д а р. Ажарды көрдің бе өзін?

З е й н е п. Жоқ, көргім де келмейді.

А й д а р. Ендеше құлақ сал.

Мамықтай әппақ еті қар секілді,  
Көргенге онсыз дүние тар секілді.  
Нәркес көз наз білдірсе бір өзінде  
Жаныңның бір ұшығы бар секілді...

— Ажар деймісің? Жоқ бұл Ажар да, Ажар емес те.  
З е й н е п. Ажар... Ажар емес... Өзіңді шынымен шалып кеткен бе, немене?

— Ойбай, бұл Еңлік. «Еңлік — Кебек» дастаны.

— Тыңда... тағы тыңда.

Жас мұнын, бар дүние тұрды мұндап,  
Сөйлесе жел күрсініп суыл қағып.  
Изейді шөптер басын шын-шын-шындап.  
Қабан би қатал билік айтып берген  
Мергенге ат деп әмір берісті ымдап.  
Сұр жебе, қозы жаурын ұшты зырлап,

Жүректен өмір отын әкетті ұрлап.  
«Қош жарым» дерлік сөзге үні жетті  
Еңліктің қансыз ерні құр қыбырлап.  
Құлады құшқан бойда Кебек жарын  
Соңғы сөз, ынтық сөзі шықты жалын.  
«Өлмейді, мың өлтірсең асық арман»  
Деп қана лағынет,— деді «дүние залым».

Зейнеп. Иә... сонан сон... Аяғынан бастағаны несі?  
Айдар. Ертеңгі күн не боларым бұлдыр ғой. Тым құрыса соңын айтпай өлгім келмеді.

Зейнеп үндемей кеп, маңдайынан сүйеді. Абай қобалжыған жүзбен кейін тайқып кетеді. Шәріп артынан жетіп:

— «Еңлік — Кебек» пе? Маған жаз деп тапсырғаныңыз қаны! Мен асықтықтан да астам тағдырды айтайын деп ем... Мынау өзінен бұрын өңін кетіртті ғой.

Абай. Әй, білмеймін, Шәріп. Олай емес қой. Теңізден толқын атқан меруерттей, әсем жыр да толқыған жүректен шығады-ау. Несі бар, жарысып көр,— деп Айдардың үйін нұсқайды да, кетіп қалады.

Шәріп Абайдың соңынан қарап тұрып, құлағының мақтасын түзейді. Жанынан аппақ атқа мінген келбетті қарт өте береді. Шәріп иіліп сәлем береді. Бұл қарт Сырттан.

Абай үйі. Дастархан жанында Абай мен Сырттан.

Сырттан. Кіріспеске кірісер болдым, баспас жолға басам да... Ағайын асылып отыр, ара би бол деді.

Абай. Ол біздің де тілегіміз, ақсақал.

Сырттан. Басыңа бұлт орала ма деймін Абай, ақыл айта келдім.

Абай. Айтыңыз, ақсақал.

Сырттан. Аулақ болшы Айдардан.

Абай. Ақсақал ұядан алып өсірген бала сұңқарыңды иттер талап жатса, қорғамай қайтып тұрар ең?

Сырттан. Мен саған бұрын айтыспаған сөзді айтам.

Абай. Айтыңыз.

Сырттан. Мен саған атаның ұлы деп, рулы ел атынан айтамын.

Абай. Айтыңыз.

Сырттан. Құнанбайдың баласы, Кеңгірбайдың ұрпағы қайда бара жатқаныңды аңғарамысың осы сен?

Абай. Мен ар мен адамшылық қарызына ғана бағынам, ақсақал.

С ы р т т а н. Нелер ықлым заманнан бері ата жолы — ел жолы болған. Соны сақтау маған да, саған да қарыз емес пе еді. Неден, қайтып қарсы тұрмақпыз... Біз кім едік соншалық?

А б а й. Бөрінің жолы бөлтірікке ғана аумас жол, ақсақал. Адам нәсілі жолды өзі тудырып, өзі жаңғыртып та отырмақ. Адамзаттың айуаннан өзге сыры да сол.

С ы р т т а н. Солай деп пе еді дуалы бабаң Кеңгірбай. Жолым жол, нәсіліме қарыз демеп пе еді? Атадан азған адам ба еді әуелі?

А б а й. Кеңгірбай жолы деп біреудің бағын байлаймыз. Кеңгірбай жолы деп біреудің жанын жәбірлейміз. Не қалды осы Кеңгірбай жолы деп тағы жоймаған? Айтыңызшы, ақсақал, не қалды?

С ы р т т а н. Жеттім, жетер жеріме. Билік байлау тоқтатпаса, байсал табар түрін жоқ. Ендеше даугерінді айт.

А б а й. Даугер менің өзім.

С ы р т т а н. Жоқ. Сен даугер бола алмайсың! *(Абай таң қалады. Бұл күтпеген соққысы.)* Бас кеспек болса да, тіл кеспек бармеді?

С ы р т т а н. Сен даугер бола алмайсың. Жауапкермін дегенің қане? Қайтіп би боласың? *(Абай ойланып қалады.)*

С ы р т т а н. Атайтын кісің кім сүйгіп, Абай? *(Абай Әбіштің суретіне қарап ойланып отыр.)*

С ы р т т а н. Жауабың қашан, Абай?

Бұл кезде Шәріп Ажармен сөйлесіп отыр. Нарымбет екеуі бір келген.

Ш ә р і п. Білемін, онай емес, Ажар. Бірақ сүйгені үшін адам қай күйікке шыдамайды. Айдарды мен сүймей ме екем? Ендеше соның тірлігі үшін, оның басын дертке қый. Аулақ бол Айдардан.

Н а р ы м б е т. Сүйт... Жол қайтып жол болсын. Ел қайтып ел болсын. Үйірінді қайта тап, өзіме кел. Айыбыңды бетіне салық етпесіме мына Шәріп куә болсын. Абайдың досы да, жан күйер жақыны да Шәріп еді. Не деп отыр осы да? Әруақ құдай ырза босын.

Ажар үнсіз. Мыналар сөзін есітпеген кісідей.

Н а р ы м б е т. Абайдың мен де досымын. Менің қарындасым Мәриям оның баласы Әбіштің қалыңдығы емес пе? Енді мына бүлік олар арасын сау қоя ма? Арамызға ор қазып отырған жоқпысың мынау ісінмен, Ажар.

Шәріп. Қоя тұр, Нарымбет. Тамыры жоқ қаратас емес, адам ғой. Ажар, ойлар айнама да жақынып.

— Менің тек өлгенім ақыл да!— деп Ажар ақырын үн қатты.

— Ажар безбейді Айдардан. Әбіштен мен де кетпеймін,— деп Мәриям сыбырлайды. Қасында Қарлығаш. Екеуі көл жағасында отыр. Жел білініп, молда Мүрсейіт көшірген белгілі кітаптың қағазын аударарды.

Қарлығаш. Тағы бір жыл келмесе қайтесің Петрбордан?

Мағыш. Тағы бір жыл тосамын.

Қарлығаш. Екі жыл келмесе ше?

Мағыш. Екі жыл тосамын.

Қарлығаш. Ал ағаң біздің ауылға бермейім десе қайтсін? Ол жауласып отыр ғой.

Мағыш. Онда мен де Ажарша қашып кетем. Қәні ақылдым да жұбанышым еді. Не айтар екен Абай ағам. *(Кітапты ашады.)*

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,  
Сыртын көр де, ішін біл.  
Сүйісер жастар ката етпес,  
Мейлің илан, мейлің күл.

*(Қайта жабады.)*

Ажарға осы өлеңнің бәрін Айдар жырлап берген еді. Мен өзім жаттап алам бәрін де.

Қарлығаш. Тоқта!

Қыздар жым-жырт бола қалады. Бұларды байқамай Шәріп пен Нарымбет түйіліп өтіп бара жатады. Ерден үйінің жанында бұларды Мес құрметтеп қарсы алып, есік ашып үйге кіргізеді.

...Ажар отырған үйде қайыстай қатқан кара кемпір қарғана сөйлеп отыр:

— Ат құйрығына тағып өлтірер ме екен. Қара жар-тас басынан лақтырып өлтірермекен. Жеттің ғой бейбак, жетеріңе!— дейді.

Ажар оны елемей, тыстан сыбдыр естіді. Үйдің жабығы түріліп, Қарлығаш, Мағыш көрінеді.

Ажар. Мағыш, күнім!— деп, Қарлығашқа тандана қарап:

— Мынау бала кім?

Мағыш. Қарлығаш қой.

Ажар ентелей түсіп:

— Айдар не күйде?— дейді.

Қ а р л ы ғ а ш. Не күй болсын! Ес-тұс жоқ...

А ж а р. Не дейсің?

Қ а р л ы ғ а ш. Жоға, есі дұрыс. Тек сарнап өлен айтады ағыл-тегіл.

*(Ажар күлімсірейді. Мағыш артына жалтақтап Абайдың кітабын ұсынады.)*

А ж а р. Бұл не?

М а ғ ы ш. Абай ағам кітабы. Жаныңа сая болар сөз табарсың! Ала ғой.

А ж а р. Қуатым, күнім. Ағаң маған жаңа Әбіш пен Мағыштың арасына да ор қаздың деді. Күнәмді кешермісің, жаным. *(Мағыш үндемей кеп, Ажардың бетінен сүйеді.)*

...Ерденнің қалың жасаулы үйінде Ерден, Шәріп, Әзімхан, Нарымбеттер отыр. Алдында қайқайма бір табақ ет. Ерден әсем шапан киген. Әзімхан жалтыраған шенеунік киімінде. Мес пен үнсіз жігіттер қызмет, құрмет етіп жүр.

Е р д е н. Билікте Абай сөйлемейді деген сыбыс бар.

Ш ә р і п. Ол бос сыбыс.

Е р д е н. Бос емес. Жауапкер би бола алмайды. Сол үшін осы сен өзің шықпас па екенсің?

Ә з і м х а н. Ол жақсы болар еді-ау Шәріп. Сенің атың Абай атымен бірге аталады ғой.

Ш ә р і п. Мен әрдайым Абаймен бірге адаммын.

Ә з і м х а н. Бүгін Абай халыққа қарсы шыққанда да біргемісің?

Ш ә р і п. Сен Абайды халықтан, халықты Абайдан бөліп қайтесің осы?

Ә з і м х а н. Ал халықты бастаған қауымнан кетсе, Абайдың халықпен болғаны қайсы? Бүгін Абай қасында қалғанның бәрі үлкен қатерде. Сіздің ауылда Долгополов жүр. Губернатор ол жүрісті ойын деп отырған жоқ.

Е р д е н. Шәріп, сен мұнда бір сәтімен келген екенсің.

Ш ә р і п. Ерден аға, мен келгенде, анау Ажарды жөнге салайын деп келіп ем.

Е р д е н. Әй, тәңір-ай, сол бір есуас қатында тұрған дүние бар ма. Алысқанда ел атаның жолы деп алысып отырған жоқ па? Жөнін айтшы, Шәріп, осы мына шапан менікі ме еді?!

Ш ә р і п. Сенікі, Ерден аға.

Е р д е н. Мынау қоныс Қатын-қазған менікі ме еді?

Ш ә р і п. Сенікі.

Е р д е н. Жә, тіпті, осынау сақал менікі ме еді?

Шәріп. Е, сенікі.

Ерден. Жок, Шәріп, шапан да, қоныс та, сақал да менікі емес болатын. Адам дүниеге жалаңаш келеді. Бұның бәрін менікі еткен не? Жас өспек, туған өлмек еді ғой, сондай айнымас аумас жол мен заң менікі етті. Сонымен, мезгіл өсірсе де мына сақал менікі. Бұқарда тоқылса да мына шапан менікі. Әлдеқандай бір кемпір қазыпты дейді, сонда да мына құдық Бопай қазған менікі. Ел заңы деген де осы. Қай күшімен қарсы келмек Абай? Бүгін Айдарды ақтағанда ертең қатынды — кожа, құлды — би, баланы — баба дегізбек пе? Қайда қанғытып барады енді?

Шәріп. Абай жыры көп жәйді толғайды.. Сіздер бір-ақ жағын бағасыз ғой.

Ерден. Абай жыры у боп барады. Мені жеңбес. Бірақ нәсілімнің сүйегіне сіңетін у боп барады. Ұлдың ұлын, қыздың қызын аздырып, құртар у боп барады. Әкеден ажыратар әлек келеді еліме. Сенің әкенді мен білушем, Шәріп., Оның қасиетті аты әлі күнге Мекеде мәлім. Жиреніштен безінер әке ме еді сенің әкең? Жолмеді саған Абай жолы?

Әзімхан. Сен әлі де сол атаның адал ұлысын ғой. Әлі де қағбаң ауысқан жоқ. Білем ғой, тұр ғой орнында.

Ерден. Біз өзге емес, саған сенеміз.

Шәріп. Мен еш уақытта Абайға қарсы баспаймын.

Әзімхан. Қарсы басып неқыласың? Қатар жүр. Тек ізін баспа! Қанжығасына басыңды байлап орға бірге түспек пе ең? Өз абыройым аз, өз қанатым өспеді деп жүрме ең әлі күн?

Ерден. Абай емес, ата жолымен ел көшін бастаған сен ғана деп білемін. Тек толған да таңдай бер. Қазір жауап бермей-ақ қой. Билікте бәрін аңғарам.

\* \* \*

Долгополовтың үйінде Абай, Долгополов, Баймағамбет. Үйде кілем, сырмақпен қатар биік стол, орындықтар бар. Дәрі-дәрмек шынылары, әр алуан аспап. Мезгіл түн. Лампы жанып тұр. Долгополов трубкасын түтетіп отыр. Баймағамбет бас сүйектерге белгі қағаздар жапсырады. Абай биік столға бір топ кітап, қолжазбалар әкеп қояды.

Абай. Мынау сіздің кітаптарыңыз еді. (*Қарастырып жатып.*) Дарвин, Дрепер. «Географический вестник».

Мынау әлгі Чернышевскийдің қолжазбасы. Жә, сізде де осындай кітап, қағаздар бар ғой. Бәрін бір араға жияйықшы.

Долгополов. Немене, сақтану қажет болды ма, Ибрагим Қунанбаевич?

Абай. Жияйық та бәрін мына Бәкене берейік. Тайдыра тұрсын.

Баймағамбет. Жиындар, әкпеліндер. Әзімхан түгіл әкесі келсін, көріп алайын.

Долгополов, Абай, Баймағамбет үшеуі қағаз, кітаптарды қоржындарға салып жатады.

Долгополов. Сезік етер белгі бар ма?

Абай. Мені қуған сізге қызықпай, сізді қуған маған қызықпай тұра ма, Федор Иванович!

Долгополов. Ендеше қауіп бар ғой?

Абай. Қауіп болмаса, сақтық болсын. Сол сақтық ретінде, күн ілгері бір-екі өтініш айтайын, Федор Иванович. Мезгіл өтер, кезек жетер де, жақсы жағаға менен бұрын әлде сіз жетерсіз. Алдыңызда Петербург, әлде Толстой, Салтыков-Щедрин кездесер де. Өтінішім осы бір қағаздарға не болыңыз. Мына біреу менің Географ. обществоға арнап жазғаным еді. «Қазақтың қайдан шыққаны туралы біраз сөз». Мыналар: Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан аударған өлеңдер. Әлде Потанинге, достарыңызға көрсетерсіз?

Долгополов. Ибрагим Қунанбаевич, сіз осы қоштасқандайсыз ба, бұныңыз қалай осы? Әлде ертеңгі сот...

Баймағамбет (*жұмысынан қол үзбей әндеткендей*). Е-е... Нидерланд деген жұртта Лейдің деген шаһарда Инквизиция деген сот бопты-ау.

Долгополов (*жымсып*). Шын-ақ инквизиция. Тек сол инквизиция шынымен сізге қас ете ме? Әй, бірақ несі таң? Пушкин дуэльде өлген. Лермонтов дуэльде өлгені қане! Чернышевский қара ағашқа таңылған. Шевченко болса айдауда, осы маңда сорлаған. Сіздің қауымыңыз тіпті осал емес екен-ау, Ибрагим Қунанбаевич.

Абай. Ия... мынау Михаэлис пен сіздің хаттарыңыз, достарым... Бәрі де сақталсын. Көп көмекті осылардан да алып ем, асыл досым. Е, бұ не, сіздің трубкаңыз неғып бықсып кетті осы, Федор Иванович. Әлде инквизиция деген бірдеңе бар екен деп «тоғыз құмалақ» ойнамай ма екеміз? Келіңіз! Абай тоғыз құмалақты жәйіп, тастарын шапшаң тарата бастап:

— Сіз доктор болыңыз, Федор Иванович! Сезімді ақыңа қалдырыңыз, қайтесіз! Кәні, көшіңіз.

Баймагамбет оқыс бір әңгіме бастап:

— Осы бес саусақ қазір неге бірдей емес? Басында бұлар бірдей екен. Құдай адамды жаратқан күні: саған арнап бақ жараттым, бірақ ол басыңа келгенде осы бес саусағың арқылы келеді депті. Сүйтіп адам бақты алуға қол созғанда, бес саусақтан береке кетіпті... Шынашақ... өзіме келмей, басқаға келетін баққа мен бармаймын депті. Құдай оны сол арада шолтитыпты. Аты жоқ қол: Мен әрі-сәрімін,— депті — оны да қысқартыпты. Сұқ қол: Мен нұсқайын, бірақ өзім бармаймын,— депті. Оны да кемітіпті. Бас бармақ: қайрат көбі менде болса да, әрекет сендерде екен, мен де бармаймын, деп ол да қысқарыпты. Тек жалғыз ортаң қол кімге келсе де, бақ келсе екен деп ұмтылған екен. Ол ұзын күйінде қалыпты... Міні, содан бері саусақ түрлері мынау, ал бақ әлі созылып әлі күнге адамзатқа жете алмай келеді дейді...

Долгополов (*қатты қызығып күліп*). Баке, тамаша екен, жазып алайыншы.

Абай. Кейін жазыңыз, Долгополов, көшіңіз. (*Абай мен Долгополов ойнап отыр.*)

Долгополов. Шын тамаша (*деп күліп, трубка түтетіп, бас бармақты көрсетіп*). Мынаған қараңыз. Өзі балғын, өзі дембел, қайрат та өзінде. Саусақтар арасындағы Борсағы дерсің. Бұнсыз не істеп, не ұстайсыз. Ал бар саусақты қосып, мынамен бастырсаң — оның аты берекелі жұдырық болады. Жұдырық ет те сілтей соқ. Халық та сол ғой. Берекесі болса — қуат та, алып та өзі. Басқа оралар бақ та өзінде. Тек қана мына (*бас бармағын көрсетіп*) бар дүние Борсақтары есесіз, теңсізі қосылсын. Әйтпесе (*бас бармағын өзге саусақтарымен басып тұрып*) былай жатса, бұның аты жұдырық па, дәрменсіздік қой. Тек еркін болсын. Іске де, еңбекке де, ой, сезімге де... махаббат, мұратқа да еркін беттесін. Адам сорлының арманы сол, алысқаннан тосқаны сол емес пе? Ертең, сойқан төбе басында сіз сөйлейтін адамдық сөзін кім есітпес екен, Ибрагим Кунанбаевич. Талай қиыр қиянға жетеді. Шәк қылмаңыз, жететінін серт етейін. Қол ғазапты шегіп жатқан көп өлкелі Ресейге түгел жетеді. Одан да ары, адам үшін ұғарлық адамзат бар жердің бәріне кетеді...

Абай (*ойлана күліп*). Тек бірақ, ертең мен билікке



кіріспейтін болдым ғой,— деп, достары күтпеген жәйді оқыс айтып, ата салты бойынша жауапкер даугер болмайды ғой.

Долгополов. Ах, осылай ма еді?— деп дал болады.— Енді қайттік.

Жел білінеді. Лампаның оты шалқиды. Баймағамбет қолымен қалқалайды. Есікке қарасады. Шәріп кіреді.

— Мені сіз шақырттыңыз ба, Абай аға?

Абай Шәріпті нұсқап:

— Біздің даугер биіміз міні!— дейді.

— Мен бе?

— Сен!

\* \* \*

Майдантөбе — билік майданы.

Қалың ел бұл төбенің бетіне өрлей құлай отырған. Жұрт неше алуан. Ерттеулі, өрелі аттар бір қос жылқыдай, қаптай жәйіліп жүр.

Халық тойға киінгендей, бірақ жұрттың түсі түйілген. Көп ішінде жұпыны киім, жыртық шекпендер де бар. Мінгесіп-ұшқасып, түйе мініп келгендер де болған. Бұл келген, көбінесе, Айдардың туыстары — борсақтар. Тегіс күнге күйген, беттері ажымданған, ерні кезерген, еңбек езген жандар. Көздерінде күдік, қауіп сезіледі. Олар Баймағамбетті қоршай отырысыпты. Араларында қарт Дәулет, жас Ораз сияқтылар бар.

Сәнді шапан киген Ерден мен өзгеше әсем киінген Шәріп екеуі Сырттан бидің ақ көк атын жетектенкіреп дәл төбенің басына әкеледі.

Ат үстінде зор салмақпен отырған Сырттан аппақ киім киген. Өңшең мақпал қара атқа мінген он шақты жігіт артын қоршай кеп тұр.

— Би келеді! Би келеді!— деген үндер шығады.

Ел жапырлай тұрып, қарасып қалады.

Топтың ішін аралап, еркек киімін киген Қарлығаш келеді. Издегені Көкпай.

Абайда қобалжу бар, бірақ сақ, жинақы отыр. Сырттанды аттан түсіріседі. Халық қайта орнығады.

Көкпай қасына Қарлығаш отырып жатыр.

Қ а р л ы ғ а ш (*кәрінің үніне салып*). Қағылшы былай, балам.

К ө к п а й (*танып*). Өй, сарамас, сені кім шақырды?

Қарлығаш (*асыға сыбырлап*). Үндеме! Долгополов келе алмайды, Еркежан апам да, Зейнеп апам да сондай. Солардың бәрі үшін мен өзім.

Көкпай. Бұндай билікке кірген тұңғыш қыз боларсың.

Қарлығаш. Ал сен осыны білсең де, жасыратын тұңғыш еркек боларсың. (*Насыбай атып, Көкпайға шақшасын ұсынады.*)

Көкпай (*сүйсініп*). Әй, сарамас!— дейді. (*Халық дабыры басылып, тына қалысты.*)

Сырттан. Ей, ағайынды қарындас. Күн райы бұзылды, қарға тамырлы қарындас ең. Кер кезеңде керісіп тұрғаның мынау. Не тығырыққа қамалдық. Кесір насырға шапсын ба? Қисайта қылыш сермерсің, кессең өз қолыңды кесерсің. Алдынды тостым, ағайын. Барар бетін немене?

Қарлығаш. Кімге болысты? Не деді?

Көкпай. Екі жаққа бірдей сөз тастап отыр.

Сырттан. Сөз иесі кім? Сөйлендер! (*Ерден тұрып, қамшысын бидің алдына салады.*)

Қарлығаш. О несі? Қамшысын тастағаны?

Көкпай. Сөйлеймін дегені, тыныш отыр!

Ерден. Екеу жұлысса өз пәлесі, көп жұлысса ел пәлесі. Заман азды деймісің? Жоқ, заман азған жоқ, Заң тозды деймісің? Жоқ, тозған жоқ. Балаңның аты бала — бөрінің күшігі емес. Қатыныңның аты қатын — қаншық емес. Ел азды деймісің. Жоқ, азған жоқ. Атам қазақ, ұраным тобықты. Бірақ бүгін қолымдағы жесірімді алатын, ертең қойнымдағы қатынымды алмақ. Бүгін қаралы күйімді қорлаған, ертең бабамның моласын өртер. Ендеше жойылсын көзі екі сұмырайдың, елім ел болсын. Ит өлімімен өлсін. Жауыздық жазасы қандай екен — ұлықызым көзі көрсін. (*Шәріп тұрып қамшысын жерге салады.*)

— Менің де атам қазақ. Менің де ұраным тобықты. Әділ айтты асыл би, заман азған жоқ. Бірақ заманның да күн мен түні бар. Бәйшешек атқан сәуірі, сықырлаған қарлы суық қаңтары бар. Бар кәрі бір ұқсас, ол — аязды қаңтар. Бар жас бір ұқсас, ол — сәуірдің таң шапағы. Қабысармысың, ұғысармысың! Жас дәуреннің шам-шырағы махаббат дегенді естіп пе ең, иә ұмыттың ба, Ерден аға? Ұя бұзды дерсің, рас шығар. Заңнан аттады дерсің, тала-сым жоқ. Бірақ кім еді солай еткен? Айдар ғой? Рас!

Бірақ Айдар ел Айдары емес пе еді. Ақындық Айдары деп Абай атамап па еді? Қайтып буындырасың, бұлбұлынды. Қайтып жырды жоясың! Қайтып қиясың Айдарды. Ол ақын, ақындық жалын емес пе еді? Айдарды асықтық жеңген, асықтық албырт. Албырттық істетті. Жазаға қайтып қиясың Айдарды!

Е р д е н. Айтар сөзің албырт екен! Албыртса болды, айып жоқ қой. Адам түгіл айуан артын ойлаушы еді. Керек десе мысық та қорыққанда өзге мысық таламасын деп адамға қарай тартушы еді. Сенің Айдарыңда тіпті мысық құрлы да ес болмағаны ғой... солай! (*Жұрт күледі.*)

Ш ә р і п. Қайран ақсақал-ай! Ұмытқан дүниеніңді қозғап қайтушы едіңіз. Болмаса, сүйіскен жастың жүрегінде не бар. Жалғыз-ақ, зәуі сайтан ескі күн еске түсіп өш мысықтан өзіңіз қысылар болсаңыз маған кел дер ем. Мен сізді қорғар едім. (*Тағы да дуылдаған күлкі шығады.*)

Қ а р л ы ғ а ш (*желігіп*). Сондай алжыған, кәрі мысық кімге дәрі?..

К ө к п а й. Әй, құтырып кеттін бе?

Ш ә р і п. Сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны сіз аңғармайсыз.

Е р д е н (*кие жөнеліп*). Бұндағы дау асықтық дауы емес, жолдан шыққан бұзықтың дауы. Айдардың араздық басы болғанын, заңнан аттағанын, қастық еткенін сен өзін де айттың. Айдар туралы не талас қалды?

Ш ә р і п. Жоқ, біз сол үшін таласамыз. Дау тобықтының намысы жөнінде. Түбіне қорғалаған торғайды тұрымтайға тұсап берген бұтаны қарғаса болмас па еді? Айдар бар туысымен біздің панамызды сұрай келмеп пе еді. Қуғын-сүргінде жүргенде соған пана болған кім еді — Абай еді. Айдардың Абайдан пана тілегені сізден де, менен де, тұтас тобықтыдан да тілегені емес пе еді? Сіз Айдарды ғана өлтіресіз бе? Жоқ, онымен бірге тобықтының да елдік сағын сындырып, абыройын, қасиетін жоясыз.

Е р д е н. Ел намысын жоқтайтын сен емессің. Атабабам жолы жоқтайды. Жол нұсқаған асылдың асылы, ел серкесі Кеңгірбайды. Енлік пен Кебек бүгінгідей ел бүлдіргенде не қып еді қабілетті Қабекен? Өз қолымен өлтіртіп, өлексесін ит жемі қып еді. Солай шешкен елім, жұртым — тобықты. Айдар — ақын айдары, ел бұлбұлы

деймісін... Жок. Айдарың сенің жұрттан безген көкбөрі. Бөріні бөрі ұлып табады. Соның ұлыған пәлесіне үн қосқан кім? Ол — Абай!

Ш ә р і п (*киіп кетіп*). Қоңлі бітеу, көзі көр несің медеу етеді? Сен не білуші ең Абай жөнінен?

Е р д е н. Тоқтат, Шәріп! Тобықтының шіріген жұмыртқасының бірі сенсің ендеше! Әттең киелі бабам Кеңгірбай күні болса, үйелменіңмен сендерді өртер еді-ау! Бауырыңа алған бөріңмен қоса бөрің өртен дер еді-ау! Қарғыс атқан өсиетіңмен өртер еді. Не бетіңмен биім боп отырсың? Би емессің, сен де Айдардай бүліктің бірісің. Сен де ел ортасына әлек отын тастап отырған анау Абайдай айыпкерсің. Мен айыпты сенен, Абайдан, барлық бүлік ұяңнан алам ендеше. (*Қалың ел дабырлап, қыза бастайды. Сырттан жұртты тыныштандырып.*)

— Сөйле!— дейді. (*Шәріпте үн жоқ.*)

Д ә у л е т. Өлтіреді-ау мыналар, Бакс... сор камаған Айдар-ай!

О р а з (*қанын ішіне тартып*). Көрсермін, көрермін бұл Ерденді.

Б а й м а ғ а м б е т. Үндеме, сабыр! Құр қарғысқа торғай да өлмейді.

С ы р т т а н. Сөйле! (*Шәріп үндемейді.*)

Қ а р л ы ғ а ш (*сыбырлап*). Шәріп! Ойбай, Шәріп! Оңбай кетейін, өлген бе дейім өзі...

К ө к п а й. Сөйлесенші, Шәріп-ау!

Қ а р л ы ғ а ш. Ойланып отыр ма әлде?

К ө к п а й. Не білесің сен? Сырттан үш қайырғанша үн шықпаса Ерденнің жеңгені емес пе? (*Қарлығыаш қатты шошынады.*)

С ы р т т а н. Уа, сөйле!

Үн жоқ. Сырттан таяғын көтереді. Енді түсірер тәрізді. Абай үні шығады.

А б а й. Ей, кәрия! Осы бір тойда екі жар бола ма? (*Халық даурығып кетеді.*)

С ы р т т а н. Не демексің?

А б а й. Бір жүгіністе екі бірдей дау бола ма деймін, сізге?

С ы р т т а н. Жок, болған емес!

А б а й. Ендеше тағы айтсаңыз екен, даугер би өзіне тең қарсы биді қай заманда қаралайтын еді? Көпті көрген көнесіз, ақсақал, көргенің бар ма осыны? Осы да жол ма?

С ы р т т а н. Жок, жол емес.

А б а й. Олай болса менің сөйлер кезегімді бер өзіме!  
Е р д е н (*ызалы*). Сен жауапкерсің. Саған тиер сөз жок.

А б а й. Е, сен Шәріпті де жауапкер етпедің бе? Кім сөйлемек енді бізден? Жөнінді айт, ақсақал?

Халықтың қалың дырдуы арасында «билікті онда», «билік бітті», «сөйлесін», «сөйлемесін Абай», «Әруак!» дескен айғайлар келеді.

Қ а р л ы ғ а ш. Сөйлесін, Абай!

К ө к п а й. Әй, сарамас!—(*деп өзі айғайлап.*) Сөйлесін, Аб-а-ай!

С ы р т т а н. Абай, орайың бар, сөйле!

А б а й. Мен дәл осы биліктегі жалғаншы би жәйін айтам. Ей, Ерден! Сен мынау елге Кеңгірбай жолынан тайма дедің ғой! Болсын солай! Ал осы отырған елге сенің шәйқұмарлығың ғой шетінен мәлім. Сол шәйді шәйтан асы деген Кеңгірбай емес пе еді. Ішкенге жиырма қамшы дүре соққызғаны қане. Сен болсаң шілде күні, шалқып отырған кезінде он самауырды бір өзің сап қыласың. Ендеше сол шілде күні өзің неше қамшы дүре соғылсың, өзің айтшы. (*Күлкі.*) Жасақты өлі аруақтан жимақсың, Ерден. Текке жимайсың, жалғанымды жасырам дейсің ғой. Ерден сендерге Еңлік пен Кебекті айтты, халайық. Тағы жалған айтты. Еңлік пен Кебекті өлтірген қатал билер емес, қалың ел, елдің өзі қатал еді демек Ерден сендерге. Бірақ сұрандаршы қарт-қарияңнан, солар екі жасқа қандай жасын төкті екен, Кеңгірбайды қалай қарғады екен. Әулие деген жок-ты. Халық ол биді Қабан деген. Осы сөз бекер еді деп айтшы бірін маған!

Үн жок. Тек бір ғана шал: жолыңды оңғарсын. Рас... осының бәрі рас, Абай!.. дейді.

А б а й. Би басыңмен жалған айттың сен, Ерден.

Е р д е н. Сенің күпірлігіңді кім білмеген! Атадан безгенді кім білмеуші еді? Олардың аруағын жер қылғаның былай тұрсын... Осында қаңғыбас орысың Долгополовпен моласын да қорлап жүрген жокпысың сен. Аш көзіңді, Абай! Өлікте дәрмен болмағанмен, тіріде олар үшін алысар дәрмен бар. Не қалды? Тек қана атқа мініп, найза алып алысу ғана қалды сенімен!

А б а й. Сен ат мініп, алыстан жау тауып, мен деп, Долгополов деп қайтесің. Сенің жауың жаныңда, өз бойыңда. Ол — сенің надандығың! Саған әлі күнге жер көк

өгіздің мүйізінде тұр. Бірақ халық өткеннің де бар шындығын білу керек. Ескі мола сахраның ескі шежіресі — ғылым соны біртіндеп ашып оқымақ, танымақ. Бұны бөгер сен емессің, Ерден. Халық сенің де бар шыныңды білу керек, Ерден! Осы сенің қыстауың тұрған жердің аты қалай әуелі?

Ерден үндемейді. Бірақ халық даурығып жапырылып сөйлейді. Әсіресе Борсақ руының даусы қатты, ащы шығады.

— Борсақ! Борсақ! Ол біздің ата қонысымыз еді!

А б а й. Жә, осы бүгін аулың отырған қоныстың аты қалай еді, Ерден?

Тағы да жаңағыдай боп халық шулап: Бопай қазған, Бопай атты кемпір қазған құдық еді!..

А б а й. Сол Бопай атты кемпір — дәл бүгін сен өлтірем деп отырған Айдардың әкесін тапқан шешесі емес пе еді? Жесір кемпір өз қолымен қазбап па еді?

Халық қадалып тыңдап қалған. Елдің түсі томсарулы. Кейбір көзде жас та бар. Абай даусы үдеп барады:

— Заң орнатпақ сенбісің? Жоқ, заңды бұзар сотқарсың сен, Ерден! Әділет тілеймін мен бұл биліктен. Өлінің арына, тірінің зарына бола әділет тілеймін. Азаттық тілеймін Айдар мен Ажар басына. Қара күштің зорлығын тый деп тілеймін. Өзіне қайырт жер борсақты ел Борсаққа. Ей, халайық, әділет тіле сен, сақтан нахақ қаннан!

С ы р т т а н. Халыққа айтпай, биге айтар болар бар сөзді!

А б а й. Мен барды айттым. Әмірін айтсын ақсақал!

С ы р т т а н. Айтыс бітті. Әпкеліндер айыптыларды.

Ел дабырлап жатыр .

— Намаз мезгілі!.. деген Сырттан үні естіледі. Халық Сырттанға еріп намаз оқиды.

...Екі жігіті бар Мес Абай аулына шауып барады.

...Ерден аулына Ажарға бола тағы бір үшеу жөнеп барады.

...Мес жігіттерімен жортып келеді.

...Ерден аулы. Ажар ат үстінде. Жігіттер қоршап ап әкеткелі тұр.

Ажар Мағышпен және басқа әйелдермен қоштасады.

А ж а р (Мағышқа). Қош, қуанышым, қалқам! Өмірің бақыт, махаббатың шаттық болсын. Қिताбына рахмет, Мағыш. Маған ол ылғи Айдарды айтып жатқандай болды.

М а ғ ы ш. Біз де артыңнан жетеміз. Алыстан болса да билігін естиміз.

...Абай аулында Айдар үйінің жанында Еркежан, Долгополов, Зейнеп, әйелдер, балалар тұр.

Мес пен жігіттер Айдарды үйден асықтырып ертіп шығады.

А й д а р. Қош, Еркежан апа! Қош, Зейнеп апатай.

З е й н е п. Қош, козым... Есінде тұт Айдар, түн артынан күн де туатын... *(Еркежан жылайды.)*

Д о л г о п о л о в. Тез көрісейік, аман көрісейік, соған сендім.

Айдар атқа мінген. Жүрмекке бәрі әзір тұр. Осы кезде оқыстан иттер шулайды, қонырау үні келеді, балалар айғайы шығады.

Балалар Еркежанға жүгіріп кеп айғайлап:

— Үлкен ұлың келеді. Қоныраулатып келеді.

Ауылға үш ат жеккен қоныраулатқан күйме келеді. Аттар тоқтап болмастан күйме ішінен жас офицер қарғып түсіп, үй жанындағыларға қарай асыға басады.

Е р к е ж а н. Әбіш! Әбіш! Жаным! Қайдан кеп қалдың, сәулем-ау! *(Сүйеді.)*

Ә б і ш. Петербордан! Асығып сағынғанымды айтсаңызшы.

А й д а р *(қуанып айғайлап)*. Әбіш!

М е с *(Айдарға)*. Қой, қой... бол Айдар. *(Әбіш Айдарға ұмтылып.)*

Ә б і ш. Айдар, бұ не?

А й д а р. Аманбысың, Әбіш! *(Аттар қозғала береді. Айдар Әбішке айғайлап.)*

— Әлде көрген-баққан осы-ақ болар! *(Әбіш Долгополовқа ұмтылып.)*

— Не болған, Федор Иванович!

Д о л г о п о л о в *(трубкасын бұрқылдатып)*. Орта ғасыр мінезі, қаз қалпында, Әбдірахман Ибрагимович. Жолдан азған!

Ә б і ш. Кісі өлтірген бе?

Д о л г о п о л о в. Жоқ.

Ә б і ш. Асық болған ба?

Д о л г о п о л о в. Дәл сол!

Ә б і ш. Осымедің алыс сахрам! Әлі де баяғың ба? *(Әбіш күймеге ұмтылады. Ішінен жүк атаулы түсірілген. Пауеске бос.)*

Е р к е ж а н. Қайда барасың, Әбіш-ау?

Әбіш (*Еркежанға*). Әкем сонда ма? (*Көшірге.*)  
Айда! (*Долгополовқа.*) Сізге анада хаттар, газеттер бар,  
Федор Иванович! Дәл бір сандық. (*Күйме Айдар соңынан  
шапқылай жөнеледі.*)

Еркежан (*жылаған бойында Әбіштің нәрселерін  
көтертіп жатып*). Жаным, Әбішім!

...Халық тік тұрып кесікті тосады. Жым-жырт тыныш-  
тықта жалғыз Сырттан сөйлейді. Тыңдап тұрғандар  
Абай, Ерден, Шәріп, Әзімхан, Көкпай, Қарлығаш, Байма-  
ғамбет, Дәулет, Ораз және барлық Борсақ телміре қарап  
тұр. Әбіш Айдар қасында.

Бір шетте Ажар, оның сыртында алысырақта Мағыш  
пен басқа қыздар.

Сырттан. Айыпты ма Айдар, Ажар? Мәлім. Айып-  
ты. (*Жым-жырт. Халық күрсініп таңданғандай.*) Бірақ  
сақал-шашым ағы мынау. Төрімнен көрім жақын шағым  
анау. Сол көріме бүгінгі тірінің, ертең туар ұрпақтың  
қарғысын қайтып ала кірейін! Абайдыкі жөн! Заман бір  
орында тұрмайды. Заңды аттағандары рас олардың, бі-  
рақ тірі болсын! Егер тірлік көп болса, жаратқан өзі  
сілесін. Мен болсам, сақалымды адам қанына бояп бар-  
маймын тәңір алдына. (*Халықтан қуаныш айғай шы-  
ғады.*) Абай — Айдар үшін жауапкер-ді. Жесірі үшін  
Нарымбетке қырық түйе төлесін. Ата-баба жолын бұз-  
ғаны үшін Ерденге он түйе тартсын.

(*Ел қуанышы, бұның соңғы сөздерін басып кетеді.  
Халық мәз. Қарлығаш қуанғаннан есі шығып, Көкпайды  
сүйіп алады. Әбіш Айдарды құшақтайды. Қыздар жүгі-  
ріп, Ажарға ұмтылады. Сырттан тағы сөйлеп тұр.*)

— Ал, Ерденнің қыстауы мен қонысын айтсақ... (*Ха-  
лық қалт тыңдай қалады.*)

Сырттан болар-болмас жымып:

— Бір тойда екі жар болмайды, бір жүгінесте екі дау  
болмайды. Жаңа жұмысқа — жаңа жүгінис, жаңа билік  
босын. Ал, мына билік бітті!

— Сөзің мақұл, ақсақал,— деп Абай айғайлап күліп:

— Ол билік болады әлі, Ерден! (*Халық дабыры.*)  
Сырттанға құрмет етісіп ішігін кигізеді. Шәріп пен бір  
топ адам ұзатып бара жатады. (*Әзімхан Шәріпке жанаса  
келіп ақырын.*) Ерден бекер ашуланды. Ал сенің бас-  
тауың жаңсақ еді, бірақ кейін тіпті жүгенсіз кеттің. Абай  
аты шықса әлі де тақатың қалмайды.



Шәрип. Доғар! Жөнел! Аулак бол менен!  
Әзімхан. Дау әлі біткен жоқ. Есіттің ғой? *(Кетеді.)*  
*(Абайды Айдардың туыстары қоршап алған.)*

Абай. Айдар тойында біз тағы ұшырасамыз, ағайын!— дейді.

Дәулет көзінің жасын сүртіп:

— Жолың болсын. Айтқаның рас-ау, бәрі рас, қарағым Абай.

Атқа мініп, жігіттерімен кетіп бара жатқан Сырттанға Әбіш бинокльмен қарап тұр.

Әбіш. Жақсы! Әлі жақсы. Қаз қалпы. Бала күнімде білгенімнен бір өзгермеген. *(Бинокльмен әкесін іздейді.)*

Айдар. Бере тұршы, Әбіш. Мен де біреуді көрейін де.

Айдар бинокльмен қарап Ажарды көреді. Буыны құрып әлсіреген Ажар жерге отырады. Жанында Мағыш пен қыздар.

Әбішке бинокльді беріп, Айдар солай жөнеледі. Әбіш әкесін көреді, ол дөң басына жаңа шыққан. Әбіш асыға басады. Абай да көрді. Қатты қуанып, қарсы жүреді.

Абай. Ия құдай, бере гөр! Шаттық бүгін шағаладай тобымен ұшып келгендей ме? Жеттің бе, жаным Әбіш! Жүдеумісің қалай, әлде бойың өскен бе? Қашан жеттің? *(Құшақтасады.)* Жақсы күнде келдің ғой, балам, ұмытпаспын бұл күнді. Айдар туралы жаңылмасам, ел де ұмытпас бұл күнді. Айтпақшы ол қайда, ә? Неғып көрінбей жатыр? Әлде босатпай жатыр ма?

Әбіш *(күліп)*. Ол ана жақта, ғашығының жанында.

Абай. Дүрбіңе қарап, маған адамдағы бақыт жүзі қандай болатынын айтып берші.

Әбіш *(күліп, бинокльге қарап)*. Әйел жылап отыр, аға, ал жігітіңізде дәрмен жоқ, құр сұлдер тұр.

Абай. Әрбір мұнда қуаныш елесі бар, әрбір қуанышта мұң елесі бар болғаны ғой. О не, Әбіш? Нені көрдің тегі?

Әбіш *(сұрланып)*. Жәй ғой, аға!

Абай. Жо-оқ, сен Мәриямді көрдің ғой? *(Мәриям қысылып сұрланған жүзбен, қыбыр ете алмай Әбішке қадала қарап қалыпты. Қасында Ажар.)* Жерден зорға тұрып жатып, Ажар Айдарға:

— Қуанғаннан сұлдерім қалмапты, Айдар! *(Туыстары Айдарды құшақтайды.)*



Дәулет. Қуаныштың қуанышқа ұлассын, жалғызым.  
(Ораз оқыс күліп жібереді. Дәулет жалт қарап.)

— О не, Ораз?

Ораз (қысылып). Ерденді айтам-ау бағанағы.  
(Жұрт тегіс күледі.)

Ораз (ақырын). Билік әлі болады деді ғой Абай.

(Ажар Айдарға сүйеніп, Абай тұрған төбеге қарай басады. Мәриям бірге қозғала бергенде, Нарымбет кеп қолынан ұстайды.)

Нарымбет. Қайда барасың, Мағыш? Бізді жер қып отырған жауға барамысың?

Мағыш (ақырын). Мен үш жыл тоспап па едім Әбішті, Нарымбет аға! Үш жыл... Шынымен-ақ өтті сол жылдар.

Абай (алыстан Нарымбетке дауыстап). Нарымбет, неге жібермейсің? Татуластық, табыстық қой. Әбіш те келді ғой!

Нарымбет. Әбдірахманың кеткелі үш жыл болған. Кім боп келді ол эпесер... орысың. Қайдан білем, кім деп білем! (Мағышқа) Алып қойған орыс қатыны жоғын кім біліпті. Шоқынып жүр ме әлде? (Мәриям жұлқынып кетіп қалады.)

Айдар (Абайға жақындап). Айыбымды кеше гөр, Абай аға... Сөйлер дәрменім де жоқ.

Абай (құшақтап). Бәлі, өзін ақын дейді. Ал, үндемей-ақ қой сорқайнаған. Қайғыда жылап, қуанышта жылай ма екен? Осы көз жасы сенен-ау Ажар. (Абай тұрған төбені қоршаған жұрт көбейе береді. Әбішке қарап анталасады. Амандасып жатыр.)

Қарлығаш (бір шетте). Әбіш, Әбіш! Ойбай-ай, күндей жарқырайды. Мәриям! Көрші, әнікі қалай жарқырайды. Жұлдыздай. Көкпай деймін, онбай кетейін жандарал болған болар.

Әбіш. Есенсіз бе, Мәриям! (Сырт сыпайы, салқын ғана амандасты.)

Мәриям (таңырқай түсіп, бой тежеп). Есенсіз бе, Әбіш!

Әзімхан. Ә, жеттің бе, Әбіш, жыл құсындай, жеріне! Жүдепсің ғой! Бірақ ендігі қымыз, қымыз, қымыз ғой.

Айдар (тақап келген Шәріпке). Шәріп, қарыздармын. Мен сені қорғай алармедім бүйтіп!

Көкпай (Шәріпке қиғаш қарап). Бірақ сенің сөзің-

ді сенін жүрегің айтқызар еді ғой, Айдар. (Шәріп Көкпайдың қабасын бағып, Абай қасына жетіп келеді.)

Шәріп. Мен өз қатамды өзіме кешпеймін, Абай.

Абай. Сені мен кіналамаймын, Шәріп. Жорықтың бәрі жолды бола ма? Тек кейігенім: жаңағы кәрі суайт Ерденнің сенімі мен жалыны сенен артық болғанес! Сенім мен жалын жоқта жырды қалай жазбақсың. Ойласаң соны ойласаңшы!

Әбіш (қалжыңдап, көңілденіп). Мәрхабат етіңіз. Менің күйем сіздерге әзір. (Барлығы Әбіш күймесіне қарай жүреді. Мағыш бөгеле береді. Қасына Әзімхан келеді.)

Әзімхан. Қайғырмаңыз, Мағыш, бүгін елемесе, әлде ертен ескерер. (Қарлығыаш қайта оралып кеп, Мағышты қолынан алып.)

— Неге қалдың, Мағыш? Әй, жуассың-ай! Эттен бәлем маған осындай күйеу тап болса ма?..

Мағыш (жылап). Күйеу ме!..

Қарлығыаш. Жылама! Ешқайда жібермеймін. Онбай кетейін, екі тойды бір-ақ тойлаймыз.

...Әдемі жазықта күйме ағызып келеді. Ішінде күйеу, қалыңдық, Абай және Мағыш. Әбіш, Шәріп тағы басқалар салт атта, күйемен ілесе жарысып келеді.

Бұл топ көз ұшымға ұзап кетеді.

Майдан төбе елсіз. Халық тараған. Кеңгірбай моласының үстінде бұлттар қалқиды. Мола басында Ерден, Нарымбет, Әзімхан, Тәкежан, Мес.

Ерден (долданған). Тобықтының ақсақалы болғанша, қас дұспаным құлы болсайшы.

Нарымбет. Не қыл дейсіз, қария!

Ерден. Не қалды, не қалды енді? Шөк-шөкпен келіп ең, көрерінді көрдің бе? Асқақтатып болдың ба? Оқшау жауым өзге емес, жалғыз-ақ жау, ол — Абай. Әлде, әлі де төбене ойнатамысың, Нарымбет.

Нарымбет (үні қырылдап). Қор етті ғой... Өлі аруағын қор етті ғой інімнің. Тек бір ғана тұсауым бар... Мағыш... оның баласына қалындығы еді.

Әзімхан. Әбдірахман оны ала алмайды, Нарымбет. Ол Петрборда қатын алған. Күмәнім жоқ осыған...

Нарымбет (түнеріп). Қарғыс атсын ендеше.

Ерден. Сен қарғыс дедің бе? Сен ше, Тәкежан! Кіммен боласың, айт мынау аруақ алдында. Тіріге тыным бермеді, өліні екі өлтірді олар. Туар ұрпақ тозып тусың

деп отыр. Атадан азып тумасаң, атың адам емес деп отыр. Әкетпеді ме, міні енді, аң етіп. Тобырдың бәрін жинап тіс-тырнақты аң етіп, талатам, тонатам деп отырған жоқ па сені мен мені. Еңкейсең Ертіс, шалқайсаң Шыңғыстан бар құрдымды баурына тартып отырған жоқ па? Табанымың астынан от шығарып, жандандырып отырған жоқ па. Қөрмегім осы. Тоспағым осы ма? Тағы билік пе? Оның тілі суырылғанша билікте біз жеңбек жоқ. Ендеше билікті өз ісіме өзім айтам. Ендігі кезек менікі. Өңшен құрдым аш тобыңа өз қаныңды өз көзіңе көрсетермін. Абай ма? Қарғыс атсын оны!

Тәкежан. Кек, қарғыс атсын. Туысым, қаным демейім, дінім дейім. Біргемін сенімен.

Ерден. Қарғыс... Қарғыс атсын, ажал боп!

Әзімхан. Қарғыс шындап атса өлім болар... бірақ оған да кимыл керек... Қимыл ететін кісі Абайдың дәл жанында тұр.

Тәкежан. Шәріп пе?

Ерден. Жым бол! Жолға жат болса су да ішпе — жол бұйырса қан да төк. Қарғыс... қарғыс босын! *(Кеңгірбай қабірінен тас алып бәрі де төбелеріне қойып, ант етіп, моланы айналады, айтқандары.)*

— Қарғыс! Қарғыс!

\* \* \*

Әдемі бір бөктерде, майысқан шалғын ішін аралап Абай мен балалары, шәкірттері жүріп келеді. Кейбіреуінің қолында қаршығалар, қастарында тазылар сылаңдап жүр. Абай жанында қазақша киініп алған Әбіш келе жатыр. Бір жағында Баймағамбет. Оған жалғас Айдар, Шәріп, Мағауия, аңшылар. Абай жүзінде шаттық бар. Баласына аң қызығын көрсетпек.

Абай. Туған сахраңа ырзамысың, Әбішім!

Әбіш. Ырзамын, аға... Дүния бір жарастық әнін салып тұрғандай.

Абай. Ол сенің туған бесігің мен өз жүрегің жарасқанының белгісі ғой.

Баймағамбет. Сағынысқан достар болғаны ғой.

Абай. Ендеше сол жарастық та, сол сағынысу да Айдар әні боп оралып тұрған жоқ па?

Әбіш. Олай болса айтса нетті Айдар. Кедергі Ерден өтті ғой.

Мағауия. «Енлік — Кебектің» ең соңы осылай бір жарасып тыну керек-ау, Айдар!

Айдар шыркап кетеді:

Тыныштықта мезгіл бедеу, жыр тумайды  
Сәттер бар хасіреттен ой тулайды.  
Толқыған теңіз атқан меруерттей,  
Сол шақта найзағайдай сөз зулайды.

Ажалдың аш шеңгелін көріп келгем,  
Қапада өткен зар мен қайғы тергем.  
Ескінің айыбын аш, мінін қаз деп,  
Билікте Абай ағам нұсқа берген.

Уа-а...

Мен көрдім кешегі өткен ел күйігін,  
Көп кездім сырын тыңдап бел биігін,  
Зар шегіп, батар күнмен бірге батқан,  
Аямас — жас ұланды ел биі кім?

Мен көрдім қан жылаған екі жасты,  
Мұңдары күнірентіп тұр тау мен тасты.  
Айқасқан құшағынан қарғыс ұқтым,  
Өз зарым, сонау зармен араласты.

Мен көрдім қатал күннің Қабан биін,  
Аштым мен ауыр сырды сақта жиын.  
Жырға жан өзіме өріс берген Абай,  
Алдында ардақты аға түсер күйім.

Жоймақ боп жырдың көзін Ерден келген,  
Жыр емес, шошынғаны қатал селден.  
Айт, ақын, қорлық пенен зорлықты айт деп,  
Ақынға әмір келді ашулы елден...

Әбіш. Тамаша!

Магауия. Жырының шабысы қалай жатық еді.

Шәріп. Женсікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды. Осылай демеп пе едіңіз, Абай аға?

Абай. Солай шығар, Шәріп. Бірақ достық кінәсі ме еді? Өнер жарысында бәсекелессең де әділ бол. Бәсеке неге озасың деп құйысқаннан алу болмасын. Неге қаламын деп өз өнеріңді қамшылауың болсын. Болашақтың көмбесіне қарай ақындар шабысы сол емеспеді. Ол құзғындар таласы емес қой жемтікке бұрын жетсем дейтін. *(Осы кезде дабылдар қағылады. Жіңішке өзен бойынан шошып ұшқан қаз, үйрек аспандай жөнеледі. Бірнеше қаршыға қатар ұмтылады. Абай қатты қызығып шаба жөнеледі. Өзгелер де шабады. Айдардың тізгінін Шәріп ұстап қалған.)*

Айдар. Сен наразымысың маған?

Шәріп. Мен сені айыптаймын.

Айдар. Шәріп!

Шәріп. Сенің жырың — аруаққа атқан оқ кой. Халық қарғысы тимесін, байқа шырақ!

Айдар. Кеше мені қорғап, бүгін жиреніпсің. Әлде... кеше де...

Шәріп. Жаппа жаланды.

Айдар. Қызғанамысың, Шәріп?

Шәріп. Қызғанса жақсыны қызғанады, ал сенің ісің жауыздық!.. Кұртпағың Абай ма? Сұм жетекшіге бастатқан данышпан соқыр болыпты ол. Сен жарға жыққалы апарасың.

Айдар. Шәріп, Шәріп! Ендеше, сен кеше...

Шәріп. Қарғыс атсын! Қарғыс! *(Долданған Шәріп атын бір салып, ауылға қарай бұрыла жөнеледі...)*

...Ауыл тойға әзірленуде. Кең сарайдай бір үйді көл жағасына тігісіп жатыр. Көп күмбезді бір орда қып, алты үйді бір қосып тігеді.

Басқарып тіктіріп жүрген Қөкбай мен Мүрсейіт молда.

Айналада балалар жүйткіп жүр. Кейбіреулері құбыла киінген.

Мінгесіп, ұштасқан борсақтар кеп жатыр. Еркек, әйел, бала-шаға шұбарланған топ болып дабырласып жүр. Қыздар Еркежан үйінде.

Әндері естіледі. Ажар киетін киімдер әзірленеді.

Долгополовтың үйінің жанында өз тірлігі. Ақ алжапқыш киген Долгополов ауруларды қарайды. Келгеннің көбі балалар. Әкелген шешелерімен балалар да алыстан келгендер, қорғаншақтау. Шөгерілген түйелерден әйелдер түсіп жатыр.

Бір кебежеге түскен бір топ баланы Дәулет түсіреді.

Долгополов жанына кербез киінген асқақ түсті Әзімхан келеді.

Алысырақта полицияның көк арбасы тұр. Қасында урядник, стражниктер.

Долгополов *(бір баланы қарап жатып Әзімханға)*. Көрінген сайын бір құбыласың-ау. Уচিতілдікті қойғансың ба, Оспанов?

Әзімхан. Мен жандарал кеңсесінде істеймін.

Долгополов. Университетте оқыған студентке табылған-ақ мансап екен.

Әзімхан. Кімнің не тапқанын теріп қайтеміз.

Долгополов. О да рас. Сүйтіп маған кет дейсіз ғой. Несі бар, өзім де сізден соны күткем.

Әзімхан. Тез жөнеліңіз. Губернатор бұйрығы солай. Ел адамдары наразы. Его превосходительство соларды костаған.

Долгополов. Оспанов, тек тез жөнелетін мен емеспін. Жүрсем, той өтсін.

Әзімхан. Жо... Его превосходительство...

Долгополов. Бәсе, его превосходительствотоңыз өзіңізге...

Әзімхан. Менің пұрсатым жоқ.

Долгополов. Айып етпеңіз, Оспанов мырза. Сіздің дәрежеңіздегі адаммен тәтті сөзге мен шорқақпын. Жауабым жақпаса мейліңіз білсін, ал, әзірше, сізден өтінетінім мына жұмысымнан қалдырмаңыз. Әлде, сіз де сырқат па едіңіз? Ол күнді тоса тұрасыз. Бірақ менің төрелер дертін емдемейтінім бар. *(Кішкене балаға).* Тіліңді шығар! *(Кішкене бала тілін көрсетеді, бірақ өзі ашушаң докторға таңдана, сескене қарайды. Бұлардың жанынан Шәріп өтіп барады. Аңнан қайтқан.)* Долгополов соны көріп:

— Мынау адамды менен аулақ әкетіңізші, Шәріп.

Әзімхан *(ашуланып)*. Бұ не сандырақ! Тартарсыз сазайын бұл қылжақтың...

Долгополов. Шәріп, әкетіңіз, болмаса менің жауабым осы екеуміздің бірімізге сор болар.

Әзімхан. Сіздің сорыңыз онсыз да жақын. Ертең ақ сүйретіп әпкетер.

Осы кезде үй ішінде бір нәрсе шыжылдай бастайды. Әзімхан сезіктене тыңдайды. Жанағы дыбыс молайып барып тарс беріп атылады. Үйден қызғылт қою түтін шығады.

Әзімхан атқып кетеді. Балалар тұра қашады. Түтін айыққанда үйден Баймағамбет шығып карап тұр, бет-аузы күйе болған. Жөткіріп түкірініп жатыр.

Долгополов. О не, Баке?

Баймағамбет *(түкірініп)*. Ертеңгі ойынын байқайын деп ем. Дәрісін азырақ көбірек салдым білем.

Долгополов. Шошымаңыз, Оспанов, кісі өлтіретін машина емес... Жәй фейерверх *(Дәулет, Ораздар Баймағамбетті қолтықтамақ болады.)* Баймағамбет шеттей беріп:

— Қой, тұра тұр. Өзім қап-қара албастыдай болармын.

Дәулет (күліп). Албасты сендей болса бәрінен айнармыз-ау, Бәке...

(...Көкпайдың жанынан Қарлығаш өтіп барады.)

Көкпай тоқтатып:

— Қарлығашым, қаламқасым... Тыңдаймысың, ән қандай! Сенің тойыңда айтар күн қашан?

Қарлығаш. Сенің демің жалын болған шағында.  
(От жанып жатқан жерошақты көрсетеді.)

Көкпай.

Пәруанамың, түнде ұшамын,  
Шам-шырағым саған қарай.  
Ынтығымнан зәр құсамын,  
Өртенемін соған орай...

Қарлығаш. Уа, сөрлы Көкпай-ау, осыдан өзге білгенің бар ма? Оңбай кетейін, жүз ссіттім ғой осыны. Іске жалқау, қызға жалтаң. «Абылайды» жазсаңшы одан да... Толмай соласың ғой, бейшара-ау...

Еркежан үйіне қарай каша жөнеледі. Ол үйде Ажарды киіндіріп жатыр.

Сандықтар ашылған. Оқалы мақпал, жібек киімдер әзірленген. Мағыш бастаған бір топ қыз жайғастырып жүр.

Зейнеп пен Еркежан Ажарды безендіреді. Екеуінің қолы араласқан соң Ажар тотыдай түрленіп, нұрланып барады. Еркежан Ажарға әдемі қырлы сауыт береді.

Еркежан. Ұзатыларымда әжем берген мұрасы еді. Қытай дәрісі. Қартайтпайды деп еді.

Қарлығаш өз сыйын ашып жатып:

— Мынаны Әбіш әкеп беріп еді. Исін көрші? Аты «Ландыш». (Еркежан мен қыздар Ажарға қызыға қарасады.)

Зейнеп төрге отырып, домбырасын күйлеп ап:

— Мен сендерге қыз жайынан жаңа бір ән айтайын.

Жіп-жіңішке сұңғақ бойлы, ботакөз бір қыз:

— О қандай ән!— дейді.

Зейнеп. Кеше маған Абай ағаң үйретті. Өзін жазған орыс акыны Пушкин дейді.

Қарлығаш (күліп). Пушкин.

Зейнеп (қатаң). Е, айттым ғой, Пушкин. Аударған Абай. (Домбыраны қағып қосылып кетеді.)

Амал жоқ, қайттым білдірмей,  
Япырм-ау, қайтып айтамын. .



*(Татьяна хатының мәлім толқыны ырғалып барады. Ажар мен басқа қыздар, Мағыш та телміре тыңдап қалған.)*

...Сопының үйіндей, қоңыр салқын Шәріптің үйі қазір ала көлеңке. Шымылдық, жәйнамаз, орамалдарға аяттап кестелер шегілген. Аласа үстелде құран жатыр. Әр нәрсе өз орнында, тиянақтай. Үйде Шәріп пен Әзімхан.

Әзімхан. Сен мені жат көрсен де, жақсы хабар әкелдім. Өлендеріңді Қазан басатын бопты. Хабары мынау, ырзамысың. Ислам ғаламының үміті сен. Абай жолы әрі қисық, әрі қысқа жол. Тура жолда өзіңсің. Тағдыр жазса дін ислам жұлдызы боласың. Хат береді. Шәріп оқиды.

Шәріп. Зор рахмет, мезгілімен әкепсің. Абай болса, айтқанымды түсінгісі келмейді.

Әзімхан. Солай, Шәріп. Анау әңгіме есінде ме?

Шәріп. Есімде.

Әзімхан. Елің көшін өзін баста!

Шәріп. Сендер менен не тілейсің! Айтшы.

Әзімхан. Түк тілемейміз. *(Мундирінің қалтасына кішкентай сауыт алады.)*

— Бұл не?— дейді Шәріп.

Әзімхан. Сенің құлағың ауру ғой, дертіңе шифа болсын. Тамаша дәрі. Бір тамшы кем болса ем, бір тамшы артық болса у. Жанда жүргені тіпті жақсы. *(Сауытты Шәріптің алдына қояды.)*

Шәріп. Маған, Абайды өлтіртпекпісің? *(Екі көзін қан басады. Өңі сұп-сұр. Әзімханды тарпа бассалып буындырады.)*

Әзімхан бұлқынып зорға босап шығып, жағасын түзеп жатып.

— Жынды ғой өзі...— деп, міңгірлеп отыр.

Шәріп *(тістене сөйлеп)*. Абайдың бір тал шашынан садаға кетіндер. Оның тобықты ақыны емес, бүкіл ел сәулесі екенін қалай ұқпайсың осы.

Әзімхан. Елге у таратқан сәуле десеңші.

Шәріп. Мен бетін ондаймын да екеуміздің отымыз бір жанатын болады. Тек менен кашықтататындарды әкету керек маңынан. Алдымен анау орыс кетсін.

Әзімхан. Ол жоқ болады, Шәріп. *(Жым-жырт. Шәріп сауытқа қиғаштай қарап, қолына алады.)*

Шәріп. Ауруға ем дедін ғой? Ендеше дәріңе рахмет.

Әзімхан. Не қылмақсын, Шәріп?

Шәріп. Ертең тойда құлағым ауырса қайтем. Айдар қуанғанда жабырқау жөн бе?

(...*Еркежан үйінде әйел атаулы Татьянаның жүрек шерін ұйып тыңдап отыр.*) Зейнеп шырқап:

Шеш көңілімнің жұмбағын  
Әлде бәрі алданыш.  
Жас жүрек жәйіп саусағын  
Талпынған шығар айға алыс...

(*Мағыш Қарлығашқа сүйсіне түседі, көзінде жас.*)

Қарлығаш (*сыбырлап, жасын іркіп*). Неге жылайсың, Мағыш?

Мағыш. Қарлығаш-ау, Әбішке дәл менің айтар мұңым ғой мынау!.. Ол мені сүймейді. Әлі оң шырайын бір көргем жоқ. Ажар тойынан соң, біржолата кетем ауылға.

Қарлығаш. Түк те кетпейсің, шырақайым. Өзің бір тал шашын ғана әперші Әбіштің. Осында бір бақсы бар, бас айналдырады. (*Бақсының қияпатына салады.*) Тұра тұр, Әбіштіңді ме? Тұлыпқа мөңіреген сиырдай қып берем. (*Зейнеп әні біткен. Үй іші жым-жырт.*)

Ботакөз қыз жаны қаламай тыңдап болаып:

— Бұл әнді біздің ел білмеуші еді, Зейнеп апа. Енді бар қыз айтар.

Зейнеп. Алғысың Абайға болсын. Бұл Пошкин қазақ қызының жүрегін білген-ақ. (*Ән жұртты жадыратқандай. Ажар киініп болған. Қалыңдық сондай көрікті.*)

Еркежан (*Ажарға*). Айдар болсам, өзім де алып қашар ем тіпті. (...*Айдар ойда. Жалғыз келеді. Қаршығасын құсқа да салмаған.*)

Бірақ өзге аңшыларда тыным жоқ. Қаршығалар қырып жүр. Айнала шабыс. Қанжығасы құсқа толған Баймағамбет ағызып өтеді. (*Әбіш, Абай да шауып жүр.*) Абай Айдар қасына аз тоқтап: (*Әбішті нұсқап*). Уа, мынау қала жігіті қалай жосытады? Жә, сен неғып ілбіп жүрсің, атың мерткікен бе?

Айдар. Абай аға... Осы Шәріп кім?

Абай. Мен анда жүріп қайғы ойлауды сүймеймін.

Айдар. Шәріпке не болған, Абай аға? Неден күйген, неге ақырады сол?

Абай. Ашулы адам көп сөйлесе көбік болғаны... (*Аңшы жігітке.*) Жібер, сілте қаршығаны!

*(Жұрт аң қызығында. Әбіш қаршығасы құсқа кетті. Аспанда үйрек іліп, сорғалап кеп жерге түседі. Әбіш шауып кеп, аттан секіріп түскенде қатты жөтел қысып, тұрып қалады.)*

Қасына Абай шауып келген:

А б а й. Бұ не жөтел, Әбіш?

Ә б і ш. Жәй... басылады.

А б а й. Бұ қалай, қарағым?

Ә б і ш. Сахраның әуесі мас еткен ғой әшейін. *(Әбіш қасына барып үйректі айырмақшы.)* Абай болысып жатып:

— Сенің менен іріккенің бар-ау, балам! Жат жерде тығынып қалғанбысың, әлде!

Ә б і ш. Ондағы жат емес қой, аға! Бәрі жақын, достар ғой. Қазір Петербургта жарық түн ғой, аға. Оның жәйін білемісін?

А б а й. «Одна заря сменить другую спешит, дав ночи полчаса» деп пе еді Пушкин. Бірақ көркі қандай, көргем жоқ. Ұйықтатпайд дейді, рас па?

Ә б і ш. Рас. Мен сол түндерде сейіл құруды сүйеші ем, аға?

А б а й. Жүрегіңде сыр бар, Әбішім. Мағышқа неге салқынсың? Ол сені сүйеді. Тосқаны сен мес пе ең? Әлде сенің... Ойынды айт маған... Әбішім!

Ә б і ш. Жоқ, қазір айтпайым... Айта алмаймын қазір, қинамаңыз, аға!

\* \* \*

Алты үйден құралған күмбезде Айдар, Ажар тойы. Барлық үй қонаққа толы. Әзімхан, Тәкежан, Мүрсейіттер де бар.

Айдардың туыстары — Дәулет, Ораз, ботакөз қыз бәрі де мәз, кеуделері көтеріңкі. Ешкімнен қымсынбайды. Тойларын мақтан етіп, өздерін бай-бағланмен тен ұстайды.

Жанып тұрған көп шамдал. Іргелер түрулі. Жұлдыз көрініп, көл суының бетінен оттар сәулесі жарқырайды. Үй ішінде барша мен мақпал, алтын мен күміс көз тартады.

Сүйікті шәкіртіне Абай әсем той жасаған. Жерде дастархандар. Тегене толы қымыз, табақ толы ыстық ас.

Шілтерлі шымылдықты алдына ұстап келінді әкеле жатыр.

К ө к п а й *(келінмен қатар келіп)*

Айт, келін, айт, келін!  
Атын басын тарт келін,  
Жұмыртқадан ақ келін,  
Сауысканнан сақ келін,  
Ел-жұртыңа жақ келін.  
Алдыңғы түйен итіншек,  
Итіншек деп басқа соқпа, келіншек.  
Артқы түйен тартыншақ,  
Тартыншақ деп артқа соқпа, келіншек.

Өзің жазып күйеуіңді тұр-тұрлама, келіншек.

Зейнеп (*қостай жөнеліп*).

Келінді міне көріндер,  
Көрімдігің беріндер.  
Неснеге қаратпай,  
Атай-атай келіндер.  
Қайын ата, жақсы ата, ол Абайға  
бір сәлем!

(*Шымылдық ашылып келін сәлем етеді.*)

(*Келін Айдар қасына отырған. Бүгін күйеудің киімі де, көркі де өзгеше.*)

Абай. Ал, дегендерің болсын. Ақын көрімдігі не болады? Мен саған жарың туралы жыр сыйлайын, Ажар... (*Домбыраға қосылып айтады.*)

Адамның кейбір кездері,  
Көңілде алаң басылса.  
Тәңірінің берген өнері.  
Көк бұлыттан ашылса,  
Сонда ақын белін буынып,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан зұлымға  
Шыршық атар толғанар.

Абайдың өлеңі мен домбырасын тындап жұрт отыр. Ықыласпен қадалып, Шәріп те тындайды. Қолында белгілі сауыт көрінеді. Қымыз құйған тостаған үстінде Шәріптің қолы. Әзімхан көзі Шәріпте.

Абай айтып отыр:

Ызалы жүрек, долы қол,  
Ұлы сия, ащы тіл,  
Не жазып кетсе жәйі сол,  
Жек көрсендер өзін біл!..

Ажар (*ақырын*). Рахмет, Абай аға. (*Айдарға.*) Бірақ бояушы бояушы дегенге сақалын бояйтын болмас. Мақтауға аспас Айдар, солай ма?

Айдар. Ажар, Абай ағам артық сый беріп отыр ғой

мынау той болған соң. Болмаса мен татымаймын ғой айтқанына.

Абай. Жә, сен не сыйлайсың, Шәріп? Әлде, бар әлемге ашулымысың әлі күн?

Шәріп. Жок, Абай аға, мен ашуда адасқан екем.

Абай. Ер шекіссе бекіседі.

Айдар. Мен де қиналып ем, Шәріп. Қалсын мүлдем.

Шәріп (*тостаған ұсынып*). Жамандық бұрын болса, енді жаман айтпай жақсы жок деген. Қуанышын қайырлы болсын. Іші!

Ажар. Рахмет, Шәріп аға. Баянды бақ жаңа тапқандай болдым ғой. Шәріп пен Айдар ішіп болады. Сол сәтте **тарсыл-күрсіл** фейерверх атылады. Үй-іші жап-жарық боып **кетеді**. Керегеден әсем оттар көрінеді. Долгополов пен **Баймағамбеттің** фейерверх тамашасы сансыз көп көркем сәнді жарық боп жүз құбылады. Суылдап ыскырып, ағындап аспанға шапшып, көлге сәуле төгіп жайнап тұр. Баймағамбет от жағады. Мағауия от дөңгелекті жүргізеді. Долгополов **трубкасын** түтетіп, өзіне «пиротехник» **шәкірттерінің** ісін басқарады. Әредік, масазсыз урядникпен тілдесе тұрады.

Урядник (*Долгополовқа*). Ваше высокородие, әні, бенгальский от та жанды. Жүрейік те.

Долгополов. Сабыр етіңіз.

Урядник. Губернатор бұйрығы, түнге карамастан, бөгелместен жүргізу емес пе? Ал мұнда таң да атар.

Долгополов. Сабыр етіңіз, Ваше благородие. **Сабыр** — ердің сымбаты.

Урядник. Япыр-ай, сізбен қанша жүрсем, сонша әуре ғой. Жалғыз сізді жеткізуден дәл бір рота арестанты этаппен жөнелту оңай ғой. Тым құрыса бір жол шатақсыз болсын да.

Долгополов (*қамқор пішінмен*). Аттарың оттады ма?

Урядник. Аттарды қойшы... тоқ қой.

Долгополов. Бүгін тегіс солай. Күн сондай. Шатағым жоқ. Коштасам да жүремін (*Баймағамбетке*). Ал, Баке, аман бол!

Сахра аспанына тағы бір топ ракета ытқиды. Су жағасында, үй жанында көп жан қарап тұр. Абайға жақын жерде Айдар, Ажар. Дәулет, Ораз ентелей қарайды.

Ботакөз қыз (*достарына*). Түсте көргендей. Жұлдыз аспанда болушы еді, жерге түскен бе дерсің.

Әзімхан. Бұндайды мен бұрын Қазанда көріп ем. Бірақ ол сонау кұрым бпк ұшушы еді.

Қарлығаш. Бұдан артық қайт дейсіз. Оңбай кетейін ұрмағың да осыдан артық болмас. *(Кетеді.)*

Әзімхан. Сіз ылғи былай қарайсыз. Ол болса...

Мағыш. У-у... қалай атады!

Екінші жерде...

Еркежан. Ту-у... Петірборындағы зенбірегің де осылай ата ма, қалқам-ау!

Әбіш. Осы тәрізді ғой...

Еркежан. Міні, бүгін Айдар тойы. Сенікі қашан болады Әбішім?..

Әбіш *(жымиып)*. Әйел болса құдағи болғысы келеді-ау. Мен Мағышты алмаймын, ана! *(Еркежан шошығандай)*.

Долгополов Абай тобында. Таң сызып келеді.

Қол бетінде мұнар бар. Долгополов достарымен қоштаса бастайды.

Долгополов. Менің қоштасқан отым осы болды. Бақытты жастар құрметі. Жүремін. Тағы да Семей, жандаралмен жанжалдасу. Содан арыма... Кім біледі, әлде Ресей жолының қара ала тактайын санап, Ітжеккенге кетемін бе. Көрісерміз бе, жоқ па? Әбіш әкелген хаттар ішінде менің әйелім хаты бар екен. *(Қалтасын қарап хат алады.)*

Долгополов. Сол, былай жазыпты: сенің тамаша достарыңа сәлем айт, ғажайып республиканың азаматтарына, шошымаңыз, Оспанов мырза, Абай атты республиканың азаматтарына сәлем айт. Ол, сахра теңізіндегі бақыт-қиял аралы екен,— депті. Бар тілегім, сол арал шексіз зор дүниеге айналсын. Әрдайым бір болайық. Әрдайым бір сапта болайық, достарым! Ал жарқын күнде, ертең туар жарқын күнде көрісейік. Оспанов мырза, тумасаң да мейлің. Жасасын жарық күн, сөңсін қара түн! *(Тағы да ең соңғы рет Долгополовтың әсем оттары атылады.)*

Абай *(Долгополовты құшақтап)*. Қош, Федор Иванович.

Долгополов. Е-е... Жер шалғайлығы үшін жасың қайтеміз. Алысты жақын етер жүректер барда мұң ба екен? *(Урядникке)* Ваше благородие, әміріңізге әзірмін. Бастаныз!

Урядник. Тәңір жарылгасын, айдалған мырза!  
Рахым етіңіз!

Долгополов арбаға қарай басады. Жұрт ұзатып барады. Айдар бірге барам десе де, орнынан тұра алмайды.

А ж а р (күліп). Масайып қалғанбысың, Айдар!

А й д а р. Оның рас, Ажар! Тұра алмайым.

А ж а р (сүйіп). Қуанышым! Түсің қашқаны несі, Айдар!

А й д а р. Басым айналып барады, білмейім.

(...Көшір ат айдайды. Арба жөнеле береді. Долгополов достары қарап қалған. Қоңырау шылдырайды...)

...Екі айыр жолдың бір тарауына бұл арба түскенде, екінші тарауымен жалғыз атты біреу Абай аулына шауып келе жатыр.

Қара тер болған атын қамшылай түседі. Жете бере айғайлап:

— Шабуыл! Шабуыл!— деп ауылға ағызып келеді. (Айдар мен Ажар қасынан шапқылап өтеді.)

Шапқыншы:— Абай қайда? Абай! Қаптап келеді! Шапқалы келеді! Ерден! Нарымбет!

Ауыл араның ұясындай құжынайды.

Абай басына төнген қауіпті естіп, бар күшін жиып, Айдар орнынан тұрады. Ұмтылып алыспақ, қайрат қылмақ. Бірақ әлі құрып, құлап түседі. Шошынып Ажар келеді. Жұрт қоршайды. Жерге құлағын төсеп жатқан Айдар шапқын дүбірін естиді.

А й д а р. Абай! Абай аға! (Абай қасында тұр. Қатты шошынған. Сүйікті шәкіртінің үстіне төнеді.)

А й д а р (тынысы тарылып). Шабуыл... жақын ғой. Сақтаңдар Абайды.

Ш ә р і п (жүріп келе жатып Әзімханға). Шабуылы не?

Ә з і м х а н. Сен дәріні татымсызға жұмсағаннан.

А б а й (бірдеңе айтқысы келіп, Абайды жаңа таныған Айдарға). Мен қасыңдамын, қарағым, не айтасың?

А й д а р. Абай аға... Ажар... Дүние неткен тар еді, сыйыспадық қой. (Жұрттың сыртында тұрған Шәріпті көріп, көзін алмай қарап, барды аңғарып).

— Абай... Абай... (Сыбырлап.) сенбе... сенбе! Үні өшеді.

...Далада көп аттылар Абай аулына қарай шауып келеді. Жұрт үнсіз. Жел ысқырады. ...Той болған отауда Айдар өліп жатыр. Басында үнсіз жылап Ажар отыр. Зейнеп көңіл айту, жоқтау сияқты бір зар айтады. Жұрт

тындап қалған. Қайғылы Абай сәтте қартайғандай. Жапында Шәріп, Әбіш, Мағауния, Еркежан. Қыздар бір топ... Баймағамбет жылап отыр.

Борсақтың Дәулет бастаған шалдары қаралы.  
Зейнеп,

Токтамады, тұрмады,  
Кетті ортадан асылым.  
Көкірек толы қайғыны,  
Көтере алмай басылдым,  
Тиянағым, тұлпарым,  
Енді кімге асықтым.  
Ойламадым өзгені  
Бір өзіне бас ұрдым.  
Жалғыз сенен айрылып,  
Артында қалып аһ ұрдым...

Қаралы отау жанына жігіттер жпылған. Топ басы — еңгезердей Ораз. Ол ашулы. Барлық жұрт жауды айбармен тосып сазарып тұр.

Зейнептің зарына шапқан ат дүбірі, айғай-сүрен арасады. Жау жеткен.

Бірақ Айдар жанындағылар қыбыр етпейді. Тек Абай ғана Нарымбет даусын естіп, орнынан қиналып тұрады.

...Абай Нарымбетке бетпе-бет кеп тұр. Көп аттылар Нарымбеттің сыртында кейін тұр...

Н а р ы м б е т. Аруағымды... қорладың! Енді бәрің не тілейсің осы?.. Мазақ па? Қан төк дейсің бе?

А б а й (ақырын). Нарымбет... Біздің Айдар өлді ғой.

Н а р ы м б е т (әуелі сасып қап). Өлген жан тәңіріне жауап берсін... Сен өзің тірінің жауабын бер. Сырттан бұйырады... мен бердім. Аз ба еді? Қалыңдық емес, қатып емес, қарындасым қайда? Шығарып бер, аулақ болсын, сенің пәленнен.

А б а й (қажыған көңілмен). Сөзің жөн, Нарымбет. Мен жазықтымын. Мағыш құрметпен, хаснетпен аулыңа қайтады.

(...Көрші үйдің бірінде Әбіш пен Мағыш.)

Ә б і ш. Рұхсат, Мағыш. Мені ұмыт. Бар! Тек қарғама мені. Мендей боп саған бақыт тілейтін жан жоқ.

М а ғ ы ш. Бақыт тілеп қуады екесің ғой!

Ә б і ш. Мен саған бақыт бере алмаймын, Мағыш. Менің өмірім қысқа. Дерт жеген кеудемді. Бар... Сен тірі бол. Арамызда өлім тұр.

М а ғ ы ш (қуанғандай). Өлім бе? Тек өлім бе айы-



рар! Әбіш, Әбіш, неге жасырдың? Сүйемісің өзін мені?

Әбіш. Жанымнан артық сүйөші ем.

Мағыш. Сүйіп тұрып жасырдың ба?

Әбіш. Айта алмадым. Әкеме, саған жар салам ба?

Бар! Кінәлә мені, бірақ бар, Мағыш!

Мағыш. Жоқ, жоқ! Бірге өлем сенімен. Жаңа ғана қаза болған Айдар аруағымен ант етейін: сүйенішін болам. Сақтаймын сені. Өзім үшін, әкен үшін... елің үшін сақтаймын. Жаным жарым! Ғашық жарым!

(...*Нарымбеттің алдында Әбіш пен Мағыш тұр.*)

Әбіш. Нарымбет аға, Мағыш ешқайда бармайды. Ол менің жарым. Барымды ал, айырма бізді.

Абай (баласына қарап). Достығым достық, Нарымбет. Қапа қылып ек, оны кеш! (*Нарымбет дал болады.*)

— Жоқ былай!— деп, ақырып жіберіп, топ ішінен тепсініп Ерден шығады.— Жоқ! Қарғыс тиген ауылға бермейміз қызды. Билікте сен адастырып ең Сырттанды. Бірақ әділ билікті құдай айтты. Жолдан азғанды тәңір табад! Өрт салып ең, қарсы өрт салып өшірем. Қан көресің бүгін. Аулыңа тиген қарғыстан бар қайыршы, бар азын жыладың ба бүгін. Енді жылаумен өлгенің осы қарғыстан. (*Біріне-бірі қарсы екі топ тұр. Бір жағы атты, екінші жақ Абай қонақтары, борсақтар. Абайды Ораз қоршай тұрған.*) Ерден Абайды көрмей құтыра дауыстан:

— Қайда тығылсан да құтылмайсың, Абай!

Абай алға шығып:

— Мен мұндамын, сенен тығылушымен?

Екі жақ бір-біріне тап бергендей. Абай ауыр салмақпен «тоқтал» дегендей белгі еткенде, тұрып қалысады. Жұртта үн жоқ. Ерден атты омыраулатпақ еді, еріксіз тоқтап қалады. Үйткені Абай өз тобынан бір кісіні бастырмай жалғыз өзі жауларына қарай басады.

Тәкежан. Барма! Абай! Бір әкенің баласы ек қой, барма!

Абай. Кешіккенсің, туысқан! Қылыш жүзінде туыс жоқ. Сен бауыр да, дос та емессің, Тәкежан!

(*Аттылар қара нөпір боң анталасады. Нарымбет Абай жүзінен жуасып, енді қысылып кейін басады. Абай жүріп келеді.*)

Тегіс тынған жұрт жым-жырт. Тек үйден Зейнептің зары ғана келеді. Мес Абайдың тақағанын тосады. Қолында қара шоқпар. Абай аттыларға тақап келеді. Ерден бағып тұр.

А б а й. Кім айтты Айдар өлді деп? Оның өзі өлсе де сөзіне өлім жоқ. Қайта тірі өлік етбегі сендерсің түге! Қан төгетін сен ғой, Ерден? Төгерсің сен! Өлім молайған сайын жерің кеңиді ғой сенің. Ал сендер ше деп, Ерденді қоршап тұрған аттыларға қарап:— Сендер менсің не тілейсің? Мен білем сені, Нарымбет... Сені де білем, Мырзағұл... Сені де білем, Нұрғали. Арқаңды ауыр бейнет езіп, көзіңе көк шыбын үймелеп жүрген жоқ па сенің? Аштық-жалаңаштық құрығынан құтылған күнің бар ма еді? Сол сендердің жұлыспағың Борсақ па? Неге, неліктен? Олардың да дәл өздеріңдей алданған, таланған қорлығы үшін бе? Бізді не деп жау санайсың? Халықтың бақытын тілегенімізге ме? Барлық жер жиһан қазақ атын құрметпен атасын дегеніміз үшін бе? Дүние үлкен көл, заман соққан жел, толқын-толқын ел нәсілін алып келеді. Қайда апарады? Ұлы күндерге, бақ күндеріне апарады... Қазағым жұртым менің! Жалғыз мен емеспін саған үн қатып тұрған. Сол бақытты көксең мәңгі мұң еткен ата-бабаң үн қатады саған. Не дейді олар...

Е р д е н. Өшір үнін қарғыс боп.

Мес ат үстінен Абайға шоқпарын сілтей береді. Бірақ Нарымбет ұшып келіп, өз бойымен қорғап қалады. Ауыр шоқпар соған тиіп шекпенін жыртып, Абайды да жанай тиеді. Есі ауып қалған Абай жығылып қалады.

Н а р ы м б е т (*айғайлап*). Уа, тарт! Тарт, тоқтат! Баспаймын бұған. Бар қазақтың Абайы. Айдар өлді. Абайды өлтірсек не болмақ. Аулақ... Аулақ бол, сұмдықтан... (*Өз иығынан аққан қанды байқамай айғайлап жүр.*)

Е р д е н. Тыңдама! Ұр бәрін. (*Нарымбетке.*) Азғын! (*Жығылған Абайға бар досы жүгіріп келе береді.*)

М а ғ а у н я. Өлтірді... өлтірді ғой!

К ө к п а й. Уай, халық, Абайдан аяйтын не жан бар еді. (*Төбелес. Көкпай жығылады. Қалтасынан жазулы қағаздар түсіп жатады.*)

Е р д е н (*қашуға айналып*). Қыр, жой бәрін!

Н а р ы м б е т (*ат үстінде*). Тоқта мендігін! Жүктемеймін Абай қанын! Қай қара бет жүктейтін? (*Нарымбет айғайлап, барлық өз кісісін тоқтатып бөліп алып, тайқи береді. Ерден өзінің азғантай ғана тобымен қалған.*)

Е р д е н. Көрдің бе, Әзімхан! Өрт басты ғой, міне. Пәлесі ғой, бұ да Абайдың. Қашан енді, қашан қимылдайды бұл жандаралың?— деп айғай салады.

Әзімхан (*шауып қашып жөнелген Ерденнің соңынан ызамен айғайлап*). Қолынан түк келмейтін азбан! Өй, соқыр азбан (*Ызадан күйген Әбіш Әзімханға ұмтылады.*)

Әбіш. Ә-ә, солай ма еді? Сен бе едің, сүйтіп?

Әзімханды жақтан кезек-кезек тартып жатып:

— Ит, шошқа! Ит, шошқа!

(*Әзімхан бетін басып құныса береді, шегіне барып, бұралқы иттей қаша жөнеледі. Қарлығаш Көкпайды құшақтап жылап отыр.*)

Көкпай (*көзін ашып*). Тірі ме? Тірі ме өзі?

Қарлығаш. Тірі... Абай ағам тірі. Көкпай... Өзін ше?

Көкпай. Қарлығашым-ай, менің басым тас қой дейім, тіпті оңбай кетейін.

(*Қарлығаш қағаздарын жиып береді. Көкпай шашыған қағаздарын асыға түгендеп жатыр. Есін жиған Абай жерде отыр. Қасында Баймағамбет бастаған, қамаған жұрт.*)

Абай (*қатал үймен*). Қайтып тұрам бұл елде? Құлағы керек, көзі көр. Білгені жаулық. Кетемін бұл сорлы сахрадан.

Баймағамбет (*өте сабырлы боп*). Сабыр ет, Абай. Елің соқыр да емес, саңырау да емес Мынау қанды көр. (*Нарымбет шекпенінен жыртылған бір жапырақ нәрсені көрсетіп.*) Осы Нарымбеттің қаны. Сені қорғаймын деп төкті. (*Абай Баймағамбетке таңдана қарайды.*)

Шәріп (*Абайдың алдында тізерлеп*). Абай аға, өз айтқаның дұрыс. Кетейік, біз бұл жыландар ордасынан. Тізгінінді өзіме бер. Абай аға, жоқтатпайын Айдарыңды. Сенің жолың менің жолым.

Абай Шәріпке ұзақ уақыт қадалып қарап, ақырын:

— Аулақ... Аулақ, Шәріп!

Шәріп (*шошынып*). Абай аға!

Абай (*саусағын созып*). Бойың қан ғой, Шәріп. (*Шәріп сескеніп шапанын қарайды.*)

Абай. Жоқ, шапаныңда емес, Шәріп.

Шәріп (*қорқынышпен күдігін жасырып*). Не дегенің, Абай аға?!

Абай (*қатты бұйрық етіп*). Жүзіме қара менің, тура қара! (*Шәріп Абай көзіне зорға қарайды.*)

Абай (*Шәріптің көзіне қадалып*). Аулақ, аулақ! Ланынет, мәңгі лағынет болсын, соны сен істеген болсаң.

Аулақ! (Қатып, сілейін қалған Шәріпті көрмей Абай түрекеледі.)

Абайды Еркежан қолтықтап үйге кіргізеді. Айдардың басын тізесіне салып, бар дүниені тәрк еткен Ажар отыр.

Сондайлық үнсіз, қайғылы жым-жырт Зейнеп. Күн жоғарылап барады. Таң сахраның бәріне сәуле берген.

Тал түс.

...Абай далада келеді.

Бұлтты жел айдап, шөп басын жел сілкітеді. Мұңға батқан Абай даладан өтіп, төбешіктер арасында келеді.

Абайдың төбе жағында шұбатылған бұлт бар.

Төбенің астынан дауыс естіледі. Өлең оқып отырған дауыс. Абай таңдана тындайды.

Уа, дүние, сол ма сенің мақтағаның,  
Орнымен жақсылығын ақтағаның.  
Елінің жолын ашқан жазығы ма,  
Мынау ма, жақсы жанды сақтағаның.

Абай тындап тұр. Оқып отырған Көкпай. Барынша ынтыға тындап отырған Қарлығаш.

Салауат әруағыңа ер Абылай —  
Қазақтың Арқа ұранды Мейірбаны.  
Елге еткен қайратынды кім көрмеген,  
Халқыңның шыны дегдар асыл жаны.

Сол жолың жолы болсын ақынның да,  
Елінен жап аямас жақынның да.  
Қарғаса қан надандар жырды қарғап,  
Айныман ақ жолыма бағындым да.

Жұртқа еткен жақсылығың жырда болар,  
Жыр еткен ақын аты бірге болар  
Ер бастап, ақын қостап, елдік көшіп,  
Келетін жақсылыққа ірге болар.

— Осында Абай ағам да, Айдар да, өзім де бар. Ақ-тамақпын аға ақынның үлгісін. Бірақ өзіне әлі оқығам жоқ. Батылым бармай жүр еді. Енді оқып берем. Тындай бер, Қарлығаш. (Көкпай қасына Абай келеді. Қобалжып көңілі бұзылған.)

— Оқы, Көкпай! Оқы, бауырым!.. Бұнына рахмет... тіпті жаман емес.

Күй ойнайды. Селеу басын жел тенселтеді.

Шексіз кең қазақ сахрасы.

Күрсініп соққан жел ақ селеуді теңіз бетіндей толқытып жатыр.

СОҢЫ

# АЛУА

*Төрт актылы, тоғыз суретті  
пьеса*

7

## АДАМДАРЫ:

Алуа — кейін райком хатшысы, ғылым кандидаты.

Нина Ивановна — кейін профессор.

Сапар — следователь, кейін Орталық Комитет хатшысы.

Бейсен — қойшы, кейін райком хатшысы.

Сексек — түйеші, кейін халық композиторы.

Арман — техник, кейін инженер энергетик, Алуаның болашақ күйеуі.

Назарбек — батрак, кейін ферма бастығы.

Доғал — бай-феодал.

Мардап — оның інісі, кейін профессор, ұлтшыл.

Айбала, Әсия, Жанар — ауданда өсетін жастар.

Сартай, Жәкеш, Байыр — байлар.

Жалтыр — Доғалдың жігіті.

Қамар — Доғалдың әйелі.

Батрактар, колхозшы әйелдер, жұмысшы әйелдер және Азия елдері әйелдерінің конференциясындағы делегаттар.

## БІРІНШІ АКТ

### Бірінші сурет

Шымылдык алдында, ауыр маслобойканы қиналып көтерген, сүрініп-кабынған Алуа келеді.

Алуа. Қандай ауыр, зілдей еді қуарғаны! *(Маслобойканы жерге қояды.)* Діңкем құрыды-ау! Құлкын сәріден күн ұзын... сонау түн ортасына дейін тыным жоқ! Толас жоқ! Бейнет те бейнет! Сондағы киінгенім мынау шоқпыт, ішкенім шалап, шәйінді... Әкем сорлы өлерінде: сені тым құрыса адам қолында да қалдырмадым. Қасқырдың... қорқау қасқырдың інінің аузында қалдырдым-ау!— деп еді. Қандай қатал өздері... Қандай шошимын... қорқам өзінен... Құтылармын ба осының азабы мен мазағынан! *(Шелегін алып жөнеле береді.)*

Доғал байдың жасаулы үйі. Қонақтары мен Доғал масайған. Доғалдың құрбылары — Сартай, Жәкеш, Байыр. Осы үйдің бір шетінде шым ши бар. Сонда үлкен маслобойка шелегін көптен айналдырып отырған жас қыз байқалады. Ол — Алуа. Үстінде көйлек, кемзала жыртық.

Доғал. Алам! Токал алам!

Сартай. Шын-ақ солай бекіндің бе?

Доғал. Атама! Дүниенің ендігі қызығы сол-ақ!

Жәкеш. Шын айтасың ба-ей, қолыңнан келмейді ғой.

Байыр. Ер болып өнеге көрсетші.

Доғал. Қолдарыңды әпкел!

Сартай. Шабытты, қанды көз қаршығадаймын де.

Доғал. Аламын, тояттаймын, жем керек, қаршы-

ғамын! *(Қымыз жиналады. Бәйбіше ши ішіндегі Алуаны шақырып, жез леген мен құмғанды нұсқап.)*

К а м а р. Тұр, қонақтар қотына су құй! *(Аздан соң шығына орамал салып Алуа ши ішінен шығып, Доғалдан бастап қонақтардың қолына су құяды. Сартай Алуа шыққаннан қызығады.)*

Д о г а л. Шіркін, шіркінді тамаша сәндеп киіндірсе. Алтын июлпы сүмбіл ғана шапшына, жұмыр білезік ақ білектерге орнаса. Ақ отауда, саяда сақтаса. Жібек мақпал көрне-жастығы, айнала күткен малайы. Өзі майысып, кыылып, жібектей созылып, тал бойыңды ұйытып отырса. Ненді бермес ең, нені қимас ең!..

К а м а р *(ши ішінде Алуаға)*. Жә, немсеге өректің? Шайқа ана майды. *(Алуа отырып, іске кіріссді.)*

С а р т а й. Айналайын, Доғал-ау, әлгі қаламқасты қайдан тапқансың?

Б а й ы р }  
Ж ә к е ш } Бұл кім өзі? Қайдан шыққан?

Д о г а л *(күледі)*. Е, немене, бәрің сұқтаңғаның қалай?

С а р т а й. Не деп отырсың, хордың қызы дессені. Жөнін айтшы?

Д о г а л. Ол біздің баяғыда өлген жылқышымыз Са-  
тайдың қызы.

С а р т а й. Иесі бар ма, несі кім?

Д о г а л. Ие дейтін әке-шеше, аға, бауыр жоқ. Бар жақын деген осындағы біздің түйеңші Сексек. Иесі мен... Өзім. Түлкінің күшігіндегі өзім өсірдім, жетіліп ап енді өзім соғам!

С а р т а й. Не деп отырсың, ойындағы осы ма еді?

Д о г а л. Осыны алам! Алдым, өзім алам. Мә, ко-  
лым! *(Сартай екеуі қол алысады)*

Ж ә к е ш. Не дейді, қарағым-ау, ер серті болғай-  
ақ-та!

Б а й ы р. Ойбай, Доғал мырза шынға кетті.

Д о г а л *(қолына арақты алып масайған)*. Үш күн .  
сертім сол, үш күн ішінде Алуаны аламын. Міне сертім!  
*(Арақты көтеріп салады. Жалтырға бұйрық береді.)*  
Жина мынаны! Жалтыр, жарняла! Білсін ауыл! Шық  
жарняла, шақыр Сексекті! *(Ши ішінде Алуа жаңағы  
сөзді естігенде қолы жұмыстан үзіліп кетеді. Шошына  
жылайды. Жалтыр Сексекті алып кірген.)*

Д о г а л *(Сексекке)*. Отыр! Жә, Сексек, сенімен кел-



лі сөзім бар. Келіс сөз! Қысқасы, мына сенің қарындасың Алуа бүгін бойжеткен қыз болды. Өсірген өзім, енді өзім сол қарындасыңды алайын деп отырмын. Қойшы, ұзын сөздің қысқасы маған сенің ырзалығың керек. Дәл осы орнынан тұрғанда менің қайнағам, Доғал мырзаның қайнағасы боп тұрсың. *(Өзге мырзалар кеңкілдеп күліседі.)*

С а р т а й. О, бас құдам Сексек, қошемет сенікі!

Б а й ы р. Сексек, сарсүйегім. *(Күліседі.)*

Ж ә к е ш. Қайран, Сексектей қайнағасы болғанның арманы бар ма?

Ж а л т ы р. Ал, лебізінді тындадық, қайнаға Сексек!

С е к с е к *(Доғалға)*. Мырза мен бұл сөзге жоқпын.

Д о ğ а л. Не дейсің?

С е к с е к. Жоқпын сол, жоқпын!

Д о ğ а л. О не дегенің?

С е к с е к. Қарқарадай Қамар бәйбішенің үстіне, тоқалға мені алмайсыз, мырза. Алуаны аласыз. Ендеше ырзалығын өзінен ал дегенім.

Б а й ы р. Қара басқыр, өуелі сенің ырзалығыңды сұрап отырғанымыз жоқ па?

Ж ә к е ш. Сен ырза болсаң, қыз қайда кетуші еді?

С е к с е к *(шошып)*. О, құдай көрсетпесін. Қой, қойыңыз, мырзалар. Жоға, мазағыңызды қойыңыз. Мен жоқпын! *(Жөнеле береді.)*

Д о ğ а л. Не дейсің-әй, сен! Тұр, тоқта! Ұста ананы! *(Жалтыр жүгірген болады, Сексек қашып кеткен.)* Бәрі-бір қадам бастым, қайту жоқ, сертім бердім, екі бірдей айту жоқ. Мырзалар, достар?! Қазір сендер менімен кенесте болындар. Алуаға арнап үй-отау әзірлетем, жасау жиғызам, той қамдатам, қасыма еріндер! *(Жалтыр жөнеледі. Қонақтар арақ көтеріп, үйден қозғала береді. Қамар кіреді.)*

Қ а м а р. Бұ не, не әбігер? Жаңағы Сексек не деп зарлап барады? Не сұмдық айтып жүр?!

Д о ğ а л *(ақырып)*. Қамар, сен енді ақылың болса, үн қатпа!

Қ а м а р. Неге үн қатпаймын? Мен адамзатпын ба, малмын ба?

Д о ğ а л. Шығарма үніңді! Айттым, шештім. Бүгін кестім, байлауым бұрын болатын.

Қ а м а р. Олай болса, мені де шеш!

Доғал. Шық! Шығарма үнінді. Кет көзімнен! (Қамарға ұмтылады. Еркектер ара түсе береді.)

Жәкеш (Қамарға). Не қыласың, Қамар. Мырза қызу, тілі тиеді, шыға бер. (Қамар жылап жібереді, оны Доғал итермелеп шығара бастайды. Екінші жақтан жылаған Алуа шиден шығып қашпақ болады, Доғал оны ұстап қалады.)

Доғал. Алуа, сен тапжылма! (Қамарды шығарып жіберіп, Алуаны шидің ішіне қайта кіргізеді.) Сен бүгін осы үйден қадам баспа! Шықпа ешқайда! (Алуа басын шайқап жылап тұрып қалған. Доғал жолдастарына.) Кәне, жүріңдер, іске сәт! (Мас Сатайлар дабырласып: «Іске сәт, құсың құтты болсын. Бастық өрге, бастық» десіп мас, қыңырлық, озбырлық жүзбен кетіседі.)

Жалтыр (асыға кірген Алуаға қатал, бұйыра сөйлейді). Мырзаның әмірі, ол екі болмайды, осы үйден қия баспасын деді. Қыбыр етпе, ырысыңды тос!

Алуа (ең алғаш үн қатып). Мен, мен өлемін, ырзалығым жоқ, өлем! (Өксіп жылайды.)

Жалтыр. Онда менің жұмысым жоқ. Болары болған, сөз біткен. (Алуа жылап шөгіп қалады. Үйге Қамар, Мардан кіреді. Алуа иш ішінде бұларға көрінбейді.)

Мардан (Жалтырды тоқтатып). Жалтыр, сен Доғалды мұнда шақыршы! Менің айтар сөзім бар. (Жалтыр кетеді.)

Қамар. Қалқам, төрем, бұ не сұмдық! Менің үстіме сіңірі шыққан кедей қызы, жұртта қалған жетімек, келмек пе? (Алуаға бұл сөздер және де соққыдай.) Тоқтат ағанды. Не жазығым бар екен? Он бес жыл бірге жасап кеп, осынша қор етер ме! Пананды сұраймын, қалқатайым, қайным! Құтқар мені мына азаптан. (Мардан үнсіз салқын тұр. Доғал кіреді.)

Доғал. Немене, Мардан, Қамардың жоқшысы боп кеп тұрсың ба?

Мардан. Бұл не? Шының ба, ойының ба?

Доғал. Анық шын, екі айтарым жоқ, болды!

Мардан. Мастық емес пе, мырза? Ақталдың өңшен байы желіккеннен желігіп, жарға жығылайын деп жүрген жоқпысыңдар?

Доғал. Қарағым, інім, өзге тұста сөзінді алармын. Бұл жолы көңілің қалар! Доғар!

Мардан. Солай ма?

Доғал. Солай! Бұл бүгін емес, шынымды енді айтайын, көптен піскен байлау болатын.

Мардан. Сөйтіп, араласар, ақылдасар жол қалмапты ғой!

Доғал. Дәл солай!

Мардан. Ендеше жалғыз-ақ сөзімді тыңда! Ақталдың ең үлкен байы сенсің. Онсыз да кеңес үкіметіне сендер сүйкімді жан емессің. Біліп қой, бұл құрығы ұзын үкімет. Не асауға, нелер алып қашпаға бұғалық тастаса, бұлжытпай түсіреді. Мойнын үзе жығады да. Бүгінгі тек жүргеніңді, тоқ жүргеніңді көп көрейін дедің бе? Қос қатын алып, үкіметтің заңын тағы бұзбақсың ба?! Алдым, алам деген әйеліңнің бірде-бірі совет үкіметіне жыласа, шақса өкініп жүрме! Қашан айттын деме, бара бер!

Доғал. Жарайды, сен туысқан қарызынан құтылдың. Арылдық қой. Енді тек тұр, қалыс тұр, ағайын, бұдан бұлай көлденеңдеме!

Мардан (*ашуланып*). А, болды, жетті. Енді менен үн шықпас!

Доғал. Не көрсем де мен көрдім, жат болсаңдар өздерің бол. Қайтарым жоқ! (*Кете барады. Тыста «Жалтыр! Байыр» — деп жүрген үні естіледі. Қамар Марданға жабысады.*)

Қамар. Төрем-ау, айтсаңшы. Мен қайттім, не деймін?

Мардан. Естідің ғой жауабын. Мен сен үшін де, өзім үшін де өтіліп болғам жоқ па?

Қамар. Ендеше, мен үкіметке шағам ба? Басыма мен де қор болмасымды іздеп, азаттық, теңдік тілейім бе? (*Мардан өзгеріп, құбыла сөйлейді.*)

Мардан. Он бес жыл бірге жасадым дедің ғой. Екеуің бірдей есуас боларсың деп ойламаймын. Шідерді ол үзсе де, сен үзбессің деп білем. Әкемнің қара шаңырағы, менің ендігі шешем де, әкем де Доғал емес, сен болатыңсың. Оқудан қайтқанда, осылай бірер айға келгенде, ұяма келдім дейтұғым, сенің бауырыңа келетұғым! Түсіндің бе, ойлайсың ба, осыны? Қалғанын өзің біл!

Қамар (*өксіп жылап*). Қалқам-ай, не дедің? Мен сорлының әлі осындай да салмағым, қазығым жатыр ма еді? (*Мардан шығады. Жылаған күйде Қамар да ере кетеді. Үйге дабырлап бір топ адуын қатындар кірген.*)

Ікатын. Қайда Алуа? А, мұнда ма едің? Уа, қайырылы болсын, қарағым!

II—III-қ а т ы н. Уа, талайың өссін, бақытың ассын,  
I-қ а т ы н. Өшкені жапып, өлгені тірілді ғой, Жаңат  
кемпірдің. Ана жақта отауың әзірленіп жатыр.

II-қ а т ы н. Міне үстіңе «үлде мен бүлдеге ора» деп  
жібек мақпал киімін жіберіп жатыр. Ки, жаным, мына-  
ны, қуан! (Алуаға ұсына береді.)

А л у а (жылап). Керегі жоқ, алмаймын. Әкетіңіздер,  
мен ырзалық бергем жоқ.

I-қ а т ы н. О, сөйлемс, қызым. Ерге тимейтін қыз бол-  
майды. Ырысыңа қуансаңшы!

II-қ а т ы н. Қай сорлыға мұндай бақ қонып еді?!

III-қ а т ы н. Кімнің жұптисі болатыныңды ойласаң-  
шы! (Алуаға киім кидіре береді. Алуа қарсыласады.)

А л у а. Керегі жоқ, ырысы құрсын. Қимеймін, ырза  
емеспін. Ырза емесің дедім ғой...

I-қ а т ы н (Алуаны бас салады, үстіндегі киімін жыр-  
та бастайды. Жібек көйлек, әдемі кемзал кигізеді.) До-  
ғалға қолы жеткеннің арманы бар ма еді!

III-қ а т ы н. Ана жаққа аппақ отауың әзірленіп жа-  
тыр, жасауың мен төсек-жайың қандай десіңші!

I-қ а т ы н (киіндіріп қойған Алуаға енді қарап). Уа,  
қандай тамаша сұлу боп кетті. Ай мен күндей ғой, жа-  
ным-ау!

II-қ а т ы н. Ерді кебенек ішінде танымын деп, Доғал-  
дың көзі жыртық шоқпыт арасынан бұның бұндай сұлу  
екенін көргенін айтсаңшы!

«Құтты-құтты болсын» десіп қатындар күлісіп шығып кетеді. Кеш  
бағи, үй іші алакөлеңке тартқан, Алуа жалғыз, жылауда. Бір сәтте  
жырақта бір күй сарыны естіледі. Жалғыз сыбызғы. Аса бір әсерлі,  
шерлі күй толғайды. Үйге жас қойшы Бейсен кіреді. Сабадан қымыз  
құйып іше отырып, Алуамен сөйлеседі.

Бейсен. Алуаш, жылайсың-ау, жазған сорлы, жы-  
латты-ау мыналар!

А л у а. Анау кім? Сексек пе, сыбызғы тартып жат-  
қан?!

Бейсен. Сол ғой, кім дейсің?!

А л у а. Мен отқа түсіп жатқанда кімді жұбатып жа-  
тыр?

Бейсен. Жұбатып жатқан жоқ. Жылатып жатыр,  
сенің зарыңды шегіп.

А л у а. Не дейсің, Бейсен!?

Бейсен. Қуанар деп не ең Доғалдың зорлығына?!

Алуа. Ағатай-ау, қайттім, мен қайттім енді? Жанын ашыса жол көрсетсеңші?!

Бейсен (*тартына сөйлейді*). Ақырын! Қайдан білейін, жолды білсем мен өзім де өстіп жүрер ме едім! Бірақ бар ғой, қорған болатын, ара түсетін Совет үкіметі тұр ғой. Сөйлесші Сексекпен!

Алуа. Жіберші ендеше өзін, ақылынды айтып жіберші! Мен жетім болсам, сен де жетіскен жоқ едің ғой бұл босағада.

Бейсен. Тілеуім бір, Алуа! Жіберейін, Сексек келсін. (*Жөнеледі.*)

Алуа (*жұртқа*). Қандай шошымын. Аллау, не қылам?.. Не бір жақын панам жоқ! Жалғыз ағайын Сексек болса, онда дәрмен жоқ... Не қылам!.. Қайда барам?! Құтылармын ба мазақтан... сордан!.. (*Сексек кіреді. Ұрланып шидің ішіне кеп, жалтақтап Алуаның ығына тығыла тұрып.*)

Сексек. Не дейсін, жаным? Бетің-жүзің, омырауың жас қой?

Алуа (*жігерленіп*). Тимеймін Доғалға, жауызға. Әкемнің түбіне жеткен жалмауыз, қорқау болатын. Ұмытқам жоқ... Сатылғам жоқ шүберегіне. Өлтірсе де тимеймін. Оған тигенше өлемін. Мынау желбауға оралып, асылып өлем. (*Желбауды керегенің басынан жұлып алып асыла, буына береді.*)

Сексек (*арпалысып*). Ойбай-кұдай! Тағы не пәле бастадың! (*Алуаны босата алмай мықшыңдап жүріп, кездігін суырып ап желбауды кесіп жібереді. Алуа сылқ құлайды. Сексек құшақтап аймалап.*) Сәулем, Алуашым, жалғызым. Не көрсем бірге көрдім, бірге өлдім өзіңмен. Қазір, міне, ала-көлеңке іңір қараңғысы шығып кетсек, сытылып кетсек ешкім байқамайды. Жүр, шапшаң ғана матаулы түйенің ішіне жетші! Сонда бір жүйрік атаншаны әзірлеп қойдым. Кеттік Совет үкіметіне, қаштық, жүр! Я тәңір, я бабам, жолымызды онғара гөр!

Екеуі үйден көленкедей ұрланып жөнеледі. Аздан соң үйге көп жарық алып дабырлап мез болысып, бағанағы бір топ қатын, тағы көп сәнді қонақ әйелдер ортаға Доғалды, Сартайларды алып үйге кірседі.

I - қ а т ы н. Қайырлы болсын, құсын құтты болсын!

II-қ а т ы н. Тек жүзің ғана көріндерші. (*Әндетеді.*)

«Келін, келін, келіңіз, көрімдігін беріңіз!» Көрімдігін бе-

ресіндер. Ай мен күндей жүзін ғана көріндерші! Ердi кебенек ішінде көрсін дегендей Доғал мырзаның көзі қандай сұлуды тапқан, көріндерші! Мінеки! *(Шиді ашып жібереді. Бәрі аң-таң. Ойбай, масқара, қыз қайда? Қалыңдық қайда? Не пәле, жын қақты ма? Пері әкетті ме, қашты ма, қашқан ба деп үрейленген, шуласқан әбігер, дабыр, сасқалақ.)*

### Шымылдық.

Екінші сурет басталарда, шымылдық алдында әбігер мен сабылғандар.

Жәкеш. Ауыл маңында жоқ... Қашқан!

Доғал. Қашты! Қайда қашты!?

Сартай. Сотқа, седуәтілге қашқан!

Байыр. Ойбай рас, сотқа қашты!

Жалтыр. Сексек те жоқ, бірге қашыпты!

Доғал. Қу ендеше! Жеткізбей, ұста! Шап!

Жалтыр. Құтқармаймыз. Ұста, мін атқа!

Доғал. Мін атқа... шап тегіс... Жібермейміз қатынымызды.

Сартай. Сотқа да барамыз! Босат дейміз!

Байыр. Барамыз! Мін атқа! Қайтар дейміз, қатынымызды! Шап!.. Жөнел!

Осындай айғай, әбігермен жүгіріседі.

## Екінші сурет

Сахна қатарласа тігілген екі үлкен киіз үй. Араарында жалғас жоқ. Есіктері сахнаның екі жақ шетіне шығады. Сол жақтағысы следователь Сапардың кеңсесі. Оң жақтағысы қызыл отау. Сол жақтағы үйдің есік алдында сәл алаң бар. Сахна ашылғанда следователь Сапар және хатшысы отырады. Есік алдына Сексек пен Алуа келеді.

Сексек. Ал, кіретін жер осы деді ғой. Кір, кір енді. Әне, Совет үкіметі әне отыр. Анау төрдегісі сол болу керек. Кір деймін, кір енді бол!

Алуа *(іркіліп)*. Қорқам, не деймін?

Сексек. Ойбай, сығыр, бол, артыңнан қуғын жетеді қазір. Жетпей желкеміз үзіледі. Кір деймін, ойбай! *(Үйге кірмекші.)*

Алуа. Қорқам, не деймін! *(Жылайды. Бұлардың артынан дабырлап екі-үш еркек келеді.)*

І-еркек. Ой, тоқта, тоқтандар!

Сексек. Е, не бар?!

ІІ-еркек. Не босын, шірет бар!..

Сексек. Не дейді? О несі? Мазағы ма?!

І-еркек. Әй, бұл жерде кезек бар, кезек!

ІІ-еркек. Сәдуағал жұмыс бастаған жоқ, біз де кезекте тұрмыз.

Сексек. Ей, тұра тұршы, қоя тұршы! Уа, кір деймін, Алуа!

І-еркек. Әй, кезек бар дегенді ұғасын ба?

Сексек. Сендерге тәлкек керек қой мұнда... Білер ем бәлем, сары атаншамен түні бойы тепендеп қашсаң?!.

ІІ-еркек. Өзі аларын алып қашып кеп, тықыршып тұр ғой дамыл таппай. Кезек бар деймін.

Сексек. Кезек-кезек... Кезегі не осылардың? Күзет кезегі болушы еді, қой кезегі болушы еді. Бұл жерге келіп ап мал жоқ, ел жоқта кезек деп тағы не пәле шығарып тұр өздері?.. Ә-әй, кір Алуа, бол! *(Алуаны итеріп үйге кіргізеді. Арттағылар дабырлап: «Кезек-кезек» деседі.)*

Ал, кезегіңе мен қалдым жеп қойсаң! Алуа, сен кіре бер! *(Алуа кіріп, есік алдында тұрғанда.)* Тұрғанын кара үн шықпай. О, қой, қоя берші! *(Жұлқынып үйге кіреді, сырттағылар ұстай алмай қалады.)*

І-еркек *(сыртта)*. Қызды түнделетіп алып қашқан қу ғой, құлқын сәриден кеңсеге жеткенін көрмейсің бе?

ІІ-еркек. Қуғыннан бұрын айтып қаламын деп өлерменденіп тұр ғой. Кезегімізді әкеткенін қарашы. *(Бұлар тайқи береді. Үйде Сапар, хатшы қағазға қарасып отыр. Сексек Алуаны бір-екі түртеді. Алуа үндемей бетін басыды, жылап тұр. Болмаған соң Сексек өзі тамағын кенейді.)*

Сексек. Ассалаумағалейкүм, совет аға!

Сапар *(елең етіп, күле қарайды)*. Не дедің?

Сексек. Үкімет аға! *(Енді Алуаны түртеді.)* Әне, қарады ана кісі, бар айт, айт деймін. «Апармасан буынып өлем» дейсің де, бұның не тіпті енді?! *(Алуа жылап жібереді. Сапар таңданып орнынан тұрып, Алуаға келеді, амандасады.)*

Сапар. Жүр, бері жүріңізші! Жасқанбаңыз, қарындасым. *(Алуаны қолынан жетектеп столының қасына әксіп отырғызады.)* Кәне, жасқанбаңыз, бұл жат жер емес.

Сіңді мұнда бір қаналық әкелді ғой. Барды айтыңызшы!  
(*Алуа үндемейді*) Атыңыз кім?

Алуа (*ақырын гана*). Алуа!

Сапар. Басыңызға бостандық алмақсыз ба?

Алуа. Я, аға... Бірақ, қоркам.

Сапар (*жылаган Алуаны уатып, жаны ашып*). Неген қорқасың, қарағым, кімнен қорқасың? Жөніңді айтшы, сені айттырған кісі бар ма еді?

Алуа. Жоқ.

Сексек. Жоғы несі, бар де!

Алуа. Айттырмай-ақ алмақшы болды.

Сексек. Айтпақшы онысы рас-ау!

Сапар. Ол кім, аты кім?

Алуа. Ол Доғал. Мені қатын үстіне алмақ болды. Содан қаштым! Совет үкіметіне қаштым. Қуып келіп мені қайтарып ала ма деп қоркам. Ағатай, ағажан. Совет үкіметі сіз бе?

Сапар. Бар Совет үкіметі мен емес, бірақ Совет үкіметінің бір адамы менмін және сол Совет үкіметінің тапсыруы бойынша мен сенің басыңды қорғаймын.

Алуа. Шын ба, рас па? Ағатайым, әкем!

Сексек (*ілес*). Совет үкіметім, әкем!

Сапар (*Алуаға жайлап*). Біз сені қорғаймыз. Бірақ алдынала кеңесіп алайық, осы айтатын сөзімді жадында тұт. Доғал бай сені іздеп келер. Не алдап, не қорқытып, сені қайтып әкетуге тырысатын болар. Біз сенен «баруға ырзасың ба, жоқ па?» деп сұрармыз. Сен сонда қорғанбай, жаңағы маған айтқан тілегінді айт. Совет үкіметі сені қорғайды, бірақ ол «сенің өзің де өз басыңды қорғай біл, қорқақ болма!» деп ақыл айтады. Түсіндің бе осыны?

Алуа (*ақырын*). Түсіндім, аға.

Сексек. Түсіндік, Совет үкіметі, аға...

Сапар. Ендеше, қазір қызыл отауға барыңдар. Сонда қыздар сендерге арыз жазып берсін. Сол арызды алып осында келіңдер! (*Сапар хатшысына белгі етеді. Хатшы Алуаларды ертіп шығады. Екі-үш еркек бұларды сөз қып тұр.*)

І-еркек. Мынау да басына бостандық іздеп келген қыз ғой байғұс. Сәдуәтілден шыққанын көрмейсің бе?

ІІ-еркек. Не деген жақсы қыз! Қандай сұлу! Тек жігіті жарымапты!

І-еркек. «Жалтырдан қашып жалаққа» дегендей, жаңағы бір құраған жапырақтай, қаудырлаған неме не



жарытар дейсің. *(Қызыл отау жағының шамы жанады. Сексек пен Алуа сонда. Хатшы жігіт Нинаға, Сәруәрға Алуаның жайын баяндап тұр.)*

**Х а т ш ы.** Әйел үстіне алмақ болған байдан қашқан! Сіздің көмегіңізге тергеуші жіберді, арыз жазып берсін дейді. Бұны алам деген бай осы елдегі ең жуан, кулак-боржой. *(Хатшы кетеді.)*

**Н и н а** *(Алуаға)*. Жігіт болған қыз! Қашқан, жақсы! Екі қатын, кәрі бай! Тьфу, масқара! Осында бостандық, қорықпа!

**А л у а** *(Нинаға)*. Мен сонда да қорқам. Доғал бай мықты, оның кісісі көп. Ол ашуланса жаман.

**С е к с е к.** Ол сабайды, аямайды. Ол кімге де болса зорлық етеді.

**Н и н а.** Бай Доғал сендердей жеке-жеке кедейге зорлық еткен, Совет үкіметіне ол зорлық ете алмайды. Ал үкімет сендерге тигізбейді. Қайта, сендерге «неге тидін?» деп өзін жазалайды.

**С е к с е к.** Айналдым аузыңнан!

**Н и н а.** Жаз, Сәруәр, арызын жаз. Атың кім?

**С ә р у ә р.** Атыңыз кім? Отырыңыз!

**А л у а.** Алуа! Әкем аты Сатай. *(Сәруәр оның арызын жазып жатады. Екінші қыз Сексекпен сөйлесіп, оған арыз жазбақ болады. Ендігі әңгіме осы екеуінің арасында.)*

**Қ ы з** *(жазуға кіріседі)*. Жә, атыңыз кім, жезде?

**С е к с е к.** Атым Сексек! *(Қыз күледі)*. Шыным, шын атым Сексек!

**Қ ы з** *(күледі)*. Сондай ат бола ма екен?

**С е к с е к.** Ат болмайды, оның рас! Бірақ маған қойғанын көрмейсің бе жұрттың?

**Қ ы з.** Жұрттың қойғаны қалай? Әкеңіз қойған ат ше?

**С е к с е к.** Ой, тәңір-ай, әкем қойған ат та жарып жатқан жоқ. «Жұмыр» қойыпты, «Жұмыр!..» Жұмыр дейтін мен бір шоқпардың басы ма, жоға келсаптың түбі ме?.. Әшейін аузына түскенді қоя салған да. Қайта Сексек дегеннің мәні бар. Жұрттың ол атты қоятын жөні бар!

**Қ ы з.** Қалайша, бұл не деген сөз?

**С е к с е к.** Сексек атанғаным — мен бала күнімде Доғал байдың аулында ешкі баққам. Қазақ ешкінің атасын сексек ата демей ме? Мен сол ешкі баққаннан «ата» деуге қимай, Сексек деп жарты атын қойған ғой.

**Қ ы з.** Ал, Алуаны алуға сіз ырзасыз ғой?

Сексек (*ожырайып*). Жоға!.. Тәйірі, о несі?  
Қыз. Е, енді қалай? Сіз алып қаштыңыз ғой, солай ма?

Сексек. Қаштым, ал сонда қайтеді екен?

Қыз. Ендеше, алмайсыз ба?

Сексек. Е, Алуаны алып мен не қылам, қарында-  
сым емес пе?

Қыз. Ендеше бұл қалай? Қашқандарыңыз қалай?

Сексек. Не қалайы болсын? Қарындасым қашам  
деді, мен тоқтата алмадым. Ал мұны қашырып жіберіп,  
Доғалдай қасқырдың қасында қалуға дәтім шыдамады.  
Сабайды деп қорықтым. Сонымен мен де бірге қашқам  
жоқ па?

Қыз. Е, сіз қашпай-ақ кетсеңіз қайтуші еді?

Сексек. Жоқ, бостандық Алуаға керек болса, ма-  
ған да керек. О не дегенің?

Дауыстар (*тыста*). Ойбай, Доғал бай келеді, бір  
қол кісісі бар! Әне келді, түсіп жатыр. Өңшең бай-құлак,  
өздері мас білем, еліріп алған!

Сексек. Не дейді? Айтам ба! Ойбай енді қайттім!

Үйдің ішінде қарбаласып жүріп қазанның астына кіріп кетеді. Бұл  
жақтың шамы сөнеді. Жарық Сапар кеңсесі жақта. Ол үйдің алдына  
ұмтыла шыққан асау топ бар. Бұнда ақсақал, қарасақал, байқұлақ-  
тар үйге кірмей, кейбірі сырттан сөз тастайды: «Қыз осында!» «Блан  
қыдмасын, қайтарсын қатынымызды!» Барындар, іздендер! Осы  
үлкен топтың бір бөлігі сахна сыртына ұмтылады. Қалған Доғал  
бастаған бір тобы Сапардың үстіне кіреді.

Сапар. Немене, байлар, бәріннің қатының бір-ақ  
кетті ме?

I-дауыс. Бізге қашқын қыз Алуа керек!

II-дауыс. Қайда сол қыз?

Сапар. Иә, бұл жерден қыз тартып әкетпексіндер,  
солай ма?

Жәкеш. Беталды қыз емес, қалыңдық!

Сартай. Инабатты адамның қалыңдығы.

Жәкеш. Қызды қайнынан, қатынды байынан айыр-  
тып ел боламыз ба?

Сартай. Әділетіңмен басқар десек айыптымыз ба?

Сапар. Сіз не дейсіз? Қалай басқаруды тілейін деп  
едіңіз, шыныңызды айтыңызшы?

I-дауыс. Жолмен басқар дейміз!

Сапар. Ол қай жол? Қандай жол?

Жәкеш. Еліміздің жолын айтамыз. Бабамыздан

келе жатқан жолымыз. Баяғыдан келе жатқан дініміз, шарифатымыз бар.

Сапар. А, сол жолдарыңмен жүргізбексіңдер ме, Совет үкіметін? *(Орнынан тұрып зілденіп.)* Олай болса көздеріңді ашып қараңдар бай, шонжар, мырзалар! Қайда кеп тұрсыңдар? Жасақ жиып, жесір қуып Ақтал бойының байлары әулігеді, ә? Әлде Совет үкіметіне сөз өткізбек, қыр көрсетпек бола ма? Жалайырлап ұран салып, Доғал бай бастап, бай Жәкеш, бай Сартай қостап, күш танытып көрмек пе? Көрсетші кәне әуселенді? Сезбей отыр деп пе ең? Қазір талқаныңды шығартайын ба осы шетіңнен?

Жәкеш. Жолдас Сапар, күш емес, сөзбен келдік қой біз!..

Сартай *(жуасыған үнмен)*. Жолдас тергеуші, осы біздің жөн сөзімізге жауап бола ма?

Сапар. Айтып көр жөн сөзіңді!

Жәкеш. Олай болса, Сатай қызы Алуа келді ме осында?

Сапар. Ия, келді Алуа Сатай қызы.

Жәкеш. Ол мынау Доғал мырзаның әйелі еді ғой.

Сапар. Ал, қыз бұл мырзаға ырза болмай кеткен болса қайтесіз?

Жәкеш. Ол бекер!

Сартай. Ырза емеспін десе өз аузынан айтсыншы!

І-дауыс. Зақұн болысса ашық болысады емес пе?

Сапар. Рас, ашық болысады.

Жәкеш. Осы араға келтіріңіз де, жұрт алдында айтқызыңызшы қыздың сөзін!

Сапар. Жарайды, көздерің жетсін. *(Хатшыға)*. Шақырыңыз мұнда Алуа Сатай қызын! *(Жұрт жым-жырт. Хатшы қозғалады. Бұл жақта шам өшеді. Шам қызыл отауда жанады.)*

Байыр *(содыр топты бастап, Жалтыр екеуі жұлқына кірген. Алуа төрде үркіп тұр)*. А, кашқын қыз, құтылып көр.

Жалтыр. Осыдан кетіп көр Доғалдан! Шық былай! *(Ұмтыла береді.)*

Нина *(атып тұрып, өз бойымен Алуаны қоршап)*. Стой! Тоқта! Тиме!

Байыр. Өзің былай тұр! Тарт мынаны. *(Жалтыр Нинаның қолынан ұстап жұлқи береді.)*

Нина. Не сметы!.. *(Браунингін суырып алады.)*

Жалтыр. Өй, тарт арман!

Нина. Убирайтесь вон! Кет!

Жалтыр. Кетсең өзің кет!

Байыр. Құтқармаймыз бұл қызды! *(Арттарынан кірген екі-үш мастау жігіттер тобымен Нинаны кимелеп Алуаға қол соза береді.)*

Жалтыр. Былай тұр сен, қыз! *(Қатты жұлқып жібереді.)*

Нина. Тоқта! Тыңда! *(Ақырады. Байлар сәл аңырып тоқтай қалады. Нина Алуаны қорғаштап тұра қап.)* Мені өлтіріп қана аласың, білдің бе? Ал, мен мынау браунингімдегі алты оқпен осы тұрған байлар алтауынды атып өлтірмей, өлмеймін, бермеймін Алуаны! *(Екі жақ үрпшісіп тұрып қалған. Хатшы кіреді.)* Сендер қасқыр болсаң да, бұнда қойлар жоқ! Талатпаймыз қасқырға! Немене айғай! Далада, малда жүрсіндер ме? Қайда кеп тұрсындар?!

Хатшы *(байларға)*. Тұр былай! Қайт былай, бұл не бассыздық?

Жалтыр. Жібермейміз, құтқармаймыз бұл қызды!

Хатшы *(Нинаға)*. Сатаеваны следователь шақырады, сонда алып жүріңіз. *(Нина, Алуа, хатшы үнсіз томсарған топтың алдынан өте береді. Бұл жақта шам өшеді. Енді шам следователь үйінде жанған.)*

Нина. Жолдас тергеуші, мәлім етейін. Сатаеваны тартып алмақ болды мынау байлардың бір тобы... Бұл қандай топ? Қандай жыртқыштар?

Сапар. Жаңа шулаған кім?

Нина. Шулаған осылар! Мына бишара қызды қасқырша тартып әкетпекші!

Сапар *(Доғалдарға)*. Сендерсің ғой бүлдіріп тұрған, ә? Айт, сен бе солай жұмсаған! Бұл жөнінде бар жауап сенде екенін білесің бе?

Доғал. Жо, мен емес, жолдас Сапар!..

Сапар. Рас па? *(Көпке.)* Жә, шықсын бұдан бассыз топ! Қаптамандар! *(Топқа.)* Кім шақырды бәріңді мұнда *(Хатшы мен милицияға.)* Шығарындар артық топтың бәрін.

Дауыстар. Біз куә... Куә... Куәлармыз!

Сапар. Куәға үш кісі жетеді!.. Даугер мына Доғал... Ал басқа бәрің барып тұр!.. Қаптама мұнда! Мен қазір тергеу бастаймын! Бар, барындар! *(Көпшілікті хатшы шығарады. Доғал, Сартай, Жәкеш, Байыр ғана қалады.)*

*Жаңа жылап кірген Алуа енді ғана ес жиып күрсінеді.)*

Сапар *(тергеу бастаған)*. Сатай қызы Алуа, сіздің мына Доғал Дулат ұлының әйелі екеніңіз рас па еді?

Алуа *(ақырын)*. Өтірік!

Сапар. Ырзалықпен тимекші болғаныңыз рас па еді?

Алуа. Өтірік.

Сапар. Сол ырза болғандықтан, Доғал жіберген сыйды алып, қабылдағаныңыз рас па?

Алуа. Өтірік!..

Сапар. Ендеше үстіңізге киген киім кімдікі? Доғал «мен жіберген сый, мен кигіздім» дейді ғой.

Сартай. Бәсе, соны айт!

Жәкеш. Әлде өзің тігіп киген кемзал, көйлек шығар, солай ма?

Сартай. Сатайдың сандығынан алған болар?

Ідауыс. Кім кигізді екен, айтып көрсін кәнікі?

Алуа *(бекініп)*. Әуелі бұл киімді өздері бассалып, зорлап кигізген маған. Бірақ бұл киім енді ойласам менікі. Әкем Сатай осы Доғалдың отына күйіп өлген. Мен күн боп қызмет еткем. Әкем екеуміздің бір көйлек, бір кемзалға татитын еңбегіміз жоқ деп қайтіп айтар екен!

Сапар. Сөйтіп, Сатай қызы Алуа, сіз Доғалға ырзалық берген жоқсыз және бермейсіз де, солай дейсіз бе?

Алуа. Солай, ырзалық бермеймін, маңына да бармаймын!

Сапар. Соңғы сөз, өзіңізді оның қалыңдығы деп те санаған емессіз, солай ма?

Алуа. Емеспін, солай!

Сапар *(хатшыға)*. Хаттап болдыңыз ғой осы сөздің бәрін? *(Топқа.)* Тергеу бітті. Іс осымен тамам! Енді тарай берулеріңе болады. *(Байлар сызданып, томсарған күйде өте жай басып тарай береді.)*

Доғал. Құтылдым дейтін шығарсың. Бұрын көрмегенді енді көрерсің, Алуа!

Сартай. Айтқамыз. «Жерге кірсең төбе шашыңнан, аспанға ұшсаң сыйрағыңнан сүйерміз».

Алуа шошиды, байлар кеткен соң Нина, Алуа үйден шығады. Енді бұл жақтың шамы өшкен. Қызыл отауда Сәруәр бастаған қыздар жабықтан қарап сөйлеп тұр.

Сәруәр. Байлар жеңілді, мойындарына су кетті. Аттарына мініп кетіп жатыр.

І-қыз. Біза болғаннан жарылардай... Кетіп жатыр. Түстері өрт сөндіргендей.

Бұл үйде осы кезде төңкерулі үлкен қазан жорғалап жүреді. Қыздар бұған қарап күледі. Бір сәтте қазан астынан Сексек қуана жайнап шығады. Бет-аузы бес батпан күйе. Жабыққа ұмтылып, қайта қуана секіреді. Қыздар күледі.

Сексек. Кетті... жөнелді. Біз аман, Алуа азат!.. *(Қоңшынан сыбызғысын суырып алады. Тамаша, ойнақы, шат күй тарта жөнеледі. Сексек күйін бітірген.)* Азат күй, Алуа күйі... Бостандық!.. Ал қазанның асты жаман екен, құдай көрсетпесін, мүлде тұншығып өліп қала жаздадым.

Сәруәр. Бәсе, соның нең?.. Еркек басыңмен о не қылғаның?

Сексек. Е, қайдан білейін. Әлгі Қаңбақ шал қазан астына кіргенде ақыл тапқан екен дедім ғой!

Сәруәр. Қай шал дейсің. *(Күлкі.)*

Сексек. Е, әлгі бар емес пе еді өзіміздің Қаңбақ шал.— Анау ертегідегі дәуден қашып, қазан астына тығылатын Қаңбақ шал бар емес пе? Бірақ не қыласың. Алуаш, сенің қашқаның ақыл, менің қазан астына тығылғаным мақұл болды ғой. Құтылмадық па!.. Неге қуанбайсың?!

Алуа. Қайдан білейін... Көздері тегіс құтырған қасқырдай қанталап алыпты, өздері қандай көп! «Жерге кірсең төбе шашыңнан, аспанға ұшсаң сыйрағыңнан сүйрейміз» деді ғой! Шошимын... әлде менің сорым жаңа ғана басталды ма!?

Ш ы м ы л д ы қ.

## ЕКІНШІ АКТ

### Үшінші сурет

Сахна көп ауылдар арасындағы бұлақ басы. Сыртта ғасырлатыл желіп келе жатқан ат дүбірі естіледі. Сәлден соң сахнаға Алуа шығады, қолында қамшы, белінде белбеу. Киімі жартылай қалаша

Алуа. Үш жыл болыпты... Анау Доғал байдың үйі ғой, соның босағасынан, сонау бір кеште қашып шыққан жерім осы Суықбұлақтың басы еді. *(Беті-қолын шаяды, ойлана айнала қарап.)* Әкем күл боп өскен, шешем күң боп күңіреніп өткен, өзім алты жасымнан он үш жасыма

шейін жетімдік пен күндікте, мазақ пен азапта күн кешкен жерім... Әлсіз иықтарыма иін ағаш батып, осы бұлақ басында сан рет жығылғаным да есімделі.. Көзімнің талай ыстық жасы саған да тамып еді, Суық бұлақ. Шөбің шекер, суың бал, туған жер, оны ойласам, тәттісін... көргенім мен өткенді ойласам, ашшысын... Доғал, Сартай, Байырдай байлар ауылдары әлі мұнда, әлі түгел отыр екен!.. Доғал бай ауылы үстінен шығам деген ойымда жоқ еді, кездесетін бір шаққа келген болармын... (Доғал шығады. Әйелдер келе жатады, ер, әйелдер, кәрі-жастар, Бейсен, Назарбек, Ораздар бастаған топ Алуаны таниды.)

Д а у ы с. Айналайын, Алуа! Қарағым-ау, Сатайдан қалған жалғыз көз...

ІІ-д а у ы с. Адам бопсың-ау, қарағым. Қайда жүрсін, амансың ба?

А л у а. Мен аман-саумын, аталар, апалар! Өздеріңіз де тегіс амансыздар ма? Мен қазір сіздерге бір үлкен тілекпен келдім, зор өтінішпен көмек сұрап кеп тұрмын! Құм ішінде жол салып жатқан Турксибтің қалың жұмыскер тобы бүгін мынау ыстықта, дәл осы сәтте суға, сусынға соншалық мұқтаж боп тұр. Құдықтарды байлар әдейі итгін өлексесін тастая, жылан, бақа, шаян тастап, бүлдіріп кетіпті.

Б е й с е н. Не дейсің, Алуа, рас па екен осы сөз?

О р а з. Әдейі істеген бе? Кеше ғана көшкен құдық еді, қайдағы ит пен борсық оған бір-ақ күнде түсе қалды?

Б е й с е н. Біреу қастықпен апарып тастаған болды ғой.

А л у а. Мен осылайша кеткен бір аттының ізін де аңдап келдім, ендеше. Көзім анық жетпегеннен айтпайым деп тұрмын. Қорсең, сезсең өздерің айтыңдар!..

О с п а н. Дәл айта алмаспыз, бірақ шығар-шығар осы маңның өзінен-ақ.

Б е й с е н. Турксибтен кедей атаулыны үркітіп жүргендері тегін дейсің бе?

О р а з. «Көлік берме, маңына барма, сусын сатпа, жалданба!» деп ертеден қаракешке неге үшкіріп жүр дейсің құлағымызға!

А л у а. Кезі келер, мезгіл жетер, советтің көз-құлағы мұнда да бар көрінесіндер! Турксибтің өзіне бір қастық етіп, сендерден оның жақсылығын жасырып екі қастық етпек қой... Бірақ олары бишаралық, күлкі ғана... Шығып

келе жатқан күн сәулесін көрпемен бүркеп жасырам деген бола ма!? (Күлкі.) Солай... Құдықты құлатқан қастығы да сорлылық!.. Уа, шіркін-ай, бөгеп қалар сонымен Түрксиб жолын!.. Тек бүгін мынау кайнар ыстықта, қалың құмда қазған құдықтардан тұз шығып, сәл гана кыппап тұр... Болмаса бұлар жамандаған сайын жақсылық сонда деп сен бер, ауыл кедейі! Ал қазір бәрің де бөгелместен бір-ақ іске жұмыла кіріп жәрдем ет!.. (Жұртқа дауыстай түседі.) Ағалар, бауырлар! Қазір бәрің де үйлеріндегі меске, қарынға, торсық, сүйретпеге су толтырып, айран-шалаптарыңды құйып, өгізге болса да миңгесіп, тай-тулақтарына мініп, сол сусындарыңды жеткізе көріңдер!

Бейсен. Айтқаныңды орындаймыз, Алуа!

Назарбек. Уа, сол үшін ештеңе бере ме Түрксибін?

Алуа. Береді! Сіздер бейіл берсеңіз, Түрксибтің бермесі жоқ.

Дауыстар. Қазір ат-көлік әзірлеп апарамыз сусынды!

Тағы бір дауыс. Үйде бар ішерлігімізді жеткіземіз.

Дауыстар. Әкпеліңдер, ұстандар түйелерді, өгіздерді!

Доғал (айғайлап). Уай, бұл не қылған әбігер, шаруаның кезінде қандай ылан? (Алуа ілгері басады.)

Алуа. Ылан жоқ! Түрксиб жұмысшыларына су мен сусын сұрап келіп тұрмыз.

Доғал (Алуаға). Сен әлі кешегі Сатайдың қызымысың? Асқақтамай-ақ, бүлдірмей-ақ жөн келсең болмаушы ма еді?

Алуа. Мырза, мен әлі түкті де бүлдіргем жоқ. Мына кедейлер қара суымен-ақ қайырым етпекші.

Доғал. Ал мені қара суды қызғанады деп, жала жапқалы тұрсың ба?

Алуа. Бермегіңіз келсе, оны да қызғанарсыз, кім біледі?

Доғал. Не жала жауып тұрсың сен маған?

Алуа. Жала дейсіз бе? Ендеше, Қиғанқұдық, Тастықұдық сіздің ауыл көше салысымен неге уланды? Түрксибтің жұмысшылары ішпесін деп қызғанышпен ит тастаған, борсық тастаған қай ауыл?..

Доғал. Пәле салғалы кеп тұрмын десеңші!..



**Б а й ы р** (*Жалтырға*). Әй, Жалтыр, мынау сенің ініңе су құям деп тұр, пәле шығармасын осы. Амалын ойлашы!..

**А л у а**. Пәле салушы емеспін, бірақ халық ісіне қастық істеп, у салушыны іздейтінім рас!..

**Б а й ы р**. Мынаның асуын-ай, Доғалдың бетінен алып тұрғанын қарашы!

**С а р т а й**. Жалтыр, сен араласшы. Доғалға «қоя тұр» де.

**Ж а л т ы р** (*Алуа мен Доғалдың арасына килігеді*). Сен, Сатайдың қызы, немене, шаруаға неге қырсық жасайсың?

**А л у а**. Сенің қай шаруаңа мен қырсық жасадым? Немене, байларға итаршы ма едің?

**Ж а л т ы р**. Итаршы дейсің бе? Ендеше итаршыны мен саған көрсетейін!

**Б ей сен** (*Алуаға болысады*). Әй, Жалтыр, шатак іздемей, тек тұрсаңшы сен!

**Ж а л т ы р**. Мені итаршы дейді, кімге итаршы болып сонда? Мынау отырған бес ауылдың мыңғыраған малы су іше алмай шөлге қамалып жатыр, ол советтің малы. Соны суаратын құдық аршып жатсақ, бұл келіп жұмысшыларымызды алаң етіп, алдап әкетіп, советтің малын қырайын деп жүр. Бұның істеп тұрғаны қып-қызыл қастық. Мен бұған қырғызбаймын совет малын!

**А л у а**. Совет малы емес, сенің жаныңды салып тұрғаның байдың малы. Итаршы екенің рас!

**Ж а л т ы р**. Қоймадың ба! Ендеше, әкеңдей кісіге тіл тигізгенің үшін, мә!

Алуаның шашынан ұстай алып, бір жақ бұрымын шорт кесіп алмақ болады. Арпалыс. Жұрт жиреніп, шошып айғай салады. Бейсен Жалтырды қағып жіберіп, ұшырып түсіреді. Алуа қайрат жияды, шашын қырыққызбаған.

**А л у а**. Жолдастар! Мынау байлардың маған істеп тұрған сұмдығын көрдіңдер ғой. Бірақ мен ол туралы қазір түк айтпаймын. Сіздерге арнайтын сөзім жалғыз-ақ, жаңағы көмектеріңді сұраймын! Елдік етіндер! Бөгелмендер, жолдастар, кірісіндер жаңағы істеріңе! (*Бір топ кедейлер жөнеліседі. Доғал мен байлар ақыра тұра келеді.*)

**Д о ғ а л**. Тарамаңдар, ешқайда!

**С а р т а й**. Бармаңдар жолға!

**Б а й ы р**. Қөшеміз, кетеміз тағы бұл жерден!

Жалтыр. Уа кедейлер, көшеміз, қазір көшеміз!

Доғал. Жығындар үйді!

Алуа (кедейлерге). Қиын қыпты! Қетсе өздері кете берсін. Көше берсін, үндеме! Сендер әне, тұстарына тақап келді ғой, Турксибке тартындар! Сонау Семейден бері тұс-тұсына жол жұмысы жеткенде ел кедейі тегіс барып орналасып, ырысын тауып жатыр. Соны ойлаңдар, Бейсен, Ораз!

Бейсен. Тіпті лебізіңнен айналайын, Алуа!.. Өзімнің де бар көкейімдегіні айтып тұрсың.

Дауыстар. Рас... Сөз-ау. Ақыл-ау осынысы.

Байыр. Кетеміз алысқа Турксибтен. Токтаңдар, кедейлер! (Кедейлердің қалғаны Алуа қасына жиылған. Байлар оқшауланып қалған. Сахна сыртында аттылар дүбірі естіледі: «Мыналар кім, аналар кім?» дескен дабыстар).

Алуа (кедейлерге). Токтаңдар, жолдастар! Мынау Сапар аға, үкімет адамдары. Қарсы алыңдар, осылар сендердің бір қамыңмен келген болар! («Келе жатыр, әне келеді!» деген үндер естіледі. Сахнаға бір топ совет қызметкерлері — тың адамдар шығады. Бәрінің алдында Сапар, орта кеудеде Сексек те келе жатады. Енді біраз уақыт сахнадағы қалың жұрт үш топқа бөліне өзара сәл сөйлеседі).

Доғал (өз тобына). Мына ояз бастығы Сапар ғой?

Сартай. Осы елдің бас көтерген атқа мінерлерінің бәріне ұзында өшті деуші еді!

Байыр. Бұ не қып жүр екен? Тағы бір науқаны ма екен бұлардың?

Доғал. Қандай қайырлы жұмыс дейсің? Әнеугі естілген жаманат бар еді, сол жетіп-ақ қалғаны ма?

Жәкеш. Япыр-ау, сонымен жеткені ме?

Доғал (Жалтырға). Түсініп отырсың ба, Жалтыр?

Жалтыр. Несін айтасың, бай, оны естен шығарсам Жалтыр болам ба?

Доғал. Олай болса сен Назарбекті айналдыр! Қасына бірнеше кемпір-шалды қос. «Атам Жалайыр аруағына тапсырдым» деп айтты де! (Бұлар арасында күбір сөздер. Енді бір топ Сексек айналасындағы кедейлер.)

Дауыстар. Айналайын, Сексек-ау, зарықтырдың ғой келмей!

II-дауыс. Күйін сағындық қой сыбызғынның!

Сексек. Үндемендер, менің күйім әлі жетеді. Биік

шырқап жетеді өздеріне. Осы күнде Сексек сазы алысқа кетіп жатыр! Атап сұрама!

I-дауыс. Ал өзің не жаймен келдің? Бұнда не істегелі келдіңдер?

II-дауыс. Бар тобың не жұмыс істейсің мұнда?

Сексек. Үндеме, ішің білсін, сабыр ет, көп кедей. Аз күнде бәрі ашылады. Қысқасы *(тақпақтап)* жеткен Сексек, келмес теп-тек! Айтарым сол, ашылар жол! Арты қайыр, жарлы байыр! Жори бер! *(Бұл топта күлкі, күбір. Ендігі бір қалың топ — ортадағы Сапар, оның айнала-сында Бейсен, Ораз, Оспан, Алуалар)*.

Сапар. Біз ертеден бастап, осы болыста қосшы союзының, кедей-батрактардың жиылыстарын өткізе бастаймыз. Көп жерлерде көпшілік пікірін жиыстырып кел, ақырда бірнеше бай-жуан жөнінде байлау жасаймыз. *(Алуаға.)* Сен осы жұмыстың берік қайраткерінің бірі боласың, Алуа. Уездік партия комитеті саған бұл іске қатынасуды арнап тапсырды. Издетпек едім, жақсы кездестің. Тек өзіңді сабырмен, салмақпен ұста! Берік ұста, қасымда бол!

Алуа. Құп, Сапар аға, түсіндім. Ал енді осы арада көп ауыл бар. Көп кедей батрактар да осында... Алдын ала жай-жағдайды сездіре кетпейсіз бе?

Сапар. Оның теріс болмас!.. Кәне, бұндағы кедей-кепшіктің не білгені, хабары бар екен?.. *(Жұрт тегіс саянның орта тұсына қалың топ боп қоралай жайғасады)*.

Назарбек. Не хабарды айтасың, шырағым? Біз хабар-ошарды өзіңнен тоспаймыз ба? Не білгенің бар, бәсе!

Сапар. Жә, ендеше, жуан-шонжар байлардың жайын талқыға салады деген сөзді естігендеріңіз бар ма еді! *(Бейсен, Оспан, тағы бірнеше кедейлер дауыс береді)*.

Дауыстар.

Естігеміз, Сапар жолдас! Тосқамыз ғой соны!

Лебізінді күтеміз!

Сапар. Аңдап барлап қарасам, осында отырған көбің Доғал байдың малының шетінде өмір бойы күн кешкен жандарсыңдар-ау, солай ма?

Дауыстар. Бәрекелді, рас айтасыз... Тіпті әке-ше-шеміз де құлы-күңі болғанмыз бар...

Сапар. Жә, соны айт. Ал, енді егер «кеселді түйін шешіліп, кердең мойын кесіліп» дейтін күн келді десе... бай Доғал ата-тегінен келе жатқан озбыр жуан-феодал

еді. Осыны өз ортаннан бүгін кетірем десең, ерік сенде десе, не дер едіңдер, қалай ұйғарар едіңдер?! Осы ауылдың қойшы, жылқышы, биеші, көрші-қолаңы, сендердің еркін біледі десе, не дер едіңдер?.. Мына отырған байлардың өз көзінше айтайықшы!.. Кәне, қандай кеп айтар ең, батрактар, ә?!

Д а у ы с т а р. Ал, айт! Сен айт!

Жә, айтсаңшы, бастасаңшы бірің! *(Көпшілік үнсіз. Жәкеш, Байыр, Жалтырлар бірер кемпір, шал кедейді түртпектеп отыр).*

О р а з. О, бәрі де мәлім емес пе! Айтқаның рас қой, Сапар жолдас. Көрген күн анау, тұрған түр мынау. Пәлесін жұқтырмаса екен сол бай демей ме жұрт.

К е д е й л е р д а у ы с ы. Дұрыс! Солай!

Д о ғ а л *(маңындағы кедейлерге естірте)*. Қарызым, ата қарызым... нан, тұз қарызым бар емес пе еді, Жалайырдың баласы бәрінде?.. Шын-ақ оққа байлап, отқа төсеп бергенің бе, ағайын!

С а р т а й. Дәм қарызы бар еді ғой... Дәм атпай ма?!

Б а й ы р. Ата қарызын қайтеміз?

Ж ә к е ш. Не жазыпты ел, жұртына!.. Зарлады ғой байғұс!

Б е й с е н. Е-е, осында біреулер Доғалдың қарызы бар, дәм қарызы бар дейді, олан аттасақ мойнымызға тозақта қызыл ошақ салады дей ме, әйтеуір ақыретті орнатып жатыр. Мен білсем, алыстағы ақырет тозағынан бұрын әуелі осында жер тозағынан құтылсақ қайтеді? *(Байлар отырған жақтан жүздері көрінбей, қатты дауыс берген үндер естіледі.)*

Д а у ы с т а р. Қандай қастық көріп ең? Не жаманшылық кешіп ең? Ел шауып, жер өртеп пе еді?

Б е й с е н *(бұл дауыстарды тосып алып)*. Алыстағы қастығын қояйын, кеше мен дәл бүгін ғана мына Қарақұмда, Турксибте жұмыс істеген орыс, қазақ жұмыскері, қалың жұрт шөлден қырылсын деп құдықтарды улатқан кім? *(Оспан, Ораз, Смағұл, Сексек бұны қостап дауыс береді.)*

О с п а н. Жол бойынан ауылдарды қашыра көшкен кім?

О р а з. Ылау берме, үй жалдама, азық-сусын сатпа демеп пе еді?

С м а ғ ұ л. Қерек десе қара су екеш, бір жұтым су берме деді ғой.

**О р а з.** Бірде-бір батрак, кедей Турксибке барма, жалданба деп, ертеңді-кеш үгіттеген, етегіңнен тартқан кім?

**Б е й с е н.** Әне, Турксибке кедей барса көз ашылады деп соны істеді. Осының өзі де жетеді. Тұрмасын бұл өлкеде Доғал... *(Және де байлар маңындағы топтардан үн естіледі.)*

**Д а у ы с т а р.** Жә, жә болды, айтпайды сен айтқанды бар кедей.

**Н а з а р б е к.** Уай, жігіттер! Осы кәмпеске деген не өзі? Малды, жерді алу ма, жоқ сонысының бәрін алып, тағы айдау ма?

**С а п а р.** Конфискеге ілінген адам, ел ортасындағы зиянды адам деп танылады. Сондықтан оны көпшілік батрактар кеңесі, кедей кеңесі залалды деп тапса, малы алынудың үстіне өзін үй-ішімен басқа облысқа жер аударды.

**Н а з а р б е к.** Жә, ағайынды қарындас! Қарға тамырлы қазақ едік, жер өртеп, ел шауып, ер өлтірген жоқ еді ғой Доғал! «Ұзында өшті» емес ек. Малың алсаң ал, тек өзін ел ішінде қалдыр. Бір басына ерік бер десек қалай болады? Осыны айтқанды жазғырып жазаламайсың ба, түге? Кедейге ерік бердім дейсің ғой, ендеше сол ерікті кедей осылай десе не дейсің? *(Байлар жақ топта «осылай-осылай» деп дабырлаған үн шығады.)*

**С а п а р.** Жә, бар кедей осылай дей ме? Мына кісі бәріңнің ойынды айтып отыр ма?

**Б е й с е н д е р т с б ы.** Жоқ, жоқ! Айттық жаңа, Назарбек адасады!

**А л у а.** Тегі енді біз жігеріміз жетсе, Ақтал бойында бұрын болмаған бір байлау жасармыз. Осы ауылдың кешегі құлы мен күні, бүгін Совет үкіметі арқылы қолы жеткен елі жасайтын байлау ғой... Несін жасырып, жалтақтаймыз! Доғал бай қанаушы, обыр бай болатын, бекер ме еді? Күні бүгін ғана Турксибке кесірі тигендей ендігі совет заманы берген бақытыңа да қырсығы тимей қоя ма? Бұл байдың кетуі сіздердің тілектеріңіз емес пе еді? Шыныңды айтсаңшы, жұрт!

**Д а у ы с т а р.** Солай, солай. Дұрыс, бәріміздің сөзіміз сол ғой! Бәріміз үшін айтты. Алуаныкі рас!

**Н а з а р б е к.** Е, жаңа осында ортамызға келген, бұрын осы ауылдың қызы болған Алуа бала сөйледі. Шырағым Алуа, сенің әкең Сатайды біз білетінбіз. Жақсы

азамат, ер кедей еді. Бірақ оны Доғая өлтірген жоқ-ты, қызым. Құдай бар, қайтіп өтірік айта аламыз! Оны қаныпезер ұры Бұлан атып өлтірген. Өзінді болса Доғалдың қатын үстіне нақ сүйер етіп алам дегені рас, тек болмаса сенің басына қандай қастық етті, шырағым, ә? Бұл — «аламын» — деді, сен «тимеймін» дедің. Көнбедің де, кеттің де бардың ғой. Сол үшін-ақ жерін, малын алудың үстіне, өзін тағы құртам дейсің бе?!

**А л у а (Сапарға).** Мынау Назарбек деген әлі санасы ашылмаған, тап сезімі оянбаған құйыршық. Өзі кедей болса да, кулактың құйыршығы боп, итаршы болғанын ұқпай тұр. Осыны әшкерелеп сөйлесем қайтеді?

**С а п а р.** Жоқ, әзір әңгіме онда емес, алаң қылма! Болмайды. Токта, мына жұрттың өз ішінен біреу сөйлесін! *(Көпшілік үнсіз.)* Жә, жұртшылық, Назарбектің де сөзін тыңладындар, оған не дейсіңдер? *(Пауза. Жұрттың алысырақ шетінен, қалаша жақсы киінген, көзінде көзілдірігі бар біреу тұрады, ол — Мардан.)*

**М а р д а н.** Жолдас Сапар, мені бір тындасандар қайтеді? *(Ол бері жүріп келе жатады. Батрактар арасында жақтырмаған дауыстар.)*

**Д а у ы с т а р.** Бұл Доғая байдың інісі! Өзі де жуан шонжардың мұрагері. Қаланың төресі... Мардан! Ол не айтушы еді.

**М а р д а н.** Мен батрактардың осы бәлыста, осы тұста болатын жынына алыс қаладан әдейі келген адаммын. Біреулер мені туған ағасы Доғалмен қоштасқалы келді, әлі біткенше ақыл бере келді, көмек еткелі келді деп те ойлаған болар. Солай ойлағанның ең басы мынау отырған менімен бір ата, бір анадан туған Доғалдың өзі болатын. Бірақ мен ол үшін келгем жоқ! Ақталдың бойына да бүгін бүкіл қазақ даласына келген жаңа дәурен сәулесі түсті! Совет сәулесі! Мынау ұлы құрылыс — Түркісбтің осы өлкеге жеткені жаңа тарихтың талай жаңалықтың зор бастамасы. Бірақ Ақтал бойын түгелімен кімдер баурады? Өздері өнерді, еңбекті сүймейтін, бар еңбекшіні қараңғыда, езгіде ұстап келген мынау Доғалдар биледі.

**Д а у ы с т а р (батрактар арасында).** Е, бәрекелді, дегенің рас! Уа, жолың болсын...

*(Байлар арасында.)* Құдай атсын. аруақ атқыр, азғын! Шіріген жұмыртқа!

**М а р д а н.** Алуа қарындас дұрыс айтты, соның айт-

қаны халықтың тілегі. Жерден, малдан ғана айырып қоймай, Доғал сияқты жандарды елден де айыру керек. Доғал бұл өңірден кетірілсін!..

Дауыстар. Солай, бәрекелді, дұрыс!..

Сапар. Дұрыс дейсіздер, ә!.. Е, ағайын, бұнымыз жиналыс емес, жай бір аужай түйісу ғой. Ендігіні жиындарда сөйлесерміз... Тек сол жиындар алдында, бар кедей батрак бір жәйді өте жақсы ойлап түйіп алсын... Бұнда екі жақты жәй бар. Ең әуелі жуан шонжар бай кетіріледі. Көпке істеген көп заманғы қиянаты, озбырлығы үшін кетеді. Екіншіден, бұрын еңбек иесі болған есесі көп кедей есесін алады. Жер иесі, мүлік иесі осы кедей, өзін боласың. Ендігі өмір қожасы өзін боласың... Міні осы жолында саған кедергі, кесел ететін болғандықтан кешегі қожан, жуан содыр аулақ кетсін дейді. Осылай ет, қалың кедей атаулының қазақ ауылындағы теңдігін еркін қорға, есеге қолын мол жеткіз деп отырған Совет үкіметі, Ленин партиясы. Ойлағанда, міні, ең алдымен осыны ойлап келесіңдер! Солай ма?

Дауыстар. Солай, солай! Жиналысты тосамыз, хабар күтеміз.

Назарбек (Жалтырға). Тағы бірдеме десем бе екен осы.

Айбала. Әке, жетті!.. Доғар енді.

Жалтыр. Өй, бөгеме! О несі!..

Айбала. Аулақ әкемнен, сүзеген бұқа секілденген алакөз!.. Болдың ғой адастырып. «Албасты сақалға қарай басады» деп!.. Әке, сен жетістің ғой құйыршық боп...

Назарбек. А... мына... дейді... мына!.. (Қолын түсіре береді.)

Алуа (Марданның қолын алып). Сіз қандай жақсы айттыңыз. Сіз осындай ма едіңіз?..

Мардан (күліп). Енді қалай деп едіңіз! Біз жаңа заман тәрбиесінің жаңа бағыттағы адамы емеспіз бе, Алуаш?

Алуа. Мен білмеймін, мүлде мұндай деп ойламаппын.

Мардан. Ұмытқансыз ғой, Алуаш!.. Есіңізге түссе, мен Доғалдың сонада сізге, сіздің басыңызға қастық етпек болған шағында да барымша қарсы шықпап па едім? Ат кекілін сонда кеспеп пе ем?.. Бүгін әдейі, мүлде осы ауылдан, атадан, мынандай халық аластаған ағадан

арамды айыру үшін, барды үзу үшін, шын совет азаматы болғаным осы деу үшін келгенім жоқ па!?

А л у а. Сондай тамаша, сондай жақсы айттыңыз. Мардан аға! Бәсе саналы, оқыған азамат жолы осылай, басқаша болу керек қой.

С а п а р (*өзін қоршаған кедейлер ортасында*). Жә, достар, батрактар! Тап жауының үлкені туралы үлкен байлау жасап, алыспаққа бекіндің!.. Байды кетірсек оның орнына жаңа дүние құрып, жаң дәурен жасаймыз Ақтал бойында. Соған сарп етеміз бар күшті!.. Бірақ естерінде болсын, Ақтал бойында тап тартысы анық берік басталғаны осы. Ендеше жаулықтың да нелер қиян-кескі қастығы, айдалы аяр қылығы да осыдан басталар деп біліңдер, соған белді бекем буындар. Іс тартыс жаңа ғана басталды!.. Бейсен, Алуа, Ораз, сендер менімен Волисполкомға баруға әзірленіңдер!.. Жүріңдер!

#### Ш ы м ы л д ы қ

### Төртінші сурет

«Ақтал» колхозының үлкен клубының бір жақ бөлімдері. Сахнада Алуа, Бейсен, бұларға қарай Сексек пен кішкене Жанар келе жатыр.

С е к с е к (*Жанарға*). Сұра, Алуа тәтенің өзіне айтқыз әнді... сұра!

Ж а н а р. О кісі өкіл ғой!.. Ән біле ме екен?..

С е к с е к. Е-е, ол менің қарындасым емес пе? Маған тартқан дәулескер әнші!..

Ж а н а р. Алуа тәте, біз концерт бастаймыз деп ек!..

С е к с е к. Ия, екінші бригада демалысқа келді.

А л у а. Бәрекелді, беріндер концерт. . Көңілдендіріңдер колхозшыларды!

Ж а н а р. Бәсе... Тәте... өзіңіз де ән сап беріңізші.

А л у а. О не дейсің, карағым-ау... Менің жұмысым бар ғой!..

Ж а н а р. Иә, біз қайта-қайта шыға береміз...

С е к с е к. Рас айтады, әредікте қостасаңшы өзің де!..

А л у а. Е, өзің екенсің ғой әкеп тұрған. Ал бастандар, жарайды бастай беріндер. Мен де бір кезекте болысармын, бастандар кәне!.. (*Кейінгі бар оқиға концерттің фондында өтеді. Алуа қағаздарды қарастыра, хат оқиды Бейсенге.*) Бейсен, Укомнан, Сапар ағадан келген хатты тың-



да! «Екеуіңе биылғы көктем ерекше сын, өзгеше жауапты көктем екенін ескертемін. Бұрынғы құм кезген, «итке мініп ирекпен қамшылап» дегендей, даланың қаңбағындай ауа көшіп жүрген елің отырықшы боп жатыр. Бұрынғы жадау-жүдеу, шабан-шардақ жекеменшік жоғалып, үлкен коллективтік еңбек ірге қалап жатыр. Қазақстан үкіметі мен партия басшылығы Ақталдың бойын өзгеше қып жаңғыртып, гүлдендіру шарт деп отыр. Әсіресе сол үлгіні сендердің колхозың бастау қажет! Ең бірінші сын міндет: он күн ішінде егіс жоспарын бітіріп тұрып ақпар беріндер!» Көрдің бе, Бейсен, сен «Ақталдың» колхоз бастығы, мен уезден келген өкіл, екеуіміздің ортақ міндет үстінде ортақ ауыр жауаптылығымыз аталып тұр. Барды тек қана егіске саламыз. Жиып болдың ба бар күшінді — ер-әйел азамат атаулыны?

Бейсен. Сен атаған адамдардың бәрін егінге салып жатырмын.

Алуа. Мал фермалары ше?

Бейсен. Онда мал балалап жатса да, не әйелді, не баланы жырып, бөліп алуға кірістім. *(Сахнаға Мардан шығады.)*

Алуа } *(таңырқап)*. Сіз қайдан, сіз қалайша,  
Бейсен } қашан келдіңіз?

Мардан. Мен Алматыдан әдейі келдім, баспа орындары жіберді. Газетке, журналға Ақтал бойының осы науқан үстінде бүгін жеткен табысын жазам.

Алуа. Ә, Бейсен, сені мақтайды екен. Қалай, жақсы ма?

Бейсен. Жақсы жазсын, сонда жақсы болат та.

Алуа. Онда жақсылықты сен көрсетсең жақсы болатын шығар, солай ма?

Мардан. О, мен бүгінгі жаңалықтарға сондай сүйсіндім, сондай қуандым.

Алуа *(сынай қарап)*. Ал олқылық деген мүлде жоқ, солай көріне ме?

Мардан. Атама, атама, Алуаш! Әрине, мен келген соң, мен бар шамам жеткенше өзіміздің Ақтал жайын жақсы жазам, мақтап жазам.

Алуа. Тек мақтайсыз... Түк сынамайсыз ба? *(Күледі.)* Рахат та?

Мардан. Жоқ, мен көптен өзім көрмей жүрген Ақтал бойының соншалық жайнаған жайын тани тұра, бүгін сынап қарауға мұршам жоқ... Жайнатыңыз біздің туып

өскен асыл Ақталымыздың бойын!.. Қарындасым Алуа, жолыңыз болсын!

Алуа. Солай, ағай. Ал, осы ағаныздан, Доғалдан хабар-ошар бар ма, жоқ па?..

Мардан. Жоға! Ту-у... оны менен сұрап не қыласыз, Алуа. Енді кездессек, ол екеуміздің тек атысып өлісуіміз-ақ қалған жоқ па еді?

Алуа. А-а, солай ма еді?.. Бәсе... болар!.. *(Назарбекке бұрылады.)*

Мардан *(Бейсенге)*. Қандай боп өскен өзі, әрі сұлу, әрі есті жатыр ғой. Тани білсем, өзі тегі өрлей түсер, бәлкі ұзаққа да кетер.

Назарбек. Ой, қарағым Бейсен. Алуа! Уа, мені сорлаттындар ғой сендер! Мың қойдың қоздап жатқаны анау, иесіз тауда, жалғыз қорада кемпірім, қызым үшеуіміз ғана! Қырылады ғой ел мүлкі! Еңбегім еш, тұзым сор болғаны ма енді кеп!

Алуа. Кімнің кетті, ақсақал, неше кісінді алдық?

Назарбек. Үш кісім кетіп отыр.

Алуа. Амал жоқ. Назеке... Бір жұма шыдайсыз. Егіс кезі өтіп барады, соны ойлаңыз!.. Ал бізден не тілейсіз қазір?..

Назарбек. Тілегім сол, айналайын, көр! Бүгін болмаса ертең не қылсаң да жет те, көзіңмен көр деймін! Малымды, төлімді көр, қысылып тұрған жайымды көр! Күндіз де туады, түнде де туады. Егіздеп туады шопаным! Біреуі жартпай жатыр, біреуі қозы-лағын алмай жатыр. Бір қолыммен қоздай алмаған тоқтының қозысын суырып, бір қолыммен «төйтпейлеп» жетім лақ, қозыны теліп жатырмын. Тыным жоқ... Тіпті түсімде шырт ұйқыда жатып та «төйтпейлеп» жатады екем! Кемпірім жазғырып: «баксы боп кеттің ғой» деп ол мазалайды. Жаңа осында Сексек: «Отыр, ән тында!» дейді, «ой шырағым-ай, оған мұршам кәне... Менің әнімнің төресі «төйтпей» жатқан жоқ па деймін. Қызымды тағы алып кеттің!.. Енді келіп көресің бе? Тіл емізбей соңғы сөзіңді бересің бе жоқ па? Қашан барасың, күніңді айтшы?

Алуа. Ертең кешке, жарай ма?.. Сертім болсын! *(Мардан анадайда тыңдай түсіп жазып отыр. Сахнаға асыға, ашулана ұмтылған Арман шығады.)*

Арман. Жә, маған берген кісілерің қайда, «Ақтал» қолхозы? Қашаңғы тосамын!?

Бейсен. Біз егістен сұр жығылып жатқанымыз жоқ

па! Міне аудан өкілі, егіс жоспары мүлде толмай жатыр емес пе?

Арман. Егіс, егіс!.. Мен істеп жатқан жұмыс егіс үшін емес пе? Ол колхоздыкі емей жаудікі ме?!

Бейсен. Сіз суарғанда егісті суарасыз. Егіс болмаса нені суарасыз?

Арман. Сөз емес!.. Берген уәделерің қайда? Ферма-сынан берем дедіңдер, енді оның да бар адамын жинап, осында әкеліпсіндер Мен фермаға шабу керек, егіс дала-сын шарлауым керек. Сендер қалада серт бересіңдер де, бұнда кеп алдайсыңдар! Не деген өтірікшілік, ұятсыз-дық!..

Алуа. Сіз осы... жолдас Армансыз ғой? Міндетіңіз зор екенін білемін. Ақтал бойының көптен күткен мама-ны да сіз болатынсыз!

Арман. Күткені бар болсын!

Алуа. Жолдас Арман, сіздің асығуыңызды түсіне-мін, бірақ колхоздағы жайды сіз де ұғыныңыз!

Арман. Керегі жоқ басалқаның. Адам бермей алда-ғаны үшін, тоғам алудың үлкен ісін құлатқаны үшін қа-зір мен мына Бейсеннің үстінен рапорт жазамын.

Алуа. Мейліңіз! Біз бірақ Бейсенді ақтаймыз.

Арман. Ақтамақ түгіл төбенізге көтеріңіз, бірақ маған кісі таптырып беріңіз!

Алуа. Бүгін кісі жоқ!

Арман. Онда менің ісім жоқ! *(Екі кішкене қыз жүгіріп келеді. Бұлар — Әсия, Жанар.)*

Әсия. Алуа тәте, екі бригада түскі демалысқа келді, біз соларға концерт беріп жатырмыз. Сіздің де әніңізді сұраймыз

Жанар. Бізге қаланың әнін айтып беріңіз. Колхоз-шылар, балалар бәріміз де құмармыз! Жаңа ән үйретіңіз, тәте!

Алуа. Айналайын, өздерің бастай бер. Концертті жүргізе беріңдер. Менің кезегім жеткенде айтыңдар. Әсия, сенің басшылығыңмен мен де ән салып берем! *(Қыздар жүгіріп кетеді. Жақында сахнада концерт жүріп жатқаны естіліп тұрады.)*

Арман. Өкіл жолдас, менің ісімнің ендігі Ақтал бойына ең қажет іс екенін сіз қалайша түсінбейсіз?!

Алуа. Түсінбейді деп сізге кім айтты?

Арман. Түсінсеңіз маған айтқызудың не қажеті бар?

Алуа. Оны сізге айт деген кім бар?

Арман. Сіздің ойыңызша қазір астықтан басқа дүние жоқ.

Алуа. Қазір одан басқа әні, ән бар. *(Күледі. Арман бір қызып, бір қызығады.)*

Арман. Түү, не деген шولاқтық... Сіздің бар түсінігіңіз артта қалған. *(Алуа Арманға барлай қарап күледі.)*

Алуа. Қызыл бидай артта қалған ұғым болса, сол сіздің айтқаныңыз бола-ақ қойсын!. *(Әсияға бұрылады. Арман ашуланып кетеді, Бейсен бірге кеткен. Алуа Әсияны құшақтап.)* Сен кім баласысың, Әсия, кішкентай?! Сен жаңа сондай жақсы ән салдың ғой. Мен тындап отырып сені әншісің дедім. Маған апаң мен ағанды көрсетші, айналайын!

Әсия. Алуа тәте.. олар жоқ.

Алуа. Қалайша?

Әсия. Олар өлген! Әкем де өлген, әжем де өлді ғой менің, тәте..

Алуа. Не дейсің, жаным?.. Қайда оқып қайда тұрасың?

Әсия. Туғандарым болмаған соң біздің мектептің жатақханасында жатып оқимын. Ал, Алуа тәте, қазір сіздің шығатын кезеңіңіз, әзір болыңыз. *(Алуа ойланып қалған.)*

Алуа *(ойланған жайын қойын дәптеріне жаза отырып, сөйлеп отыр. Ондай сәтте Алуа ән де салады, бірақ көбінше әуенмен емес, жанымен ән салады)*. Кішкентай Әсия азғантай сөзімен менің де бала күнімнің қайғылықасірет шағын ойлатты. Әлі күнге көз алдымда, осы Ақтал бойында күзгі дауылды қара түн... Қарып тұрған қатты суық, қатал жел!.. Менің үстімде лыпа жоқ, жалаң бас күйде, шашым үрпиген, қатқан тоңның үстінде жалаң аяқ қалпымда табанымнан сыз өтіп, тоңып ұшып барам!.. Бірақ екі көзім қара түнге қадалған, жырақта... Ауылдан аулақтап, тасырлатып шапқылап бара жатқан көп аттар тұяғы, сартылдап қағысқан сойылдар... Мен қара түнге қадалғанмын, жалбарынып жалынғапмын!.. Жалғыз әкемнің амандығын тілегемін. Шошыған, шырылдаған күйде: «Аға! Ағатай!.. Ағам менің!» деп катып тұрып қалғамын! Сонда жарқ етіп, шапшаң ғана ұшқыр шолақ, қып-қызыл от қана жалт еткенде... тарс етіп мылтық атылып, үндер өшкен, сөнген-ді... Сол күймен бірге менің әкем де өлген!.. Әсия мен көргенді көрмейді. Айналайын,

Әсия, сенің әкенді өлім алса, сені бауырына елің алған. Мен олай емес, панасыз жалғыз қалғам!.. Ал қазір мен орта мектепте оқимын, соншалық ынталы оқушымын. Әлі де Сапар аға, Нина дос, аға мен ападай: бастаушы да жақыным!.. Олар маған: «Кітаптан бір, өмірден екі шындалып, екі асылдан, кезек су алып, өсі!»— дейді. «Алысқа бас!» дейді. Әнім болсын, сазым болсын сол менің!.. *(деп сөзінің аяғын баяу басталып ұлғая түскен, дами берген сұлу әнге айналдырады. Әсия жүгіре шығып, арғы сахнаға қарай қол созып: «Алуа тәте, сіздің шығыс кезегіңіз!» дейді. Алуаның әні ұзай түсіп, күшейе береді. Жаңағы ай сезімі, жан әні енді сән әніне айналады).*

## Ш ы м ы л д ы қ

### Бесінші сурет

Терең шатқа тығыла отырған жалғыз қыстау — Назарбектің қой фермасы. Назарбек мал қора мен үйдің аралығында шарбаққа тақанда, сырттан бұғып келген біреу баспалап қарайды.

Назарбек. Сен кімсің, әй?

Кісі. Сескенбе, Назарбек! Назарбек, бұл мен ғой!

Назарбек. Доғал мырза?!

Доғал. Иә, бұрын мырза болсам, бүгін не десең де ырза Доғал!

Назарбек. Қайдан, қалай?.. Қайдан жүрсің, не қып жүрсің?

Доғал. Не қып жүруші ем? Жалайырдың баласы, жанашыр біреуің қалса, оң назарынды сұрап келдім.

Назарбек. Өзің қашып жүрсің ғой мүлде, ә?

Доғал. Менен ерік кеткелі қашан?.. Сөйтіп жүрмей не қып жүр деп ең?

Назарбек. А, сөйтіп мені паналап келдім десеіші!..

Доғал. Таптың, әрине, Назеке!

Назарбек. Е, сөйтіп мені жасыр деп тұрсың ғой?

Доғал. Әрине, Назеке!..

Назарбек. Жоқ, енді алданатын Назарбек жоқ. Тағы алжитын Назарбек жоқ! Баяғы құл Назарбек біткен, мырза Доғал!

Доғал. Не дедің?.. Мен неге де болса бел байлаған жанмын. Жалғыз сенгейім сен! Тез кетпекпін, залалым

жоқ. Бірақ тіс жарып, сыр айтып көрініп келіп тұрғаным жалғыз сен ғанасың! Азғана көмегің керек! Ойлан, ойлан да жөніңе көш, Назарбек! Сен маған пана боласың, боласың!.. Үш күннен соң тағы ораламын, жан баласына білдірсең, өз басымды да беремін, бірақ сенің жаныңды да қоса ала кетермін, біліп қой!.. (*Назарбек жалғыз, әрлі-берлі алаңдайды.*)

Назарбек. Енді қайттім, жалғыз басым, кетсем мал қалады. Қалсам бұл келеді. Апыр-ау, қайттім. Өлсем де білдірем, білдіріп өлем еліме!.. (*Әрлі-берлі асыға жүріп дабыстайды.*) А, тұра тұр, есім жаңа кірді ғой... О, Айбала ше, Айбала! Қызым!

Айбала (*үйден шыға*). Немене, шаршап келіп, сәл тыным алып, қайта жөнелейін деп ем, не болды?!

Назарбек. Айналайын қызым, Айбала жаным, келгенің жаңа еді. Жөнел, шап! Шаршағаныңа қарама, жаныңды сал!

Айбала. Немене, не боп қалды? Не көрінді көзіңе?

Назарбек. Доғал... сұм Доғал көрінді. Жаныңды сал, тоқталмай шап еліме. Колхозға жет, хабар ет!..

Айбала (*асығыс*). Мен қашан жетпекпін онда! Өзгеге бармай саған неге келеді ол?.. Айт деймін, сондай тап жауы — советтің жауы, өзгеге бармай ұрланып саған неге келеді деймін?!

Назарбек. О, қоя тұр, жаным, қой оныңды, кейін айтам! Шап, жылдам жөнел!

Айбала. Жөнелмеймін, жөніңді айт! Өзгеге бармай сенен неге үміт қылады сол? Әлде, «албасты да... немене еді әлгі... сақалға қарай басады» деп! Сені өзгеден бұрын халық жауына жылдам көмек етеді деп кеп тұр ғой, ә?

Назарбек. Ойбай, қой, мен көргем көресіні? Тоқталмастан шапқылай гөр! (*Айбаланы қораның сыртқындағы атқа қарай әкетіп барады. Айбала жүруге ыңғайланған.*)

Айбала. Бәлем, әке, тұра тұр! Колхоздың қалың елінің алдында жауап бергізермін осының үшін!.. «Қуырдақтың үлкенін сиыр сойғанда көресің» деп, көрсетермін сонда саған. Комсомолдың алдында сенің кулакқа құйыршық болғаның үшін тағы қызарар жайым жоқ. (*Жөнеледі.*)

Назарбек (*жалғыз. Әрлі-бері алаңдайды. Сыртқа қарап*). О, мынау кім тағы? Ойпыр-ау, мынаның мезгіл-

сіз келгенін қарашы. Мынау Алуа ғой. Кеше шақырған өзім едім. Өзі жапа-жалғыз, қасында қарулы жолдас-тары болса да бірсәрі еді. Енді қайттім, бұған не деп айттым? Баяғыда кәмпескеленген жерде Доғал үшін өзімен жарғыласып ем, енді бүгін қасымнан тағы Доғал шықса мүлде біткенім ғой. Мүлде әшкереленіп, маскара боп болғаным ғой Алуаның алдында. Қой, мен бұған айта алмаймын! Алда тәңір-ай, жаңағы сұм қадам тек осы барда ғана оралмаса игі еді! Бірақ үш күнде келем дейді ғой, ендеше Алуаға айтпай-ақ қояйын. *(Сырт айналып Алуамен амандасқаны естіледі. Бұл кезде кеш батып, қараңғы түсе береді.)*

Алуа. Ал, Назеке, лебің қайтпасын деп, асығыс науқан үстінде осы кеш те болса малынды, жайынды көріп қана қайтайын деп келдім? Қой-қоран қайсы? Бастаңыз!

Назарбек *(қолына фонарь алып)*. Ал, міне жүр, қарағым. Міне, мынау жас лактарым, қозыларым! *(Алуа екеуінің мал аралап жүрген дауыстары естіледі)*.

Алуа. Дұрыс, мынада не бар?

Назарбек. Бүгін туған жас козы.

Алуа. Анау үйшікте ше!..

Назарбек. Онда егіздер. Ал мына біреуде жетім қозылар мен енелері алмай қойған қозы-лақтар. Бір жағынан сүтпен асырап, бір жағынан теліп жатырмын. *(Екеуі тағы біраз жүріп қайта сахнаға орала береді. Сыртта ит үргені білінеді)*.

Назарбек *(аңыра қалып сескенедей)*. Ит үре берген несі ә, шырақ?

Алуа. Е, о қайтеді, ата?

Назарбек. Әй, білмеймін, балам, осы тауда жананат сыбыс та жоқ емес-ау!

Алуа. Қандай сыбыс?

Назарбек. Білмеймін, кешелер тау ішінде елсізде бөгде жүрген адамдарды көрдік деседі. Қолхоз жылқысынан жоғалған да бар дейді ғой!.. *(Алуа далаға құлақ салып нағанын ыңғайлайды.)* Е, қарағым, көңілге мынауың бір сүйеу болды-ау!

Алуа. Тасырлаған ат дүбірі естіледі ғой.

Назарбек. Шамды өшірсем қайтер еді? *(Шамды өшіреді.)*

Алуа. Ата, кім бар дейсіз, сескенбеңіз!

Назарбек. Бәсе, қарағым, бойынды жи, қуатты

бол. Әкең Сатайдай бол, ер болшы! Доғал байды қарғап өтіп еді. Мен қайда, одан кейін де Доғалды пір көріп, көп шатасып танып жүрдім. Білесің бе, Доғал айдаларда, сол қанқұйлыға ара түскен менің ақымақтығымды айтсаңшы!

Алуа. Япыр-ай, ата, мына сөзің қандай жақсы!

Назарбек. Ойбай-ау, несін айтасың! Сол бір отағаным үшін опық жей-жей мына сақал, шашты да жалғыз-ақ күзде ағарттым ғой. Ол ол ма, осында Айбала деген комсомол қызым бар, ол осы күнге шейін, тіпті күні бүгінге шейін, желкеме мініп алған. Қызым емес, бейне қазымыр кәрі шешемдей, қымс етсе болды.. *(Қақпа қағылады.)* Бұ кім екен, бөгде қағыс қой?!

Алуа. Сескенбе, ата! Мен қасында болайын. Байқаңыз, ашпаңыз!

Назарбек *(сығалайды)*. Түстері жат мына кәпірлердің. Япыр-ай, сорыма жалғыз да болмадым... Сенің бейнетіңе душар болдым ба, балам?.. Қайдан ғана шақырып ем, сорлы басым!..

Алуа. Назеке, жаңа әкемді аузыңа алдың ғой, тек болмас, әкемдей білермін.. Енді тыңдаңыз мені, ашпаңыз!

Назарбек. Ашпаймын, айналайын. Жаңа көре-сала, сені шошиды ғой деп айтпап ем, мынау әсіресе саған өшігетін жау. Білдің бе, Доғал ғой!

Алуа. Не дейсіз? Қалай білдіңіз?

Назарбек. Анық сол, көріп тұрмын. Сені де, мені де аяры жоқ.

Дауыс *(сырттан)*. Аш, аш дереу қақпаны!

Назарбек. Сен кімсің-ай? Қайдан жүрсің?

Дауыс. Ауданнан, ГЕПЕУ-ден, аш!

Назарбек. Күндіз кел. Ашпаймын!

Алуа. Жоғал, жөнел былай! Атамын болмаса!

Дауыс. А, сен мұнда ма едің? Атып көр. Сенің өзін керексің бізге!

Алуа. Кім керек?

Дауыс. Алуа, Сатай жылқышының қызы Алуа керек! *(Алуа атып қалады.)*

Алуа. А, дұспан, таныдым мен де!

Дауыстар. Танып қалды... Бәрібір біліп қалды. Енді өліспей кету жоқ. Атыс, басып ал ферманы! *(Алуа орын ауыстырып атып жүр.)*

Назарбек. Қарашығым-ай, ата-бабаң жар болсын.



Ұл боп тумасаң да, ұқсап туыпсың ғой әкене! *(Алуа шалды үйге тартады. Жаулар қораны сырттағандай. Алуа жүгіріп үй мен қорадан кезек атады. Шал қорада ағ әзірлейді. Алуаға кеп).* Қоңырсыған иіс келеді, қораны да өртеп жатыр. Өртенді ғой, қырылды ғой, есіл мал!.. Балам-ай, енді атыспен құтылмаймыз ғой. Тым құрыса сен аман шықшы! Әлде жартылап қозыларды аман алып қаларсың! Не де болса өзім көрейін. Мә атыңның шылбыры, мына жақта жау жоқ, артқы қақпаны аш та жөнел! Мін атыңа, мін де қаш, сен құтылшы!..

Алуа *(ұмтыла беріп)*. Ата, қорықпа, атажан! Мен құтылсам, сен де, қозылар да құтыларсыңдар! *(Ытқып шыға береді, бұғып тұрған бір жаумен кездесіп қалады, кезек атысады. Жаудың оң қолына оқ тиіп, мылтығы құлайды. Жау айғайлайды).*

Жау. Кетті, қыз кетті! Жой, жоғалт көзін. Ат, атқыла! *(Атыс.)*

— Не де болса құтқармандар енді. Ол құтылса мүлде ойран болдык!.. *(Атыс. Оқ тиген Алуа, сахнаға шыға бере жығылады. Осы кезде сырттан жеткен ел адамдары келе береді.)*

Алуа. Жау!.. Банды!.. Қозыларды өртеп жатыр, тезірек! *(Атыс. Аздан соң тартыс тоқталады. Атыс ұзап кетеді. Арман мен екі-үш кісі жаралы Жалтырды алып шыққан. Қораға кірген колхозшы оқ тиген Назарбекті көтеріп әкеледі).* Өзгесі қайда? Үлкен жау қайда?

Арман. Қуып кетті, атысып барады. Бірақ құтылмас!.. Қайда жүріп, қайда көмек етуді білмегеннен мұнда келдіңіз бе? Әлекке салдыңыз ба елді әкеп?!

Алуа. Не дейді, не дейді, не істегем? Мен айыптымын ба? *(Талықсиды.)*

Назарбек. Түу, әлі өлмей, тірі қалған ба Назарбек! Қырық жаным болса керек. Анық итжанды болғаным ғой! *(Алуаны көріп.)* Айналайын, батыр қызым, бармысың? Жолына басым құрбандық, сен аман бол! Айыптымын, бәріне мен айыптымын!..

Арман }  
Алуа } Не дейді? Не пәле бар мұнда?..

Назарбек *(Жалтырды көріп)*. Ә, сен бе едің бірі, сүзеген бұқа құсаған алақөз, алаяқ!.. *(Талып кетеді.)*

Арман *(Алуаға)*. Сіздің адасатыныңызды біліп ем! Айтпап па ем! Не бар еді қаңғыл мұнда?!

Алуа *(ызалы)*. Немене, табалаушымысыз? Құтқару-

шымның бірі болмасаңыз, балгерлік еткеніңізге таң қалар ем! *(Нина жүгіріп кіреді)*

Н и н а *(Алуаны құшақтап)*. Алуа, бармысың, жаран қандай?

А л у а. Нина?! Сен? Бұ не, қандай ойда жоқ жайлар? Сен қайдан кеп шықтың? Сен де біліп пе ең менің бақытсыздыққа ұшырарымды?

Н и н а. Алуа, не дейсің? Сен сандырақтаймысың? Мен, Нина, мені Окружком жіберіп еді. Сапар аға саған, әдейі көмекке жіберіп еді ғой!.. Сенің «Ақталдағы» ісің, міндетің ауыр болған соң көмекке жаңа ғана жетіп ем! Мынау хабармен осында шаптық. Жеткенім осы, таңданба?

А л у а. Мен қиналамын, қорқамын... Өкінемін, Нина! Үлкен қателік жасадым ба деп қорқамын. Айтшы, мен партия алдында бір оғаттық қылмыс жасаған жоқпын ба әлі?

Н и н а. Неге олай дейсің, айтшы?

А л у а. Не деген жұмбақ? Жағалай түсініксіз... сондай сұмдық жұмбақ түйіндер... Есім барда айтып қалайын, біл Нина... Білдір Сапар ағаға!..

Н и н а. Айтшы! Барынды айтшы, не сездің?

А л у а. Қайдан кеп шықты? Баяғыда кеткен бай, өмірлік жауым — Доғал, ол қайдан білді менің осы арадан табыларымды? Мен мұнда қалай шақырылғанмын, кім шақыртқан боламын? . Және, және есінде тұт, кеше Марданды көргем! Ол мақтауға келген. Бүгін және айттам, жақындай түс! Мен кеше мынау тұрған гидротехник Арманмен ұрысқанмын. Ол маған жирене қарайды. Маған өзі де жұмбақ!.. Ұмыта алмаймын, түсін де және әсіресе жаңағы айтқан сөзін де ұмыта алмаймын! Біл, Нина!.. *(Әлсірей береді.)*

А р м а н. Ол сандырақтайды... Ол қансыраған! Тез алып жүру керек.

Н и н а. Қәне, тез көмек етіндер. Көтеріңдер! Тезінен Қостөбе, больницаға әкетем! *(Алуаны көтерісіп алып бара жатып.)* Шынында да не деген таң қаларлық түйіндер? Қандай жұмбақтар бар сенің айналанда, бишара Алуа?!

Ш ы м ы л д ы қ

## ҮШІНШІ АКТ

### Алтыншы сурет

Сахнаның жарымы — аудандық көп кеңселер орналасқан үлкен үйдің кен коридоры, екінші жарымы — кабинет.

А л у а (қойын дәптеріне жаза отыра халыққа). Сегіз жыл өткенде Ақталға қайта оралыппын... Бұрын Жалайырдың жеті байы не болған жабайы дала, жайын өлкеде бүгін жетпіс колхоз орналасқан. Турксиб бойындағы осы өлкеге көп көмегі тиген зор станция Костөбе міне бүгін аудан орталығы. Мен болсам жақында, Алматыда институт бітірдім. Әйел мәселесіне социалистік Отан енгізген жаңалықтар жөнінен диплом қорғадым. Нина Ивановна ғылым кеңесінің мүшесі еді. Менің дипломым «өте жақсы» деп бағаланған шақта оның қуанышы өз табысынан кем болған жоқ. Ойда жоқта тағы бір адам менің дипломыма өзгеше мән берді. Ол мен ұмытқан, әлдеқашан жоққа санаған, алты қырдың астында қиядан, киюсыздан келген бір жан!.. Көзінде көзілдірігі бар, бұл шақта шашы бурыл тартқан, салмақты, маңызды, ғалым бейнелі адам. Жаңада Москвадан келіпті. Өзі тарих ғылымының профессоры болыпты!.. Ол — Мардан!.. Мені филиалға, тарих институтына аспирант болуға шақырды!.. Бірақ Нина Ивановнаның үйіне келгенімізде оның қазіргі күйеуі, Сапар аға жаңа хабарымды қуанып қарсы алды да, ойда жоқта өзгеше байлау, кеңес берді. Сапар аға Алматы обкомының бірінші хатшысы, ол Нина Ивановнаны тыңдамады. Менің институттан шыға сала аспиранттыққа баруымды мақұлдамады. «Ақталға бар, ғылым табысына өмір табысын қос. Өмір тартыстың өзінен, партия құрылысының академиясынан оқып келіп, байып кел!— деді де... бәрімізді жеңді де!.. Мен енді осында әйелдер арасында істейтін істерімнің ғылымдық қорытындысын жасай барып, диссертация қорғамақпын!.. Сонымен ең әуелі өзім де... (Сексек шығады.)

Сексек. Ең әуелі сен өзің де... өз өміріңді тиянақтаған кісі емес ең... Бір жайдан қатты-қатты қорқамынау, Алуа!

А л у а (күліп). Ия, немене түсіңнен шошыдың ба?

Сексек. Жұртқа үлгі айтады, өзінің өзге қыздарға үлгі болар өмірі қайсы десе не дейміз осы?!

А л у а (күліп). Е, немене, мен үлгі көрсете алмаймын ба? Неден түңілдің?

Сексек. Әлі күнге ең алдымен үлгі берер өзінде, осы шаққа шейін не үй, не күй жоқ. Менде болса шүйке бас жоқ, сенде болса бақырбас жоқ. Құр ұшамыз да жүреміз. Ұшамыз да шырлаймыз. «Бытбылдық... бөдененің үйі жоқ»...

Алуа Па-ай, не деген сорлы едік десейші!..

Сексек. Енді не? Оқу... оқу, тағы да оқу дедік. Тосық, ақырында кеп бітірдік. Жаңа бірдеме болар деп ем, сен болсаң тағы Алматыдан жалғыз кепсің. Ауданда саған сай жігіт қаптап тұр ма? Немене сондағы көп жігіттен үркіп, қашып шықтың ба?

Алуа. Мені қой, қойсаңшы, Секе!.. Менің ертеде бір аузым күйген де!.. Өзің болмай шынды айтқыздың, ертеде бір іркіліп қалмап па ем.. Сөйтіп мені қой дедім ғой. Ал енді сырға сыр орай болсын, өзің неге үйленбейсің осы?

Сексек. Е, мен әлі... өзің білесің ғой, анау екі шүйкебаспен бүйте бастап... берекелі үй болмай... нетіп... айрылысып кеттім ғой. Дәл өзі табылмай жүр де.

Алуа. Дәл өзі? Онысы қандай еді?

Сексек. О, менің ендігі іздегенім көңіліме көңілі сай, әсіресе бойыма бойы сай қыз емес пе?!

Алуа. Онысы тағы қандай «Мың бір түн?»

Сексек. Е, маған өзімнен бойы ұзын қыз қайтып қатын боп жарытады! Осында бір-екеуімен тағы да үйлесе жаздап барып, шалжиысып кеттік. Бәрі сол — бойдан: «Шүйкедей, осындай еркек бола ма екен?» дейтінді шығарыпты. Тіпті осы заманда қыздың өзі де дередей боп кетіпті шетінен. Міне, маған мысалы, сен сияқты ұзын сирақ қыздың не керегі бар, оны қайтем?! Зәуі сайтан, бетінен сүйгім келе қалса, ақырдан сұлы жейтін аттай, мойным созып тұрғаным ба? Жоқ, аяғым астына қолағаш қоям ба! Ал мені... білдің бе. Жиренше шешен сияқты... ол өзімен шешендігі сай қыз тапқанша үйленбеймін деп еді ғой. Мен бойыма бойы тең қыз тапқанша үйленбеймін!..

Алуа. Не деп тұрсың, со да серт боп па?

Сексек. Е, серт болмаса себеп! Ал сенде тіпті себеп те жоқ қой!

Алуа (күліп). Жарайды, жарайды. Сенің тілегің құдайыңа жетсе, осында әлдебір күйеуге де кездесермін, қайдан білдің?..

Сексек (кетеді). Ия, осы жақта Бетпақдала бар деген, сонда Алуаны тосып, баяғы «Қозы Көрпеш —

Баяндағы» Баян сұлуды аңсаған тоқсан сері жүр деген, әлі күнге сұр бойдақ боп... Ауданда басы санаулы ер атаулы үй жайымен тұрып жатса, табарсың қатқанның басын! Керек десе менің оркестрімнің аз ғана еркегінің де бәрі үйленген әуелі. Сен бе, сен күйеуге тисең мұрнымды кесіп берейін!...

Бейсен (кіреді. Амандасады). Жә, Алуа, не болды, кеше не болған осы?

Алуа. Ия, өзін не болды деп естідің?

Бейсен. Мен әлгі Әбекең сөзін ғана естіп тұрмын. «Шатақ болды, жұрт аузында женотдел және сенің атын аталды» дейді, рас па?

Алуа. Тағы не істеппін?

Бейсен. Қызды сен азғырған дейді ғой.

Алуа. Е, ол Жанар жайы ғой. Осында сегізінші кластан, школдан шешесі шығарып ап күйеуге бергелі жүрген бір комсомолканың жайы. Олар сондай бір топ қыз... Сенің білуің керек, жақсы сұрадың. Мен оларды бүгін әдейі осында, женотделге шақырып ем, келіп қалар! (Жанар, Әсия, Кәмшат, Сәуле коридорға келіп есік қағады. Алуа оларды қабыл алады.) Ә, міне өздері де келді. Кәне, қыздар! Мына кісі Бейсен аға, райком хатшысы, білесіңдер ғой? Ал, Жанар, түндегі болған жайды сен өз аузыңмен Бейсен ағаға өзін айтып берсең қайтеді?..

Жанар. Алуа тәте... керек пе сол?

Бейсен. Әбден керек! Айту керек, Жанар, кәне?..

Жанар. Осында кооперативте істейтін Жұман деген хозяйственник бар. Ақшасы көп, азығы көп, өзінің бұрынғы қатыны өлген, сандығында жатқан промтовары да көп екен. Сол жігіт өзіммен бірауыз сөз сөйлеспей, менің ырзамын деген сөзімді естімей-ақ, кешегі күні той жасайтын боп қойыпты.

Әсия. Құда-құдағи боп бүткіл Қостөбенің, қайдан шыққанын білмейміз, қырқұру кемпір, шалы жиналыпты. Олар болса бір сәрі-ау, ауданның қызметкерлерін де шақырыпты.

Жанар. Мені тіпті райисполкомнан «Әбекең келді» деп, онан сайын дөңгелетіп, қолды-аяққа тигізбей әкетіп барады. «Әбекең қайырлы болсын айтады» деп қояды. Сөйтіп былық-шылық жасағандарына иттей ыза болдым да, бір кесірге бекініп алдым.

Әсия. Үйшік-үйшігін жасап болсын, соны бір-ақ талқан етерміз деп қойып ек. Кеше сол кеште мына Алуа

тәте кездесті. Бәрін осы кісі де көрді. Артынан Әбекең тағы келіп кетіпті. Бәрі де «ұят болды» десіпті.

**Ж а н а р.** Бірақ Әбекең ағадан ұят болғанымен қайтейін, ұят деп итке тиейін бе?

**Б е й с е н.** Бәсе, солай деші? Баяғы ескі қудың жүргені емес пе сүйретіліп... Ошағанша оралқы жүргенің көрдің бе етене... партия қалай жақсы айтқан... адам санасындағы ескілік қалдығы. Сендер, қыздар, оны өздерің де жеңесің... Мазақ етіп жеңбеске не. Ал мына Алуа екеуміздің жас күнімізде бұл ескілік... ескілік кәнә емес сорақылық еді. Ол қолына бақан ұстап шабатын. Бірақ сол күрес әлі бар, әлі керек. Санасы, түрі ауысқанмен әлі де ескі надандық, кара заңдар қалдығы қарсы алысуды тілейді. Енді тек онымен қарсы алысушы біз аз емеспіз де әлсіз емеспіз, күші бізде. Бүгінде және оның кейбірімен біліммен, өнермен алысу керек. Қыздар, сендер немене, тек бостандығын айтып қана қоясындар ма! Жоқ басқа азаматтық, арман мүддесін де ойлайсындар ма, жоқ па?

**Ж а н а р.** Жоқ... Енді біз, Алуа тәте сізден, Бейсен аға сізден де, мына қыздар бәріміз боп, бізді қайтадан осы ауданда бір жақсы оқуға жайғастыруды сұрап кеп тұрмыз!

**С ә у л е.** Қандай да болса бізді бір мамандық оқуға жіберіңізші!

**Қ ә м ш а т** } Бізді агротехникалық мамандыққа, аудан шаруасына қажет мамандыққа оқытсаңыздар екен?  
**С ә у л е** }

**Б е й с е н.** Ә, бәрекелде... Міне бұл сөз! Қандай ақыл сөз... Ендеше айтайын ба? Сіздер бұдан былай женотделмен, Алуамен үнемі нық жалғасындар. Мен білемін, Алуа сендердің оқуына, өскеніңе күш салар. Ал сендер бұған серік аудан әйелінің мықты активі боласындар... Ал оқуларыңды Алуа жайғастырады да!.. (Күледі.) Әбекең тоссыз қалғанмен ессіз болған іс емес екен ғой өзі!.. (Күлкі.)

**А л у а.** Бәсе кешегі түн, біржағы көп сорақылық ашылған комедия түні болғаны рас. Бірақ бұл жайдың күлкі емесі де бар... (Портфелінен бір кесек тасты алып ұсынады) Өзі бұзық, өзі мас күйеу түнде менің тереземді сындырып ұрып, маған мынаны сыйға тастап кетті. Жолдас Бейсен, қазір пәтеріме кісі жіберіп, акт жасатуыңызды сұраймын!

**Б е й с е н.** А, мұның осындай да жайы бар ма еді? Ендеше оның жөнін біздің бөлмеге барып сөйлесейік.

(Кекетіп.) Әбеке... Әбекең... Әбекенде көп екен... сезбеген сыр көп екен... ә-ә? Алуа, сен мына жұмыстарыңды бітірген соң дәл осы жөнінде, бізде сөйлесуге маған кел! Осы жолы Алматыда болғанымда Сапар жолдас айтып еді. Ауданға Алуаны әдейі жібердік... Өзі шыққан аудан өз өмірі де арғы бергісімен көп. Бірақ оған да шарт, саған да серт... Ақтал ауданынан тамаша жақсы азамат әйелдер өндіріңдер деген. Соны ойлап айтам, дәл осы мына қыздардай жастарды енді, Алуа, қанат ет. Қанат ет те... бәрің боп сол партияның дегеніне жетіп бақ дейім. Ауданның мақтаны болар өнер табыңдар тобыңмен...

Алуа. Бұл біздің ауданның бар әйелі турасындағы мүддеміз болсын, Бейсен жолдас!

Бейсен. Бәсе... бастың ғой, таныса бер де, алыса бер әйелдер халі үшін... Бастадыңыз ба, сол талабың жолында әрдайым қасыңдамын!

Алуа (қыздарға). Жә, балалар! Мен сендердің кешегі тілектеріңді, оқымақ талаптарыңды ойлап, өлшеп шықтым. Осындағы агротехникалық курсқа, бұрын мектептен кеткен он бес қыз бәріңді де, осы аудандағы ең қадірлі шаруашылық іс — қызылша жұмысына, күріш егісіне, қант заводына мықты маман етіп шығаруға ойласып қойдым. Ертең сағат екіде осы араға сендерді бұдан былай оқытатын курстың басшыларын шақырып, мәжіліс жүргіземін. Өзгелерді хабарлаңдар, өздерің де сол екіден қалмай келіңдер, мақұл ма? (Қыздар мақұлдап қоштасып жөнеледі. Екі-үш колхозшы әйел мен бір еркек кіреді). Жә, «Ақтал» колхозының екінші бригадасы, күйлеріңді кеше көрдік, Бригадир Садық, сізді мен шақырдым. Қәне, апалар! Кешегі маған айтқаныңызды бүгін мына бригадир алдында қайта айтыңдаршы!

I-әйел. Айтсақ тағы сол кешегідей. «Ақтал» колхозы дейтін колхозымыз бай. Бірақ көзің көрді ғой әне, Алуа, ұдайы, күн сайын жұмысқа балаларымызды ала шығамыз. Үйде күтетін кісілеріміз жоқ.

II-әйел. Жаслі дейді, бала бақшасы дейді, қайда сонысы?

III-әйел. Ұйыстырған жоқ, көзіне айтамыз, мынау бригадир — мынау Садық ұйыстырмай келеді!..

I-әйел. Қасымызда балалар болғандықтан, өзге әйелдердей емес, еңбегіміз де шала.

II-әйел. Өз көзің көрді ғой, Алуа, көңіл ала болған соң, еңбек зая кетеді!..

Алуа. Араларыңда стахановшыларың бар ма? Осы тұрғандарыңның озаттарың кім?

III-әйел. Өзге баладан бос әйелде стахановшылар бар... Ал бізді алсақ... Әй, бәріміз шамалас қой, қарағым!

II-әйел. Ондайды арамыздан өсіріп, шығара алмай жатырмыз ғой, әлі!

Алуа (*Садыққа*). Жә, жолдас бригадир, бұны не дейміз? Ақтал бойы қызылшаның бар одақта ең мол өсетін жерінің бірі. Бұнда дүниежүзілік рекорд беретін өнім алу шарт деп отыр партия мен үкімет. Ал сіз өз бригаданызда көп әйелдің еңбек жағдайын мешеулікке салыңдырып, стахановтық еңбектен қалдырып отырсыз!.. Бекер ме осы?!

Садық. Рас, болмай тұр. Өздері де қымс етсе бригадир!..

I-әйел. Бригадир демей кім дейміз? Бәрі сенен емес пе?

II-әйел. Не жағдай жасадың? Кімге жасадың?

Алуа. Жә, барлық жай мәлім! Себептер және айқын!.. Жолдас бригадир, колхоз бастығы мен сізге қойылатын бір-ақ шарт бар. Үш күн... ертеңнен бастап үш күн ішінде сіздің бригадада бала бақшасы ашылсын. Ашылмаса мынау жас баласы бар әйелдер қызметке шықпайды.

Садық. Ойбай, ол не дегеніңіз? Баласы жоқ әйел жоқ, онда қызылшаның науқаны үстінде бар жұмысты тоқтатам десейші!..

Алуа (*қатаң*). Тоқталады және сіздей бригадир сотталады.

Садық. Сылтау тауып бердіңіз ғой. Айтам ғой, баласы жоқ әйел жоқ деп...

Алуа (*ызалана*). Бәсе, баласы жоқ әйел жоқ, бірақ бір әйелдің қамын ойлау сізде жоқ. Адам ба бұл жұрт, мал ма? Күн көзінде, жауын астында жас бала қозы, лақтан жаман ескерусіз жатыр. Кеше мен көзіммен көргенде сондай түршіктім. Тіпті қозы, лаққа осындай қырсыз болған шабан көрдің бе? Олай болса табан жерде сотталарыңды білер ең!.. Ең алдымен үйшік-лашық соған әзірлер ең. Бітті сөз! Үш күн ішінде ясли ашылады, сонда ғана аналар алаңсыз жұмысқа араласады.

Әйелдер. Айтқаның келсін, жолың болсын, Алуа!

Алуа (*Садыққа*). Колхоз бастығы мен екеуің яслиге керек аспаптар мен киім-бұйым заттары, ыдыс-аяқтары



жөнінде нақтылы толық есеп жасап, ертең кешке қызмет аяғына райкомға, маған жеткізіңіздер! Мен сендердің көмектеріңде боламын. (Бұлар кете береді. Айбала мек Назарбек келеді.) Жә, Назеке, Айбала, сиыр фермасының анадағы жайын біле келе, мен сіздерді әдейі шақырып ем! Ал, Назеке, сіз осы фермаңыздағы бар жайға дән ырзасыз ба?

Н а з а р б е к. Несін айтасың, қарағым, қарқ болған шағымыз, бірнеше жүз мөшке сиырларымыз анау, бұлақтай шетінен. Бір жақта май заводымыз сонау. Колхоздың табысын, туу-туу, атама!

А л у а. Ал сауыншы әйелдеріңіз ше?

Н а з а р б е к. Оларды да атап сұрама, өңшен сен тұр, мен атайын.

А л у а. Сөйтіп бәрі бірдей стахановшы ма? Жоқ әлде бәрі бірдей орта қатарлы сауыншы ма?

Н а з а р б е к. Е, со-со, сол айтқаның ғой!.. Бірін стақан, бірін ол-пұл деп ала-құла қып бөлгіміз жоқ оларды.

А й б а л а. Әй, әке! Біздің завферма әкеміз боса тек босқа әңкілдей береді екен құдай аманаты көукілдеп. Бір спецовканы бұрын тоздырдым дегенмен, қайтеміз айтпай!.. Менше сіз де қарық қып тұрған жоқсыз, әкеміз. Стахановшы шықпағанымен ұялсақшы, өкінсекші одан да!.. Озат әйел бізден шықпас па еді, соны айту керек қой!

А л у а. Бәсе соны айтыңыз!..

А й б а л а. Стахановшы шықпай жатқаны үйімізде адамымыз көп. Сыртта сауын, үйде бала күтімі, бір үйлі жанды күту бар. Екі ұдай боп алак-жұлақпен күніміз кешеді. Арамызда не бір лепутат, не бір ордынос, озғын әйел шықпағанына ішіміз күйеді. Осыны білші тым құрыса. Сол емес пе, қатындардың айтатыны! Солай демеуші ме еді?

А л у а. Бәсе, міне соны айту керек, шынды ашу керек!..

А й б а л а. Анық шынды айт дедің ғой, Алуа! Ендеше... олай болса тап мына тұрған қарт, біздің Назекен осы фермаға бастық болуға жарамайды. Шынын өзің айтшы, әке? Осыным дәл емес пе?

Н а з а р б е к. Апыр-ау, мынау не дейді мүлде? Баяғыда өзіңмен бірге сол фермада қан төгіп ем-ау, Алуа!

А л у а. Оныңыз рас, Назеке! Бірақ сізді орныңыздан алса, айыптамай-ақ алуға болады.

Назарбек. А, солай ма? Нос келмейді ғой, әйтеуір... Ендеше осы қыз біліп айтқан болар. Шын-ақ мені төңкеріп, бір жасқа табыс ете қойындар. Тіпті со кісінді осы арада аташы өзің?..

Алуа. Жок, Назеке, біз бұл арада байлап шешпейміз. Оны колхоз жиыны өзі шешеді. Бірақ кеше өзге әйелдер Айбаланы ауызға алған еді. Түбінде колхозбен қосылып осылай ойланармыз, Айбала, соны ескере бергейсің! *(Бұлармен қоштасады.)*

Алуа *(хатты шолады)*. Арман!.. «Көрем... көруге асығам» депті! Мен ше?.. Осы жолы мен де асығам... Өмір жолымыз тағы да Ақталда кеп табысар ма! Талай жыл бөтен болысып кеп ек! Институт бітірген түн.. Алматыда, бақшада сонша бір өзгеше, жаңаша білісіп, бағаласқандай боп ек!.. *(Арман кіреді. Ол Алуаға қуанып ұмтылады.)*

Арман. Алуа, Алуаш!..

Алуа. Арман... Қымбаттым!..

Арман. Ауданға келді деп естіп, демалыс күні не қылсам да іздеп таппақ ем. Күн санап, сағат санап демалыс күнді сондай асығып тосқам-ды!.. Қандай жақсы, қандай рахат!.. Бүгін шақыртқандарың қандай сәт болды.

Алуа. Шақыртқан?.. Сізді ме? Кім?

Арман. Е, начальникті... Біздің құрылыс начальнигін женотдел шақыртпады ма?

Алуа. Ия, сөйтіп сіз начальник пе едіңіз?

Арман. Енді кім?

Алуа. О-о... маған начальник болмай Арман болғаныңыз артық еді ғой... Амал жоқ!

Арман. О, не? Не дедің, Алуаш?

Алуа. Дегенім сол. Сіз мұнда романтиканы әкеп едіңіз. Ал өзіңіз, ісіңіз... Начальниктік ісіңіз сіз бен бізді тату түгіл соншалық алыс, араз етерлік. Біліңіз, міні, біздің бөлім әйелдері барып, сіздің өндірістегі әйелдер жайын анықтап келді! Міні, сіздің ісіңіз! Тыңдаңыз әйелдер сөзі, міне: «Басшымыз, начальнигімізді жайымызды айтсақ тыңдамайды, *(оқиды)*.— Жатқан жайымыз ит байласа тұрғысыз! Балаларымызда баспана, күтім жоқ. Ауруымызды қарататын дәрігер деген мүлде жоқ!.. Әлденеше жүз жұмысшы бармыз, не кітапхана, не газет, бірде-бір мәдениет белгісін көрмейміз!.. *(Арманға)*. Жә, жолдас бастық, тындап болдыңыз ғой, көрдіңіз бе халық наразы-

лығын. Сіздің өндірісіңізде істейтін жұмысшының 25 проценті әйел екен. Немене сіздің тым құрыса ясли, балалар бақшасын жасауға да мұршаныз келмеді ме?

Арман. Алуа, бұныңыз қалай? Сізбен осылай көріспекші ме едік Ақталда!?

Алуа. Бәсе, мен де бұлай кездесерміз деп ойламап ем! Қазір менің осыдан басқа сезімім де, ойым да жоқ.

Арман. Мен станция сала алмай жатсам о несі! Айыптамай көмек етсеңізі!

Алуа. Көмек етсе, неге бірде-бір әйелді қайратына, әйелдік қалпына сай орынға ауыстырмайсыз, үйретпейсіз?

Арман. Бұл айтқаныңыздың бәрі құрылыс күндерінің міндеті емес, басқа орындардың, басқа күндердің міндеті!

Алуа. Солай ма? Ендеше сізбен сөз қысқа екен!.. Бұл арада ұғысатын емеспін. Сөзді мен бүгін райкомның бюросына қоям және аз күнде Алматы обкомына, сіздің министріңіздің алдына да қоям. Бұл әйелдер үшін мен аз емес, көп алысуға бекінген болармын!

Арман. Ал ұрсып болдың ба? Өзің не деген қатал, зәрлі адамсың? Маған ашудан басқа айтарын бар ма, жоқ па?

Алуа. Сенің өндірісіңнің бүгінгі халінде ашу мен реніштен басқа айтарым жоқ.

Арман. Осылай ма еді Алматыдағы сөз?! Мен пәтер қамдатқалы жүрмеп пе ем!..

Алуа. Менің міндетімдегі жұрт жұмысы жайғаспай тұрып, мұнда келмей жатып, ең алдымен өзім орналасам ба? Онда қандай дұрыстық, жарастық, тыныштық, рахат болмақ? Ендеше пәтер жайын менсіз ойла! Бара бер!.. (Арман шығып кетеді. Алуа жалғыз. Қойын дәптеріне.) Тағы да не деген жай, қай түйін!.. Ерте кезден бір-бірімізге әрі ұмтылысып әрі қайшы өтискен, қарсы келіскен бір халден айығу жоқ!.. Көп заманнан ішімде, ерте күндегі бір адасудан, қателіктен байланып, түйіліп қалған салқын түйін бар еді... «Жүрегімді ыстық өмірден тигандай, ерімес мұзым, таусылмас тоным жатқандай» деуші едім!.. Соны... осы Арманды жақында, Алматыда қайта тапқанда ендігі сезімдеріміз еріте бастағандай еді!.. Енді міне, қайтіп бас тілегін тілей аламын!? Қандай сан, қандай жүзбенен жадағыдай күйде ерлі-жарлы күн

кеше алам онымен!?. Бұ не деген менің өмірімнен, менің бас тірлігімнен үнемі бір арылмайтын, қалмайтын, қалың сор?! (Жылап жібереді.)

Ш ы м ы л д ы қ

## Жетінші сурет

Жақсы жиылған кең бөлме. Нина, Алуа, Арман, Сексек шығады. Аздан соң әдемі киінген, кеуделерінде ордендері, өкімет мүшесі значектары бар Жанар, Айбала, Кәмшат, Анар, Сәуле келеді.

Н и н а. Бар жай түсінікті, жалғыз-ақ жөн бар. Мен бүгін обкоммен, Сапармен сөйлесіп, сіздердің сыртынан, әсіресе, Алуа, сенің сыртынан бір байлау айта бастадым. Ақтал ауданындағы әйелдер арасындағы партия басшылығы өткізген бірнеше жылдық тәрбиелік жаңалықтарды, жан-жақты мол істерді тек осы Ақтал ауданында ғана қалдыруға болмайды!.. Сол үшін, Алуа, сен осындағы бар еңбектің, қиыншылық, тартыстың бәрін де жазуың керек. Жаздың ба осыны?

А л у а. Есіңде ме, Нина Ивановна, маған Сапар аға осы ауданға жібергенде «табысыңмен ғылымға қайт!» деп еді. Мен диссертация жазбақ едім ғой, ұмытқан жоқсың ба?

Н и н а. Неге ұмытам? Ендеше обком маған бар істің ақырында сенің осы жөніңді айрықша тапсырған болатын. Сен менімен Алматыға да жүруің мүмкін.

А л у а. Диссертация жөнінен жүрген де қажет пе деп отырмын. Мен профессор Марданнан хат алдым. Диссертациямның толық жоспарын жіберіп ем. Хатында мен ойламаған тың бір жайлардан аса көп оқшау сөз қозғапты.

Н и н а. Қандай сөз?

А л у а. Мен әйел мәселесіне коммунистік қозғалыстың дүниежүзілік тарихи көлемінде айтпақ едім. Дәл деректерді қазақ сияқты, советтік шығыс әйелдерінің Октябрьден бергі тартыс, табыстарына арнамақ ем. Профессор Мардан оны «аз» депті.

Н и н а. «Аз» депті, не себепті?

А л у а. Бұл күнге шейін менің мүлде ойымда жоқ және өз білуімше жаңағы тақырыбыма жанасы жоқ бір жайларды ұсынып отыр. Өзі осыған барынша салмақ салып айтады тағы да.

Н и н а. О қандай проблема?

А л у а. Алтын орда, ноғайлы және қазақ хандықтарының бірнеше әйелдерін зерттеп қос дейді.

Н и н а. Оның мына тақырыпқа қандай қажеті бар?

А л у а. Сол деректер болмаса, тарих ғылымына ұқсамай, өріс шолақ болады дейді.

Н и н а. Тындамаса қайтеді сол айтқанын?

А л у а. Болашақ оппонентім... Дауым бар өзімен. Кездесуім, баруым шарт Алматыға!.. Оның үстіне тағы бір ойым бар... Сол айтқан деректеріне қарсы ойымды түгел құрастырып алайын. Өзінің де бар дәлелін, жеріне түгел жетіп, бар шынын білейін. Осыны білмекті, бір себептерден қатты қадағалап, көп ойлап жүрмін... Қалай кезігер екеміз?! Ойымда жүрген көп түйін бар. Жо... бару шарт Алматыға!.. Менің осылай Алматыға аттанып кетуім де мүмкін екен-ау, Арман!

А р м а н. Амал қанша!..

С е к с е к. Қой, неге асығыс онша да мұнша!

А л у а. Әйтеуір, Секе, мен туралы тоярың да, тынарың да жоқ-ау!

С е к с е к. Е, үйлі-баранды болған соң отыра түс демей не дейік? *(Әсия кіреді, әскерше киінген).*

А л у а. Ася, Асюша, жүрмекке қамдандың ба?

Ә с и я. Жүріп барамын!.. Сізбен, сіздермен қоштасуға келдім, Алуа тәте!

А л у а. Солай болдың ба, жаным! Жолың болсын, абырой тап, бақыт тап. Аман бол, айналайын!.. *(Әсияның көзінен сүйеді. Жанар бастаған бар әйелдермен Әсия сүйісіп қоштасады. Ол жүрерде.)* Білемін Асюша, сен отырсың, ерсін! Сен біздің ауданнан шыққан совет қызының, ең үлгілі азаматының бірісің! Сені майданға өз ықтиярыңмен әкетіп бара жатқан да Ленин комсомолының ұлы тәрбиесін ақтаған азаматтық үлкен санан!..

Ә с и я. Алуа тәте, менің әкем де, шешем де өзіңіз боп алғансыз... Оны да есімде тұтам... Біліңіз, оны да ақтармын!..

А л у а. Білем жаным, ауданнан Оан қорғауға бара жатқан бірінші қазақ қызы сенсін. Сені біз көп сағынамыз, көп ойлаймыз. Жақсылық істерінді, бұндағы еңбек майданында мындарға үлгі етеміз. Осыны есіңнен шығарма!.. Бақыт тап, бауырым!.. *(Сүйіп жөнелтеді. Арманға повестка әкеліп береді.)*

Арман (повестканы Алуаға көрсетеді. Пауза). Мен запастағы офицер болатұғым. Бір жұбанышым — станцияны түгел салып үлгірдім. (Алуаға қарап.) Басқа да ұзақ жылдар бойындағы арманыма жеткен шағым еді!.. Мына повестка бойынша мен ертең, бүрсікүндері-ақ Қостөбеден аттанатын болармын!.. (Телефон, Алуа телефонда.)

Алуа. Бейсен!.. Не дейсің? Запастағы офицер!.. Арман алды повестканы, алып отырмыз. Қалай дейсің? Сен де запастағы офицер ме едің? Сен де аттанатын болдың ба? Қалай, бұнда қалай болғаны? Обкоммен, Сапар ағамен де сөйлестің бе? Жоқ, маған әлі звонить еткен жоқ... Не дейсің? Мен бе? Бұ қалай, қандай шұғыл!.. Бейсен бауырым, жолығамын, тез барамын!..

Нина. Мен аңғарсам, Ақтал райкомының бірінші хатшысы және де майданға аттанады.

Алуа (ойда). Ия, солай аттанады.. Білемін қандай шұғыл өзгерістер!..

Нина. Оның орнына хатшы боп Сатаева Алуа қалалды, солай ма?

Алуа. Білмеймін... таң қаламын, хайранмын. Осынша жауаптылық... Сондай үлкен ауданда... (Тағы телефон.) Ия, Сапар аға, Алматы! Алматы! Ия, Сапар аға, мен Алуа. Жаңа ғана сіздің алдыңызда телефоннан, Бейсеннен ғана естіп отырмын!.. Бұл қалайша? Сапар аға!.. мен ақтай алам ба, әл-шамам жетер ме?.. Обком бекіткен бе еді? А-а, ЦК да солай байлады дейсіз бе? Түсіндім... Қашан! Бүгін түнгі поезбен бе? Құп, Сапар аға, әзірленейін... (Трубканы салып, үйдегілерге.) Түсіндіңіздер ме, жолдастар? (Алуаның сөзінің уақытында үнсіз тыңдаған үй-іші тегіс тұрған, Алуаға қарай ұмтыл түскен күйде.)

Жанар. Біз білсек, Алуа тәте, осы сәтте соншалық үлкен, шұғыл және тамаша өзгерістер болып жатыр-ау!..

Айбала. Алуаш, айналайын, қайырлы болсын!.. Бейсен бір спецовканы бұрын бітірсе де, өзің де олқы соқпайсың, қуанамыз, құттықтаймыз!..

Кәмшат. Қорғанбаңыз, Алуа тәте. Алыңыз Отан әмірін!.. Артында тобың, қатарында канатынбыз...

Анар. «Келсең келде кез болды, кейіте беріп қайте-сің» депті ғой бір өленде!.. Жүздеген, мыңдаған Ақтал әйелі досың бар. Партияның, Отанның саған сенгені, бізге де міндет артқаны деп ұғармыз!

Н и н а. Міне, сенің ендігі жауабыңды, жұрттың тілі, мына достар үні танытты!..

А л у а. Сапар аға айрықша үлкен тапсырма алу үшін ЦК-ға тез жет деді. Бүгінгі түнгі поезбен шық деді ғой. «Облысқа, республикаға, барлық одаққа арнап Ақтал әйелдері атынан отаншыл серт, үндеу алу керек» дейді. Бұл Ақтал ауданының тарихында сондайлық жауапты, ерекше міндет болар!.. Ал, достар, қазір сағат он!.. Енді қырық бес минутте Алматыға қарай поезд өтеді. Мен Бейсенге де соғамын... Көріп отырсыздар! Арман, тығыз әзірлік шарт! Қамдану.. амал бар ма, жаным!..

Н и н а. Мен де тез әзірленейін. Жүріске асығу керек. Барлық жай, Арман, өзіне де түсінікті ғой!.. (Арман, Алуа аз оқшауланады.)

А р м а н. Өкінбеймін, Алуаш, бірақ өздерімізді, екеуімізді сәл кіналаймын... Дәуреніміз... соншалық күншуақты күніміз берген еркіндікті, рахат кеншілікті неге осыншалық сараң, олақ пайдаландық екен...

А л у а. Сыртымыз айтпаса да, сараң сөз тұтқыр тілден шықпаса да, сен екеуіміз жүрекпен, ішпен көптен үйріліп сөзсіз, үнсіз табысқан жандар ек...

А р м а н. Бірақ неге кешіктік, неге іркілумен келдік? Енді міне...

А л у а. Білем Арман... Арманым!.. Иланамын, сенін айтып тұрғанын күйініш емес. Сен бұл сапарға күйініп аттанбайсың, мен өзім де күйініп аттандырмаймын. Жарым кетті, тіршілік барлығымның жарымы, ардақты сапарға, әділ кек, асыл азамат жолына аттанды деп ұзатамын мен сені... Мұндағы бар еңбекпен, бар тірлігімде сенің майдандағы ісін қасымда, қатарымда жүрген қанаттасым, серігім болар...

А р м а н. Бақыттымын, Алуаш... Аман бол, зор бақыт тап сен алдыңда... Бар сертім, бар тілегім сенімен. Шак қуаныш болса да мәңгі кемімес те, ұмытылмас іштегі сәлем болар... Ризамын саған!

А л у а. Қош, жаным!.. (Екеуі сүйіседі. Сахнада қараңғылық.)

Ендігі оқиға райком хатшысының кең бөлмесінде. Сахнаға бір топ бөгде адамдарды бастап Сапар шығады. Қасында орталықтан келген және өзінің көмекшісі тәрізді адамдар бар. Алуа мен Сапар сөйлесіп келеді.

С а п а р. Біздің газеттердің адамдары бар ма? «Правданың» тілшісі келді ме?

А л у а. Келген, осында болар.

Т і л ш і. Мен мұндамын, бармын Сапар Сеитович!

А л у а. Ендеше, біздің аудан көлеміндегі колхозшы, жұмысшы, интеллигенция өкілі болған әйелдер қауымынан арнаулы үндеу қабылдағандары туралы рапорттарың естуге рұқсат етсеңдер, жолдастар!

С а п а р. Рұқсат, басталсын! *(Есіктен бөлек-бөлек топтарымен неше лек әйелдер өкілдері келеді.)*

А л у а. Жолдастар, келісіп алайық. Үндеудің алғашқы бастамасын өздеріңіздің ұйғаруыңыз бойынша Қазақстан Партия Орталық Комитетінің хатшысы жолдас Сеитов айтады. Содан ары аудандағы озғын стахановшы әйелдер кезекпей сіздер, өздеріңіз үн қосасыздар. Атақты қызылшашы, күрішші, сауыншы, өндірісші әйелдер, бүгінгі сөз сіздердікі. Ал ең алғаш бастау сөзді жолдас Сеитовқа бердік!..

С а п а р. Жолдастар, үндеулеріңіздің басы былай басталса нетеді! *(Қызулы екпінмен.)* Біз, бүгін жауға қарсы оқ есебінде Ақтал ауданының Отан сүйген колхозшы, жұмысшы қызметкер әйелдері атынан: майданға аттанған жауынгер ерлеріміздің аналары, жарлары, апақарындастары, қыздары боп осы үлкен тарихтық үндеуді қабыл аламыз! Аудандық партия басшылығының алдында, Қазақстан партиясы Орталық Комитетінің алдында Ленин партиясы алдында, Совет үкіметі алдында осы жариялағалы отырған байлауымызға серт береміз!..

Ж а н а р *(іле жөнеледі)*. Ол сертімізде өзімізге қояр шартымыз. Отанымызға берер антымыз сол — аудан әйелдері өзіміз еңбек еткен колхозда, бригадаларда, созхоздарда, фермаларда, отар-қашарларда, заводтардың цехтарында, Костөбе станциясының жұмыстарында!.. *(Енді осыдан арғы сөзді Айбала, Қамшат, Сәуле, Анар кезектеп айтып жөнеледі.)*

А й б а л а. Барлық Ақтал ауданының еңбек етуге қуаты бар әйелдері — өзімізді майдан үшін, Отан қорғау үшін бар-бар күшін сарп ететін мобилизациялық халде деп жариялаймыз! *(Сексектің оркестрі әсем марш тартып тұрады.)*

А н а р. Аудандағы еңбек салаларының бәрінде қызмет етуші әйелдер, ерлеріміз жауды жеңіп, құртып болғаша стахановтық еңбекке айнамастан берілдік, бекіндік деп санаймыз!..

Қ а м ш а т *(іле жөнеліп)* Сол үшін бригадалар мен



бригадалар арасында, колхоз бен колхоздар арасында, өндіріс цехтары арасында «Отан үшін!», «Барлық жеңіс үшін!» деген ұранмен социалистік жарыс жариялаймыз!

Сәул е. Ақтал ауданының әйелдері, біз Отан соғысы басталған күндерден бері қарайғы еңбек тәжірибемізді жиып кеп, бүгін жасаған байлауымызды бүкіл Қазақстан көлемінде мәлім етеміз. Қазақстандағы бар облыстарда, бар аудандарда, еліміздің отаншыл зор саналы еңбекші әйелдерінің бәрін де ерекше жігермен еңбек етіп, қайрат атуға үндейміз.

Жанар. Майдандағы ерлеріміз алдында, барлық ардақты Отан алдында, қажымас қайрат, мойымас жігер, зор сананы серік етіп, ауыр сындарды адақтаймыз, біз жеңіп шығамыз деп сенім айтамыз!.. *(Енді Алуа осы әйелдер ортасына барып тұрады да, барлық сахнадағы әйелдер бір үнмен ұран тастайды.)*

Әйелдер. Біз жеңеміз! Барлығы жеңіс үшін! Отан үшін! *(Деп серттерін аяқтайды. Сексектің жігерлі маршы да осымен аяқталады.)*

Сапар. Ұлы совет халқының жалынды, жігерлі әйелдері, қымбатты достар! Сіздерге үгіт сөз қажет емес. Барлық жайды, қасиетті шындықтарды, Отан күтер жалын, жігерді жаңағы уәделерінде өздерің айттың!.. Істер істі серттерің шешті. Осы кішкене бөлмеде қазір ғана сіздер тастаған жаңағы ұран ертен бар Қазақстан өлкесіне, «Правда» газетінің бетінен, барлық одақ көлеміне, дүние жүзіне жалындай шалқып, шырқап тарайтын қасиет ұраны болмақшы! Бір-ақ нәрсені айтамын да тоқтаймын; серттерің зор, үндеулерің үлкен, әлемге жеткен үндеу болғалы түр!.. Ендеше, тартыс та ауыр, сын да зор. Табандап шыдап, атаған алыс қиядан алыптарша табылыңдар!..

Алуа *(қасындағы жаңағы қалың топ әйелдермен)*. Барлық жігер, барлық тілек, қайрат — жеңіс үшін! Отан үшін!..

Сапар *(Алуамен оқшаулана)*. Жанар мен Айбала ғана емес, Анар, Қәмшат, Сәул е бәрі де сондай сенімді, серпінді!.. Жалын да бар, жарас та бар. Осылар ықпалына сүйеніп аудан өрлесін... Ауданға сүйеніп облыс бел алсын. Осы аудан мен осы облыс үлгісін бар Қазақстанға, республикаға тарату біздің міндет. Қандай қадірлі істің басында тұрмыз. Серпін атқалы кернеп тұрған күшті

оятқандайсың! Бірақ жадында тұт және де сендер, тәжірибең түп тірек боп тұр. Сен құлатып алсаң көпті құлатасың, күрт құлатасың, түсіндің бе? Ауыр. . ауыр да болса асыл... Алтын, платина салмағындай қымбаттың ауырлығы... Ол қадырлы... тек осыны азайтып ала көрме! Тек өрлей түсіп өсе бер!— Серт не... Алуа!

А л у а. Болсын, Сапар аға... барыммен осы серт үстінде болармын.

С а п а р. Ал диссертация ше? Біз Нина екеуіміз оныңды да көп еске аламыз... Біте ме.

А л у а. Істеп келем... Бірақ... кайда! Мынау міндет...

С а п а р. Жок оны да үлгер, мұны да өндірі... Есінде болсын... мен сенін ол міндетінді ЦҚ-да бірнеше жолдас-тарға да айтқамын, тосамыз...

А л у а. ЦҚ-да!.. Тосамыз!?

Ш ы м ы л д ы қ

## ТӨРТІНШІ АКТ

### Сегізінші сурет

Оқиға сахна шымылдығы алдында, авансценаға тақауда Алуа шығады.

А л у а. Қандай күн... қандай күнде хабарың жетті, Арманым, ардақтым! *(Хатты қайта оқып.)* Бүгін менің ең бір ауыр сынға түсетін, өмірдегі аса бір жауапты белге басқан қысталаң да, қиын да күнім еді. Сол шақта мұнда мені іздеп табар ма? Әдейі осы күнге қуат қосуға талпынғаны?! Хаты келді, ол тірі!.. Берлинге соңғы шабуылдар жасаған күнде, одан ең соңғы хабар келген де үзілген еді... Қылдай үміт, леп еткен еміс бір хабар болса деп аңсағаным, түндер бойы жастар төгіп еңірегенім қандай еді? «Сауығып келем, жетем» депсің! Жаным, Арман, жет! Қанатым!.. *(Нина шығады.)* Білдің бе, Нина! Мен бақыттымын! Міне...

Н и н а. Арманнан ба? Тірі ме, бар ма? Алуа, қуанышым, досым менің, құттықтаймын. Тірі ме ол?

А л у а. Міне, оқы... тірі. Жарасы орасан ауыр болған тәртізді.

Н и н а *(оқып)*. Ия, мәлім... «Көріскенде айтам» депті, «кейінірек жазам» депті. Ұзақ айлар екіталай өлі мен тірінің арасында болған! Бірақ сауықтым, шатпын, сауықтым депті... Қандай бақыттысың, қымбаттым, сүйікті

Алуа! Жә, енді бұл қуаныш сенің мынадай үлкен сын күніне дәл келген екен!.. Іштегі қуатыңа қуат қоссын!..

Алуа. Ал, қазір защита басталады, сен не айтпақ едің?

Нина. Соны айт! Жалғыз-ақ бір жаңалық бар. Ойда жоқ хабар, өзін ақырына шейін естігем жоқ. Кейін Сапардан білеміз! О кісі Москвамен асығыс жалғасып, анықтап жатыр.

Алуа. Иә, о не? Не айтқалы отырсың?

Нина. Еміс хабар бойынша Ақталда Ұлы Отан соғысы жылдарында ер қайратын көрсеткендері үшін он екі әйел өзгеше бір, отандық сыйға ие болатын тәрізді. Дәлін, толығын кейін естиміз. Жә, енді диссертацияға келейік!..

Алуа. Ия, соны айтшы! Соңғы түрін жаңа ғана оқып болған едің. Барана телефонмен мені сен шошыттың ғой... Анық орасан қателіктерім бар ма?

Нина. Бар! Рас ең әуелі... Диссертацияң өзі жақсы... негізгі ісің ақылды... дәлелді... Және шын... анық ғылымдық еңбек өте бағалы... Ал анау қосымша, приложениең... Міні бұл жайдан мен қатал сөйлеймін, Алуа, өйтпеске шарам жоқ. Мұнда толып жатқан керексіз артық дүниені текке шарлағансын. Мысалы, әлдеқандай алтын орданың, хандар сарайының жоқшысы, заршысы Қараүлекті қайдан таптың? Әменгерлік, жесірлік салтының тұтқыны, күні болған Қыз Жібектен не іздейсің? Және орыс халқы мен қазақ халқының жауы болған Кенесарының қарындасы Бопайды несіне жаздың? Қазақ әйелінің халіне арналған ғылымдық еңбектің бір мақсаты осында болғаны ма? Мен сенен сұраймын, осы ма?

Алуа. О, Нина, дұрыс, бәсе дұрыс ашуланасың. Бұл айтқаның бәрі артық қой! Ә? Қосымша, приложение қажет емес, керексіз, солай ма?

Нина. Әрине керексіз.

Алуа. Ал маған осыны қоспасаң, «тарихтық, ғылымдық зерттеу болмайды» деді... Оны білуші ме ең?

Нина. Кім солай деді?

Алуа. Менің оппонентім. Профессор Есенов Мардан солай деген жоқ па? Мен саған айтпап па ем Ақталда! Ұмыттың ба, әлде?

Нина. Жоқ, ұмытқам жоқ. Сондықтан да неге бұны жазған деп ызаланып тұрғам жоқ па? Осының артында өзгеше залалды улар жатпағанын қайдан білдің!?

Алуа. Бәсе... Міні дәл айттың, енді сәл сабыр ет! Мәлім болсын саған. Жадында мықтап тұт осы сөзімді. Мен профессор Мардан қоймай қудалаған соң, осы жайды жеріне жете білдім де енді бар дерегін жылдам әкелдім және бір өзгеше ойға бекіндім!..

Нина. Ең алдымен қазір тез батыл, байлау жаса да, бұл бөлімді алып таста! Бұл көрінеу зиян, анық у!.. Егер алып тастамасаң мен бекіндім, қазір тура мен қарсы шығамын! Сені де, профессорынды да айыптап қарсы шығамын!

Алуа. Дұрыс! Егер бұл материалды қалдырсам оның да тура. Бірақ мен қазір профессор Марданды сынауға бекіндім. Не үшін екенін бүгін осы жерде көресің. Бұл бөлім менің диссертациямның негізі де емес... Қымбат бұйымы да емес... Ол әдейі алып тасталуы оп-оңай болып істелген приложение, түсінесің ғой сырт материал қосымша! Сол себепті өз баяндамамды ең алдымен осы қосымшаны жойып, керексіз деп алып тастаудан бастаймын. *(Осы сөздердің тұсында Мардан шығып тыңдап тұрады.)*

Мардан. Сіз нені алып тастаймын дейсіз, Алуа!?

Алуа. Біліңіз, профессор, сізге де мәлім болсын, мен ойланып келіп-келіп дәл осы сәтте болса да, сіздің өзіңізге айтқан, өзімше керексіз деген приложениеміні өшірдім деп жариялаймын!..

Мардан. Жок, Алуа, қайтыңыз бұл байлаудан! Оның диссертация қорғалмайды!

Алуа. Қорғалмаса қалсын, профессор! Менің ойым енді ол орасан жат жайларды жақтауға баспайды, бара алмайды. Қазір менің баяндамамның басы диссертациямдағы керексіз, артық бөлімді алып тастаудан басталады.

Мардан. Ендеше өкпелеменіз, қарындас! Біз сізбен қырықпышақ қан боламыз! Менің де басқа байлауым, жауабым жоқ!.. Қимылыңызды, әр ойыңыздың ауыздан шыққан әр сөзің, әр үнін сынап тосуға бекідім, соны біліңіз! Қашан айттың деменіз, кескілескен күй туар!... *(Қараңғылық. Шымылдық ашылады. Конференцзал. Мәжіліс жүріп жатыр, зал толы. Сахнада ғылым кеңесі. Кафедрада профессор Мардан сөйлеп тұр.)* ...Тағы қайталап айтамын, құрметті ғылым кеңесі мүшелері, диссертант Сатаева Алуа көп еңбек етіп, тарихтық ғылымға қажет болған деректерді жинап алса да, білгенін пайдалана білмеген. Бар еңбегін азға, саязға сайған. Ғылымдық зерттеу емес, женотдел үгітші-

леріне блокнот есебіне жүрерлік брошюра қатарынан аспайтын, немесе журналдық мақаланың бойынан озбайтын арзан шындықтарды тізген. Осы себепті мен Сатаеваның еңбегін ғылымдық бағасы бар еңбек деп тани алмаймын. Сондықтан, құрметті ғылым кеңесінің мүшелері, совет оқымыстысының ары өзіме бұйыруы бойынша, мен бұл еңбекті диссертантқа кандидаттық ғылым дәрежесін беруге жетерлік еңбек деп санамаймын! Бұндайлық еңбегі үшін Сатаеваға тарихтық ғылым кандидаты атағын беру мүмкін емес деп қорытамын!.. *(Пауза. Залдағы жұрт: «Қандай қатты байлау!» «Не деген аяусыз соққы!» «Бүйтетін болғанда оппонент болып несі бар?» «Мынау тегін емес қой». «Мұның артында бір үлкен зілдер жатқан жоқ па?» «Не қылған қастан мінез сияқты нәрсе!» Осындай дабыр-шу үстінде қараңғылық түседі... Енді бір кезекте Алуа сөйлеп тұр.)*

А л у а. ...Жолдастар, профессор Есеновтың менің еңбегімді айыптаған сөздеріне қарсы айтатын дәлелдерімді қорыта келіп, құрметті ғылым кеңесінің мынау жайға айрықша назар аударуын тілек етер ем. Профессор Есенов мені Қара-үлек, Бопайлар жайын жазбадың деп кіналайды. Менің диссертациямның жөні ең алғаш 1939 жылы, одан кейін 1943 жылы сөз болып жүрген шағында әр кезде жаңағы әйелдерді профессор Есенов маған үнемі ұсынатын еді. Осылар жайын маған жаз деп тықпалай берген себепті мен қазір, осы жиын үстінде, өте айқын түсініп тұрмын. Сол түсінгенімді мына отырған жұртшылық сіздер де түсінсін деген ойға келдім. Профессор Есеновтың, менің қолыммен, бұрынғы Алтын орда, ноғайлы хандықтарын, кешегі қазақтың феодалдық-хандық сорақылық тұрмысын ақтап жаздырмақ мақсаты бар екен! Бұл ғылымдық проблема деп аталған бопты, анығында ол ғылымдық проблема емес, атын атап бар сыры мен шынын ашып айтайын жұртшылық. Ол — бұл күнде барып тұрған буржуаздық-ұлтшылдық программа екен!.. Мен ендігі сөзді диссертацияны қорғау үшін ғана сөйлеймін, идеология майданындағы партия талабын орындаушы, әлеумет қызметкерінің бірі есебінде қазіргі мәжіліс тақырыбынан шыға сөйлеуге міндеттімін. Бұл ар қарызы, азаматтық қарызым!.. *(Залда бұны қостаған, қожыраған үндер білінеді)* Профессор Есенов маған дау айтып тұрған жоқ, зор қарсылық қайрат айтып тұр. Бір жайды еріксіз еске аламын: 1926 жылы мені әйел үстіне

зорлықпен тоқал етіп аламын деген бай болған еді. Дәл сол байдың бірге туған інісі профессор Мардан сіз едіңіз!.. Содан бері 1931 жылы мен Ақталда істеп жүргенімде әрі ұры, әрі банды боп кеткен сіздің ағаңыз Доғал мені жоймаққа оқ атқан еді. Сондағы ағаңыз атқан оқтан мен өлмей қалып едім. Бүгін сіз сол ағаңыз Доғал қолынан түскен мылтықпен мені қайта атып тұрған жоқсыз ба? Атып тұрсыз және көп әзірленіп кеп, көп жасырынып, шебер боялып, ұзақ құбылып кеп атып тұрсыз!.. *(Залда тағы да үлкен сенім, достық бейіл көрсеткен үнбер.)* 1926 жылы мен сол қорқау байлардан үрейім ұшып, қашып қызыл отауға келген ем, сонда мені студентка орыс қызы — Нина, жаудың оғына өз кеудесін төсеп, қорғап қалып еді. Сол орыс қызы, партия, совет азаматы, партиялық, лениндік ғылымның батыл қайраткері — профессор Нина Ивановна Ершова бүгін де мені жаудан қорғап, профессор Есеновтың алдауы мен аздыруына ергізбей алып қалды... Тағы да саған мың сан рахмет, орыстын жақсы адамы... Спасибо тебе, хороший русский человек Нина Ивановна!.. *(Сахна залында қол шапалақтау, дырду.)*

Жұрттың сөздері.

Қандай майдан берді Алуа! Қалай жеңді жекпе-жекте! Бар ініне су құйды ғой профессордың!..

Партия тәрбиесі, ғылымның өзі үшін де қалай өсірген Алуаны?!.. *(Беріге Сексек пен бір кішкентай әйел оқшауланады.)*

Сексек. Е, бәсе! Тап солай, дәл солай... Дәл, дәл солай... Бәсе, біздің Алуа қалай!.. *(Кішкене әйелді қағып кетеді.)*

Әйел. Е, мына бейбаққа не боп кетті. Ұшып кетер ме екен?

Сексек. Әй, сен не дейсің-ай өзің? *(Әйелдің сыртынан сөйлеп тұр.)* Қарашы тілін қаршадай боп ап!..

Әйел. Қаршадай?.. Қарашы сөзін өзі таудай кісімісің!

Сексек *(әйелге қарап, бала емес екенін аңдап, шұғыл өзгеріп тамашалайды)*. Не дедің әй, айналайын, таудай деймісің?

Әйел. Е, таудай десе немене? Болмаса жардай жігіт дейін бе?

Сексек (қызығып, күліп). Айт-айт! Айналайын тағы айтшы. Ой астай!..

Әйел. Қарағым-ау, есалаң ба? Несіне ыржаңдайды өзі?

Сексек. Ой астай... (Қызығады.) Ой, тоба, іздегенге сұраған.

Әйел. Сұраған боса сұраған... Қорқар деп пе ең сенен?

Сексек. О не дейсің, қалқам-ау! Ойбай, қорықпа! Айналайын, тек қана, бір ғана сөз айтшы, қалқатайым. Осы... күйеуің бар ма, жоқ па?..

Әйел. Жоқ болғанда қайтейін деп ең? Жеп қоям ғой дейсің бе? Ал, күйеуім жоқ!..

Сексек. Іздегенім дәл, дәл өзі. Бұл жайды жақсылап тыңда, жарқыным, мен енді барымды айтам. Осы шаққа шейін Жиренше шешен сияқты өзіме лайықтыны іздеу келгем. Бойы теңді айтам, бойыма бойы лайықтыны айтам. Болмаса, анадай, тырнадай әйелді мен не қылам! Ой астай... Дәл өзі, тап іздегенім. А-а-айналайын...

Әйел. Ендеше менің атым — Балжан, Бал-жан!..

Сексек. Айналайын атыңнан. Аты қандай десенші. Әрі бал, әрі жан! Ал мен... (қоқиланып). Дирижер оркестра народных инструментов, композитор, заслуженный артист — Сексек Сеңгірбаевпын!.. Сондай тәтті, бүлдіршіндей, үріп ауызға салғандай!.. (Бұлар кете береді. Алуаны Нина оңашалап алып шығады.)

Нина. Алуа, қымбаттым... Қуана бер, жаңа Сапардан толық хабар келді, сені құттықта депті. Әсіресе зор қуанышпен құттықта депті.— Ақтал ауданының он екі әйеліне Социалистік Еңбек Ерлері деген атақ беріліпті. Солардың алдында, ең бірінші боп аталған, Алуа жаным, сенің атың!.. Қазір тез ЦК-ға шақырады, Сапар сені бүгін Москваға ЦК ВКП(б)-ның шақыруы бойынша самолетпен ұшуға әзірленсін дейді. Алдында тағы тосқан өзгеше бір жаңалықтар болар. Жүр, жолың болсын!..

Шымылдық

### Тоғызыншы сурет

Пекин. Қатын патша Ця-Сидің жазғы сарайы. Азия халықтарының көп топ әйелдері. Алуа қазір бір топ иран, түрік әйелдерінің ортасында.

Түрік әйелі. Сіздер — қазақ, өзбек, татар, түрікмен сияқты халықтар бұрынғы тарихта Россия мұсыл-

мандары аталғансыздар. Бұл таифалардың көбі исләм дініне кірмес бұрын уахшилар еді. Исләмият сол халықтардың әйелдер халіне не жаналықтар кіргізгенін сіз білмейсіз!..

Иран әйелі. Әлбәттә білмейді, себебі бұл кісі мұсылман емес!

I-әйел. Себебі, бұл кісі дінсіз де!

Түрік әйелі. Сіз исләм діні — Мұхаммәд Мұстафа өзі айтқан жолды білесіз бе? Білмейсіз!..

Алуа. Білмейді емеспін, бәлки білермін дел

Түрік әйелі. Айтыңызшы білсеңіз, мысалы Мұхаммәд пайғамбар әйелге оқыма деген бе?

Алуа. Жок, оқысын деген (*арапша*). «Әл ғылыми фаризатун ғәлә кулки мүслимина уә мүслиматун!» Рас, пайғамбар: «Ғылым, мұсылман ерлермен бірге, мұсылман әйелдерге де парыз» деген. Бірақ мұсылман ғаламінің барлығында әйел халінің масқара қорлыққа ұшырауына да осы жолдың өзі себеп болған-ды.

Иран әйелі. Өзі емес, кейінгі замандар бұзып өзгерткен әйел халін!.. Мысалы, сұлтандар, шахтар құрған харрамдар пайғамбар әмірінен туып па еді?

Түрік әйелі. Әр хауліде ичкарилер болсын деп пайғамбар айтқан ба еді?

Алуа. Рас, оларды айтқан жоқ. Бірақ өзі өмірінде тоғыз мәртебе үйленген Мұхаммәд болатын. Дін басы, ахлақ, адамшылық, ғәдәлет басы дейтін ұстаз өзі соны істесе, кейінгі шахтар, сұлтандар, әмир, халифтер — харрамдар жасамай не жасаушы еді? Қысқасы қай діннен болса да, әйел халіне рахым күтпеңіз?!

Түрік әйелі. Біз әйел халі үшін, азаттық үшін алысушымыз, бірақ айтамыз: «әлхамду лиллаһи» және мұсылманбыз!

Алуа. Әйелдер арасындағы буржуаздық қозғалыс, Түркия, Иран әйелдері, сіздерден ғана басталған жоқ. Францияда, Америкада, Англияда феминистка, суффражисткалар қозғалысы ертеден-ақ басталған. Бірақ солардың бәрінде де бүгін сіздердегі сияқты, буржуаздық қоғамның дініне, заңына байланысты кертартпа сана басым болған да, әйел халіне әлі күнге түк өзгеріс кірмей келген. Бұл қозғалыстардың бәрі де алдаумен келген әйел жынысын! Сіздерге де әйел халінің жоқшысы болғанша, тыныш қана, инабатты мұсылманның иғтиқатты ханұмы ғана болып отыру жайлырақ та, лайығырақ ке-



лер! Болмаса ХХ ғасырда әйел халінің шешуі бір ғана жолда, бір ғана негізде болатынын аңғарар едіңіздер!..

*Түрік әйелі. Үгіт, үгіт!.. Большевиктік үгіт! (Түрік пен Иран әйелі сияқты екі-үш әйелдер шұғыл тайып кетеседі. Бұлардың орнына Алуаны қоршаған басқа Азия елдерінің әйелдері жылы қарап, сенімді жүзбен сұрақтар береді.)*

I-әйел. Азия әйелдерінің тартысын, сізше, енді қандай ұрандар астына тез ұйыстыруға болар еді?

II-әйел. Сіз дұрыс айттыңыз, Азия әйелдері өз тартысын үлкен тарихтық тартысқа қатынастырумен ғана мұратқа жетеді!..

III-әйел. Дін бұл жолда программа емес!..

IV-әйел. Жанағы әйелдер адасады. Сіз бізге ендігі тың тартыстың, бар Азия әйелінің басын қосатын тартыстың бетін айтыңыз!

Алуа. Бұл жолда менің айтарым: дәл бүгінгі күндерде жалғыз-ақ ұран — ол бейбітшілік үшін алысу! Азия әйелдері әрі өзінің әйелдік, аналық, балалық бақытын қорғау үшін, әрі дүниелік ең ұлы, ең таза, биік ақтық ұранға үн қосу үшін, тек қана бейбітшілік ұранын қостасын! Дұрыс па, осы?

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс!.. *(Алуаны тағы да әр алуан киімдер киген көп халықтар әйелдері қоршайды. Бұл топ біріне-бірі қарап күледі. Бірақ тілдерін білісе алмайды.)*

Алуа. О, тіл! Тілдер!.. Қандай бөгет!.. Біз бір-бірімізге ішімізді аша алмаймыз, тілдегіні жеткізе алмаймыз!.. Бірақ тыңдаңыздаршы, ортақ тіл бар екен. *(Ағылшынша.)* Мен таптым бізге ортақ тілді! Ол — музыка, ән!.. Келіңіздер біздің халықтарымыздың әйел турасындағы әндерін айтайық!.. Тек ол әнді, әйел өзінің жанымен жырласын!..

Япон әйелі *(ағылшынша)*. Әйел әні болсын, әйел жаны жырласын!..

Бирма әйелі *(французша)*. Әйел жанының әні шырқасын!

Малайя әйелі *(немісше)*. Әйел өзі туралы жырласын!..

Қытай әйелі *(қытайша)*. Ән, ана, дос, қаһарман әйел туралы болсын!

Иран әйелі. Әйел тағдыры туралы ән болсын!

Араб әйелі. Әйел хасіреті туралы ән болсын!

*(Осыдан әрі әр әйелдің әні айтылып өтеді. Соңынан Алуа әдемі шат бір ән жырлайды, әні созылып баяулап бара жатқандай шақта шам сөніп, қайта жанады. Ән баяулай келіп, Алуаның трибунада сөйлеп тұрған сөзіне ауысады.)*

Алуа (зритель залына қарап, ең соңғы жалынды сөзін сөйлейді). Құрметті әйелдер! Азия халықтарының әйелдері, апалар, сіңлілер! Сіздерден мұнда естіген сұмдық күйлердің біразын мен де, Азияның бір әйелі, бала шағымда өз басымнан кешіргем!.. Мені, жасқа толмаған жетім қызды, бай екінші әйел етіп зорлап алмақ болғанда, мен қаштым... Қашу сапарында совет заңынан пана таптым. Мен тек қана азаттық алғаным жоқ, білім жарығын да алдым! Өзімнің бақытымды да таптым. Қазір мен Отанымызда Еңбек Ерімін, Үкіметіміздің мүшесімін! Тарих ғылымының кандидатымын!.. Осының бәріне мен өзгеше әйел болғандығымнан жеткем жоқ. Мен біздегі миллиондардың, сан миллион әйелдердің қатардағы бірі ғанамын!.. Тек бір ғана тілек айтар едім, оным: Азияның қалың миллион әйелдері, сіздерге біздің Отанымыздағы әйелдер жайынан анық, дәл шындықтар ғана жетсе екен! Екінші айтарым — барлық Азия халықтарының басшы қауымына айтатын бір ғана сұрағым:— Ол Азия халықтарының қақ жарымы әйелдер турасындағы сұрағым. Қашанға шейін Азия әйелінің тағдырын осыдан екі-жарым мың жыл бұрын орнаған Сидхарта Гаутама Будданың заңы шешпек!? Қашанға шейін, екі мың екі жүз жыл бұрын орнаған Ману кодексі әйел күйін билемек? Қашанға шейін мың жарым жыл бұрын әйелді қорлау заңын орнатқан брахманизм, индуизм әйел тағдырын сорлатпақ?! Қашанға шейін, мен және сұраймын, бүгіннен мың үш жүз пәленше жыл бұрын орнап, әйел жынысын күндік, қорлыққа салған мұсылмандық шарифаты қатал заңын соза бермек?! Сіздерге және маған мәлім. Азияның бірталай тайпаларының, халықтарының арасында полиандрия, яғни бір әйелмен бір үйдің ішіндегі барлық еркек ортақ өмір сүретін салт жойылмай отырған жерлер де бар ғой!.. Мен өз сөзімді бітіремін, жалғыз сұрақпен бітіремін: бұл ар сұрағы, біздің ғасыр сұрағы!.. Бар Азиядағы аналар, апалар, қыздар сұрағы! Осы қорлықтардың бітер шағы бар ма, жоқ па?!

Сахна алдында ду қол соғу.

Ш ы м ы л д ы қ

## ДОС — БЕДЕЛ ДОС

*Үш актылы, бес суретті,  
прологты пьеса*

### АДАМДАРЫ:

Бедел Бегенович Бегенов — тарих ғалымы, профессор.  
Сана — әйелі.  
Гүлжан — қызы.  
Жаппас — Беделдің құрбысы, тарихшы, журналист.  
Құлпаш — әйелі.  
Хажен — гуманитар институтының директоры.  
Жекен — декан.  
Орман — Обком хатшысы.  
Шәріп — ғылым кеңесінің бастығы.  
Шарапат — ғылым қызметкері.  
Делдал — аралық жас.  
Асан } — аралық адамдар.  
Биби }  
Тарих — ұзын, ақ шашты, ақ сақалды, келбетті адам.  
Мұстафа — студент.

## ПРОЛОГ

Бедел кабинетіне сөйлей кіреді. Сана мен Гүлжан онын сөзін шала тындап, өздерінше қарбаласады.

Б е д е л. Ойпыр-ау, әлгі баяндамашы қандай қызық жайды айтты мен туралы. Сана, Гүлжан, түсіндіңдер ме? Қандай ғажайып? Мен Бедел Бегенович Бегенов тарих ғылымының профессоры, ол баяндамашының айтуынша, үш бірдей қоғамдық, тарихтық формациядан өтіп кеп тұрған адам боламын. Ал бір жағынан қарасам, өзі шынға да ұқсайды. Түсіндің бе, Сана, сен? Сенін басыңа сондай ой келгені бар ма, сірә?

С а н а. Басыма келді. Иә, менің де басыма бір ой кеп тұр...

Б е д е л. Не дейсің? Е, онда сен айтшы?

С а н а. Менің басыма сенің ол баяндамашыңнан да бөлек, окшау қиын түйін келіп тұр, Бедел.

Г ү л ж а н. Бәсе, шын қиын осында, қасында, папа!

Б е д е л. Е, ол қалай? Екеуін боп бірігіп тапқан ойың бар ма?

С а н а. «Тапқаным...»

Г ү л ж а н. Тапқан емес, папа, таппай тұрған десеңші!

С а н а. Тіпті ақылым жетпей тұр...

Б е д е л. Не дейсің? О неменен?!

С а н а. Ойбай-ау, орындық жетпейтін боп жатқан жоқ па?

Б е д е л. Не дейді? Қандай, қайдағы орындық?

Г ү л ж а н. Қонақ отыратын орындық ше? Қазір сенің тойыңа қонақ келмей ме?

С а н а. Бәріне жетерлік орындық таппай жатқанымыз жоқ па?

Гүл ж а н. Мама, қырық бес кісі болса, пышак, шанышқы, тәрелкен де жетпейді ғой!

С а н а. Бар ыдыс-аяқ — о да жетпей жатыр.

Б е д е л (*өзінің ойымен*). Апырай, ә? Мен... үш формация...

Гүл ж а н. Папа, құдай ақына, қоя тұршы формациянды!

Б е д е л. Е, неге қоям... Бәрінен қызық та, қиын да сол емес пе?

Гүл ж а н. Ну, папа, қиын болса да сен солардан өтіп, аман жетіп отырсың ғой қасымызда. Олар артта қапты ғой!..

Б е д е л. Немене қапты?

Гүл ж а н. Ну, әлгі, сол... Мучительная стадия капитализма сияқты формацияларын дейім.

Б е д е л. Ә, міне-міне, сен де қызық айтасын.

С а н а. Қырық бес кісі дейді. Анау үйге сыймайды. Осы үйге де стол тасу керек қой. Бірдеме айтарың, көмегің бар ма, Бедел?

Б е д е л. Ой, өзін таба берші есебін! (*Күледі.*) Бәрінен де жаңағыны айтсаңдаршы! (*Қарбаласқан Сана мен Гүлжанды қайта шақырып алады.*) Уай, бері, бері келіндер деймін!

Гүл ж а н }  
С а н а } Е, не айтасың?

Б е д е л. Сендер неге түсінбейсіңдер осы?

С а н а. Бедел-ай, қоя тұршы, тәңірі!.. Бұ не өзі? Әлде юбилейі болған адам жеңілейіп кете ме екен?

Б е д е л. Өздерің жеңілейген. О несі екен? (*Хажен, Жекен, Шәріптер кіреді. Жақын достарша амандасады.*) Ә, міне сендер де келіндер. Мен бір оқыс ойға қамалып тұрмын. Соны мынау Сана мен Гүлжанға айтып сырласайын десем, соңыра келетін қонақты, өздеріңізді тосқан әбігері мол екен, тіпті ақпақұлақтанып алыпты. Мысалы, терезе десем, тегене дейді екеуі бірдей. (*Күлкі.*)

Х а ж е н. Оныңыз қандай ой, бізге айтыңызшы ендеше, Бедел Бегенович!

С а н а. Бәсе, тілеулеріңізді берсін, сол ойын ғана тыңдап, алаң етіңіздерші!

Ж е к е н. Қонақты қарсы алу, әлбетте, бар ойдан басым болсын, Сана! Сіз сөйтіп әзірлене беріңіз!

Шәріп. Бәрекедді. Асыңыз мол, арақ-шарабыңыз көл болсын, көп болсын. Бұндағы міндетті біз алдық. Құп алдық, Сана. (Күліседі.)

Б е д е л. Жә, мен енді сол ойымды айтайын ба?

Х а ж е н. Әлбетте, айтыңыз, соны тосып отырмыз ғой.

Б е д е л. Менің бұл ойым бүгін өздерің де естіген, анау үш формация жөнінде. Елуге келген мені баяндамашы: «Бұл адам азиялық орта ғасырдан бүгінгі жиырманшы ғасырдың ортасына дейін елу-ақ жыл өмір ішінде өтіп жеткен жан»— деді. Сонда мен шұғыл бір ойлар ойлап қалдым. Бұл үш формацияның феодализм мен капитализмін алсақ, Англия, Франция және тағы бірталай Батыс Европа елдері мың жылдай жүріп, әлі түгел өте алмай да келеді. Ал сондай ғасырлар бойларына созылған тарихтарды мен, Бедел Бегенович Бегенов, казак тарихшысы, жарым ғасыр шамасында толық бастан кешіп өтіппін. Бұл өзі не деген оқшау жай?

Х а ж е н. Рас-ау! Сіз өзіңіз туралы ойланып қалдым дейсіз. Ал сізбен жасы құрбы замандас мен туралы, мыла бүгінгі декан Жекен туралы, бүгінгі оқымысты досыңыз Шәріп туралы және неге қоса ойламайсыз?

Шәріп. Әрине, бәсе... Сол үш формацияны біздің бәріміз де бастан кештік-ау!

Б е д е л. Рас, рас... Әрине, осы отырған төртеуіміз де түгел кештік. Ал егер сол үш формациядан өтпеген болсақ ше? Мысалы, баяғы патриархалды-феодалдық, көшпелі рушылдық ауыл жағдайында қалсақ? Сол кездегі қол жетті дейтін оқуымыз — мұсылманша ғана, ескіше ғана оқу болса, осы төртеуіміз осындай елу жасымызға келген күнімізде кімдер болып отырар едік, ә? Мен сондай ойға оқыс шұғылданып қалыппын.

Ж е к е н. Бәсе, окта-текте шынайы ой шындық екен-ау! Мысалы, мен кім болар ем сонда?

Х а ж е н. Сол заманның оқу-білімі тек қана ескі арапша схоластикалық медресе болған шақта, айтайық, мысалы, мен кім болар ем?

Шәріп. Кім білсін, әлде тантып құдай жолына қызмет етіп, әһли ислам, әһли тариқат жолы деп жүрер ме ек?

Ж е к е н. Әлде тағы бір формацияда капитализм жағдайына бейімделіп, чиновник боп, патшаға қызмет етіп жүрер ме ек?

Б е д е л. Со да мүмкін дейсіздер-ау, ә?

Ж е к е н. Мүмкіні былай тұрсын, тіпті залалды теріс жол билеп кетпесін кім біледі?

Б е д е л. Жаман адамдар да боп кетер ме ек?

Ш ә р і п. Кім білсін, әлде осы бүгінгі достар — өзіміз, антогонистік, қоғамдардың әр тобында болысып, бірімізге біріміз жабылып, түтіп жеп жүрер ме ек? (*Күледі.*)

Б е д е л. Япырау, бүгінгі досың — қасың болса да ғажап емес-ау!

Ш ә р і п. Қырқы-с-ып, біріміздің етімізді біріміз жеп жүретін заман болмасына кім кепіл!

Ж е к е н. Абай айтпады ма: «Әркімді заман билемек, заманы оны илемек» деп.

Х а ж е н. Рас-ау, анадан туып жарық дүннеге келген соң, қолың жетсе сол заманыңның оқуын окисып: әлің жетсе, заманыңның көрнекті бір тұрғысын алмаққа талпынасып! Сол жолда, құдай білсін, біріміз сәлделі қазірет боп кетер ме ек, әлде біріміз патшалық қызметінде болыс, тілмаш болып, шәлдіріктеп жүрер ме ек!

Б е д е л. Міне осы бүгінгі болмыс шындығынан елу жыл бұрынғыны болжай қалсаң, ой-қиял сондай бірінен бірі шалғай-шанжау жатқан, аралары керекар, аспан мен жердей айырмыстар аңғартады. (*Сана мен Гүлжан кіреді.*) Міне, осы жайды әйелім мен мына балама айтайын десем, екеуінің де есі-дерті тек тамақ. Бүгінгі тамақ! (*Күледі.*)

С а н а. Тамақ екені рас. Бірақ Гүлжан мен мен ішетін тамақ емес, оны да ескер.

Х а ж е н. Ойпыр-ау, осы сөз бізге де ой салу керек-ау деймін, тегі.

Ж е к е н. Бәсе, Сана мен Гүлжанның әбігері мол көрінеді. Біз де үйді босатып, шақырған уақытында келейік тағы.

Ш ә р і п (*күліп*). Мезгілсіз қонақ... (*Күлісіп қозғалыса береді.*)

Х а ж е н. Мезгілсіз шақырған тауықтың жүнін жұлар болар. Қой кеттік. Уақытында келейік. (*Бұларды Бедел шығарып салады. Сана мен Гүлжанға қайта оралады.*)

Б е д е л. Әне көрдіңдер ме екеуін. Қандай түсінді олар. (*Күледі.*)

Г ү л ж а н (*жүгіріп, кичалканы сүйреп әкеледі де,*



әкесін соған отырғызып). Папа, сен кеше де, бүгін түнде де көп алаң боп ұйықтамадың. Қонақтар келуге сағат жарымдай уақыт бар. Тура мызғып алшы!

Әкесін тербетеді. Аздан соң Санамен екеуі кетеді. Паузадан (жымнан) соң Бедел ұйқыға кеткен. Ендігі оқиғалар соның түсі болып кетеді. Кабинет қабырғасында ілулі тұрған ақ шашты, ақ сақалды адамның портреті көзір алакөлеңке арасынан көрініс беріп, Беделге үн катады. Ол — Тарих.

Т а р и х. Я, тарих ғылымының профессоры, сізбен мен көптен бері оңаша ұшырассам деуші едім.

Б е д е л. Осы сіз кім болдыңыз екен?

Т а р и х. Мен Тарих боламын.

Б е д е л. Бәрекемді... Бірақ маған қалай келдіңіз? Неғып маған ұшырасуды тіледіңіз екен?

Т а р и х. Сіз тарих ғылымының ғалымысыз. Сөйлеген сөз, жазған жайда, әр халде сіз «Тарих солай айтады. Тарих бұлай бағалайды. Тарих онша шешеді, мұнша кеседі»— деп менің атымнан көп сөйледіңіз де, көп жаздыңыз да. Осы бекер ме еді?

Б е д е л. Әлбетте, рас! Бекер емес.

Т а р и х. Құп, мойындағаныңыз — әділдігіңіз. Ендеше, мен Тарих, бүгін бір кезек сіздің өз тарихыңызды да болжап, баяндап көрсем деп ем.

Б е д е л. Менің тарихым?! Қалайша, қандай тарихым?

Т а р и х. Мен сіздің өміріңізді шолып суреттеп өткім келеді.

Б е д е л. Сіз Тарих болғандықтан ол жайды өзіңіз де жақсы білесіз. Ал мен болсам, өзім сол үш формацияны кешіп өткендіктен, өзім де жақсы білем ғой. Менің өмірімді екеуміз боп шолуымыздан не мән шығады?

Т а р и х. Сіз өз өміріңізді үш формациядан толық өткен өмір деп жаңсақ ойлайсыз.

Б е д е л. Қалайша? Мен сол үш формацияны да бастан кештім ғой.

Т а р и х. Жок, сіз бұрынғы екі дәуірдің шеттерін ғана көрдіңіз. Балалық, жастық шақтарыңыз ол дәуірлердің шет жағасын ғана жағалап өтті. Ал егер сіз жеке феодализм дәуірінде ғана осы елу жасқа шейін өмір кешсеңіз, кім болар едіңіз? Оны сіз өзіңіз де білмейсіз. Сіздің жақыныңыз, айналаңыз, бар ортаңыз және білмейді. Солай емес пе?

Б е д е л. Солай екені рас.

Т а р и х. Міне сонымен сіздің кейінгі өміріңіз соқпай өткен бірнеше кез-кезедер, бел-белестерді өзіңізбен ере жүре шолып қайтқым келеді. Ал, тарихшы, сөйтіп жүріңіз! Сіздің өміріңізге сапар шегіп қайталық! Ердіңіз бе осыған?

Б е д е л. Қызық екен... Қиял ма екен? Ердім, еркімді сізге бердім. Бастаңыз, Тарих!

Б е д е л (төмен үңіле түсіп). Бұлар кім?

## Ш ы м ы л д ы қ

### БІРІНШІ АКТ

#### Бірінші сурет

Сахнаның жоғарғы жағында Тарих пен Бедел кеуделеріне шейін көрінеді. Төменде алакөленке. Онда екі кісі отырғаны байқалады.

Б е д е л (төмен үңіле түсіп). Бұлар кім?

Т а р и х. Бұның біреуі сіз — Беделсіз.

Б е д е л. Қалайша? Бұл қай шақ? Мен сәлде кигем жоқ-ты.

Т а р и х. Біз кигенді... болғанды көрмейміз. Киюге мүмкін, болуға мүмкін болған хал-жайларды көреміз. Сонымен... мынау сіздің жиырма бес жаста Жәмәли хазірет медресесін бітіріп болған күніңіз, сағатыңыз. Сондай бір өмірге бет бұрыңыз, бағыңыз?

Бұлар шамы өшеді. Төменде, аласа үстел жанында, жерде Бедел мен Орман. Киімдері татарша. Беделдің басында сәлде.

О р м а н. Сіз енді, әлбетте, махалла халқы сүйетін дәмолла боларсыз. Гауамға файдалы хызмет бастауыңызды тәбірик етемін. Бедел әфәнді.

Б е д е л. Хайыр дұғаңызда. Орман әфәнді! Алла нәсіп етсін. Бәрәкәллә, тәшшәһкур! Мың сан рахмәт сізге әфәндім.

О р м а н. Сіз бала тәрбиесін қолға аласыз. Махалла нәрестелерінің тағдыры қолыңызда болады. Зинһәр бір жайды есте тұтыңыз. Бұдан былай жалғыз иманшартты, хафтиекті оқытумен, ежік пен сүрені жылдар бойы қажалаумен қанағаттануға болмайды.

Б е д е л (*таңырқап*). Біз хақ дініміз исламның шара-  
йыттарын оқытудан қалайша тыйыламыз?

О р м а н. Олай түсінбеңіз мені. Ендігі мұсылман мед-  
ресесінде дүниелік ғылым да оқылу қажет.

Б е д е л. Оны біз өзіміз оқымадық қой, қайтіп дәріс  
бере аламыз?

О р м а н. Өзіңіз сол ғылымдар жөніндегі кітаптарды  
оқыңыз да, өз тәрбиеңізді асыра беріңіз. Мысалы, ғылым-  
хисапты медресе шәкірттері білсе,— залал ма? Білмесе.—  
масқара ұят емес пе?

Сана кіреді.

Б е д е л. Қазіргі күннің қамы үшін болса да әлбетте  
ғылым хисап, тарих ғұмуми, жағрафия керек фәндер  
екенін мен сізден көп естіп жүрмін. Мен ғана емес, мына  
Санаға да, қыз балаларды оқытатын Санаға да сол өси-  
етіңізді айтыңыз.

О р м а н. Хұп, бәрәкәллә. Мен білген өсиетімді, әл-  
бәттә екеуіңізге бірдей айтамын. Сана ханым, сіз менің  
қаны жақын қарындасымсыз, бауырымсыз. Өзіңіз оқыта-  
тын қыздарға дүнияуи ғылымдарды фән атаулыны дін  
сабақтарымен қатар оқыту шарт. Қауым, халық ағарған-  
да үйдегі ана, жар-жолдас ашық фиғылды, жаңа білімді  
мағлұматты болса, сонда ғана балалық, аналық жараса-  
ды, ұқтыңыз ба?

С а н а. Орман аға, сіз біз білмейтін, әсіресе мен біл-  
мейтін фәндер жайын айтып, менің мәсулиятимды артпақ  
боласыз.

О р м а н. Бір ғана нәрсе тапсырайын. Кәзір шығып  
жатқан мәтбуғатты оқыңыздар.

С а н а. Ол қайсы нәрселер дейсіз?

О р м а н. Ол әне өздеріңіз фәһәмлайтын тілдерде шы-  
ғып жатқан журналлар, газиталар, көп кітаптар. Бәс  
бастаңыздар осылардан.

Б е д е л. Ол кітаптарны біз қайдан табар екенбіз,  
Орман әфәнді?

О р м а н. Ең әууәл сіздер оқып танысуға бір топ ки-  
таптарны мен өзім тауып берейін. Сонан соң шәһәріңізде  
мұсылманша кітапхана бар ғой. Кітапханаға сіздерді  
өзім алып барып таныс етейін. Осы уағда ма?

Б е д е л. Уағда болсын, Орман әфәнді.

О р м а н (*Санаға*). Сіз де уағда беріңіз. Қарындасым  
Сана, уағда ма?

Жаппас кіреді. Әйелі бұнда еркек барын көріп, бетін қара шапанымен бүркей қалып, ауыз бөлмеде іркіліп тоқтап қалады. Орман әнгімені тез өзгертеді.

Қарындасым Сана, солай ғой... Ел аулыңыз сіздерді сағынады. Туған ұяңызды, туысқан іні-бауырларыңызды көріп қайтыңыз. Ағаңыздың сізге беретін мәслихаты сол.

Ж а п п а с. Я, Бедел әфәндім, құтты мүбәрәк болсын, құтты болсын! Сондайлық ойда жоқ жақсылықты хазірет сізден аямады. Тек ұзақ қызығын көріңіз. Сізге де қайырлы болсын, Сана!

Б е д е л. Рахмет, илаһи омин! Айтқаныңыз келсін.

Ж а п п а с. Соншалық зор мырзалық істеді хазірет сізге. Қеше ғана медресені тамам еткен өзіңізге бүгін әрі фатихасын беріп, әрі махалла балаларын, әлбетте, бай махалланың балаларын тәрбиелеуді сіздің қолыңызға берді.

С а н а. Әлбәттә, мың шүкір, тәшшәһкур!

Б е д е л. Хазіретке барлық алғысымызды айтамыз.

Ж а п п а с. Әлбәттә, айтасыз. Ал біздің хазірет кім? Жанаб ғалинендей кәйф сафа, уа қадірден зат! Шаһардағы он үш мәсжидтің он үш имамы, ұстазының ішіндегі ең инабатлы, қарамәтлі, ең зор абырой дәрежелі хазірет дәмолла біздің ғана хазірет емес пе?

О р м а н. Ең сүйікті болғанда, бар хасиет тек қана тақуалықта деп біледі екенсіз ғой? Ендігі ғауам тіршілігі әлі де: тасбих пен таһлил сонындағы дүмше моллалар қолында болу қажет дейсіз ғой?

Ж а п п а с. *(ашулана түседі)*. Әлбәттә! Сіз тегі олай емес деп білесіз бе деймін, ә?

О р м а н. Әрине, мен олай ғана демеймін.

Ж а п п а с. Солай соғыңыз. Сөйтіп мені тағат — ғибадатым үшін дәмолла болуға да лайық емес дейсіз, ә? Онда сіз өзіңіз кімсіз осы? Ахлі мүсылман қауымынанбысыз, жоқ ғаксулхаракат, қарсы қайрат тобынансыз ба?

Б е д е л. Жаппас, о не дегеніңіз, бұл кісі Орман әфәнді өзі де ұстаз, мұғалім! Уфадан оқып қайтқан көзі ашық, зиялы азамат емес пе!

Ж а п п а с. А, жақсы екен. Уфадан оқыған дейді. Жаңашыл... мұғалім... деп аталады екен ғой. Ендеше сіздейлер шығар осы күнде «жер домалақ»— деп, «дін кітабын оқу ғана жетпейді»— деп сапсата сататындар. Солай ма?

Орман. «Жер — көк өгіздің мүйізінде тұрады» — дейтін надандардың бірі мен емеспін, әлбәтте.

Жаппас. «Жер домалақ» — дейді екенсіз ғой сөйтпін?

Орман. Әлбәтте, домалақ деймін.

Жаппас. А, табылған екен инабатты мұсылман! Жер домалақ болса (*тақиясын қолға алып*). сіздер айтқандай, былайша айналатын болса, домалақ жер былай төңкерілгенде, сізге ұқсаған жаһил жандар неғып құлап кетпей жүр екен жаһаннамға, ә?

Орман. Жаһаннамға сзден бұрын кетуге тәңір бұйырмаған сол, көресіз бе?

Жаппас. Иншалла бұйырар да, сіз барарсыз сол жаһаннамға!

Орман. Тек көк өгіз үшін соншалық рахымсыздыққа барасыз, сіз өзіңіз қандай мұсылмансыз?

Жаппас. Иншалла мұсылманмын. Қасиетті көк өгіз үшін әлбәтте мұсылманшылық ұжданым түршігер, өзіңізден көріңіз!

Орман. Сіздің атыңыз кім осы?

Жаппас. Жаппас, неғыл дейсіз?

Орман. Сіз, ендеше Жаппас емес, саппас екенсіз!

Жаппас. Ал сіз мұжтаһид, мұсылман емессіз.

Бедел. Жаппас, қой, немене сен? Қандай сөздер сөйлейсің?

Күлпаш (*бетін бүркеген күйде ұрысқа араласады*). Сөйлесе несі бар екен? Әуелі өзі тартсын тілін.

Сана. Қой, Күлпаш, ұят емес пе!.. Сен қойшы ең болмаса!

Бедел. Сен неге сонша ашу шақырасың, Жаппас?

Жаппас. Шақырмасқа не ғилаж!?. Мен бұны біздің медресеге бахасқа шақырамын! Жүзінді айдай қыламын сен мұғалымның. Шық бахасқа!

Бедел. Бахас болса, құранда: «уәшшәмсү тәжриини мұстақаррен ләһә» — дегені кәне? Тым құрса соны айтпаймысың, бар болғыр!

Жаппас. Иә, ол не дегені екен сонда?

Бедел. Білмейсің бе, түсінбеймісің?

Орман. Үй жығатын соқыр атанша кимелегенше, тым құрса соны білсең етті. Ол аят: «Күн айналады, бірақ орнында тұрып айналады» — деген дәлел емес пе еді?

Жаппас. Білемін, бәрәкәллә естігемін. Көк өгіз —

ол көк өгіз, мәңгі баки тәңір-құдірет сондай қуат берген өгіз. Шарафатлі көк өгізден садаға кетіңіз сіз мұжтаһид.

Орман. Өгіз-өгіз деп өзеуреп қалған екенсіз. Сол өгізге өгіз болыңыз ендеше! Жат, сол сыйыңызбен! Сізбен ми шірітетін надан жоқ мұнда!

Шұғыл бұрылып кете барады.

Жаппас (*айғайлап*). Бахас! Бахаска шақырамын, жүзінді айдай қыламын!

Орман шығып кетеді.

(*Беделге.*) Астағфиралла, мынау неткен дін дұшпаны зұлым?

Бедел. Жә, жетті, Жаппас! Саған не боп кетті? Қандай сөздер, лағынет сөздер ақтарасын аузыңнан?

Жаппас. Не дейсің сен?.. Сен менің пікірімді тәкірарлау орнына соншалық гүнәһкәр, кеудесі күпірлікке толы залымды үйіңе келтіресің! Оның сөзін жақтайсың, өзің қорғайсың. Ендеше, бетіңе тура айтайын, сен өзің де сол дәрежелі ғайыпты, пұшайман, жаман жансың! О-о, мен айтпап па едім... Білдім, көрдім, көзім жетті ғой жаңа сенің кім екеніңе! Менің орным .. хазіреттің... оң фатихасымен менің алатын орным... саған бекерге, зор қателікпен берілген деп ойлаушы едім. Міне кәзір бетіңе айтайын, иманым кәміл, сен бұл орынға лайық емессің. Сен жауыз жаһил жандармен өзіңнің қараңғы ішінді қосқан ғайыпты, зор ғайыпты инсансың.

Бедел. А-а... сен де ішінде жүрген барлық қияпатсыз лас, нас шыныңды шығардың ба?!

Жаппас (*айғайлап*). Хак, таза шынымды шығардым!

Бедел. Жалған! Сен қызғаныш, күншілдік пиғылыңның кара жүзін аштын. Шыннан да, Жаппас емес, саппассың сен! Не деген пәле іздеген ар-имансыз, инсансыз жансың?!

Жаппас. Солай ма? Осыған жеттік пе? Хұп-хұп, жетсін, болсын солай! Мен хәзір естіген сөздердің бәрін дәрхал хазіретке барып айтайын. Сені бар махалла халқы алдында масқара етіп беру менің ұжданым талап етер арманым болсын!

Сана. Мағлұм, сіз көптен қызғанышпен, жаман ниет соңында жүрген адамсыз. Һәмәнда сіз ойлайсыз.

Құлпаш. Әй, Сана, сен көзінді ашып қара! Мен күні ертең хазіреттің үйіндегі үлкен абыстайдан бастап сенің

өзінді де қыздар тәрбиесінен қуып түсіртейін бе осы?

**Сана.** Сенің қолыңда тұрса... Сендей надан, өсекші, ұрысқақ әйел қолыңда менің тағдырым тұрса, орнымнан ғана түсірме, басыма аспанды да түсір, білдің бе! Шық үйімнен!

**Күлпаш.** Әкпел қолыңды, ендеше! Жүр, Жаппас, жүр, сен — хазіретке, мен — абыстайға барамыз. *(Екеуі жөнеліп кетеді).*

**Орман.** Хұдая тәубе, басында сәлде, үстінде сопия-на киімдер, қолыңда тасбих... Бірақ қандайлық қасқырдай жыртқыш, қаскөй адамдар!

**Сана.** Сіз, Орман аға, оның күйеуін Жаппас емес, саппас дедіңіз ғой. Әйелінің шын хұлқын білсеңіз, онысы да оңған жоқ. Ол сарамас. *(Жылаған кішкене бала даусы естіледі.)*

**Бедел.** Сана, ана жақта кішкене қызың Гүлжан жылап жатыр. Сонда бар. Және де өздері жоқта, адамның сыртынан сөйлеген сөз ғайбат сияқты болмасын. Олардың хұлқы туралы айтпа еш нәрсені.

**Сана** *(кетуге айналып).* Қашан ғана осындай надан, сұм жандардан біздің қауым құтылар екен?

**Бедел.** Неғып қана оңай құтылсын...

**Орман.** Соны айтыңыз.

**Бедел.** Біздің заман болмаса да, тым құрса анау жылап жатқан кішкене нәрестеміз, үш жасар Гүлжанның тұсында осы зұлымдық, қараңғылық сейілсе екен-ау!..

Қараңғылық. Жарық жоғары жайға ауысып, онда алғашқыдай, Тарих пен Бедел көрінеді.

Анау Бедел мен болсам, әлі түк әрекет еткен жоқ қой.

**Тарих.** Қандай әрекет күтер едіңіз?

**Бедел.** Жиырма бес жаста екен. Өмірді сонша кеш бастағалы тұр ғой.

**Тарих.** Әрине, кеш бастайды. Ол медреседе көп оқитыны мәлім емес пе?

**Бедел.** Алда да көп өндіре қояр ма екен?

**Тарих.** Мүмкін, сол күдігіңіз дұрыс та болар. Кәзір міне сол алға қарай ауысып түсеміз.

Осы кезде төменде алақоленке сахна бойынша кітаптың аударылған бетіндей, қағаз сыбдыры естіліп, сол сахнадай үлкен кітаптың бір қағазы ауысып түскендей болады.

**Бедел.** Не болғалы тұр, бұл не?

**Тарих.** Бұл тарихтың бір парағы ауысып түскені.

Б е д е л. Заман өткен бола ма?

Т а р и х. Я, казір он бес жыл өтіп кетті де, сіздің қырық жастағы шағыңызға ауыстық.

Б е д е л. Бұл шақта да мен молла ма екем?

Т а р и х. Әрине... Біз әзір сіздің мұсылманша молла болған өміріңізді кезудеміз. Байқаңыз, бағыңыз!

Қараңғылық. Төменде бұрынғы көрініс. Көбейген, өзгерген мүлік, жиһаз көрінбейді. Сана мен Гүлжан отырады.

С а н а. Ғайыптаушы, ғайбаттаушы рахымсыз жандар сөздері атаңның басын әлекке сала ма деп қорқамын, қызым.

Г ү л ж а н. Не нәрселерді ғайып санайды? Менен жасырасыз. Мен сіздің күрсінген жалыныңыздан, жүдеген қабағыңыздан көп нәрсені аңғармай жүр дейсіз бе?

С а н а. Тірлік, тағдыр қатал. Мен жасырғанмен, сені ол аямас.

Г ү л ж а н. Айтыңызшы, анажан?

С а н а. Дұшпандар атаңды «шәкірттерін аздырады, діннен кетіреді» деп ғайыптайды.

Г ү л ж а н. Не дейді, жалған емес пе? Атам бес уақыт намазын өзі де тастамайды ғой.

С а н а. Онысын риялық, жұрт көзін алдау дейді.

Г ү л ж а н. Атам не дейді?

С а н а. Атаң фақыр ашуланады. Зәһәрленіп қатты ашулы жауаптар айтады, дұшпандарына.

Г ү л ж а н. Достары бар ма, әлде бар жұрт дұшпан ба?

С а н а. Дос дерлік дос қайдан көп болсын бұндай заманда біздей жанға!

Г ү л ж а н. Дұшпандары көп пе, кімдер?

С а н а. Дұшпандар сол көп, балам...

Г ү л ж а н. Атам махалла халқының жас нәсілдерін он бес жылдан бері тәрбиелеп, көздерін ашып, адам етіп шығарыпты. Солар үшін ата-аналары болыспай ма?

С а н а. Әлбәттә, солай деп үміт етеміз. Бірақ жаулар сөзі көбейіп, күшейіп барады. Көп қауіп ойлаймын, зар тұтамын, Гүлжаным!

Бедел кіреді. Қасында Делдал, Асан. Отырған әйелдер бөтен еркектерден беттерін бүркеп, ауыз үйге шыға береді. Онда Шарапат, Бибі оралып өзара сөйлеседі

Б е д е л (Делдалға). Менен не тілейді халфе?



Делдал. «Бізді тоссын, жауап аламыз» дейді.

Бедел. Халфе жалғыз ба?

Асан. Қасында Шәріп қазі де бар.

Гүлжан (*Санаға ұмтылып*). Ана, не дейді бұлар?

Сана. Жан балам, сабыр...

Үйге сәлде ораған Жекен халфе, Шәріп қазі, Жаппас және Күлпаш кіреді. Күлпаш әйелдер арасында қалады. Еркектер төрге шығады.

Жекен. Бедел әфәнді, бүгін masjidте мүнбар түбінде махалла ғұламалары сөйлей бастаған сөзге сіз жауап бермей кеттіңіз. Қашып құтылам деп ойладыңыз ба? Қазір міне бізді сол махалла қауымы жіберді, тез жауап алып келіңіз деп тапсырды.

Бедел. Мен жауапқа әзірмін. Күндіз де мен қашқам жоқ. Намазға жиналған махалла халқынан ұялғаннан кеттім.

Жаппас. Ұяларсың бәсе, сенің ісін өзін түгіл барлық махалла жақсыларын ұялтса, қашарсың, ұятынан!

Бедел. Сен мені теріс түсіндің, Жаппас. Мен өз ұятым емес, Жаппас дәмолла, сенің инабатсыз, тыйымсыз ұят сөзіңнен ұялып кеттім.

Жекен. Бедел әфәнді, біз сізден жауап алмаққа келдік.

Бедел. Жауапты хазірет өзі алса екен деп талап етемін.

Шәріп. Жауап алу хазірет уазиғасы емес, білмейсіз бе?

Бедел. Білемін. Бірақ шын хүкімді әммәміздің ең зор ұстазымыз хазіреттің өз аузынан естімек болам десем, мені кім ғайыпты дер еді?

Жекен. Бәлкі бұл талабыңыз дұрыс та болар. Олай болса, Делдал, сізден біз өтініш етейік, хазіретке барып, Бедел әфәндінің талабын уә өтінішін жеткізіңіз. Ал біз әзірше хазіреттің өзі тапсырған жайларды, Бедел әфәнді, сізден де, гуәләрдән да тексере береміз.

Бедел (*Делдал кеткен соң*). Мейліңіз тексеріңіз.

Жекен. Олай болса, Жаппас дәмолла, махалла халқы дәмолла Беделді қандай істерде айыпты деп санайды? Айтып беріңіз!

Жаппас. Бас үстіне, мен әзірмін! Әу-уәләнки, Бедел дәмолла өз тәрбиесіне алған махалла жастарының көбін ислам шариятлары рухында тәрбиелемеген. Хатта,

бәлки исламиятка жат болар, қастан фиғылда тәрбиеленген.

**Б е д е л.** Дәлелі... дәлелін айта сөйлесеңіз!

**Ж а п п а с.** Дәлелі... әлбәттә, әфәндім, дәлелі, Беделден оқыған шәкірті Уәлип ұғлы Мұстафа биыл міне алты ай болды руслардың школа-мышколына кеткен. Яки мұжтаһид болып дін дұшманларының қауымына барып қосылған. Дәлел... және дәлел, соңғы бір жұмба ішінде ұлығ ұстазымыз хаснетлі Хажен хазірет медресесінің инабатлы халфе, қарилары емтихан етіп тексергенде мағлұм болды ки: Бедел дәмолладан алты-жеті жыл оқыған шәкірттері Әлімхан ұғлы Қасымхан, Семейбай ұғлы Бпдайбай, Жанбыршы ұғлы Садуақас — һәммәсі де ғылыми фарыздан ешбір сауат аспаған «Мұхтасаруль Уақаяның қитабу таһарат, уә қитабузәкат, салат бабаларынан» — бірде-бірісін білмеген. Оның орнына әлләнинди жағрафия, демек, «жер домалақ» деген, кәләм шарифка Қилаф гүнәһлі сөздерді сңірген көңілге. Пайғамбарымыз хадислерінен, құранның аятларынан жатқа еш нәрсе білмеген шәкіртлерге биуафа шағир димишларының әллә ниндей Хафиз, Сағди, Ғұмар Хаямларының мәй уә шарап, гишқы уә ғишрат, яш йүрәкләргә заһар төгіп, шәрәфәтлі дінімізден жырақлататын уәсиетләр, бәйитләр ййрәткән иміш.

**Б е д е л.** Соған карамай, осы куәлікті айтып отырған Жаппас дәмолланың өзі оқытып жүрген мектебінен жыл сайын бес-он, он-он бес бала Бедел дәмолланың мектебіне қашып келіп, оқуға түсіп жүр дегенді және неге қосып айтпайсыз?

**Ж а п п а с.** Қосамыз, бек жақсы айттыңыз. Әлбәттә, қосамыз! Сіздің азғыруыңыз, махалла халқын шайтан фиғылымен азғыруыңыз сондай харекетке келтірген. Саф исламият жолындағы итағатлы медреселерден жас талабаларды Бедел дәмолланың ғауамды ұлатқан зәһәрлі харекеттері қашыра бастаған. Мен, Жаппас дәмолла, көп заманнан бері көп жаман хұлқын білгендіктен, ғұмыр бойына бұл инсаппен жауласуды өзімнің асыл уазифам деп санаймын. Әһлі ислам қауымында саф таза жүрегім, иманым кәміл болған себепті ғайыптаймын.

Хазірет кіреді, төрден орын алады.

**Х а ж е н.** Мен не үшін керек болдым, әфәндиләрі!

Жекен. Хазірет, ғайыпкер Бедел әфәнді өз аузы-  
ңыздан хәкім-шариғат сөздерін естуге өтініш етті.

Хажен. Сіздер тергеу жүргіздіңіздер ме?

Шәріп. Біз сіз тапсырған міндетті ада қылдық,  
хазірет.

Хажен. Яғни?

Жекен. Үш күннен бері медреседе, масжид ішінде,  
кәрәмәтлі мүнбар жанында, жұмға күнгі хұтпа соңында  
барша дәмолла, халфелер, қарилер, қазилер және хазі-  
рет, өзіңіздің алдыңызда сөйлеген ғайыплау қарарлар —  
һәммәсі де Бедел әфәндіге Жаппас дәмолланың ғәділ  
әуезімен айтылып шықты.

Хажен. Бәс ғайыпкер дәмолла Бедел нелер айтты?

Жекен. Жауабын хазір өзіңізге айтар уақыт жет-  
кен еді.

Бедел. Таксыр хазірет, бір заманда мен де сіздің  
медресенізде сіздің ұстаздығыңыздан, алдыңыздан өткен  
едім. Мені өзіңіз тындасаныз...

Хажен. Шәріп әфәнді, мен сізден өтініп едім, ша-  
қырттыңыз ба гүнәһкәр бәндә Уәли ұғлы Мұстафаны?

Шәріп. Шақырттым, хұзырыңызға кәзір!

Шығып Мұстафаны ертіп келеді.

Хажен. Мұстафа ұғлым, сіз ғибратлы мұсылман  
медресесінің инабатлы шәкірті едіңіз, тұғры гуах шахид  
олуңуз бір сафар. Сіз өз ихтиярыңызбен, өз фиғылыңыз  
тартып кеттіңіз бе руслар тәрбиесіне? Әллә мұғалім дә-  
молла Бедел сізге маслихат берді ме?

Мұстафа. Мұғаліммен ақылдасқам жоқ... Өз мек-  
тебінен өзі кет деп қай дәмолла айтады?

Хажен. Ендеше, неге дін дұшманыңыз, рус поплары-  
на не үшін кеттіңіз? Орыс тілін де сіз білмес едіңіз  
ғой.

Мұстафа. Орыс тілін мен көшеде орыс балалары-  
мен ойнап жүріп үйрендім де солармен бірге... алдым да  
кеттім.

Жекен. Онда не табам дедің? Несіне қызықтың?

Мұстафа. О-о, онда бәрі қызық. Оқу сондай жақ-  
сы... Тағлимуссалаттан емес, өзі арапша бар сөзін бала  
түсінбейтін... Орысша кітап сөзін тегіс, тегіс түсінеміз.

Жаппас. Дені, иманы ауған ғой... Бары соған кет-  
кен инсафсыздың. Не үйретті орыс бобы... айтшы кәне!

Мұстафа (тоқталмастан).

Дети б школу собирайтесь  
Фетушок пропел дауно  
Попрборней адивайтесь  
Солнешко кледит акно  
Рыбаки уш ташат сети  
На лугу коса звенит  
Памалася за книгу дети  
Бох ленится не бешит...

Моллалар (қатарынан дабырлап қожырасады).  
Иә, малғұн, бох... бох... дейді. Орыс намазын үйреткен.  
О-о, сұмды — астағфиралла, астағфиралла. Я ғаусул,  
ағзам!

— Я раббым... Қожан баһәуддин!

— Ғаусул ағзам!

Хажен (жарыса). Ля хауля уаля қуатня илля бил-  
ләһи ғалнульғазим! Бар... бар, махлұқ намард, махлұқ!

Мұстафа. Мен махлұқ емеспін... баламын. Махлұқ  
емеспін.

Каша жөнеледі.

Хажен. Астағфиролла, астағфиролла, мына-мына  
шул, минә нигә жеткенсіз сіз, Бедел? Я... Я шул. Мен сізді  
тыңдағамын, көп тыңдап болғамын. Хәзір тыңдамаймын,  
бәс жауап тілеймін. Айтыңыз, бекер болды ма орыс мек-  
тебіне Мұстафа намлұ шәкіртіңіз кеткені бекер емес? Рас  
па, бес үлкен шәкіртіңіз исламият фарызынан еш нәрсе  
білмей, хисап-мисап, тауарих, әллә ниндей кәфірлер өсе-  
тін тарататын кітаптар оқып жүргені? Рас, жақын махал-  
лалардағы мектептердің ұғланлары өз мектептерін тас-  
тап, сіздің зарарлы өсиетіңізге, тәрбиеніңізге қашып келіп  
жатқаны рас па? Рас. Өзіңіз ғана емес, сіздің жұфтіңіз  
һәм қызлар тәрбиесін жүргізуші Сана ханымның һәм дә  
қызларны сізше тәрбиелеп жүргені рас па? Рас. Һәм мәсі  
де рас!

Жаппас. Рас. Уаллаһи рас, хазірет. Бас үстіне,  
керек болса осы басыммен сол куәліктерімнің шындығы-  
на, тақсыр хазірет, тақсыр халфе, кази, басыммен жауап  
берем.

Хажен. Бітті. Халас. Мен баддұға ғана беруге қал-  
ған хал бар, басқа жоқ.

Жекен. Шәріп, Жаппас — үшеуі бұл тұста тез өзгеріп, қабақ таны-  
сады. Халфе, Жекен хазіретке бұрылады.

Жекен. Біз сізді ғазапқа салдық, ғайыплымыз. Бірақ сіз енді өзіңізді ғазапламаңыз, хазірет.

Шәріп. Хазірет, сіз енді жүре беріңіз, жүріңіз. Ғайыплылар анықталды. Енді сіз қалған жұмысты бізге беріңіз!

Хазіретті бұлар қоршап шығарып салады.

Жекен (*қайта келеді*). Енді тек сізге айтылатын хукім қалды, Бедел өфәндім. Білдіңіз бе, бағаладыңыз ба, хазіреттің баддұғасынан сізді біз әзірше арашалап алдық.

Бедел. Не қасиетім үшін солай еттіңіз? Әлде қаралығыма көзіңіз жетпегендік тоқтатты ма екен?

Жекен. Жоқ, қаралығыңызға көз мейлінше жеткен, адаспаңыз. Бәлки бірақ сіз біздің қауым айтатын бір талапқа табылсаңыз, сол уақытта сіз бәлки біздің қауымнан қуылмай да тұра тұрарсыз!

Бедел. Бұл сауда ма, ұждан саудасы ма?

Жекен (*қатаң*). Тоқтаңыз, тартыңыз тіліңізді! Мен сізді құтқарғанымызды айттым. Бірақ сіз орындайтын бір шарт бар. Соған табылсаңыз — құтыласыз. Болмаса, көрдіңіз ғой жаңа, су түбіне кеткеніңіз... ғарық болғаныңыз. Себебі, кәрәмәтті хазірет сізді ұстаздық хақысы бойынша бүгін малғұн десе, баддұға оқыса, не болмақ! Махалла халқы сіз бен Сана ханымды таспен атып өлтірсе, не дейсіз? Сіздер отырған осы мекенді жаһиллер тұрған жай деп күлін көкке ұшыруға бар. Айтар сертке, шартқа кәзір көнбес болсаңыз, енді сіз шәһардан қуыласыз. Хукім де, жаза да сол ғана деп біліңіз. Жүріңіз, Жаппас өфәнді.

Делдал Асанды ертіп шыға береді. Ауыз үйде әйелдер арасында Күлпаш Санаға сөйлейді.

Күлпаш. Әне, естідіндер ғой естір сөзінді! Көр аузындағы сөз осы. Айттым ба жаңа? Әлгі шартымды орындасаң — тірі қаласың, орындамасаң — құрыдың, өртендің, күлің көкке ұшты — деді ғой. Айттым мен міне сол шартты саған.

Сана (*күйініп, өртенгендей*). Тоқтат... Тоқтал, жауыз, аулақ кет? Аулақ жүр, лағынет. Жоғал көзімнен, еріңмен қоса, қос лағынет!

Әйелдер шығып кетеді. Ауыз үйде Гүлжан мен Сана қалады. Төрде соққы жегендей Бедел. Сана мен Бедел бір-біріне ұмтылысып келеді.

Б е д е л. Естідің бе сұмдық сөздерін?  
С а н а. Сен естідің бе сұмдық шарттарын?  
Б е д е л. Немене еді шарты? Әлде саған айтысты ма?  
С а н а. Айтпады ма жаңа! Асан, Биби, анау Шарапат айтпады ма?

Б е д е л. Не дейсің? Шартын айтты ма?  
С а н а. Сол емес пе сұмдығы?  
Б е д е л. Айт, ендеше, не деді?  
С а н а. Гүлжан, жаным Гүлжан... Жалғыз гүліміз Гүлжанды сұрамады ма?

Г ү л ж а н. Ана, сіз не дейсіз?  
Б е д е л. Кімге? Қандай ітке?  
С а н а. Ітке бәсе... Жаңағы Шәріпке. Үшінші тоқалдыққа. Бер деп соны шарт етпеді ме? Ей, сорлы жар!  
Г ү л ж а н. Ах, бақытсыз атам, анам...

Талып жығылады. Қараңғылық. Жарық жоғарыда. Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Бұл адам тәуір талап, тәуір еңбек соңында жапа шеккен жан екен. Бірақ қайраты, өнері, ой-сана, қуаты жағынан алғанда орташа ғана адам тәрізді.

Т а р и х. Сіз одан нені күткен едіңіз?

Б е д е л. Мен қатаң қайратпен алысар деп едім.

Т а р и х. Ал сізше кәзір не болды?

Б е д е л. Қазір ол бір ғана қамауда. Тар ұя — тас қапада аз әлектен аса алмаған орташа ғана адам тәрізді.

Т а р и х. Оны солай еткен заманы, заманының қорғасындай ауыр салмақ қырсықтары демейсіз бе?

Б е д е л. Себебін түсінемін.

Осы кезде төменде және де тарихтың екінші бір беті мол қағаз шымылдықтай бүкіл сахна бойында аударылып түседі.

Тағы да жаңа заман келе ме?

Т а р и х. Және де жылдар өтті. Беделдің ендігі күні мен күйі көрінеді. Байқаныз, бағыңыз!

Жарық төменге ауысады. Көп өзгерісі жоқ бұрынғы үй. Сана мен Гүлжан отыр.

Г ү л ж а н (*жылаулар көзінен орамалын алады*). Көнбеймін деп еді атам — көнді. Жылатып бермеймін деп еді...— берді. Бердіндер ғой, анажан! Қеткенім бе шынымен?!

С а н а. Жан балам, қайтейін!

Г ү л ж а н. Әлдебіреулерді баласын жылатқанда

надандықтан, қараңғылықтан зарлатты деп келдік. Енді не? Атам басқаша қасиеті бар ата деп өспеп пе ем? Өзіңіз солай деп өсірмең пе едіңіз?

С а н а. Қайтеді жалғыз атаң? Көп надан, көп жауыз жандар арасында не істей алады.

Гү л ж а н. Не істеп жүр, өзге көзі ашық басқа аталар? Қыздарын орысша да оқытып, беттерін ашық ұстап, қалада магазиндерге, тіпті театрға да жіберіп жүр ғой. Менің болса, бүгінгі тағдырым осы ғана болғаны ма?

С а н а. Айтар дәлелім, дауым жоқ, қызым. Сенің кішкентай күнінде «ең болмаса, Гүлжан жастығы гүл жайнаса-ау?»— деп қиял етуші едім. Ойласам ішім оттай өртенеді.

Жылап шығып кетеді. Делдал кіреді.

Д е л д а л. Гүлжан, жалғыз ғана... жалғызбысың?

Гү л ж а н. Жалғыздық менің тағдырым болмады ма?!

Д е л д а л. Сол тағдырдан, қырсық қатал тағдырдан зар шеккен, зәр жұтқан басқа да жоқ дейсің бе?

Гү л ж а н. Қандай жанды менің жарам, налам күйзелтер дейсің?

Д е л д а л. Күйзелтіп те, күңіrentіп те жүр ғой сол, Гүлжан...

Гү л ж а н. Сен бір жаңалық айтпақ болғанбысың? Кім күйзелуші еді сондай?

Д е л д а л. Жаны құрбы жаным деп мен... мен емес пе ем құпия қайғы шегетін?

Гү л ж а н. Тілеулес құрбы едің, жаның ашығаныңа алғыс айтам; қарғыс айтам ба?

Д е л д а л. Кешіктім, кешіктім бе, Гүлжан? Ол — момындығым, қорғаншақтығым еді...

Гү л ж а н. Ендеше бүгін неге айттың?

Д е л д а л. Қетер болса, шын дос жүрегі, шер жүрегі бар жақын бір жанды біле кетсін деп едім.

Гү л ж а н. «Біле кетсін»... Тек біле кетсін деген бе?..

Жылайды. Бедел мен Сана кіреді.

Б е д е л. Немене, не сөз бар? Тағы да жаулардың жаманатын әкелдің бе?

С а н а. Әкелген көрінеді. Айтқызып тыңдаңызшы!

Б е д е л. Айт, ендеше. Білдіргенің де себің болар.

Д е л д а л. Шәріп қазиге Жаппастар — өсекшілер — Гүлжан туралы жаман сөздер жеткізіпті. «Бедел мен

Сана кызын театрға жіберетін болыпты». «Онда көңіл қосқан жігітімен кездесіп, сөз байласып жүр». «Енді бір-разда Гүлжан сол театр арқылы қашпақшы». «Сағат санап бағып отырсың, Гүлжанды қолға алмасақ — айрыламыз» — десіпті. Сак бол деп білдіргелі келдім.

Гүлжан. Шынымен көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа бірде-біреу апарып тастаса, не етуші еді?

Сана. Айтты-айтнады, басқа бір қаладағы, не елдегі дос-жарлардың біріне жіберсеңіз, не етер еді, атасы?

Бедел. Қайда жіберем, кімге жіберем жетіп отырған баланы? Кіммен жіберем?

Сана. Мына Делдал бекіне алса... құрбылық достық етсе, алып барса не етеді менің тәркіміме?

Делдал (бөсселеді). Мен бе? Қолымнан келер ме еді? Бұнда махалланың хазірет, халфесі, сәудсерлері мен байлары, қазилері үйдегі кәрі әке-шешемді үйтіп жейді ғой. Бірақ Гүлжан мен өздеріңіз бекінсеңіздер, шынымен Гүлжан бекінсе, әкетсем не етеді?

Гүлжан. Жоқ, жоқ... қиналма, Делдал. Онымен табылар жол жоқ, ата-ана...

Бедел. Тірімін... денім де сау. Ал, қол-аяғым бек байлаулы. Айналам тас қамау... Бар шара таусылып барады.

Саулап көп адам кіреді. Алда Жекен, Халфе, Жаппас, Асан және әйелдерден Құташ, Шарапат, Бибі бар.

Жекен. Жә, Бедел, Сана! Берсеңдер — қолыңнан, бермесеңдер — жолыңнан. Біз кәзір махалла қауымының тұтас ұйғаруымен инабатты Шәріп қазиге шарифат хүкімі бойынша жұфті аталған қызыңыз Гүлжанды алуға келдік.

Сана. О, хасірет заман!.. Жоғалсаңыз етті сіздер!

Құлпаш. Шығарма үніңді сен, бүлік шеше!

Бедел. Қызым Гүлжанды мен, атасы, ихтиярыммен берем деген емеспін. Мен махалладан кетуге бекіндім. Мектепті өздеріңіз алыңыздар. Бірақ көзімнің қарашығы жалғыз Гүлжанымды мен жылатпауға бекіндім, бермеймін!

Гүлжан. Садақан болайың, ғазиз атам!

Жаппас. Жә, тыйыңдар ол сөзді! Сауда біткен. Төрт жыл бойында хазірет бастаған қауымды, қауымның ең инабатты қазысы Шәріпті алдаған хиянатың үшін де



енді мойын бұра алмайсын. Қауым бұрғызбайды, біз бұрғызбаймыз мойнынды.

Б е д е л. Бұл жасыма шейін хиянаткер болып көрген емеспін. Жаппас! Өз басындағы жауыздық, зұлымдықты жаппа жала қып, жақпа күйе қып маған!

С а н а. Уәде берген емеспіз, ықтияр Гүлжанда дегеміз.

Ж е к е н. Иә, Гүлжанда дегенсіздер де... астыртын түндерде қашырып жібергелі жүрсіздер!

Б е д е л. Жалған!..

Г ү л ж а н. Жауыздар сөзі, жала!

С а н а. Талаушы қасқырлар тапқан ғайбат жалған өсектер!

К ү л п а ш. Ой не тұрыс бар? Қайдасың, еркектер? Тапсырды ғой, ұстандар анау әкесіні! Мынау қызды мен әкеттім мінекей. Шарапат, Асан, ұстандар! Сүйре!

Б е д е л. Токтат, лағынет!..

Ұмтыла бергенде Жаппас пен Асан Беделді ұрып жығып кетеді. Сананы Жекен итеріп құлатады да, барлығы Гүлжанды жылаған, зарлаған бойында сүйреп алып кетіседі.

Лағынет!.. лағынет болсын бастығы хазіретіңе!.. Барлық халфе, қазн қасқырларға, лағынет бәріңе!..

Зорлықшылар жөнеле бере Шәріп пен Жекенді қасына ертіп, Хажен хазірет кіреді.

Х а ж е н. Ә, Бедел әфәндім, жетер маскара жеріңе жеттің бе? Мен сені ойланар, тәубеге келер, инабатлы мұсылман ата болып қызын өз қолынан ықтиярмен берер деп ем! Енді неғылсам, не десем рауа саған, кешегі менің шәкіртімі?

Б е д е л. Ә, кешегі менің ұстазым!.. Бұл шаққа шейін нелер сұмдық көрсем де, нендей сұм жыртқыштар қасымда толып жүрсе де, сіз хиянаттан таза шығар деп сенумен келіп ем, сорлы басым! Көзім жетті, бүгін бауырым жара... Әне, жүрегімді қак жара жыртып, қанын сорғалатып, бір парасын алып кетті. Сізден күш алған, сізден рұқсат алған бөрілер. Сіздің күшіктеріңіз екен солар! Хазірет емес, лағынет екенсіз сіз өзіңіз! Уаз кештім мен сізден... Мен үшін қап-қара болған жүзіңізден!..

Шәріп }  
Жекен } Токтат, доғар өшір үніңді!

Келіп, екі жағынан хазіретті ұстай алысады. Қоршайды.

Х а ж е н. Мен төрт жыл бұрын беретін баддұғамды сені аяғаннан бермей келген едім, үміттеніп едім. Сен төрт жыл емес, он төрт жыл менің баддұғама ұшырап, атырафымнан малғұн аталып қуылатын айыпкер қара жүзді жазалы жан екенсің. Міне бердім мен енді сол теріс батамды. Білсін, уә ағаһ болсын махалладағы, шәһәрдегі Мұхаммед — Мұстафа жолын күткен аһлі ислам қарындас! *(Қолын теріс жайып)*. Баддұға, Баддұға, баддұға, жоғалсын көзі, қарайсын жүзі, жәһәннәм отына күйсін, гүнәһкәр тілі бұл бәдбахт зұлымның, аллаһу әкбар! *(Теріс батаны бәрі бірігіп істейді. Жекенге.)* Көрдiңiздер, гуәһ болыңыздар! Білдіріңіздер ғауамға! Қуылсын хәзір бұл шәһәрдан, жауыз Бедел, жауыз хатыны!

Ш ә р і п } Уәллаһу ағзам биссауаб! Уәлалаһу ағзам  
Ж е к е н } биссауаб.

Қуылсын, жойылсын, аты өшсін, бұл шәһәр халқы арасынан Беделдің хатынының!

Сана галып құлап түседі. Бедел шөгіп отырып қалады.

Ш ы м ы л д ы к

## ЕКІНШІ АКТ

### Екінші сурет

Жарық жоғарыда. Тарих пен Бедел кеуде тұстарынан көрінеді. Төменде алакөленке.

Б е д е л. Енді қай шақ, қай дәуірді көреміз?

Т а р и х. Бұл тұста біз сіздің өміріңіздің басынан қайта түсеміз.

Б е д е л. Қай өмір, қалайша?

Т а р и х. Сіз Хажен хазірет медресесінде бала күніңізде оқыдыңыз да, шығып кеттіңіз. Орысша мектепке ауыстыңыз. Енді біз сіздің Учительская семинарияны бітіріп, содан кейін кешкен өміріңізді шоламыз.

Б е д е л. Сонда кәзір қай шақ көрінбек?

Т а р и х. Сіз учительская семинарияны бітіріп, Сары-адыр болысына орысша-қазақша школға учитель болып барғалы отырған кезіңіз, бағыңыз!

Жарық төменге ауысады. Орташа жиялған қалалық үй. Жерде дөңгелек үстел және биік жазу столы бар. Бөлмеде Орман, Сана Орман орысша оқымысты адамша киінген. Сана екеуі биік стол жанында.

Орман. Сарыадыр школы бұл уездегі ең тәуір школдың бірі. Бірақ, барлық қазақ ортасындағы сияқты, бұл школда және де қазақ қыздары оқи алмай жүр. Сіз сол Сарыадыр школының жанында, бесті-онды болса да, қазақ қыздарын жиып алып, өз бетіңізбен оқытуға бекінісіз.

Сана. Маған оны тапсыратын кім?

Орман. Өзіңіз бастаңыз. Азаматтық міндетім, халқым үшін қызметім деп бастаңыз. Бедел соған көмекші болсын.

Сана. Ойыма қонатын мәслихат айтасыз, Орман аға! Осы ақылыңызды Беделге де айтыңыз!

Орман. Құп, оныңыз дұрыс.

Бедел кіреді.

Бедел. Ә, Орман аға, қарындасыңыз Санаға ақыл айтып, қарыз артпақ едіңіз. Айтып үлгірдіңіз бе?

Сана. Саған мәлім екен ғой, Бедел!

Орман. Ал екеуіңізге бірдей менің тағы айтатыным бар.

Бедел. Айтыңыз!

Орман. Орысша оқитын қазақ баласынан жемқор тілмаш, парақор пестір, жалақор зақұншік, арызқор шығара көрмендер!

Бедел. Балалардың шамасына шақтап нені танытып, неден жиренту керек?

Орман. Мысалы, елді болыс, тілмаш, пристав, урядник, би-старшын дегендер жағалай жеп жүр. Соларға қаладағы крестьянский начальниктер, соттар, ояздар, округ соты, жандарал кеңсесі әрі пана, әрі көмекші. Міне балалар осы орындардың ісінен жиреніп өссін. Екі-үш жыл оқи сала, арыз, донос жазуды, жалған приговор жасауды, жасырын тыңшылық етуді сұмдық бұзық әдет деп тәрбиелеу керек. Алдағы кезде осындай мұрат ұстауға серт бересіңдер ме?

Бедел. Мен серт бердім, Орман аға!

Сана. Мен де бердім! Білмекке, танымакқа құмармыз.

Жаппас кіреді. Орман әңгімесін шұғыл өзгертіп, сөйлеп отырған желісін бұзбайды.

Орман. Абай қазақтың орысша оқитын жастарына қызық сөздер тастаған емес пе?!

Бедел. Қандай сөздерін айтасыз?

Орман. Тіпті осы русско-киргизская школада оқып жүрген интернат балаларына да арнаған сөздері бар ғой.

Жаппас. Немене, сіз сонда Абай жақсы айтты дейсіз бе?

Орман. Жаман айтып па еді? Естерінде ме:

«Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта  
Еривбей оқып көруге!  
Военный қызмет ізлеме,  
Оқалы киім киуге,  
Бос мақтанға салынып,  
Бекер көкірек керуге.  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге.  
Қалай сабыр қыласың  
(Бедел мен Сана күледі.)

Жазықсыз күнде сөуге!..  
Өнерсіздің қылығы —  
Тура сөзін айта алмай,  
Қит етуге баға алмай,  
Қорлықпенен шіруге;  
Аз ақшаға жалданып,  
Өнбес іске алданып,  
Жол таба алмай жүруге.  
Алыс та болса, іздеп тап,  
Кореннойға кіруге.  
Талапты ерге нұр жауар  
Жүріп өмір сүруге!»—

деген жоқ па еді? Осында талай жайлар бар емес пе? (Жаппас тікірейіп ашулана түседі. Бедел, Сана күледі.)

Орман. Неге күлесіндер?

Бедел. Біз мына Жаппасқа күлеміз. Сіз білмейді екенсіз ғой. «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге»— дегенде Абай айтқан «жанбай сөнгелі» отырған, алдыңызда бақырайып тұрған мынау Жаппастың өзі емес е?

Жаппас. Абай мұнда жақсы айтқан жоқ, жаман айтқан.

Орман. Немене, Абай абыройды төгіп қойды деп жақтырмайсыз-ау, ә?

Жаппас. Сендердің Абайларың патшалыққа қарсы адам.

Б е д е л. Бәсе, тағы бір арызды сүйкектетіп көсіп қалатын кез келіп қалған екен, ә?

Ж а п п а с. Көрсетсем көрсетіп те салам. Не деп отыр Абайың? Офицер болма дейді, ояз кеңсесінде істеме дейді, бар орыннан шақырмақ қой! Ал патшалықтан қазақ жақсылықтан басқа жаманшылық көрген емес, керек болса!

О р м а н. А, наныңды ақта, шеніңді сақта!

Ж а п п а с. А, сен патшалыққа тіл тигізіп, ояз, жандаралдың жауларын мақтап, жақтауың жаман. Тегі сенен онан да арғы пәлелер шыға ма деп отырмын. Деміңіз сасық көрінеді, мырзам! Айта түсіңізші тағы да!

О р м а н. Сіздей жалакор тілмаштармен сырласар ниетім жоқ. Халықтың сорына сатылған тілмаштар аз емес қой. Соны айтсаңшы.

Ж а п п а с. Мен оны айтпаймын. Әуелі мынау шынды айтайын. Мырзам тегі сен өзің жөн жүретін жан емес, поднадзор полицин жүрген кісі болмағай едің? Сенің орныңды, қазақша айтқанда, анау итжеккен, Темірқан — Шора, жерсібір немесе сонау Үркіттегі Александровский централ маңынан іздеу керек болмасын!

О р м а н. Тізіп отырған жерлерің талай жанды жіберіскеніңді танытты-ау, жігітім! Сендейлермен итшілесіп жүргенше, сондай жерлердегі адамдармен адамшылап жүргенім артық дермін!

Шығып кетеді.

Б е д е л. Жаппас, сен неғылған тілің шайпау, ұрыншақ адамсың?

Ж а п п а с. Мені танығаның жана ма? Жо, бірақ ол сөзді қой! Мен сені мен мына Санаға кәзір үлкен айып таққалы отырмын.

С а н а. Бәсе, сен оязға тілмаш болғалы айып таққыш болмасаң, жүре аласың ба?

К ү л п а ш. Сана, оқыған-тоқыған болып сен де бір осы киліге береді екенсің еркектердің арасына. Немене, еселі сөзін сөйлетпей, аузына қағасың? Айт, Жаппас, жаны шығып кетсе де, айтшы!

С а н а. Бәсе, байың Жаппас болмай, саппас болсын да! Сен осылай шапшып сөйлемесең, тына алмайтын сарамас болсаңшы!

Ж а п п а с. Сендер үйлерінде, поднадзор жүрген, патшалыққа қарсы дұшпан адамды сақтайсың. Онымен

болса, ауыз жаласасындар. Ал, бізбен андысып, кекесіп, жауласпақ боласындар ма, әлде?

Күлпаш. Қолдарынан келсе, мүйіздегелі отыр ғой екеумізді.

Бедел. Жаппас, сенің сау жерден жау таппай жүретін күнің бола ма?

Жаппас. Жок, олай жағалатқан, емексіткен сөздің керегі жоқ маған. Мен біліп отырмын бәрін де. Керек десе, ініңе су құйып отырмын, білдің бе? Кеше сенің егіңе высокоблагородие господин уездный начальник, полковник Скопцов Сарыадыр болысындағы жақсы школға бастық қып сайлап еді. Мен өзім барсам деп те ойлап едім. Соған мені жібермей, сені таңдап алды. Ал сенің... ақтағаның осы ма? Патшалық өзіңе әкеннен бетер жақсылық, қамқорлық панасын көрсеткенде, сенің бермегің не боп отыр? Есіңде болсын, мен мұны тек қалдырмаймын. Жанағы жау қонағыннан естігенім жетеді. Енді маған өкпелемегейсің тегінде!

Бедел. Сенің қолыңнан тірлік, тыныс алатын болсам, ол өмірді мен қуантар өмір демеспін.

Жаппас. Сен Сарыадыр болысына бара жатқанда менің қолым жетпейтін жыраққа барам, ұзаққа кетем деп ойлайтын шығарсың, шырақай. Жок, оған да жететін кәріміз табылады. Тіпті, тіпті енді біразда сол Сарыадырға сен учитель-мучитель болып жүргенде, мен бір-ақ күнде болыс боп барсам, қайтесің? Қысқасы, шайқасу әлі бұл ғана болып қоймас-ақ! Жүр, Күлпаш, кеттік бұлардан!

Күлпаш. Бәсе, бер солай сыбағасын, өл де маған! Болмай жатып, асуларын бұлардың.

Екеуі жөнеледі. Жылаған баланың даусы естіледі.

Бедел. Сана, балаң жылап жатыр. Гүлжан жылайды.

Сана. Жанағылардың айғайынан шошып оянды-ау, жаным.

Бедел. Шошытар бұл сұмдар. Үш жасар бала Гүлжанды ғана шошытып қоймас сұмдығымен, арды да, барды да шошытар. Тек Гүлжандай жаңа гүл, жас ұрпақтар көзі ашылар заман, заман болса десенші! *(Қараңғылық. Жоғарыда Тарих пен Бедел).* Енді қай шақ көрінеді?

Тарих. Және де он бес жыл өткеннен соңғы шақ.

Сарыадыр болысында сіз көп жылдар еңбек етіп, көп шәкірттер өсіріп шығарған боласыз.

Б е д е л. Бұл кезде де менің дос-қастарым ере жүре ме?

Т а р и х. Мейлінше... Сіз бұнда да солардан қас пен дос тапқан боласыз. (*Сахнада тарихтың мерзімді бір беті аударылып түскендей болды.*) Көз салыңыз, бағыңыз!

Жарық сөнеді. Оқиға төменге ауысады. Төменде жартылай европаша жиылған бөлмеде Сана мен Гүлжан. Сананың биік прическасы бар, шілтерлі шәлі жамылған. Киімі жартылай орысша, жартылай қазақша, Гүлжан киімі орысша, татарша аралас.

Гүлжан. Мама, не боп жатыр? Қелген кімдер? Неге келген?

Сана. Атама, қызым. Тінтумен келген.

Гүлжан. Тағы да анау Жаппас бар дей ме?

Сана. Бар.

Гүлжан. Қасындағы кімдер?

Сана. Болыс Хажен. Осы елдің атқамінер бні — Жекен. Және ең қатерлі, кесірлі пристав — Шәріп деген приставты алып келісіпті.

Гүлжан. Жаппас па соларды жиып әкеп жүрген?

Сана. Анығын білмедім... Ол осы болыстағы тілмаш, писарь. Астыртын доноста соның қолы жоқ дейсің бе?

Гүлжан. Қандай донос болады?

Сана. Білмейсің бе, патшалыққа қарсы, зиянды әрекет етіп жүрген ескі учитель десе, онай жала ма?

Гүлжан. Ол жаланын арты не болуға мүмкін, мама?

Сана. Не болушы еді? Қайда кетті Орман ағаң?

Гүлжан. Абақты... каторга... Мама, не дейсіз?

Сана. Жүрегім жаман шошиды. Құдай, сақтай гөр тек! (*Бедел кіреді.*) Немене Бедел?

Б е д е л. Не ниеттері барын аңдай алмадым. Бар школды астан-кестен тінтіп жүр. Ересек шәкірттерді қайта-қайта шақырып, тергеулер жасап жатыр анау пристав пен құдай ұрған Жаппас!

Сана. Сен неге қастарында болмадың?

Гүлжан. Бәсе... Папа, неге кеттіңіз?

Б е д е л. Мені орталарына кіргізбей: «Барып тұрыңыз, үйде тосыңыз» деген жоқ па?

Хажен, Жекен, Жаппас, Шәріп, Асан, Делдал кіреді. Тағы бір тол әйелдер: Құлнан, Шарапат, Биби. Бұлар Сана мен Гүлжанның айналасына оралады

**Ж а п п а с** (*Беделге*). Мен саған ертеде айтып едім, Бедел. Орға жығылып барасың демеп пе ем?

**Б е д е л**. Сенің ссіркеп-мүсіркеуіне мен бүгін де құштар емеспін.

**Ж а п п а с**. Сен өз бетіңмен кім болсаң о бол. Орға жыққанда патшалық ашқан школаны өзіңмен қоса құлатып отырған жоқсың ба?

**Б е д е л**. Ол жалған, жала... Ол бес жылдан бері мен бұл школдан казактың жас буынынан адам шығардым. Арам сирақтар, қан сорғыштар шығарғам жоқ.

**Ш ә р і п**. Адам шығарғаныңыз — ұлық атаулыға, болыс-билердей елдегі инабатты адамдарға қарсы, бұзық жастар тәрбиелегеніңіз бе?

**Б е д е л**. Бұзықтық деген не өзі? Әуелі соны дұрыс түсініңіз!

**Х а ж е н**. Е, ұрыс күшті болса, мал несі өледі деп тұрсың ғой. Пристав — қасқыр, тілмаш — түлкі, болыс — борсық дегізесің. Оны және түсінбейсің деп, тағы айып таққалы тұрсың ба? Аллаңнан ойбайым тиыш дегендей...

**Ж е к е н**. Елдің болысын, игі жақсысын «қарашығын алады, пара жейді, жұрттың жерін, малын тартып алып, аюдай талап, пәле салады» деген сөздерді сенің шәкірттерің жазып отырған жоқ па?

**Б е д е л**. Шәкірттердің не жазғанын өздерінен сұраңдар. Бұл сөздеріңді мен білмеймін.

**Ж а п п а с**. Өтірік айтасың. Олар сенің ақылыңмен жазған.

**Ш ә р і п**. Бұл арада саудаласатын ештеңе де жоқ. Қағаз, арыз қолымызда. Мінекей — қолымызда, мырза Бедел Бегенов.

**Ж а п п а с**. Қағаз — қаладағы губернаторға, одан қала берді корпусқа жіберілген приговорлар. Сол орындардан мына пристав мырза Шәріпке тексеруге жіберіліп, қайтып келіп отыр. Ініңе су құйған деген осы ма, жоқ па?

**Б е д е л**. Қелсін! Бұнда елдің сорын қайнатып жатқан жемқорлықты, нарақорлықты, казына талағыштықты, надаң, залым жауыздықты жазған екен. Ол ойдан шығарылған өтірік болмас. Ал рас болса, қылмысты іс-



тегенді жазаламай, ұлыққа айтып жылағанды, пана тілеп, көмек сұрағанды жазалай ма екен?

Х а ж е н. Пана тілеу, көмек сұрау сенің міндетің бе екен?

Б е д е л. Оны мен жазғаным жоқ.

Ж а п п а с. Сен жазбасаң, сенің шәкірттерің жазды. Сенің үйретуіңмен жазды.

Б е д е л. Мен емей, жылаған әкелері жаздырса, не дейсіндер? Тіпті сол арызды өздеріңнен зорлық көрген, жапа шеккен жылаулар жұрт басқа адвокатқа жазғызса, қайтесіндер?

Ш ә р і п. Өзге сөздің керегі не? Бұл салғыласатын жер емес, а соттасатын жер. Әңгіме кім жазғанында ғой. Арызды жазған балалардың қолдарын таптық біз кәзір. Бұны жазған сіздің үлкен шәкіртіңіз Уәлиев Мұстафа. Бекер деңізші кәне осыны? (*Бедел үндемейді.*)

Б е д е л. Бала... жас баланы тергеп, шатастырып ұяттарың кәне?

Ш ә р і п. Шақыр, келтір баланы — Уәлиевті.

Стражник Мұстафаны ертіп кіреді.

Ж а п п а с (*орысша Шәріпке*). Давай говорить с ним по-русски... (*Мұстафаға.*) Ты давно учишься в этой школе?

М ұ с т а ф а. Я?.. Штыре... штыры год!

Ш ә р і п. Аһа... ну какие ты книги читаешь?

М ұ с т а ф а. Какой?.. Псяки кнега... много кнега. Учитель Бедел ага дабал, ми читал.

Ж а п п а с. Хорошо. А ну-ка скажи, как зовут нашего царя государя?

М ұ с т а ф а. Сарь? Сарь император... Николай Рама-нын.

Ж а п п а с. Разве так надо величать? Ты не знаешь? И тебя не учили этому? Ну вспомни! (*Түреген.*)

Его императорское высочество государь император Николай Александрович самодержавец всероссийский, царь польский, великий князь финляндский, эстляндский, лифляндский, курляндский и прочая и прочая и проч-ч-ая! Вот как! А тебя не научил, даже своего государя императора величеств. Разве научит? Ну а ты сам написал это прошение?

М ұ с т а ф а. Сам, я сам.

Ш ә р і п. Но ведь ты не знаешь так хорошо по-русски.

М ұ с т а ф а. Пошему не писать? Знаю, псе знаю.

Ш ә р і п. Разве не видно, что ты плохо говоришь по-русски.

М ұ с т а ф а. Говору не хорошо, а шитаю; писаю. А-а, пишу хорошо.

Ж а п п а с. Жә, болды... Бара берсін.

Ш ә р і п. Бар, жетті!

Ж а п п а с. Мына бала тек қана көшіруші екенін көрдің бе? Арыздағы сөздерді жазарлық орысша тілді білмейді. (*Беделге.*) Осы арыздың шорновайын жазып беріп отырған сен емей, кім ғой дейсін?

Х а ж е н. Бәрекелді, сөз бітті, ендеше! Балық басынан шіриді. Айып ат мініп, түйе жетелеп келмейді, ұсталған деген осы. Патшалықтың дұшпаны деп жасандар кәзір приговорды!

Ж е к е н. Міне байлау кеп осыған соқты, мырза Бедел. Енді суға кеткен тал қармайдыны ойламасаң, бас кеткен деген осы!

Ж а п п а с. Емексітпе, Жекен би! Бұның тілегені осы болатын. Баяғыда, дәл он бес жыл бұрын айтқамын. Сандырақтамай, аппақ кісімсіп әулиесімей, өзіміздей жұрт жүрген жөнмен жүр дегем. Қиқандасаң, өмір бойы сыртыңнан ізінді бағамын да, ініңе су құямын да отырам дегем.

Осы сөздер кезінде Құлпаш пен Сана, Шарапат, Биби арасында сыбырмен ұрысқандай бүлініскен онаша күбір, кимылдар жүріп жатады.

Б е д е л (*Жаппасқа*). Рас айтасың, өмір бойға қара ниетпен, менің қара көлеңкемдей еріп жүрген жауыз жан сен болатынсың. Сыбағаңа соны ал да жетісе бер!

Ш ә р і п. Бітті шаруа! Жектіріндер атты! Алып кетеміз учительді қалаға, тергеуге!    ε

Хажев, Жаппас, Шәріп қозғала береді. Жекен, Беделдің қасында, Делдал, Асан — үшеуі оны қоршап қалады.

Ж е к е н (*Беделге*). Азамат Бедел, күн райы бұзылды ғой, көріп тұрсың. Мен жаңағылардың бетінен шошып қалдым.

А с а н. Бәсе, биеке, дұрыс айтасың. Аямасқа кетті ғой әлгілер.

Д е л д а л. Кімді аяйды дейсіз! Талайлардың осылай үнін өшіріп, көзін жойып келе жатқан ұялас бөрідей топ емес пе!

Жекен. Аямайды. Бірақ бір тұстан аңғарын байқағаным, аужайын түйгенім бар еді, Бедел. Балта шапқанша дөңбек жал табат та. Жаппас аузына келгенін көкі береді ғой. Тегі, сөздің тетігі пристав Шәріп пен жаңағы Хажен болыста емес пе? Қиын да болса, осыларды тоқтатар пара тапсам, болар ма?

Асан. Ойпыр-ау, айтсаңызшы! Азамат жанын тым құрыса сіз қорғасаңызшы, биеке!

Делдал. Бәсе ел емес пе? Елдің намысы, ары деген бар еді ғой. Тым құрыса аралық, арашашы сөз айтып көрсеңізші!

Жекен. Жер тығыз, күн бұзылды. Іркіп айтар, баптап сөйлер кез емес. Бедел мырза! Көсеу ұзын болса, қол күймейді. Пристав тоқтаймын десе, жаңағы қағаздарды ұстап қаларлық күдіреті бар көрінеді ғой.

Асан. Немен қалдырар еді?

Делдал. Не деп қалдырар екен?

Жекен. Аужайын түйіп қалдым, Бедел мырза. Мынау пристав өзі соншалық мосқал тартқан кісі емес қой. Биыл әйелі өліп, үйі қаңырап тұрған көрінеді. Ұзын арқан — кең тұсау осының өзі бола ма деп тұрмын. Айрап сұрай келіп, шелегінді жасырма дегендей ұйғарғанды айттайын. Бедел мырза, жетіп отырған балапаныңыз бар. Басы бос екен мынау Гүлжан балаңның. Пристав болса, о да жеткен адам, оқыған жігіт, осымен іштей табыс та ұғыс дер едім.

Бедел *(үндемей отырған жерінен атқып тұрады)*. Тоқтат, шығарма бұдан әрі үніңді, Жекен би! Бұл қорлыққа көнгенше, өлсемші бұл сұмдықты естігенше! Шық! Бар, бар, жөнел! Жөнеліндер сұмдарыңның ізімен! Шық үйімнен!

Билер кетеді.

Құлпаш *(Санаға)*. Сорлы Сана, неғыласың, шабыңа от түскендей шапшысаң да, шаптықсаң да көнесің! Айттым ғой: не өлесің, не көнесің осыған!

Сана. Аулақ бол, аулақ жүр! Құрып кетсін сенің ақылың! Қор болған басым! Асыл жаным, Гүлжаным!.. Аулақ қана жүрші менен, Құлпаш!

Биби. Ойлансаңызшы бірақ, Сана-ау!..

Шарапат. Қімнің басынан кешпеген? Қайсынымыз әуелде ерге барамыз деп сұранып едік? Береміз дейтін де беріп жіберетін емес пе еді, аталар мен аналар?

Б и б н. Жыласаңыз да, күйіп-өртеңсіз де, өлмеймін десеңіздер, көнесіз ғой, байғұс Сана!

С а н а. Құрып кетсін ақылдарың! Жөнеліңдер, көне-рім жоқ, ырзалығым жоқ менің!

К ү л п а ш. Сорың қайнағанда көрсін ақылымның артығын.

Әйелдер кетеді. Сана екінші бөлмемен Беделге қарай ұмтылады.

С а н а. Естідің бе, білдің бе сұмдық нистгерін?!

Б е д е л. Білдің бе, сен де білдің бе, сорлы жарым?.. Сорға біткен балам! Кімнің басы кімнің саудасына түскен сұм заман еді... мынау сұмдық заман?!

С а н а. Өлсем еттім, тірідей қара жерге кірсем еттім, мұндай қорлық күнге жеткенше!

Екеуі екі жерде жылап отырысып қалады. Қараңғылық. Жарық жоғарыда. Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Жаңағы көрген жайға мен бастан-аяқ дау айтар едім.

Т а р и х. Не деп айтар едіңіз?

Б е д е л. Сауаты бар, ерте оянган адам өзін соншалық тұсауға салғызып, қорлық қамауға алғызбау керек.

Т а р и х. Рас, ол тек қана дәреже, шен, жалақы дегендерге құл болған адам болса, сіздің айтқаныңыз дұрыс болады.

Б е д е л. Өзі ғана емес, әйелі, қызына шейін соншалық қорлыққа, зорлыққа камалуы ұшқары тәрізденеді.

Т а р и х. Бұрынғы уақытта өзі де, әйелі де, тіпті әкешесі, іні-қарындастары да абақты кететін, каторгіге айдалатын бір туған жандар аз болып па еді? Солар өз бастарының кемдігінен, ақылы жетпегендігінен сондай болып па еді?

Б е д е л. Бедел басынан кешіп тұрған жаңағы халге мен көп жағынан көне алмай тұрмын.

Т а р и х. Сіз «Тарих осылай ойлайды, Тарих солай байлайды, осылай үкім етеді» деп жазған шақтарыңызда, мен сіздің қаламыңызға жармастым ба? Қолыңызды бөгедім бе? Бөгет болғам жоқ-ты! Рас емес пе еді?

Б е д е л (көңіл). Рас, бөгегеніңізді сезген емеспін.

Т а р и х. Бәсе... Енді аз жылдан соң Бедел басынан сол бағытта не кешті, соны көреміз. Бағыңыз!

Шам төменге ауысады. Онда Гүлжан мен Деддал.

Д е л д а л. Басында қалай, қайтіп қана түсіп қалғаның осы адамдар торына?

Гүлжан. Папам үшін түспедім бе?

Делдал. Бәсе, сол күнде көніп пе едің?

Гүлжан. Сол күні несі? Бір күн де көнген емеспін ішімнен. Тек әкемді абақтыдан, анамды қорлық азаптан құтқарам деп, жаманшылықты солар басынан тайдырам ба деп уақытша «сөйлессін, көрейік» деген едім ғой.

Делдал. Сол күнде сені «көніпті». «Шәріп алатын болыпты» деген сөз шықты ғой. Мен содан үркіп кетпедім бе?

Гүлжан. Ол Жаппас пен Құлпаштың әдейі шығарған лақабы. Әрі соған бізді мойындата берем, көндірем деген ұйғаруы емес пе еді?

Делдал. Менің саған деген көңілім... Гүлжан... жай ғана құрбының, замандастың тілеулестік көңілі емес. Мен сол күндерде сен үшін басым кетсе — бармын деп жүрген жан едім ғой...

Гүлжан. Неге кешіктің, ендеше? Неге сол күнде сездірмедің маған?

Делдал. Мен сездіргенше, өзгелер жолымды кескен жоқ па? Бүгін міне жаңа естіп келдім, болыс бар, Жаппас пен анау айлакер би Жекен бар — барлығы Шәріпті ортаға алып, сені алып кеткелі келе жатыр. Соны хабарлай келдім. Сезгендерің бар ма?

Гүлжан. Анам естіпті. Кәзір папам екеуі өлердей ауыр құсада, өртенгендей күйде отыр. Мен де жеттім жетер шегіне!..

Делдал. Күйді не, жанды не! Оқыған әке-шешенің оқыған қызы бола тұра, сенің осындай болып кеткеніңнен де өлген артық еді!

Гүлжан. Шын айттың... Удай болса да, барлық дұрыс, шынды айттың. Менің сол күйге жетіп тұрған жайым бар. Жаның құрбы жақ едің. Ең соңғы байлау алдында жалғыз ғана өтінішім болсын, өмірлік тілегім, зарым болсын, алып кетші мені бір жаққа! Екеуміздің де аз да болса оқуымыз бар. Қырдың қаранғы жасы емеспіз ғой. Әкпетші мені өмір қорлығынан, ар қорлығынан!

Делдал. Ой, жаным-ай, Гүлжан-ай... Бүгін айтатын сөз емес еді ғой бұл!

Гүлжан. Не дейсің, мен осы сөзді оңайлықпен айтты деп пе ең? Сенен де естіген жауабым осы болды ма?

Делдал. Бұндайдың заманы ма? Менде не күш, не құдірет бар?

Гүлжан. А, рас... Жаңылыппын ғой. Суға кеткен

тал қармайды дегенде, тал құтқармайды, бәрібір су түбіне кетеді деген мазақпен айтады екен ғой. Болды, бар ендеше... Хош жастық, хош мәңгіге, қор болған жастық!..

Айнала беріп у ішеді. Делдал өз бетімен теріс бұрылып тұрып, Гүлжанның кінәлағанын байқамайды.

Тек қорлықтан, ар қорлығынан сендер ғана аман қал, адал, ақ жандар... Әлсіз, шарасыз ғазиз ата, анам... папам...

Ауырлап, қиналып құлай береді.

Делдал. Не болды, Гүлжан-ау, не болды, жаным?! О, сұмдық, асыл жан, алтын сәуле! Не болды саған? (*Ұмтыла береді.*)

Гүлжан (*жығылған күйде*). Хош, дүние!.. хош, өгей өмір!.. Уу... Уу... (*Үзіледі.*)

Делдал (*жүгіріп*). Гүлжан! Қайран сәуле, асыл жан! Қор болған мен... Көз алдымда айрылдым ба аққуымнан?.. Айыпсыз, аппақ аққуымнан... Қор... неткен қормын мен! Сана, Бедел аға!

Сана мен Бедел шығады. Бедел сауытты көреді.

Бедел. У... у... ішкен.

Делдал. Есіл асыл жар! Аққудай аппақ таза жан! (*Жылайды.*)

Сана. Сорлы балапаным... Ғазиз жаным, осыған жеттің бе?

Бедел. Осыған жетіп пе едің. Осы ма еді тосқаның, жауыз дүние, өгей өмір! Сұм дүние!..

Делдал шығып кетеді. Аздан соң Жаппас, Хажен, Шәріп шығады. Делдалды ертіп Жекен келеді. Кейін Құлпаш, Шарапат, Асан, Биби дабырласып түршігіп, қатаң сөйлесіп жүгірісе келеді.

Дауыстар. У ішкен! Өлген?

— Өзін өзі өлтірген дейді.— Неғылған сұмдық!..— У ішкізген шешесі де...— Уды тауып берген кім дейсін, әкесі емей?

Бедел. Үзілді... Бітті, кетті ұшып, асыл жаным, жарығым! Жарадан да, сұм мазақ, қорлықтан да құтылдың!

Жаппас. Құтылдың дейсін бе, құтқардым демей ме екенсің?

Шәріп. Гүлжанды құтылдың дедің ғой. Ендеше,

мырза Бедел Бегенов, патшалық әділ заңы бойынша ел бүлдіруші подпольщик социалист, ақ патшаның жауы — Бегенов Бедел, сен өзің тұтылдың!

**Х а ж е н.** Жаңа школ ішінде күзетшінің подвалына тығылған патшаға қарсы қара кітабының бәрі табылды. Індеріне су құйып, протоколын жасап келіп отыр мынау Шәріп пен Жаплас. Мен де екеуінің қолындағы протоколына мөрім бастым. Мінекей, қызыңның сенің ақылыңмен жеткені сол болса, өзіңнің өз қылығыңнан тапқаның мынау.

**Ш ә р і п** (*жаңа кірген стражниктерге*). Алындар, тұтқынға мынау Бегенов қылмыстыны!.. (*Беделді ареске алады.*)

## Ш ы м ы л ы қ

### ҮШІНШІ АКТ

#### Үшінші сурет

Жоғарыда Тарих пен Бедел.

**Б е д е л.** Енді қай дәуірге ауыстық?

**Т а р и х.** Енді сіздің Октябрьден бергі шынға жақын өміріңізге ауыстық.

**Б е д е л.** Қай шақтан бастап, қай кезді шаламыз?

**Т а р и х.** Кәзір сіз де, Сана да Москва университетін бітіргенсіздер. Мүмкін, сізге кәзір көмескі бұлдыр тартқан, ұмытылған жайлар да, ойлар да болар. Бағыңыз.

**Қараңғылық.** Төменде желісті, көркем мәдениет сарайының көп коллонналы фойесі. Әріректе кітапхана. Оқушылар. Зал ішінде Орман мен Сана сөйлесіп келе жатады.

**О р м а н.** Мына мақалада мол еңбек, білім сезіледі. Мен кешеден бері кітапханаға әдейі осы еңбектеріңізді оқуға келіп, бүгін бітірдім. Екеуіңізге де қатты ырзамын.

**С а н а.** Орман аға, бұндағы еңбектің көбі Беделдікі. Өз жақыным дегендік емес, Бедел шын мағынасында ғылым адамы болып келеді. Бұны осы Москвадағы біздің саладағы ірі оқымысты орыс адамдары да айта бастады.

Бедел кіреді.

Орман. Мен сіздің екеуіңізге де енді сіздер ірі мақсат етіп, соңына түсерлік бір өнімді өріс, ойлар бар екеңіз ескерттер едім.

Бедел. Айтыңыз, Орман аға!

Орман. Сіздер Россия тарихының арнаулы дәуірлерін зерттеп, мол білім алдыңыздар. Ғылымдық осы тәжірибе әдісті бұдан былай қалай, қайда қолданбақсыздар?

Сана. Әрине, біз өз мамандығымыз бойынша шұғылданамыз да.

Орман. Рас, ол дұрыс. Бірақ отандық кең ғылым сіздерге артар міндет бар.

Бедел. Ол қандай міндет?

Орман. Біздің бар халықтар туысқан, тең күйде социалістік жаңа мәдениетін жасап келеді, солай ма?

Сана. Әрине, солай!

Орман. Бар салада халықтар, тарихтар алтын дәуір — возрожденіесін бастағалы отыр. Бастап та жатыр. Солай болса сіздер өз біліміңізді енді өз халқыңыздың, туған өлкеңіздің өткен шағы мен бүгінгі жайын зерттеуге арнауыңыз қажет емес пе?

Жаппас пен Құлпаш келеді.

Жаппас. А, мен Беделді іздеп ем. Бұнда бір үйір туыстар отыр екен ғой...

Орман. Сіз де келіп сол үйірге қосылыңыз.

Жаппас. Айта беріңіз. Сіз бір келелі кеңес сөйлеп отырған тәрізді едіңіз ғой.

Құлпаш. Біз әлде оңаша сөздеріне бөгет болармыз.

Орман. Оңаша емес, сіздер де еститін сөз. Отырыңыздар. Естуімше сіз де биыл оқу бітірдіңіз ғой.

Жаппас. Иә, мына Бедел оқыған факультетте мен де оқыдым.

Орман. Келін де... Жолдасыңыз да солай оқып па еді?

Құлпаш. Жоқ, ағай. Мені ондай көп оқыған шығар деп сезіктенбей-ақ қойыңыз. Біз оқымай, тоқыған дейтін кісі боламыз. *(Күледі.)*

Сана *(әзілмен)*. Бұл кісі кеудесіне тоқыған.

Құлпаш. Иә, біз сол кеудеге жиған кісіміз.

Орман *(күліп)*. Түу... барша адамзат ақыл-есті басқа жиюшы еді. Сіздің ақылыңыз кеудеңізде болғаны керемет екен, ә?

Жаппас. Ал, ағай, жаңағы сөзіңізді айта беріңіз!



Орман. Айтсам, мына тарихшы бола бастаған достарға мен совет ғалымы боп, өз халқыңыз қазақтың тарихын жазыңыз деймін. Қазақстан аталған өлкенің бағы замандардан бергі шаруашылық тарихын, қоғамдық тарихтық өсу жолдарын, рухани мәдениетін өзінше өнер дегенін және есею тарихын кең зерттеңіз деймін.

Жаппас. Қызық ой екен.. Бірақ біздің революция үшін, большевик партиясының бүгінгі міндеттері үшін бұның қандай қажеті болды екен?

Бедел. Қажеті неге болмасын? Біз кәзір революцияның алғашқы жылдарында өмір кешеміз. Жақын уақыттың өзінде Россия тарихы енді революциялық ғылымның тұрғысынан қайта жазылатын болады. Сонда орыс тарихы ғана болып жазылмайды, бүкіл советтік көп ұлтты, көп өлкелі мемлекеттің кең тарихы деп жазылатын болады.

Орман. Міне дұрыс айтасыз. Менің де айтпағым осы жайлы. Сол бүкіл советтің, бүкіл отандық болашақ тарихтың Қазақстанға арналған саласын, зор бөлімін сіздер жазатын болуларыңыз керек. Соны және осы күннен бастау шарт. Не дейсіз, Бедел?

Бедел. Бұл жөнде Сана екеуіміз екі жақтап аса көп деректер жидық.

Орман. Міне, ендеше бар күшіңіз, уақыт пен қуат, біліміңіз осыған жұмсалып қажет. Бұны және революциялық советтік ғылымның ең асыл міндеті деп түсіну шарт!

Жаппас. Апыр-ау, солай деңіздер.. Тындаймын, тындаймын да аң-таң қаламын!..

Сана. Иә, неліктен?

Жаппас. Осы сөзді сөйлеп отырған кісілер де өздерін большевикпіз дейді-ау, ә?

Бедел. Ал, не боп қапты? Большевикпіз демейтін несі бар екен?

Жаппас. Көріп отырмын, танып тұрмын. Бұл сөздің түбі қайда апара жатыр? Қандай тон жамылып келіп, айлалы зиянға соғатын жол екенін жазбай әшкерелегелі тұрмын.

Орман. Сіз немене өзіңіз, арзаннан, онайдан олжа тауып жүрген кісісіз бе, не демексіз?

Жаппас. Сіз де шалмай сөйлеңіз. Мен тегі сыйымды ірікпейтін, кімге болсын сорақысын бетіне бірден басатын кісімін...

Орман. Е, тік басып жүрген таразымын деңіз. Сора-

қыны таптыңыз. Бәлкі қылмысты да қосарсыз. Айтып көріңізші.

**Ж а п п а с.** Айтсам, большевиктік революцияның бірден-бір міндеті: ұлттық өзгешеліктерді айқындай беруге, сүйреп сала беруге бағытталмақ емес. Жақында халықтар бәрі табысады. Ұлттық тарихта рухани анау-мынау дегендерге ақыл жұмсау, күш бөлу арам. Осының түбі өзге емес, кеше ғана Қазақстанға, қазақ халқына бар кесірін тигізген, бүгін де арылып болмаған оңбаған ұлтшылдыққа апарып соғады. Білдіңіз бе, контрреволюциялық ұлтшылдыққа апарып соғады.

**О р м а н.** Е-е сонда Қазақстанда, Украинада, Грузияда ашылып жатқан ұлт тіліндегі мектептер, баспасөздер, барлық жаңа социалистік мәдениет керексіз, теріс істеліп жатыр демексіз бе? Үкімет шараларын, партия қарарларын ревизияға алып, қайта бұздырмақ боласыз ба?

**Ж а п п а с.** Қорқытпаңыз. Ондай демагогияңыздан ықтайтын кісі Жаппас емес. Тұра тұрыңыз, мен бәрін айтып берейін. Сіз қазақтың тарихын жазу керек дейсіз ғой мына Беделге?

**О р м а н.** Әрине, жазу керек. Ол қасиетті міндет деймін.

**Ж а п п а с.** Қасиет емес, залалға соғатын, біздердей жас адамдарды партия жолынан анық теріске бұрып әкететін бет нұсқап отырсыз.

**Б е д е л.** Әй, Жаппас, сен осы... адамды жалаламай, қараламай, ылғи жел жағына шығып алып күл шашпайақ сөйлесең болмай ма?

**Ж а п п а с.** Ә, сен солай дейсің бе? Сенің де мүйізін неден сырқырап тұрғанын көріп отырмын. Айтайын кәне, тұра тұр!

**С а н а.** Айтқызындаршы, бәсе.

**К ү л п а ш.** Әй, Жаппас, немеңе, мыналар саған жабыла түскені несі жан-жағынан?

**О р м а н.** Айтсын. Айтыңызшы кәне, жігітім?

**Ж а п п а с.** Айтсам, қазақтай түк қасиеті, тарихы болмаған елдің тарихын жазам деп әлдеқандай қоқсығыбықсығын бұлдайтын болсаң. Қазақтай халықтардың тарихында мақтауға, мадақтауға тұрарлық түк те жоқ. Біздің тарихымыз Октябрьден кейін, коммунистік сананың, партиялық жолдың бойында ғана жасалады. Сол болады. Өткеннің бізге түкке керегі жоқ. Біздің революцияның қолдауына тұрарлық адамдар қазақ сияқты

азиялық, патриархалдық надан елде болған емес. Қарасы өшкір, хандықты мақтайсың ба, қара күш, қара тоқпақ биді ақтайсың ба? Әлде өнерсіз, білімсіз оқымаған көрбала, не бір домбырашыны, өлеңшіні әй, пәлі-ай деп өзеурейсің бе? Ондайды мадақтаймын деп жүріп, барып тұрған ұлтшылдық, идеализацияға жетесің. Партияға, советке залалды дәріптеушілікке жетесің.

Орман. Е-е... сіздің сөзіңізді естіп қалдық. Бұғач дау айту арам шығын. Уақыты болса мына Бедел сөйлесің. Мен сізбен сөйлеспеймін де!

Кете береді.

Бедел. Сен өзін ғылымдық жайда жай ойласу, сөйлесу орнына төбелеске бергісіз жанжалды ғана жақтап жүресің-ау. Не деген ұрыншақсың!

Жаппас. Ә, сен менімен құрбылас, қатар оқығаныңды сылтау ғып осылайша тұрпайы түрде жаманат жаққың келеді ғой маған. Мен болсам шынды айтам. Сенімен бірге оқуын оқығамын, бірақ идеялық, негізгі жайда, партиялық қарызымызды ойлағанда мен сенің оны-мұнына қарамаймын. Тек жаңағы айтқан жолға басып көр, соңыннан қалмайтын сыншын да, қарсы адамын да мен өзім боламын.

Сана. Сен ғылымда айтысып, қатар іздену, зерттеу орнына Беделдің соңына ғана түсуді кәсіп етем деймісің? Жетіскенін біреудің соңында жүріп жем іздеу ме?

Жаппас. Соңында дейсің ғой, жоқ соңында емес, сенің Беделің жүрмейтін жоғары жерден-ақ сол айтқанымды орындармын. Сертіме жетермін. Ұйыстырушы, басшы қызметте болсам не дейсің? Ер болсаң осыған қарсылық айтып көрші.

Бедел. Мен сенің әлдебір орынға сайланғаныңнан жасқанып, ғылымдық зерттеуден қорғанады деп пе ең? Серт десең серт болсын. Ойыма алған, дұрыс деген ғылымдық жолға кәміл санаммен кірісермін де, ілгері басармын. Тек бөгет болып көр. Сен де біліп қой осыны!

Жаппас. Білдім... Қай жерден қалай тосқанымды көріп ал енді! Жүр, Құлпаш!

Олар кетеді.

Сана. Сен де жүр, Бедел. Детсадқа барып, Гүлжанды алып үйге қайталық. Жаладан тыс, бақытты бала буын дәуреніп күтіп, соған қарай басайық. Татымсыздың

тастаған жамандық тасынан жияттарыма дей түскемін  
жок бұл ғылымның жолына. Жүр көрін шығ, серт бол-  
са серт болсын! Әкпел білекке сүйе білекті.

Кетісе беріседі.

Ш ы м ы л д ы қ

## Төртінші сурет

Жоғарғы жарық ішінде Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Енді қай шақ? Тағы нелер көреміз?

Т а р и х. Он бес жыл өткеннен кейін сіздің басыңызға  
түскен бір қысылшаң шақты шолып өтеміз.

Б е д е л. Тағы да шытырман ба? Оның заманы емес  
қой!

Т а р и х. Оның заманы емес. Барлық жай басқа күй,  
басқа сипатта болады.

Б е д е л. Ескінің қалдығы сипатында ма?

Т а р и х. Ол аяқтан алған шағында «қалдық» деп  
аталса да, талай жанды азапқа да, бейнет пен қазаға  
да ұшыратуға жараған қырсық. Соны ескеріңіз, бағыңыз!

Жарық төменге түседі. Төмендегі декорация екі буын. Бәрі де мол  
залдың кіре беріс — қулуары. Бұл тұстан арыға қарай өтіп жатқан-  
дар байқалады. Арғы төрде мол жарықты Үлкен зал. Қулуарда  
Санаға, Жаппасқа, Құлпашқа ұшырасады.

С а н а. Жаппас, өмір бойғы көкейінді тескені Бедел-  
ге мол қастық жасау еді. Тек арманыннан шығып қал!

Қ ұ л п а ш. Е, осы не қып жүр, Сана? Мен қасында  
жүргенмен көп кілтпанын андамай қалам, айтшы осы  
маған да?

С а н а. Бедел еңбек етіп, кітаптан соң кітап шыға-  
рып, ғылым ізерлеп, қажып-талып жүрсе, Жаппас Бедел-  
дің әр шақтағы еңбегіне жармасып, жала жабумен қажып-талып жүрген жоқ па? Сол жайын ұққанымды ай-  
тып тұрған жоқ па?

Ж а п п а с. Сана, сенің де өйтіп еркінситін, кекеп,  
мұқайтып шағың емес. Әуелі өз басың бүгін Беделдің  
қатесінен арылып, бірге кіналап шығасың ба, соны айт!

С а н а. Менің не дейтінімді естисің ғой. Асыққаның  
не?

Ж а п п а с. Асыққан емес, арылғаным! Сактаңдырғаным, білдің бе?

К ү л п а ш. Сонда ерінен жарын айыра сөйлемексің, осының да достығым демексің бе?

С а п а. Арылғаным деп тұр ғой! Айтқаныңды ақтама-сам қайтпексің?

Ж а п п а с. Онда бір айдан соң буржуаздық ұлтшылдың көмекшісі боп өзің де талқыға түсесің!

С а н а. Мені қорқады, жасып ықтайды деп зәрің мен кәріңді қадап тұрсың ба?

Ж а п п а с. Қорықпасаң егесің көр! Шығаршы кәзір үніңді!

С а н а. Жалакормен жарасып күн көргенше ақтық жолда өлісің бағармыз. Аулақ бол менен! Тыңдамаймын сөзіңді! *(Залға кетеді.)*

К ү л п а ш. Ал керек болса! Тілеуің бергір, Сана, айызымды қандырды-ау.

Ж а п п а с. Сен немене? Азғалы жүрсің бе, сен де! буржуаздық ұлтшылдарға кимаң қышып неғып барасың өзін... байқа, бәлем!

К ү л п а ш. Е, мені де халық жауына жаз сөйтіп... Торымаған, жалаламаған жан қалдырма маңыңда.

Ж а п п а с. Байқа, байқап сөйле, катын! Ұлтшыл тек тарихшыдан шықпайды.

К ү л п а ш. Қойшы әрі, жалмауыз деген жақсы атақ емес деп жалмай бермей жан біткенді.

Хажен, Жекен, Шәріп шығады.

Ж а п п а с. Ректор жолдас, зиянды профессорды қорғаштап, бүркемелеп созып-созып келуіңіз жетті. Енді бүгін бет ашып, ашық сынға толық жол бересіз. Бұл сөзді мен, декан жолдас — Жекен сізге және бүгінгі ғылымдық кеңес бастығы, құрметті жолдас Шәріп, сізге де жолдап тұрмын. Не дейсіздер?

Х а ж е н. Ең әуелі біз жиылыс ашқалы тұрмыз. Оны білесіз. Одан әрі «бет ашып, жол бересіз» деп алдын ала бұқтырып, ықтырмай-ақ қоя тұрыңыз, Жаппас жолдас.

Ж е к е н. Бәсе, осы жиылысты сіздің мақалаңыз жөнінен шақырып отырмыз. Алдын ала одан әрі не тілемексіз?

Ш ә р і п. Күн тәртібіндегі мәселенің өзі сол-ақ, біреу-ақ. Мақалаңыз шыққалы бір ай өткелі жар құлағыңыз

жастыққа тимей, сіздің тілегеніңіз сол еді ғой. Ал міне мақалаңыз талқыланады.

**Ж а п п а с.** «Талқыланады» дейсіз бе? Оныңызды қалай ұғынайық? Әлде біреулерге қарсы пікір айтуды да ұйыстырып жүрген боларсыздар?

**Х а ж е н.** Сіз немене, жиылыстың аузын буғыңыз келе ме?

**Ж а п п а с.** Ректор жолдас, ашық айтайын, сіздің көмейіңіз күлкілдеп күмілжи беретініңіз бар екен. Менің мақалам шыққалы табан бір ай болса да, содан бері үн қатпай залалды лекцияларын оқудан Бегеновты тыймай келгеніңіз тегін болмас, сірә! Бүгін осы жайлы әшкерелеп отырған мақаламды және талқылауға, тартқыға салғызбақ боласыз ба?

**Х а ж е н.** Сіз домбытбалап, қара борандатып, бүкіл институт коллективін үркітіп, ықтырып алмақ боласыз ба?

**Ж е к е н.** Мақалаңызды бұнда ойласып, салғастырып ұғынсын ба, жоқ, тек қана директива деп қабыл алмақ па? Қылмыс заңының белгілі статьясын қабылдататындай дігір саласыз. Өзіңіз бізбен әмірші, бұйрық беруші тәрізді сөйлесетініңіз қалай осы.

**Ж а п п а с.** Бәсе... мен осы тұрған үшеуіңіздің де осылай қыңыр жайылатындарыңызды сезіп тұр ем бағанадан. Білемін, Бегенов жалғыз емес, оны әшкерелетпей, қанат астында паналатып, оның үстінен бәйек болып, жабыла бүркесіп, жабыла қорғаштап жүргендер бар екені де айқын. Олар кімдер екені маған тағы да айқын. Мен кәзір кесер сөзімді айтам. Мақалам талқыланбайды! Жиылысты осы айтқан бағытта өткізу үшеуіңіздің міндетіңіз. Маған осы жәннен жауап айтыңыздар.

**Х а ж е н.** Менің де кесер сөзім сол. Жиылыс өзінің дағдылы, заңды еркін жолымен жүреді. Сынайтынды сынайды, мінейтінді мінейді. Сіздің тізенізден, қоқан-лоққыңыздан ықпайды.

**Ж а п п а с.** Ал мен тағы да соңғы рет есіңізге салайын, дәл бүгін не Бегеновты әшкерелеп шығасыздар, не осы ғылым кеңесінің дәл осы арада абыройын төгесіздер.

**Ж е к е н.** Біздің басымызға аспанды тастап жіберетіндей күш-құдіретті кім берген осы сізге? Әлек сала сөйлейтін ерекше күшіңізді айта түссеңіз қайтеді?

**Ж а п п а с.** Әлек-сәлегім сол болсын, біліп алыңыздар, жаңағы айтқаным орындалмайтын болса, енді бір

айдан соң буржуаздық ұлтшылға, қаны шыққан қаскөйге, зиянкес ғалымсымаққа көмектес болғандықтан әрқайсыңыз жеке-жеке де сол Бегеновше жауапқа тартылатын боласыз. Сөзім сол-ақ! Бастаңыз ана жиылысыңызды. Жүр, Күлпаш, залға жүр!

Әйелімен кетеді. Асан, Биби, Шарапат келеді.

**А с а н.** Немене, жиналыс бір ауыр, ұнамсыз жиналыс болғалы тұр ма, қалай?

**Х а ж е н.** Қатты сотқар тәтті жиналысты тілемес. Бірақ алдын ала үрікпендер де жапырылмаңдар.

**Ж е к е н.** Жаңағының өзі әр жерден шаң тастайды, қорқытады-ау, ә?

**Ш ә р і п.** Кеудесін ұрып тұрған жоқ па? Күш алып тұрған шағым деп күпініп тұр ғой!

**А с а н.** Немене, өзі біздің коллектив осы іске қалай қарау керек тегі?

**Ж е к е н.** Қалай қараушы ек. Бедел Бегеновичке? Оннан аса шынайы үлкен ғылымдық еңбектер жазыпты. Оны институтпен бірге туып, бірге өсіпті. Тынымсыз еңбек етіп, бұрын жазылмаған қазақ тарихын сан кітап етіп жазып жариялап келіпті. Рас, қатесі, кемшілігі жоқ емес шығар. Бірақ жалғыз, үздік ғалым адамымызды бүгін оп-оңай бауыздатып, Жаппастар тілімен айтқанда «сойғызып» қояйық па?

**Х а ж е н.** Қатесі жоқ емес шығар. Оны Бедел Бегенович өзі де айтпай қояды деп ойламаймын. Ал, біз сын мен жаланың қателік пен адал асыл еңбектің парқын айыра білейік. Бұндай жиналыстар біреуге ғана сын емес, жиналысқа да, жұртшылыққа да, ғылым, салаға да сын екенін есте тұтайық. Мен институт абыройы мен беделі жөніндегі ең қымбат сыр сонда деп білемін. Бәрінің де өз нығында өз ойлы бастарын бар, ар-намысты жан-жағынан түгел ойлау жол болар. Ал мен бүгін осы жиылысқа обком хатшысы, жолдас Орманды да шақырдым. Не пікірі барын алдын ала айтқан жоқ, бірақ келмек болды. Көмек күтеміз.

**Ш ә р і п.** Түсінікті, жолдас директор. Жауапты ойды ескерттіңіз.

**Б и б и** (Асан мен Шарапатқа). Бұл кісілер жұмбақтау сөздер айтысты ғой, біз қалай етуіміз керек екен?

**А с а н.** Түсінікті деседі. Мешксі деген жақсы атақ

емес деп, үлкен газет бетінде жаманат алып жатқанның өзі де он-оңай пәле бола қоймас. Өзім білсем, сонау первыға тиерлік жаиттардан сақтана тұрған дұрыс болар ма, қалай болар екен?

**Б и б и.** Ә, сіздің аужайыңызды түйдік. Тілге не болу керек. Ақырын, кішкентай... бұқпантайлау керек деп тұрсыз ғой.

**Ш а р а п а т.** Үндемеген озады дейді ғой бұл кісі. Шиеленіскені құрсын, пәлесі құрсын дейтін шығар. Ал, біз өзіміз жаңағы директор жолдастың бетімен берекелі қауымның біркелкі тұтас бағытымен болсақ керек. Солай емес пе, Биби?

**Б и б и.** Мен Асан ағадай жасаң ағадан гөрі Шарапаттай кермет апаға ергенді мақұл көрсем керек. Әйда, кеттік!

Шарапатпен екеуі Асаннан бөліне кетіседі. Сахнада Шәріп қалған. Делдал мен Гүлжан шығады.

**Ш ә р і п.** Гүлжан, немене, сіз бүгін осында келу қажет деп білдіңіз бе?

**Г ү л ж а п.** Оны қалай айттыңыз, Шәріп аға? Туған әкемнің намысы, өмірлік еңбегі сарапқа түсіп жатса, мен мұнда келмей қанда келем? Келін боп қашып жүріп күн көрем бе?

**Ш ә р і п.** Жоға... айналайын! Осындай сәттердегі кейбір сәтсіз сөздер, үндерден сіздің құлағыңызды қорғағым ғана келгені. Әлде бұным жөн де емес шығар? Ағат айтсам айып етпеңіз.

**Г ү л ж а н.** Әрине, бұныңыз ағат шығар, Шәріп аға. Себебі мен оранжереяда өскен үлпілдек гүл емеспін де, ондай болсам оңбасын да.

**Ш ә р і п.** Жақсы айттыңыз, айналайын Гүлжан. Ал, Делдал, сіз де іштей бекінгеннің бірі боларсыз?

**Д е л д а л.** Әлбетте, бос келген болмаспын.

**Ш ә р і п.** Әлде, Бедел Бегеновичті қорғап, айтысқа да батыл қатысарсыз?

**Д е л д а л.** Әрине, қатысамыз. Қажет болса қорғаймыз да. Ал, сіз ғылымдық кеңес бастығы, өзіңіз кай ниетпен сұрақ салып тұр екенсіз?

**Ш ә р і п.** Ай, жігітім, сіз мені енді Гүлжанның көзінше ойтіп, онша торымаңыз, жолдас Бедел Бегенович пен біздің сырымыз сіз тараптан торуды, топшылауды керек етпейтін болар.



Делдал (күліп). Ендеше өзіңіз айтқандай, Гүлжанның көзінше мені сіз де Бедел Бегеновичтің пайдасына қарай шүйлемей-ақ қойыңыз.

Шәріп. Бәлі, жігіт, сіз мені түсінбепсіз.

Делдал. Ендеше тілегеніңізді айтыңыз.

Шәріп. Бәрекелде, тілейтінім: менің мына Гүлжанмен бір ауыз ғана оңаша сөзім бар еді.

Делдал (күліп). Е, бәсе бағанадан соны айтсаңыз етті. Мен кете берейін!

Гүлжан. Делдал, кете берсең де мүлде кетпе менің қасымнан.

Делдал. Өйтер болсам мені тәңір атсын да...

Гүлжан. Ендеше дәл қасыңнан маған орын ал. Көзір жетем. (Шәріпке.) Иә, маған не айтпақ едіңіз, Шәріп аға!

Шәріп (қысылғандай). Гүлжан... қымбатты асыл! Сондай сұлу, сондай нәзік, ақылды Гүлжан..

Гүлжан (түксініп). Сіз немене, мені көз алдыңызда ұстап өлең шығарғалы тұрсыз ба? Ақындықты неғып көксеі қалдыңыз! Әлде осы шақ шабыттың сәті дейсіз бе? Не айтпақсыз?

Шәріп. Айтпағым: алдыңғы күні конвертке салып хат жіберіп едім. Өзімнен басқа ешкімге мәлім емес-ті. Ал соның... соның жауабы. Көңіліңіз... Гүлжан... жауабыңыз не болды десем екен?

Гүлжан. Сіз осындай күнде менің әкемнің басына жала, жара атаулы төніп тұрған шақты андып кеп, маған хат жазасыз. Менің жүрегімді жібітпек боласыз. Бұл не, сауда ма? Ар саудасы ма, жан саудасы ма?

Шәріп. Ойпыр-ай, Гүлжан-ай, айналайын-ай, соншалық сұмдық па еді, менің өзіме сондай жазықсыз көрінген, сені жандай көрген жақсы ғана ниетім сондай сұмдық па еді? Неге соншалық қаттырақ, тұрпайырақ деп білдіңіз.

Гүлжан. Тұрпайырақ дейсіз бе... Ендеше мен сізге кесіп айтайын, бұндайлық мені қорлайтын, әсіресе осындай мезгілде, өрттей күйдіретін беймезгіл, бейпіл мінезіңізден көзір тыйылыңыз!

Шәріп. Түу, Гүлжан айналайын, тек өз басыңды сүйгенімнен басқа жазығым бар ма еді?

Гүлжан. Айттым ғой, дәл осы арадан аяғыңызды қия баспай тұрып, бұл бөтен ниетіңізден тыйылыңыз! Болмаса, үлкен болсаңыз, үлкен бола біліңіз. Бола білме-

сеніз үлкен болмақ түгіл бұдан кәрі, лакса кәрі болыңыз да... (сақылдап күледі) мен мына алақаныммен жағыңыздан бір-ақ тартамын. Өкпелемей осыны жалыңызда сақтаңыз.

**Ш ә р і п** (бетін баса беріп). А-о, сактай гөр, масқара болпын-ау. Айналайын, Гүлжан-тай... кеше гөр, кап кап, кеше гөрі!

Залға кіреді. Паузадан соң арғы зал бері қарай айналып келеді. Онда президентум столы. Ортада Хажен, Жекен, Жаппас, бастық боп Шәріп отыр. Трибунада сөйлеп тұрған Беделдія үні естіледі. Кейін өзі көрінеді. Жакындай береді.

**Бедел.** Өздеріңізге мәлім, қазақ тарихы туралы менің алғаш жазған еңбегім, күрделі еңбегім бұл емес. Ұзақ көтерілісі туралы осы кітапты әзірлеу ретінде менің жазған үлкен мақалаларым одақтық журналдар бетінде әденеше бөлімдерімен басылып келген. Оны бес жылдан бері өздеріңіз қазақ тілімен қатар орыс тілінде де оқып келесіз. Жә, жөн емес, жалған деп қайсыныңыз айттыңыз? Керек десе мектеп кітабына да кіргізідіңіздер. Қазақтың ақын-жазушылары болса бұл тақырыпта өлеңдер, поэмалар, повесть, пьесалар да жазып келді. Мен жаздырдым ба солардың бәріне? Ол ғана емес, Қазақстандағы көп басшы адамдар да Ұзақ оқиғасын зор бағалап, әлденеше үлкен тарихтық документтерге де жазған жоқ па еді?

**Ж а п п а с.** Несін айтасың оның бәрін? Олар да адасты, қателесті деп айта алмайды дейсің бе? Жоқ, соларға тығылып қорғанбақ боласың ба?

**Бедел.** Мен ешқайда да тығылмаймын. Жазған сөзім, берген бағам қате болса, оны дұрыстап көрсеткен сындарды түсіне аламын. Бірақ менің айтпағым: бұл жөнде мен адассам, жалғыз адасқам жоқ. Қауыммен, бар жұртшылықпен бірге адастым.

**Ж а п п а с.** Бірге адасқан жоқсың! Сен алдымен адастың. Сен бастап адастың да, өзгелерді қоса адастырдың. Қарсы шығып, әшкерелеп келе жатқан жалғыз мен емес пе ем? Сен жағаласқаннан басқа көңгенің бар ма, сірә? Қашан мойындап ең?

**Бедел.** Сенің сыныңды мен алған емеспін. Себебі, сенің сыныңның сын сиқы жоқ-ты, әрдайым советтік ғылым талабынан тыс, құрғақ жала, дәлелсіз дақпырт қана болатын.

**Ж а п п а с.** Сен міне қауымды адастырғанда осындай

қыпыр, теріс марксизмге жат, совет ғылымының партиялық міндетіне жат, бөтен мінезбен біздің қауымға әдейі қастан, залал етіп келгенсің.

Б е д е л. Мен мойныма алмаймын мұндай сұмдық жаланы!

Ж а п п а с. Баспа орны сені әйгілеп, әшкерелеп отырса да алмайсың ба?

Б е д е л. Алмаймын! Ол баспа орнына жазып отырған сендей ғылымға жат, жалақор!

Ж а п п а с (*айғайлап*). Жазыңдар мына сөзін протоколға! Авторитетті баспа орнын және жалақор дегенін жаз протоколға!

Б е д е л. Саған ергеннің бәрі адасады, маған иланған ғылым жолымен ізденеді. Өсу — іздену деген сөз. Бір тұстағы жетпегенге келесі сатыда іздене барып жетеміз. Бір шақтағы қателік — келесі кезекте түзеледі. Біздей елдің, өлкенің маркстік-лениндік тұрақты тарихы әлі жазылып болған жоқ. Сондықтан біз кейде амалсыз адаса жүрсек те түзейміз, ізденіп өсеміз, үдеп өсеміз!.. Ал менің адал, ұзақ еңбегім — сенің кәсіп еткен күн көргішін! Сонымен өзіңнің жеміссіз, ғылымға қас, күмәнді басыңды бұлдамақ боласың. Ақтамақ боласың, жалақор басың мен жалғаншы жасыңды!..

Ж а п п а с. Тарт! Тый жыландай зәрлі тілінді! Председатель жолдас, мен осында айыпкер боп келіп не ем, мынау қой терісін жамылған қасқыр прокурорым болмақ па еді менің? Директор жолдас, кімге, кімге қарсы, қалай сөйлетіп отырсыңдар? (*Залда шу.*)

М ұ с т а ф а (*залдан*). Уа, сіз, сіз өзіңіз кімсіз осы? Бәсе, сіз кім болып, қалай-қалай сөйлейсіз осынша тыйымсыз?

Ж а п п а с. Әй, студент, тоқта, тоқта сен! Сен студентсің ғой сірә, солай ма? Айтыңыздаршы, солай ма?

М ұ с т а ф а. Солай, ня мен студент! Мен төрт жыл Бедел Бегеновичтің лекцияларын тындап, тәрбие алған совет студентімін. Ол адамнан біз білім алдық. Ал сізден не алмақпыз? Жалақорлық пен пәлекорлық па?

Ш ә р і п. Токтат, Мұстафа Уәлиев, Уәлиев, мен сізге сөз бергем жоқ!

Қоңырау қағады. Мұстафа ез сөзін айтып болып қана тоқтайды.

Ж а п п а с. Студент... аһа... әне, әне, көріндер, Бегенов еккен удын жемісін! Шантаж жасатпақ, шу көтертпек болған! Танып тұрмын сен студенттің сырынды. Бас-

шың Бедел болса — саған не сорым. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көрерсің» деген осы да! Бірақ тоқтат, түге, тәртіпсіздікті.

**Д е л д а л** (*айғайлап*). Ең әуелі сіз өзіңіз тәртіпсіздік жасамаңыз.

**Б и б и**. Айтқызыңыз Беделге, өз дәлелін!

**Д а у ы с т а р**. Бөлмесін Беделді! Айтсын, айтпақ дәлелдерін!

**Ж а п п а с** (*залға айғайлайды*). Ең алдымен сендер өшіріңдер үндерінді, білемін, Беделдің адастырғандары аз емес. Осылай шулайсың ғой тегі. Өрт салмақсың ғой шетіңнен?

**Д е л д а л**. Өрттің бәрі емес. Орынды өрт те болады.

**Ж а п п а с**. Не дейді? Не дедің? Жаз, жаз протоколға!

**Д е л д а л**. Бәсе, жаз протоколға. Зиянды өртті өртпен өшірер болар.

**Ж а п п а с**. Мен сонда... мен сонда зиянды өрт болғаным ғой, ә?

**Д е л д а л**. Көкек өз атын өзі шақырады. Біз жастар қарсымыз Жаппас мінезіне!

**Ж а п п а с**. Жас... жас.. жастар.. Жас сенбісің? Қарғайын десем жалғыз, қарғамайын десем жалмауыз...

**М ұ с т а ф а**. Сіздің бар мораліңіз мақал екен, тегін емес қой тегі сол да.

**Ж а п п а с**. Ә, несі бар? «Сөздің көркі мақал, жүздің көркі сақал!»

**М ұ с т а ф а**. Бәсе, «жаман сиыр соқпақшыл, жаман кісі тақпақшыл» деңіз. Әлдеқашан жүзден жойылған сақалдан, әлдеқашан тозған мақалдан мораль жиыңыз!

**Ж а п п а с**. Жиса қайтеді екен?

**М ұ с т а ф а**. Қайтсін, сіз ескі жұртта қалған ескі мораль адамысыз. Ал, біз... біз, сіз емеспіз, ескі феодалдық ауыл қалдығындай!..

**Ж а п п а с**. Доғар, оскорблять... жоғал, бас бұзар!

**Д е л д а л**. Бастық жолдас, біл Жаппас жолдастың сөзін оқыдық та, естіп те болдық қой. Енді Бедел Бегеновичтің сөзін аяқтауға мүмкіндік берілсе екен. Тыйылса екен бөгеттер. Болмаса осы мәжіліске обкомнан келген бәрімізге беделді белгілі Орман жолдас отыр ортамызда. Екі күннен бері айтылар сөздер айтылды ғой. Мен осы залдағы барлық қауым атынан сол Орман жолдас сөйлесе екен деп ұсыныс айтар ем.

Дауыстар: Дұрыс, қостаймыз.— Орман жолдас сөйлесін.— Ендігі байлау сөз сол кісіге берілсін.

Бедел. Орман жолдас сөйлейтін болса, мен де сөзімді тыйдым. Сол кісі сөйлесе, не десе мен сол байлауға тұрдым да көндім.

Трибунадан түсе береді.

Жаппас. Көнбей көр. Көнбегенді көрермін. Мәйның астынан кеп, көріңе бір-ақ құларсың.

Шәріп (*Хаженмен сыбырласып алып*). Біз енді осы жиналысты басқарған тобымызбен жаңағы залдың, жұрттың даусына қосыламыз. Енді ортамызға келген қонағымыз, әдейі осы жөнде көп жайды ойласып, ізерлеп, пікір айтуға келген Орман жолдасқа сөз берсек дейміз.

Қол шапалақтау. Орман мінбеге шығады.

Орман. Жолдастар! Мен бұл жөнде бүгінгі жиналыс қана емес, ертең, я бүрсігүні болатын бұдан гөрі молырақ жиналыста кеңірек баяндама жасаймын. Ал, тегінде, ғылым мәселесін ғылымдық жоғары сапада сөйлеуіміз керек. Ол үшін дертті, індетті, зиянды қоспалардан ең алдымен осы мәжілісті де, осы мәселені де арылтып алуымыз қажет! Сөйтіп менің айтатыным: Бедел Бегенович Ұзақ мәселесінде қандай кемшілік, қателіктер жасады деуден бұрын, бұл кісінің жиырма жылдан бергі еңбегінің бәрін біз тегіс шолып, танып шықтық! Бір осы мәселе болмаса, өзге жайлардың бәрінде ол маркстік-лениндік ғылымға Қазақстан өлкесі мен халқы туралы көп деректер берген адам. Бірақ кемшілігі, қатесі бар. Оны ертеңгі жиналыста кеңінен молайта сөйлеп, айтысамыз. Ал ғылымдық тұрғыдан кең ойланып, шешілетін осы әңгімеге бүгін өршелене жабысып, қадалып тұрған залалды бір дерт бар. Дәлелдеп айтқанда дертті адам бар, осы залда өз аузымен жалақордың анық өштігін, қастығын танытып отырған мынау Жаппас бар! Біз Бедел Бегеновтың зор-зор құнарлы еңбектеріне әр кезде Жаппастың жабысып жала жауып, айыптаушы болып, жалған дырду жасап келгенін түгел таныдық. Бұл кісінің аты — даусыз анық, айқын жалақор. Бұл адам біздің ортаның бояуын сыртына жағынып, іші ұдайы өте ескі феодалдық, ескі ауылдық пәлеқорлар дағдыларын түгел сақтаған жан!

Сахна айнала береді.

**Күлпаш.** Е-е, Жаппас, жұртқа пәле шақырам деп жүріп, өз басына өз сорынды шақырып жүр ме ең солай... Қандай жайды ашып барады мына кісі?

**Сана.** Жұрттың көзін ашып барады. Жаппастағы қараңғы надан қаскөйлікке нұсқап «көздерінді ашыңдар», «таныңдар» деп тұр. Жаппас емес, саппас анау!..

Айналып бара жатқан сахнаның мінберінде Орманның соңғы қатты байлау сөзі естіліп бара жатады.

**Орман.** Жаппас емес бұл адамның аты, қарасы батқан қас ескілік феодалдық ауыл індеті мен мерезі. Жаппас емес, жалғаншы, жалақор!..

Зал дуылдатып қол соғады. Сахна баяу айналып, қараңғылыққа қарай ауыса береді.

### Шымылдық

## Бесінші сурет

Жоғарыда жарық ішінде Тарих пен Бедел.

**Бедел.** Сіз тыңдар болсаңыз, менің енді бірталай дауларым бар.

**Тарих.** Қай жөнде?

**Бедел.** Осы соңғы дәуірдегі халдер мен жандар жөнінде.

**Тарих.** Қандай дау айтасыз?

**Бедел.** Бір дәуірдегі хазірет Хажен, кәзір институт директоры болғаны қалай? Қисына ма осы? Шәріп пен Жекен жайы да сондай! Ол замандағы хазіреттен бұл күнде не қылса да директор ғалым шығуы шарт па?

**Тарих.** Ең әуелі сіз жаңсақ айтасыз. Директор бұрынғы хазіреттен шыққан жоқ, декан халфе де болған емес. Профессор Бедел, сіз өзіңіз де молла болған жоқ едіңіз ғой... болмағансыз. Ал бірақ Ұлы Октябрь болмаса, кім біледі, бәлкі болар да едіңіз. Сіз бен біз болғанды ғана емес, болуға мүмкінді де болжамақ емес пе ек?

**Бедел.** Түсінікті. Рас, болған тағдыр емес. Өзге бір қоғамдық шартта басқа түсерлік тағдырлар көрінеді дейік. Бірақ сонда да осындайлық оқшау, шалғай күйлерді неге алдық? Соншалық жат, бөтен жау жеміт хазірет, болыс, жалаң қылып пристав не қажет? Солардың сорлы, күйкі күно, сұмдығы кімге дәрі?

**Т а р и х.** Оларды біз әдейі алдық. Адамзатты социалистік тәрбиемен түзеудің күдіреті қандайлық зор екенін аңдау үшін алдық. Октябрьдің ғажай сыры сонда емес пе? Феодализм, капитализм дәуірінде халыққа жау, жат боларлық жандарды да Октябрь социализм орнатысуға қатарға қосқан жоқ па? Бұл адамдар да соны танытады. Ерді қанаттандырып, ел қуатын жамырата өрбітіп отырып, революция адам ішіндегі аз жақсылықты алып жақсылыққа жетгізді, ал барлық ерсі мен қарсыны жеңді де, жойды емес пе? Тарих диалектикасы осылай. Адам мінезі мен тағдырының диалектикасы осында. Бұны бүркеп, ірқу қатты қыстың артынан аяулы жаз келерін жасырудай. Революцияның нұр күні тоңдарды жібітіп, мұздарды еріте отырып адамзат көктемін әкелгені кәне!..

Жарық сөзсіз. Төменде алдыңғы фойе мен зал. Хажен, Жекең, Шәріп, Шарпат, Құлпаш, Биби шығысады. Әрқайсылары топ-топ телеграмма ұстап келеді.

**Ж е к е н.** Қандай көп құттықтау телеграмдар келген! Бедел Бегеновичтің еңбегі молдығын қасында жүрген біздер ғана білеміз десек, Ұлы Отанның қаншалық қалың жұрт, көп орталары білген?

**Х а ж е н.** Әр қаланың телеграмдарын жеке жіктеді-ңіздер ме? Қазір салтанатты мәжілісте ең болмаса, қай қаладан қанша құттықтаулар келгенін айтатын болайық деп ем ғой! Декан жолдас, тапсырып па едіңіз, бұл жұмысты?

**Ж е к е н.** Тапсырғам, директор жолдас, кәзір!

**Х а ж е н.** Қәне, кімде қай қалалар бар?

**Ш ә р і п.** Менде міне, қалың бір топ Москва телеграмдары. Мына қолымда Ленинград телеграмдары.

**Ж е к е н.** Менің өзімде де міне Киевтен, Ташкенттен!

**Б и б и.** Менде Тбилиси, Ереваннан.

**А с а н.** Менде Ашхабад, Сталинабад, Фрунзеден!

**Ш а р а п а т.** Менде Қазаннан, Уфадан.

**Х а ж е н.** Осының бәрі Бедел Бегеновичтің талай том кітаптарын орыс тілінде оқып, құрметпен құттықтаулар жіберіп отырған тарихшылардың телеграмдары. Тарихтық институттардан, академиялардан, университеттер мен педагогтік институттерден! Тарихты зерттейтін баспа орындарынан — шар тараптан да көптеп келіп жатыр.

**Ж е к е н.** Бәсе, бұ не деген жақсы белгі? Біздегі ғы-

лымның өскені, сол ғылымды тудырып өсіруші қазақ оқымыстыларының аттары, еңбектері шынымен одақ көлемінде даусыз танылғаны, бағалағаны ғой!

Ш ә р і п. Бұл бір кісінің құрметі емес!

Сана шығады.

Х а ж е н. Бір адамның мақтаны емес.

Ш ә р і п. Бар ғылым майданымыздың түгел мақтаны.

Б и б и (*Санаға*). Сіз осы қуанышты кеудеңізге қалай ғана тып-тыныш сыйғызып жүрсіз!..

С а н а. Неге олай дедіңіз, Биби! Менің қайтуім керек еді?

А с а н. Тіпті біздің де қуанышымыз қойнымызға сыймайды.

Ш а р а п а т. Тыным таппай рақатта жүргеміз жоқ па?

Х а ж е н. Өзіміздің алдыңғы қатар саналы жұртшылықтың және жас атаулының, тіпті жалпы халықтың қуанышы қандай десеңізші! Әне, анау зал іші шат-шадыман шулаған жұртқа толып келеді! Қаптаған гүлдер, сыйлар! Жүріңіздер, Бедел Бегеновичті ортаға алайық, солай шығайық!

Олар қозғала береді. Делдал мен Гүлжан шығады.

Г ү л ж а н. Сіз міне қорғап та болдыңыз, құттықтаймын! Қандай тамаша болған. Бүгінге дәлдеп қорғағаныңыз қандай жақсы.

Д е л д а л. Несін айтасыз! Өзім де осы Бедел Бегеновичтің аса құрметті мерекесі күнінде сол кісінің қуанышына, табысына еңбек үлесімді қосқандай болғанымна соншалық қуанам! (*Сана келеді.*)

С а н а. Қайырлы, қайырлы болсын, Делдал. Жақсы қорғадыңыз диссертацияны! Құттықтаймын. Үлкен жеңіс, табысыңызбен құттықтаймын.

Д е л д а л. Сіздің де кітабыңыз бүгін баспадан шықты. Өзіңізді де құттықтаймын.

Г ү л ж а н. Тек жалғыз мен ғана, осындай тамаша күнге табыссыз құр қол келген мен ғана!

Д е л д а л. Сіздің де диссертацияңыз бітті ғой!

С а н а. Оппоненттерінен жақсы баға да алды.

Г ү л ж а н. Керегі не, бірақ сіздердің бәрлеріңіз табыс, абырой, еңбек жемістерін ортаға салған шақта мен ғана кешігіп, кейіндеп қалыппын! (*Алақандарын жазып*). Міне құр алақан!



Делдал. Құр қолмын деменіз. Бар табысыммен, бар-барыммен мені алыңыз. *(Сана күледі.)*

Сана. Дұрыс! Делдал мезгілін тауып айтты. Сенін ортаға, көпке әкелетін қуанышың Делдалмен екеуіңнің бақыт, рахат тойың болсын.

Гүлжан. Болсын, мама. Қабыл алдық. Бірақ осы рұқсатыңызды мен диссертация қорғаған соң, бір жұмадан соң ада қылуға серт етейік!

Сана Гүлжан мен Делдалдың маңдайларынан сүйеді. Енді зал бері айналып шыға береді. Сөйлеп тұрған Бедел келе жатады.

Бедел... Отан мен халықтың осынша қадірлі құрметін көріп тұрған шағымда мен аспайын, есімнен жаңылмайын! Сол жөнде бір ғана салқын ойдың шыншыл, әділ жайын айтайын. Жаратылыста... мен орташа ғана адам едім. Орта шамалы ақылм, орта күйде талантым, орташа жүрек тазалығы, адамшылығы бар дейтін, талап, қайраты да қоңыр, момын орташа көпке сай адам едім. Октябрьден кейінгі біздің ғана тарих болмаса, мысалы, бұрынғы қазақ ауылының жағдайы, бұрынғы патшалық заманы болса сондай ескі жағдайларда мен жұпыны ғана, орташа ғана көпшіліктің бірі болып күн кешер едім. Орташаның орташасы дейтін ғана жан болар едім. Біздің тарихтың, коммунистік тәрбиенің ең зор қасиеті, мен сияқты орташа көпшіліктің көптен көбінен орташа емес, көрнекті адам өсіріп шығарды. Мендей сан миллиондардың өзге замандарда іштерінде бүгіліп шөгіп-сөніп, мәлімсіз боп көрге бірге кететін нелер мүмкіндіктерін, үнсіз қалғыған мүмкіндіктерін тек Октябрь соншалық асырып өсірді! Бірді айтсам да, барды айтсам да мен әсіресе алғыспен ауызға алатыным — осы шындық! Жалғыз мен ғана емес, осында отырған бәр-бәріңіз өз жайларыңызды ойға алыңыздаршы! Тарихтық өгей заман бастарында болса, кімдер болар едің әрқайсың! Беймезгіл заманда өгей ұл мен қыздың күндерін кешсендер әлдене күйде, әлдекімдер боп кетер еңдер! *(Залға бұрылып.)* Бар совет адамы, сіздер, бауырлар, социалистік дәуірдің ұл-қызы. Алпыс ұлтты Одақтың екі жүз миллион адамы, бір ғана сәтте өз тағдырларыңа көз тастап, болжап өтіндер! Болжағанда: «Менің буыныма, менің өз басыма Октябрь не берді?» деген сұраққа ғана өз іштеріңе үніліп, шыншыл жауап беріндер! Бәріңіз де бар дүние шынын, сырын сонымен өлшендер! Өмір, тағдыр, адам дегеннің ең бір те-

рең мәні осы өзіміздің ішімізде, басымызда. Тарих философиясының ең терең сыры мен сымбаты — біз өзіміз — социалистік адам екенбіз! Танындар, бағындар!»

Сахна әрі қарай айналады. Қол шапалақтау, у-шу болады. Шымылдық жабыла береді. Сәлден соң шымылдық қайта ашылады. Ендігі сахна пьесалық басындағы прологтың жалғасын көрсетеді. Сахнаға жарық берілгенде бағалағы качалкада әлі ұйықтап отырған Бедел Бегенович көрінеді. Сәлден соң қасында Гүлжан, Сана асыға келіп үркітіп оята береді.

С а н а. Бедел, туғаным, ойбай, қонақтар келіп қалды.

Гү л ж а н. Папа, сені жоқтап сұрастырып жатыр!

С а н а. Туу, мынауың не, костюмың уқаланып қапты ғой! Бәлі, арқасын қара!

Гү л ж а н. Оны айтасыз, мама, жүзін де ұйқы басқан!

С а н а. Бедел жаным, тезірек бетінді жу. Тез қонақтардың алдынан шықшы!

Бедел. Ойпырай, түсім бе еді! Апыр-ай, қандай жақсы болды! Жаным Сана-ай, сен бір шақ жылап едің, ой, сен қандай қайғылар кешіп едің! Қызым, сен үшін менің жаным шыға жаздамады ма, әуелі?

С а н а (күліп). Оның барлығы сенің қиялың, досым!

Гү л ж а н. Папа, сенің қиялыңда болмаса, біздің кездерде той қуанышынан өзге жайлар болған емес, болмақ емес!

Күледі. Бұлар Беделді әрі қарай алып шыға беріседі. Әр жақтан қонақтар дабыры.

Х а ж е н, Ж е к е н, Ш ә р і п дауыстары: Қонақтар, қонақтар!

— Біз қонақтар, құтты қайырлы болсын!..

— Жасаныз, Бедел Бегенович!..

Х а ж е н. Көп-көп жасаныз, Бедел Бегенович!

Ж е к с е н. Еңбектеріңіз молая берсіні!

Ш ә р і п. Жасасын, жасасын!

Қуаныш сөздермен шат жүзді қалың шұбар топ бері қарай баса береді. Дабырлап сөйлеп, күлісіп келе жатқан әр жастағы оқымысты ерлер, әйелдер жүздері көріне бастайды. Жарық молайып, музыка ойнай береді. Шымылдық жабыла бастайды.

# КАЛКАМАН И МАМЫР

*Либретто балетного спектакля  
в 5-ти действиях с прологом*

#### ДЕЙСТВУЮЩИЕ ЛИЦА:

К а л к а м а н — почитаемый народом джигит, батыр, 25 лет.

М а м ы р — девушка, возлюбленная Қалкамана. 20 лет.

Е с к е н е — ее второй жених. 50 лет.

К о к е н а й — бий и батыр, старший из рода Мамыр. 60 лет.

А ж а р — девушка, подруга Мамыр.

А н е т — старейшина всех родственных племен, бий-судья над всеми.

М а т ь Қалкамана.

М а т ь Мамыр.

Девушки, джигиты-воины, старухи, старики, народ.

Действие происходит в середине 18 столетия.

## ПРОЛОГ

На фоне заката над пустынными холмами виден, окутанный в сумерки, силуэт надмогильного кургана. Чернеет вдали его вход. Вскоре выходит оттуда и медленно приближается по склонам группа женщин в трауре. Это идет Мамыр с подругами и со своей матерью. Она на холме — в черном, на фоне заката — прощается последний раз с прахом своего жениха. Ажар, ближайшая подруга Мамыр, старается утешить ее. Спускаются ближе, их ждет группа старших, среди них страшный Ескене. Он поручает одному старику передать его просьбу Мамыр и ее матери. Старик сообщает. Ескене претендует на руку Мамыр, просит снять траур и думать теперь о нем. Мать бессильна, убита горем. Но Мамыр оскорблена. Неожиданная буря ненависти и презрения к Ескене охватывает ее. Она требует от Ескене, указывая на могилу, заклиная небом, удалиться отсюда. Он уходит, но уверен в себе. Она садится с рыданием на камень.

### I действие

Ущелье. В центре одиноко высится Кровавый Утес (Қанды Құз). Выходит группа девушек. Во главе с Ажар они в играх-танцах выражают свое бодрое веселье, свою любовь к воле, славят красоту окружающей природы и жизни юной, беспечальной. Но в кругу их Мамыр. Она одна в трауре, задавлена горем, несет глубокую печаль. Отходит от подруг, озирается на утес. Зачарована неведомой, манящей силой его. Отворачивается от девушек, садится одна у подножия утеса. То поодиночке, то вереницей идут к ней девушки-подруги. Поочередно стараются отвлечь ее видом гор, окружающей природы. Мамыр не оборачивается, отстраняет их и рассылет по сторонам. Оставшись одна, она, то горько, то гневно, то молитвенно-покорно изливает свою печаль гибким тростникам, мягким лугам, небу и солнцу. Она подносит, как жертвенный знак, свою шаль иссохшему, старому дереву, привязывает к нему, молит. Неуспокоенная, она бросается к Кровавому Утесу. Покорно устремлена всем своим существом к нему, молит его, хочет обнять его, льнет. Убитая горем, она ломает руки, распускает траурно свои волосы, они закрывают ее лицо. Окутывается в черный халат. В своем отчаянии поднимается все выше и

выше по утесу. Когда достигла вершины качнулась, готовая броситься вниз. В этот миг сбегаются со всех сторон ее подруги. Оглядываются назад, на их лицах ожидание, надежда. Указывают в одну сторону. Приближаются звуки керней (рога) и барабана. Выходит вооруженная рать. Это возвращаются с победой из набега Калкаман и его джигиты. Родные и друзья, девушки встречают их с объятиями радости и восторга. В центре джигитов Калкаман. Джигиты кратко повествуют девушкам о недавней сече, набегах. При восторженных одобрениях девушек, они оказывают большую почесть и внимание Калкаману. А он видит Мамыр на скале. Поражен ее печальным видом, обращает внимание всех джигитов на нее. Идет сам к ней, осторожно ведет ее вниз. Он изумлен ее красотой, пытается вовлечь ее в общее веселье и радость. Но она смотрит безразлично, грустно. Только слегка удивлена видом незнакомца. Калкаман хочет развлечь ее. Сам ведет повесть перед ней о бранных подвигах своих джигитов. Но Мамыр объять ходит одна в своей печали. Калкаман посылает к ней ее подругу Ажар, зовет в круг. Мамыр отказывается. Джигиты в ликующем, бурном плясе кружатся вокруг Калкамана и вмиг поднимают его на белой кошме, хотят унести на руках. Очарованный красотой девушки, батыр вынимает стрелу и передает Мамыр через ее подругу. Увидев поднесенную стрелу, Мамыр в последний миг оглядывается на исчезающую толпу, подается вперед, прильнув взором в ту сторону, подбегает к утесу и взбирается на него, все пристальнее смотрит им вслед. Но выходят старые женщины. Лица их суровы, они ищут Мамыр, зовут ее. Она не спускается с утеса. Отворачивается от них. Вся озаренная надеждой, то очарованно, то трепетно всматривается она все в ту же сторону. Ветер рвет на ней платье, играет прядями ее волос. Неожиданно возвращается и становится у подножия утеса Калкаман. Они устремлены друг к другу. Поняли, нашли друг друга. Она оглядывается еще раз назад. Торопливо, но решительно вынимает шелковый платок, бросает вниз — ответный знак Калкаману. Прижимает к груди подаренную им стрелу.

## II действие

Родовые старейшины собрались в круг, чтобы благословить и освятить союз Мамыр с презираемым ею Еске-

Міне, осы айтылғандардың бәрі ұштаса келіп, ұлы жазушының өзі отызыншы жылдардан бері ғылыми-творчестволық тұрғыдан көп ізденіп қарастырған Абай ақындығының айналасы, Абайдың әдеби ортасы, Абайдың әдеби мектебі, немесе Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың ақындық дәстүрі деп әр түрлі мағынада аталып келген күрделі де көп салалы тақырыптар төңірегіндегі танымынап туған бірегей шығармалар шоғырын кұрайтынын көреміз.

Бұл драмалық жанрдағы сценарий қазақ, орыс тілінде бірнеше нұсқада жазылып, көп тер төгілуі себепті «Абай» сценарийін жазушы архивінде сақталған түпнұсқа негізінде (ЛММА архиві, № 143-папка, 1-65 б.) оқырман қауымға тұңғыш рет қазақ тіліндегі нұсқасын алғаш рет ұсынып отырмыз.

## АЛУА

Бұл шығарманың М. Әуезов архивінде сақталған бірнеше нұсқалары бар. Олардың үшеуі орыс тілінде жазылған. Ал қазақ тіліндегі нұсқаларының ішінде автор қолымен түзетулер жүргізіп, көптеген қосымшалар қосқан түрі де (ЛММА архиві, № 124-папкіде) сақталған. Осы түпнұсқамен басқа нұсқаларды салыстыра қарағанда, арасында көп алшақтықтар жоқ.

«Алуа»— жазушының 1953 жылы жазған шығармаларының бірі болса да баспа бетінде алғаш рет М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағының оныншы томында жарық көрді. Бұл басылымға

песаның 124-паякідері түпнұсқасы берілген еді. Ал 20 томдық жинаққа сол басылым негізге алынды.

«Алуа» пьесасының «Әйел жолы» деген атпен жазылған киноәңгіме үлгісіндегі түрі де бар, бірақ екеуінің де мазмұны бір.

## ДОС — БЕДЕЛ ДОС

«Дос — Бедел дос» — М. Әуезовтің ең соңғы жазған пьесасы. Шығарма алғаш рет 1958-ші жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 11, 18 июльдегі номерлерінде, одан кейін он екі томдық шығармалар жинағының оңтүстік томында (1969 ж., 429—484 б.) жарияланды. Енді бұл басылымға сол он екі томдықтағы нұсқасы ұсынылып отыр. Автор «Дос — Бедел досқа» жалғастыра дилогия ретінде жазбақ болған екінші пьесаны «Елу жылдан соң» деп атамақ болыпты да, көлемді жоспар жасапты. Пьеса мен жоспарда мол фантазияға өріс беріледі, қазақ өмірінің өткен-кеткені, келешегі туралы түрлі топшылаулар жасалады: алуан адамдардың мінезі, ісі, пиғылы заманына, жағдайына қарай түрлі-түрлі болатыны туралы, заманның ізгі ниетті адамдарына жала жаба, жармаса жүретін, арам ойдан арылмайтын жандар жайында келелі ойға мезеулер бар.

Жазушы архивінде сақталған, түгел жазып үлгермеген «Елу жылдан соң» атты пьесаның жоспары мынау:

### Бірінші актының жоспары

Бұл акт үш буын мезгілдерді суреттейді. Тарих пен Бедел әуелі көлденең жандар есебінде сахнада отырған екі-үш адам туралы сахна үстінен сөйлегендей мезгіл жайын айтысады. Сахнада жас жігіт Бедел одаң көрі ересегірек мұғалім Орман және кейінірек бұларға Жаппас келеді.

Тарихтың Беделге мәлім етуі бойынша бұл шақ Беделдің Жәмәли хазірет медресесінен 15 жыл оқып, тамамдап болған шағын аңғартады. Қазір Бедел 25 жаста. Үш буын оқиғаның екінші буыны осыдан 15 жылдан соң Беделдің 40 жасында болады. Үшінші буын оқиға содан 5 жыл кейін Беделдің 45 жасында болады.

Бірінші оқиға Орман мен Беделдің әңгімесін баяндайды. Орман Беделге: «Сіз енді бала тәрбиесіне ауысасыз. Махалла нәрестелерінің тағдыры сіздің қолыңызда болады. Тек қана иманшартты оқытпай дүниелік ғылым оқытуыңыз керек. Айнала әлем өзгерісте, бұрынғыша өмір сүруге болмайды» — деп, Беделмен кейде дауласа отырады. Ендігі мұсылман медресесіне дүниелік ғылымның, тәрбиенің, фәндің ғылымдардың кіруі керек екенін айтады.

Бедел бұл жайларды оқымаған. Сәл дауласады. Бірақ көбінесе Орманның сөзін іштей дұрыс көріп, ұғынбақ болады. Орман өз ойларын ағайын болғандықтан «ұялма» деп, өздерінің қастарына шақырып алып, Данаға да айта отырады. «Сен, Дана маған қарындас боласың, сен де осы махалланың қыздарын оқытасың. Менің мынау Беделге айтып отырған ақылым сенің де есінде болсын. Сен де солай оқыт. Жас сипілеріңнің дүниеге көзін ашуға талап ет. Тек қана намазбен, оразамен, уәжіп, сүннәт, фарызды тәкірәрлаумен өмір кешкен аналар заманы емес» — дейді.

Дана Беделден де бетер күдік айтады. Білмейтінін, бұндайға әзір еместігіп ескертеді. Орман бұның екеуіне де ақыл айтады. «Қираһәт-

ханаға барып жазылындар. Мұсылманша газет, журнал оқындар. Мұсылман ғалым ғұламаларының, зиялыларының мен айтқан сөздерді әлдеқайда бағалы етіп ұғындырып таратып, жазып жатқандары бар, соны оқындар. Ұдайы газетке жазылып тұрындар» — деген сияқты нақтылы мәслихаттар айтады.

Бедел бұның көбіне үрке, тартына отырады. Кейін Жаппас кеткенде Орман бұл сөздерді тыяды. Оның енді Жаппас әңгімені Беделдің бүгін хазіреттен фатиха алғанын, дәріс тамам қылғанын, өзінің ондай ілтифатқа бір жыл оқыса да ілінбегенін анық, ашық наразылық ретінде сөйлейді. Қызғаныш та етеді. Орман бұның жайып біледі. Оның дүмше, надан фанатик екенін ескерте, мысқыл етеді. Екеуі дауласып кетеді.

Жаппас Орманды кіналайды. «Сен әлі жерді домалақ дейтіндерден боларсың. Осы күнде мұсылмандар арасынан да сондай кәләм-шариф сөзіне хилаф келетін күпірлік айтушылар шыққан» — дей бастайды. Беделге өзінің Орманды жақтырмауын, кекетуін құп татпаяқ болады. Схоластик медресенің фанатик шәкірті бұл шылғи қыңы, мүлде соқыр, санылаусыз надан. Ғылым, фән дегендерге өш. Бедел оның Орманмен айтысқан дауына сөз қосады. «Кәләм — шарифтің өзінде де айтылған аят бар. Сонда: «Өшәмсү тәжри ли мұстахаррен ләһә» яғни: «Күн айналады, бірақ орнында тұрып айналады» — деген.

Жаппас бұған ашуланады. «Күн жерді айналады. Жер домалақ болса» деп, тақиясын алып аударып көрсетіп: «Былай аунаған уақытында мынау Ормандар құлап кетпей ме жаһаннәмға, қайтып тұрады» дегендей даулар айтады. Орман ұрсысып кетіп қалады.

Жаппас Беделді айыптайды. «Сен осы Ормандардан жамандық үйреніп жүрсің. Сені хазірет білмей махалла балаларына дәмолта етіп отыр. Сен Орманның сөздерінен басыңды тарт, уәз кеш, тәубене кел. Болмаса мен хазіретке сені ертең махалла халқына ұстаз етіп әзірлер алдында «тоқталыңыз, бұл ынсафы таза емес жан деп білдіремін» — дейді.

Бедел бұнымен ұрсысады. Араға түскен Дананы Жаппас және де айыптап ұрсады. Жаппастың әйелі де сөзге араласып Данамен, Беделмен жамандасып ұрысқа басады. Дана, Бедел екеуі оңаша қалып, жөргектегі баласы жас Гүлиярды қолдарына алып уайым айтысады. «Сенің заманың болмаса, біздің заманда Жаппастар үнді шығармас, хазіретті де білеміз, бұдан аспас», — дейді.

Екінші буын оқиға осыдан кейін болады. Сахнада сәл қараңғылық пауза болып, сахна үстінде оқшау жарық ішінде Тарих пен Бедел көрінеді. Тарих мезгілдің екінші парасына аударады дегенде, бүкіл сахна кітап беті сияқты болады, бүкіл сахнадан жеңіл шымылдық үлкен кітаптың бір қағазы аударылып түскендей, жаңағы жұда шымылдық аударылып түседі. Жаңағы үйде 15 жылдан соң сақалы молая түскен бұрынғыша тақия, бешпет киген, сақал-мұрты мұсылманша алынған Бедел отырады.

Беделге айып тағылған. Өзі де, әйелі де дін шарттарын жақсылап тұтпайды. Мешіт намазына әр уақыт барып жүрмейді. Оқытып жүрген балалары шариғат хукімінен аз біледі. Әдейі тексеру жасалғал Сонда бұның оқытып жүрген балалары құранның аяттарын жатқа айта алмаған. Пайғамбардың хадистерін он жыл оқытқан ересек балалары ұғындырып бере алмаған. Мұхтасардың салаат, зәкәт, ғү-

сыл, таһарат баптарының өзін де білмейді. Оның орнына әлдеқандай мүжтәһид, шағир болмыстардың бәйіттерін жырлайды. Моллаларды, халфелерді, исламият қағидаларын жамандайды. Инабатсыз шигырлар шығарады. Біріеше шәкірттері мұсылманшылықтан кеткен бұзық. Ерлер мен қатындар инсапсыз, ұятсыз түрде театр деген адам аздырушы мәжілістер жасалған жерлерге барған. Шарһғат хүкімін оқыту орнына Бедел өзі ұлдарға, оның қатыны Дана қыздарға тарих, фән деген бірдемелерді бастарын матастырып, дәріс қып беретін болған. Жігіттері, қыздары бір-біріне, құдай сактасын, хаттар жазыса бастаған. Махалла халықтары Беделді зор кiнаға, жазаға ұшыратуды хазіреттен, халфелерден талап етеді.

Бедел қатты алысады. Ол Жаппасты, қазиды әшкерелейді. Халықтың кеше сүзек ауруда қаза болуына, ауруды көп таратуына себепші болған осы моллалардың жаназа, хатым, көп аралас-жүрістері екенін айтқан. Сол үшін олар жауыққан. Бұл хазірет әділет айтады деп соған жүгінеді. Хазірет, халфелер жиылып махалла атынан Беделге, әйеліне бәддұға оқымақ болады. Сонда Жаппас сиқырлықпен аярланып, енді 15 жасқа келген Гүлиярды қазифа тоқалдыққа бересің деп, «әйтпесе құтылмайсың» деген қатты қысым, пәле, ылаң салады. Бұл жайды естіген жас қыз Гүлияр анасы мен атасына жылап, шағып, зарлар айтады. Әке-шеше қайғы-налада. Өмір қазірет бас тұрмысы, азамат еңбегі, тәрбиешілік арманы — бәрі ойран болған я болғалы тұрған шаққа жетіп, оқиға үзіледі.

Сахнада қараңғылық үстінде пауза болады. Мезгілдің тағы бір парасы ауысып келгенін Тарих пен Бедел екеуінің сахна үстіндегі, бөлек сәуле ішіндегі кеуде тұстарынан ғана көрінген жүздері баян етіседі және де үлкен кітаптын бір беті ауысып түскендей мол сахна бойында жұқа шымылдық үлкен тарих кітабының бір қағазы тәрізді ауысып түседі.

Енді тағы сол үйде жүдей түскен, көне тарта түскен үй мүлік арасында сақал-шашына мол бурыл араласқан Бедел, қартай түскен әйелі отырады.

Хазірет бастап қазиды жақтаған сөздер бүгін шырқау шегіне жеткен. Гүлиярды ата-ана болып қолдарынан алпыс жастағы қазифа тоқалдыққа жөнелтеді. Жаппас пен оның қатыны қатал жаушы және жау боп келген.

Балсары, Салсары аралық болған боп Жаппасты костайды. Қатал қайратқа бекінем деген Беделді лоблытып, әртүрлі жаһан-сүмдық қауіптер айтып, етектен тартады. Жылаған Гүлиярды Делдал уатқысы келеді. Бірақ онда қайрат та, ажар да жоқ. Ол қазидан да, хазіреттен де қорқады. Шынға келгенде «мені бір жаққа алып кетсең де мынау жаһаннамнан құтқар» деген Гүлиярға жәрдемге жарамай қашады. Тығылы қалады. Қазифа, халфе, Жаппастар болып Гүлиярды байлап тартып әкетеді. Хазірет келіп қалады. Лағынет айтқан қарсылық білдірген хазіреттің өзіне де жүзбе-жүз бар зарын, наразылығын айтып ашынған Бедел мен Дананы бар жұрт жүзінде хазірет қарғайды. Екеуін де ғауамның бұзық жандары бұл махаллада бала оқыту ғана емес, «бұл орында тұрмасын, көздері жойылсын» — деп үкім етеді.

Үйлерінен айдалып, егіліп жылап бара жатқан Бедел, Дана сахнаның соңғы қайғылы хал суретін аңғартады. Бірінші акт осымен бітеді.



## Екінші актының жоспары

Сахна үстінде жарық ішінде және де Тарих пен Бедел бейнелері сәулеленіп көрінеді. Тарих және де Бедел өмірінің екінші сападағы капиталистік дәуірдегі болуға мүмкін жайын баян етпек болады. «Бұл уақытта сіз орысша мектеп, учительлік семинариясын бітіргенсіз және үйленгенсіз. Қазір оқу бітіріп, қызметке белгіленіп тұрған шағыңыз»,— дейді.

Осыдан сон сахна ашылғанда, үстінде жылтыр сары түймелі сюртугі бар, сақал-мұрты жаңа шыққан жас учитель Бедел, әйелі Дана отырады. Бұлардың қасында жасы ересегірек, өңі-жүзі оймен, оқумен интеллигентше өзгере түскен Орман бар. Орман Беделге Россияның мектептері оқытатын ресми программа оқуынан басқа ұлы әй барлығы барын айтады. Ол озат ойдың басшылары, ойшылдары, қайраткерлері тудырған, тудырып таратып жатқан кітаптар, баспасөздер барын баяндайды.

Бедел көп нәрсені көрмеген, оқымаған болады. Орман бүгінгі патшалық тәртібіне қарсы әрекет етуші күштер барын айтумен бірге ауылға баратын учительдің халқына әсер етер міндеттерін айтады. «Елді тілмаш, болыс, пристав, урядник, би, старшын дегендер жеп жүр. Соларға қаладағы ояз, соттар, крестьян начальниқтер, облыс соты, губернатор кеңесі пана да көмекші. Халықтың қорғаны болу керек, жоғын жоқтайтын, жоқшысы болатын жас қауым өсіру міндет. Балаларды арыз, удостоверение жазатын, елдің зиянды қансорғыш күштеріне қастаны жаны бір жемқор топ етіп өсірмеу керек. Азамат боларлық әлеуметтік сананы үйрету керек»— деп отырғанда осы әңгіме соңына Жаппас келіп араласады. Ол ұлықтарды жақтайды: «патшалық өкіметі жазықты емес, ол осы отырған сендерді, мені оқытып адам етті. Оқымаса қазақ, қара қазақтың халқы өзі бейнауат» деп, Беделмен таласады, Орманмен ұрсысады. Орман оны: ояз кеңсесінде тілмаш болған сіздей адамдар халықтың бойындағы қансорғыш паразит болушылар»,— дейді.

Жаппаспен ұрыс үстінде Бедел мен Дана Орман жағын сәл сүйегендей болады. Орман кішкене Гүлиарды алдына алып: «Сенің заманыңда жақсылық болмаса, біз осындай сатылған чиновниктер қорлығы женген, езген өмірден басқа сәуле көрер ме екеміз»,— деп кетеді.

Жаппас Бедел мен Данаға елге учитель боп барғанда жақсы чиновник болу, чиндер алу, қызмет бабында өсу, өрлеу жайын айтады. Өзінің планы бар, ол оқытушы болмақ емес. Қазір оязға тілмаш, кейін елге барып болыс болғысы келеді. «Сонда мал табасың, бедел аласың. Елдегі жақсы шұрайлы жерден қыстау салғызып, бір жағынан сауда жүргізіп, оқығандықты солай пайдаланбақ, байымақ, бақ, дәреже таппақ болады. Ол үшін ұлықтармен келісіп істеу керек. Учитель болғанда елде патшалыққа теріс жандар болса, ол туралы жандарм бөліміне, қала берсе его превосходительство полицмейстердің кеңсесіне жасырын хат түсіріп тұру керек»— дегенді де айтады.

Бедел бұны мысқыл ете сөйлейді. Ол «бар ұлықтардың дәрежесін баптап айтудан бастала ма жағынушылық?»— дейді.

Жаппас бұған жала, талап қоя бастайды. «Сен елде балаларды оқытасың. Ал әр бала патша ағзамды қалай величать етуді білуге міндетті. Ал сен, учитель өзің де білмейтін болуың керек»— деп содан әрі Беделді табалап, өзінің жүйріктігін көрсетіп, оязға жазатын қағаздың, окружной сотқа жазатын, облыстық қаланың губернаторына

жазатын, генерал-губернаторға қалай жазатын лауазымдарды шұбырта санап өтеді. Содан патшаны қалай величать студі айтуды Беделден талап етеді. Бедел білмей мүдіреді. Сонда ол сұмдық естігендей болып екі көзін жұмып, дұға оқыған сопылардай басын шұғып сусылдатып: «Его императорский величество» — деп бастан шұбыртады.

Бедел мен әйелін өзі мен әйелі болып саяктандырады да, кіналайды: «Мен сені осы жерден үлкен дәреже алдың деп есептеймін де сыртынан бағамын. Сенің жаның менің қолымда. Әлгі днюдың жаны бір сандықта жасырын жататын жұмыртқа блушы еді ғой. Соны ертегінің ері тауып алып жұмыртканы қысып қалса, дню жалынып жетіп келетін еді ғой. Орманыңмен қосып бар дәрменінді құртқанда мен құртамын. Көзінді ашып жүр!» — дейді «Байың аяғын андәл бассын!» — деп, Жаппастың қатыны Қызғана және де Данаға док көрсетеді.

Бедел мен Дана бірінші актының соңында Жаппасты Саппас деп, Қызғананы Сарамас деп сынап, жиреніп атақ берген еді. Мынау актыда осы бірінші буында сол атакты береді.

Сахнада сәл қараңғылық орнап пауза болады. Бұл кезде Тарих пен Бедел әңгімесі айтылады. Енді он бес жыл өткеннен соңғы бір дәуір өмір көрінбек. Сахна ашылғанда Бедел, Дана орта жасқа келген Беделдің мұртына ақ кіре бастаған. Қызы Гүлияр 15—16 жаста.

Жаппастың жаласы дегеніне жетіп мектепке болыс Хажеч, бай Жекен, пристав Жалау және Шәріпжандар келген болады. Бұлар тінту салмақшы. Мектеп балалары «Марсельезаны» жаттап алған. Осы мектепке жалған адрестен жасырын зиянды кітаптар келіп тұратыны сөз болады. Сонымен қатар жандарм Шәріп Гүлиярды тоқалдыққа сұрағанын айтады. Болыс пен Жаппас бұған болысады. Үлкен пәле Беделдің басына орнағалы отыр деп Гүлиярды Жалау, Шарапат, Салсары, Балсары — бәрі де қамауға алады. Гүлияр өмірінде көнбейтіндігін айтады. Дана олардың: «Қызына әсер ет, көндіріп, тоқтат» дегеніне аналық мейірімді жүрек андатып, қызына зорлық ете алмайды. Бірақ ері мен қызының екеуінің дерті бір араға ұштақанына қасірет қайғыда. «Тым құрса ойланайық, қызым ойлансын, уақыт беріндер», — дейді. Қысталаңда, өмір торының шырмауында тірлігіне лағынет айтқан күйде Бедел қалады.

Сахнада сәл қараңғылық қайта орнап тағы пауза болады. Тарих пен Бедел тағы оқшау жарық ішінде көрінгенде тарих парағы ашылып аунап түскендей сахнада шымылдық үлкен кітаптын бір қағаз бетіндей аударылып ауыса береді. Бедел бұл сәтте Тарихпен дауласады.

Жаңағы болған сахна дәл емес деп таласады. Тарих күче мысқылдай тындайды. Ол сабырлы және өзіне сенімді үн, ой танытады. «Осылай болмақ керек» — дейді.

Бедел дауласқанда ол: учитель болмау керек. Учитель болса бұндай ауыр күйге жетпеу керек немесе бойсұнбай, көнбей биіктеп шығуға жарау керек дейді. Тарих күледі. «Сіз мен туралы сан рет:

Тарих осылай ойлайды, солайша байлайды» деген шактaрыңызда мен сіздің қолыңызға жармасқам жоқ болатын»— дейді.

Соңғы сахна ашылғанда Гүлияр у ішіп өледі. Бұл сурет алдында Делдал алдыңғы сахнадай қызға қызыгып, жаны аштын, жақсы көретін күйлерін айтпак болады да енді болыс пен жандарм, әкімдер жасаған ізеттен ықтап қорқады. Қашып кетпек болған Гүлиярды осы сәтте алып қашамын деп келген мақсатынан айниды. Кешірім тілеп, жалтара береді. Сол үшін шығар, жол таппаған Гүлияр у ішіп өледі. Осыны білген жаулар Беделдің бөлмесінде тінту жасап Балсары, Салсарыдан куәлік алып, оның жасырын сақтап жүрген революциялық кітапханасын табады. Сөйтіп бар жауы жиналып Беделдің қолын қолеткімен буады. Сөйтіп Бедел ұсталып абақтыға жетіп жатады. Қыз у ішіп өліп қалған. Дана қасірет үстінде талып жығылады. Бұлардың соңында Саппас пен Сарамас тұрып жауыздықтың игілікті жеңіп, құлатып, табанына таптап басып тұрған шақтағы шарқ ұрған зұлмат жаманшылығын танытады.

### Үшінші актының жоспары

Бұл акт жеке-жеке үш сурет болады. Бірінші суреттің басында және де Тарих пен Бедел сахна үстінде, оқшау жарық ішінде бұрынғы әңгімелерден басқарақ болса да Беделдің университет бітіріп, ғылымдық еңбекке ауысқалы жүрген шағын байқатады. Тарих айтуынша бұл да Беделдің өзінің басынан кешкен дәл жайы емес, бірақ сол жастағы сол белгілі жылдардағы жаңа бастаған жас ғалымның өмірінде болған ғана емес, болуға мүмкін жайлардың кейбір жиын суреті болатынын еске алады. Жалпы бұл акт Беделдің өз өміріне, өмірбаянына жақын жайларды баяндамақ. Бірақ бұның өмірін дәл фотографиядай қайталамақ та емес. Осы себепті Тарих Беделге бұл өмірдің кей шағын да шақ шолып өтейік дейді.

Сахна ашылғанда Бедел, Дана тұратын үйде бұлардың қасында жасы ересегірек салмақты да келбетті, білікті ұстаз бейнелі Орман отырады. Ол Беделге марксистік-лениндік ғылымды және әлеуметтік саясаттық негіздер бойынша ұлт мәдениеті мәселелерін міндет етіп, кәдірлі азаматтық борыш етіп сөйлейді.

Бедел өз халқының жасалмаған ғылымдық тарихын жазуға, құрауға күш сарп етпекші. Осы жолдағы болуға мүмкін қиыншылықтар мен асыл мұраттарды екеуі ғана сөйлемейді, енді Дана да қосыла әңгіме етеді.

Жаппас пен әйелі кейін келіп осы әңгімеге араласады да, қыңырықтас сөйлейді. Ол ортодокс революция міндеті ұлттық өзгешеліктерді айтуға бағытталу керек емес, қайта халықтар бәрі табысады, ұлттық айырмыстарға ақыл, күш жұмсау арам, ол әр-берден соң Орманмен, Беделмен дауласа отырып, осының түбі ұлтшылдыққа апарып соғады дейді.

«Қазақтай халықтардың тарихында мадақтауға, мақтауға тұрарлық Октябрьден кейінгі коммунистік сананың, партиялық тәрбиенің қолдауына тұрарлық адамдар қазақ сияқты азиялық патриархалдық пәдан елде болмаған, ханды мақтайсың ба, қарапайым биді мақтайсың ба? Қербала өнерсіз оқымаған домбырашыны, өлеңшіні мақтайсың ба? Ондайды мақтаймы деп жүріп идеализацияға, орынысыз дәріптеушілікке кетесің!»— дейді. Дауласа келе «сенімен бірге

оқығамын, бірақ идеялық негіздік жайлырада мен сенің сыншын да, қарсы адамың да боламын»— дейді.

Бұл жайда Беделдің зерттей бастаған тарих салаларын жамандауға, қатал сынауға айналады. Әйелі мұны қостайды. Дана мен Бедел, Орман үшеуі Жаппастармен қатты ұрыса айтысады.

Орман Гүлиярды сөз етіп: «Сенің уақытыңда анық ғылым бойға сіңген, сүйегі ағарған оқымысты буын туып өспесе, біздің уақытымызда әлі бірталай Жаппастар саппастық ете тұрар»— дейді.

Бедел ғылымға кеткенде, Жаппас ғылым, мәдениет істерін ұйыстырушы әкімшілік, басшылық орынға кетеді.

## Екінші сурет

Тарих кітабының және бір беті аударылып түскендей халден сон Тарих пен Бедел арада 15 жыл өткен соң болатын қиын-кысталған бір шақты қызыға, қыза сөйлесіп, ентелей қарап қалған болады.

Сахна ашылғанда университет ректоры болған Хажен, декан Жекең, министрлік өкілі Жалау және сот адамы Шәріп Беделді Жаппастармен қосыла қатты қысып, ортаға алып, кергіге салып жатқан шақ болады. Баспа жүзінде үлкен газетте Жаппас Беделдің еңбегін, қалың бір соңғы кітабын қатты сынап, айыптап шыққан болады. Соның ішінде хан тұқымы Қабыланды халықта тарихтың қамы үшін алысқан адамы етіп Бедел мадақтапты, ол теріс боп шығыпты. Бедел халықты, советтік буындарды көп жылдардан бері адастырушы болады. Университеттен шығару көп жерлерде, қоғамдық орталарда Беделді айыптай өшкерелеу жайы қатарға қойылған. Салсары, Балсары, Шарапат сияқтылар Беделден сырт айналып, Беделді жазалаушыларға қосыла бастаған шақ болады. Сонда партиялық жоғарғы орынның үлкен саналы өкілі болып Орман келеді. Ол Беделді ақтайды, болысады. Онымен ғана қоймай Жаппасқа үкім айтады. «Сендей адамдар біздің тарихта күні біткен, заманы өткен ескілік қалдығы деп танылатын мезгіл жетті. Сенің атың — жалақор, жалғаншы пәлеқор, ғылымда: ойда мезгілі өткен демагог»— дейді.

Беделдің еңбегі Москвада ғылымдық және партиялық үлкен беделді ортада зор баға алған ең соңғы күндер хабарын алып келеді.

Бұның алдында ғана қысқа ғана сөйлеген сөзінің Бедел Қабылан туралы «мен адассам қауыммен бірге, жалпы қазақ жұртшылығы революция басынан бері сынсыз қабылдап, құптап жүрген адам болғандықтан, сол жұртшылықпен бірге адасқан боламын. Ол мен тудырған тарихтың, мен қолдан жасаған адамы емес»,— деген болатын.

Бұл жөнде де Орман партиялық әділ бағаны айтады. Екінші сурет сонымен жаман жандардың жеңіліп, өшкереленуіне жақын шақты көрсетеді. Бірақ осының алғашқы тұсында Шәріп Гүлиярды өзіне әйелі өлгеннен кейін жас әйел ретінде күйеуге тиюге ойыстырмақ болады. Бұл сахнада Делдал бұрынғы ақтылардағыдай емес, әлдеқайда белсенді, жігерлі, Гүлиярға шынайы тең жақсы жас болған. Гүлияр соған сүйеніп, әкесі Беделдің қысылып тұрған шағының өзінде де Шәріпті бетке соққандай қатты мысқыл жаза жауап береді. Шәріпті күлкі, масқара етуге жарайды.

Бұл суреттің соңғы шағында шындық, коммунистік шындық социалистік дәуір тарих шындығы есебінде ескінің қалдығын жене бастаған жайға ауысады.

## Үшінші сурет

Бұл суретте Киевтең, Ленинград, Казан, Ереван, Ташкент бастығы Москва өзінен Беделдің енбегін көтеріп бағалап, танып жатқан деректер келіп жатады.

Бұнда Дана, Гүлияр өздері де ғылым адамдары болған. Ғылымдық баяндамалар, кітаптар әзірлеп жүрген өскелең совет әйелі болады. Делдал, Гүлияр көп уақыт білісіп, бір-бірін жақсы тану нәтижесінде ұғынысу қалпына жеткендіктен енді некелеспек болған кез.

Жаппастар мүлде бардан айрылып, жүні жығылып жай ғана күн өру халіне түсіп кеткен. Директор Хажен, Жекен, Жалау, Шарапат, Салсары, Балсары — бәрі де Беделді үлкен енбек нәтижесімен өзгеше бағалап, оның ұзақ өмір енбегін той ету де керек дескен сәттер болады. Бұл сурет тегі қысқа, бұндағы ең тиімді жай — Беделдің соңғы сөзі болады. Ол өзі туралы: «Мен орташа талантты, орташа ақылы, орташа жүрек тазалығы, адмгершілігі, талап-қайраты орташа адам едім. Өзге жағдайлар болса мен аса жұпыны орта көпшіліктің орташаның орташасы дейтін бірі болар едім. Өзге емес, мен өзімнің социалистік дәуірдің Октябрьден бергі тарихтың, коммунистік тәрбиенің ең зор қасиеті әр адамның ішіндегі барлық мүмкіншіліктерді соныша өзгеше өсіріп асырған, асыра қанат бітірген тарихтық жағдайды әсіресе алғыспен ауызға аламын. Мен ғана емес, осындағы бәрлерің өздерің де ойландаршы, тарихтық өзге замандарда сендер кімдер болар едіңдер? Әлдекімнің, әлдеқалай қалпын, болмысын, тағдырын кешер едіңдер?» Бар совет адамы, социалистік дәуір ұл-қызы, өзіне қарашы, өзіне қара да менің буыныма, менің өз басыма Октябрь не берді? — дегенді ғана ойлашы. Бар дүниенің шынын, сырын сол тұрғыдан қарап аңғаршы. Өмір, тағдыр, адам дегеннің менің білуімде ең бір терең мәнді түйіні мен тетігі осы жайда екенін ұғынып көрші! — дейді.

Осымен пьеса — спектакль біте бергенде Тарих пен Беделдің оқшау жарық ішіндегі суреті де объектив жай жабылғандай ақырындап бәсендеп өше береді. Енді сахна пьеса басындағы интермедияның жалғасына ауысады. Сахнаға жарық берілгенде качалкада әлі ұйықтап отырған Бедел Бегенович көрінеді. Енді қызы Гүлияр, әйелі Дана асығып жүгіріп келіп алғашқыдай қарбалас үстінде бұны үркітіп оята береді. «Ойбай, қонақтар кеп қалды, сені жоқтап, сұрастырып жатыр. Сенің костюмін уқаланып қалған, жүзіңді де ұйқы басқан. Тез бетінді жу, тез қонақтарды қарсы алуға шық!» — десіп есін шығарғандай болады.

Бедел қызына, әйеліне жаңағы түсінде көрген олардың қайғылы шақтарын, көз жастарын әлдебір сандырақ түрінде: «Сен жылап едің, апыр-ай Дана, сен қандай қайғылы болып едің. Қызым, сен үшін менің жаным шыға жаздап еді», — деп, әр нәрсені ұғымсыз түрде термелей береді. Қызы мен әйелі екі жағынан қолтықтап бұған күліп: «Оның бәрі сенің хиялың, досым, сенің хиялыңда болмаса, біздің көздерде жас, хиял, уайым болған емес» деп, мәз күлісіп, сахнадан Беделді алып шыға береседі.

Ар жағынан: «Қонақтар! Қонақтар! Құтты болсын, құтты болсын! Жасаныз, Бедел, көп жасаңыз!» деген қуаныш сөздермен, шат жүздермен ашық сөйлесіп, күліп, жадырай жайнап келе жатқан жақсы киінген әр жастағы оқымысты ерлер, әйелдер жүздері көріне береді.

Жарық молайып, музыка ойнай береді. Шымылдық жабыла бастайды. (М. Әуезов архиві, п. 137 б.)

## «ЕЛУ ЖЫЛДАН СОҢ»

Дилогияның 1958 жылы «Дос — Бедел дос» деген атпен жарияланған бірінші пьесаның уақиғасы өткен өмірді көрсетуден басталса, екіншісі болашақты баяндауға арналады. Дилогияның соңғысына жазушы «Елу жылдан соң», «Жарым ғасыр соңында», «Жарым ғасыр өткен соң», «Екі мың оныншы жылы» деген аттардың бірін қоймақ болыпты. Бірақ бұл пьесаны жазушы жазып үлгермеген. Алайда пьанда айтылмақ уақиға желісіне қарағанда талай жайға мезгеу бар. Елеулі табысқа жеткен ел өрлеу үстінде екені көрсетілмек. «Ұланбел зор қала, өнер, ғылым байлық ордасы». Көптің игілігі үшін аяпбай адал еңбек еткен аяулы жастар тобы бар. Қазақтың шөл-жазирасы, кең даласы, құм басқан өлкелерін пайдалану ісі жақсы жолға қойылған. Жаңалық ашқан, ғажайып аппараттар жасаған, өнерімен таңдандырған қауымды қуанышқа бөлеген ғалымдар жайлы сөз болмақ.

Пьесаның жоспары бойынша 2010 жылы мол астық алу, космосты, әуе райын меңгеру жөнінде үлкен табыстарға қол жетеді. Аспанда талмай ұзақ ұшу, қалаған жерге жаңбыр жауғызу, «күн шуақ жіберудің» тегігі табылады. Өзгенің ойын алдын-ала біліп қоятын аппарат, айға ұшатын ракета жасаған Делдал, Гүлжан жаңы сөз болмақ. Ұланбелде мәжіліс ашқан қазақ оқымыстылары мемлекет көлемінде 100 миллиард астық алу туралы келелі кеңес үстінде. Космоста ракетамен айды, жерді айнала 17 күн ұшып аман-есен мекеніне қайта оралған Ұланбел қызы космонавт Гүлжан ісі әлем көз тіккен бір елеулі уақиға ретінде сөз болмақ. Айға ұшқан баласын сарғая тосқан Бедел мен Сана сияқты ата-анасының күйзеліс күйі көрсетілмек.

«Елу жылдан соң» жоспары жайында пікір айтып, оған алғаш рет жұрттың назарын аударған («Лениншіл жас», 1965 ж. 15 октябрь) әдебиетші Р. Нұрғалиев еді. Енді пьесаның планы М. Әуезовтің өз архивінде сақталған нұсқасы қалпында баспаға ұсынылып отыр.

### ПЛАН № 1

Дилогиялық екінші пьесасы, «Елу жылдан соң», «Жарым ғасыр соңында», «Екі мың оныншы жылы», «Жарым ғасыр өткен соң» (ат варианттары).

#### А да м да ры:

1. Бедел Бегенович
2. Сана
3. Гүлжан
4. Жаппас
5. Құлпаш
6. Орман
7. Хажен
8. Жекен
9. Шәріп
10. Делдал
11. Мұстафа
12. Биби
13. Асан
14. Тарих
15. Бастық — ұлы ғалым, совет бастығы.

## Пролог

Бедел мен Тарих. Енді Бедел шақырады тағы бір саяхатқа. Тарих таңырқайды. Қандай саяхатқа, бұл білмес қандай заман бар, қандай соны болуы мүмкін? Әсіресе тарих білмей, адам білетін қандай сырлы сала тарих бар? Бедел сенімді. Мен сізге мәлімді сіздің өзіңізге баяндамақ болсам, ол өрескел болар еді. Әдін білмеу, дандайсу десе де сяғандай, бірақ мен сізді өзіңіз кешірген шақтарға шақырмаймың. Мен болашаққа шақырамын дейді. Тарих тартынады. Ол менің бармайтын... Әдетте бармайтын, бармаған сапарым. Бедел — сіз адамзат қауымы халқының өткенін зерттеген ғалымсыз, зерттегеніңіз — адам. Ендеше сол адам қауымы, халқы халыстары болып тарихты жасапты. Тарихты жасаушы — адам. Рас па? Рас! Олай болса алдағы болашақты да өткеннен бүгінгі тудырғандай (бүгінгіні бұрынғыдан, өткеннен туғызып отырған хақ кой). Тағы сол болашақты да тудырады. Болашақ тарихты бүгін жасай бастайды. Осы адамды артқа емес, бүгін ғана емес — болашаққа басқан адамды, заманды бір сапар бірге шегіп көріп қайтуға шақырар ем.

Т а р и х. Мен болашақты болжамаймын.

Б. Мен болжайын.

Т а р и х. Болжап көріңіз.

Б. Ендеше жүріңіз, алға бастык.

Сахнада Тарих беті аударылып ашылып түседі. Тарих пен Бедел жерде, түстері мүлде жаңа, киімдері басқаша, женіл көркем, көп бояулы сәнді күйде.

### I-акт

Т а р и х. Көп заман өтті ме? Біз қай болашаққа кеп кезіктік!

Б е д е л. Біз елу жылды, жарым ғасырды аттап түстік.

### I-сурет

Бедел, Сана, Жаппас жоғарғы ғылым советінде (Ұланбелде). Мәжіліс — бастықтар Хажен, Жекендер. Москва — телеқабарда Хажен міндетті айтқан-ды. Енді жауап керек. Бедел, Сана, Жаппастар міндет алады. Бұрынғыны бүгінмен салыстыру үшін... Бүгінгі соңғы ұлы табыстар... Астык, аспанды менгеру. Делдал тобы да алған.

### II-сурет

Бедел үйінде. Еңбек үстіндегі кеңес. Бедел, Сана, Жаппас, Асач, Шарапат, Құлпаш. Бұл топ өз міндеті үстінде. Сана, Гүлжан, Делдал, Мұстафа, Биби — бұларда да зор талап бар, табыс та зор. Олар физика, инженер, автоматика табыскерлері. Ойда қуаныш, бірақ Сана байқайды, Гүлжанда мұң бар. Ол жасырады.

### III-сурет

Делдал, Гүлжан, Биби. Делдал Бибиді аса құрмет етеді... Г.-да сондай, бірақ өз іші ауыр, мұң тәрізді. Делдал аса зор ғалым, жас. Москва ірі көтерген. Үшеуі бір табыс сонында. Соны жаңа тапқан. Гүлжан, Биби сыр сөздері, іштері толық тегіс ашылыспайды.

### IV-сурет

Сана, Бедел іс үстінде, көңіл алан. Гүлжанда уайым бар дейді Сана. Гүлжан ата-анасынан жасырып көреді. Бірақ бір үлкен түйткіл

бар. Ол үлкен жара... Не тірі болмақ, не каза. Бедел, Сана қорқыныш пен қапада. Гүлжан жалғыз... уайымда... Биби сыр сұрайды, иешіле алмайды. Делдал қоса жабысып сұрайды, сезбейді. Айта алмасан ойла. сөзбен айтпа дейді.

Өзі тапқан аппаратты береді. Биби екеуіне береді. Биби кие сала. Делдалды сүйгенін білдіреді Гүлжанға. Гүлжан күдігі анықталды. Гүлжан кимейді. Делдал ойын білгісі келеді. Ол ғылым арманын айтады. Талап зор, тартынған, тұйық. Гүлжан екеуіне бөгет болуға болмайды. Мен жолдарынан сырт болуым керек дейді. Бекінбек, аспанға ұшпақ, өз сезіміне бағыттаған құрбандық өз өмірі болмақ. Ұшуға бекінеді. Делдал қайран, бірақ құрмет зор. Өздері жасаған жаңа аппаратты сынамақ керек. Айдан ауылға кеп түсу. Гүлжанға алғысы... Бедел, Сана қорқыныш әбігерде. Іс ауыр, жаңа міндет зор. көңілі болса жарым екеуінің де.

#### V-сурет

Ұлы ғылым советі. Хажен, Жекен, Шәріп. Орталықтан хабар алған, асықтырады. Жаңбыр, жел, күншуақ беріп жатады бар құм-шөлге. Беделді, Жаппасты шақырады. Есеп-егіс қоры биыл 100 миллиард болмақ, зықтамақ. Бедел, Сана көңілі алаң. Жаппас дос — соны шын ашып айтады. Бәрі біледі. Гүлжан ұшқалы жатыр. Тегіс солай ұмтылады. Телевидение.. Анау үшеуі Гүлжанды ұшуға әзірлеуде.

#### VI-сурет

Делдал, Гүлжан. Делдал аппаратты кимегенді наз етеді. Ішін біле алмай қалғаны мұның арманы екенін айтады. Гүлжан аспанда, космоста кимек болады. Өздерінің шифры... Сонда әкеткен бір сыр бар. Биби тамаша күншуақ ашып Гүлжанды сүйіп жылайды. Үшеуі бір-бірінен ажырай алмай, ынтығысып айрылысады, айқайласып тайталасқан жақсылық, нәзік тазалық мінез, достық, махаббат балқиды. Гүлжан ұшады. Делдал Бибиді аймалап, еркелетіп, уатып, бірге аң ұрып қапада қалады. Бұл екеуі сүйте ме, жоқ тек достар ма белгісіз. «Гүлжан, Гүлжан!» дескен аң ұрысқан көңіл нәзік биязы, аппақ кіршіксіз мінсіз ақ сезімдері бар, жұмбақ жастар, жандар жүр.

#### VII-сурет

Делдал бір жерде, Сана, Бедел бір жерде аң ұруда... Не болды. Гүлжан? Не күйде? Хабар бір болып барып үзілген, енді не күйде? Сигналдар аппараттардан бар, жүрегі де соғады, демі де білінеді бірақ санасы, ойы жүрек күйі қандай. Жаппас іс жөнінен асығады. Бедел, Сана жауап айтпайды. Делдал Жаппасты кінәлайды. Асан, Шарапат, Құлпаштар тегіс қиналып асығуда. Мәскеу совет, бұндағы совет қатты тығыз керек қып жатыр. Хажен, Жекен асығады. Бедел бірақ уайымда... 10 күн, 10 күн тыныш, тыныштық ұйқы жоқ. Гүлжан не күйде? Көңіл алаң. Сана екеуі де жұмыс істей алмайды. Биби жылайды. Делдал оны уатады. Беделді, Сананы уатпақ болады. Қапа-қамырық бәрлерін басқан.

Жаппас есеп айтады, 1957 жыл урожайын есептеген — аз. Сол адам не деген қызық дейді. Аспан, жер, су қолында емес, ал өздері план жасайды. Және алам дегенін алады дейді. 1956 жыл алды, 1957 жыл және алды дейді. Бегенге алған жоқ дейді. Дәлелдеуге дәр-



мен жок. Жаппас ұры бар ол кезде,— дейді. «Потеря» деген сөз дейді. Бедел — не деген жалажор болар ең, баяғы заман болса деп сәл әзілмен қабақ ашысады. Тағы да хабар, хабар жок. Өлі ме. тірі ме?

### VIII-сурет

Орталық Ұлы совет мәжілісі Ұланбел жауабын, ісін тосады. Тбилиси, Киев, Ташкент советтері өз бөлімдері бітірген, түсірген. Ұланбел ұстап отыр. Бар істі ұстап отыр. Бедел Бегеновке не болды? Хажен жыйды айтады. Қызы Гүлжан космоста, хабарынан шошиды. Күн-түн ұйқы жок. Уайым, қауіп алма-кезек. Анасы Сана да үлкен деректер несі. Ол да дертті. Ұлы Совет мүшелері Беделді түсінеді. Бәрі де ден қояды. Хабар сұрасады. Лондон, Париж, Мадрид, Рим, Пекин хабар (ы) — ұшып бара жатқанын айтады. Хабар, хабарлар, Бір сөз, бір ғана сөз бар — мәлімсіз шифр. Ұстаған жер шарында бір-ақ станция, ол — Киев, бірақ сөз не екенін түсінбейді. Бір-ақ сөз, соны жерде білген, түсінген бір-ақ жан. Ол — Делдал. «Мен сүйем» деген сөз. Өзі мен Гүлжанға ғана мәлім шифр. Делдал ғажап өзгеріске түседі. Қиналғаны ма, рахаты ма, сор ма, бақыт па. Биби түсіне алмайды. Жаңылдым, адастым сізден дейді. Сәл ғана шындықты аңғарғандай сезіне бастаса, Гүлжанға сол дәрежеде қызғаныш айта бастағандай. Делдал түсінеді... Айтқызбайды ол сөзді. Бірақ екеуінің екі жерде ойлары сөйлейді. Оңаша Бибимен сахнада жок Делдалдың дауыстап сөйлеген ішкі ойлары, сөздері ашылады. Биби Делдалға сезігін айта бастап, өзі Гүлжанға әрі тамашалайды, әрі қызғанады, қызғанғанын өзі кінәлейды. Бұл көңіл, жүрек арпалысы. Делдал оңаша, оған Биби ойы естіледі, сөйлеседі, жүз көрісе алмайды. Оған шydаса алмайды.

Сана, Бедел хабар, хабар тосуда. Қорқыныш, қайғыда. Делдал мен Сана, кейін Бедел, Делдал бұлар да ауыр құпия қайғы ішінде — тағы да зор қуанышпен іштей қанағаттанғандай. Сана оны түсінбейді. Тек Бедел ғана түсінген тәрізденеді. Зор үнсіз аңыру, пауза арасында сәл ғана бір елес, еміс хабар — бәрі ұмтыла 17 күн, десіп алас ұруда.

### IX-сурет

Бедел амандық хабардан соң іске басады. Сана екеуі көңілі құлағымен аспанға қадала түсіп, асығыс жоспарды орындасады. Асан, Жаппастар тек асығыс, бір ғана талап үшін алысуда. Бұрынғының ең зор табысын бүгінмен салыстыру керек. Сол себепті биылғы, екі мың оныншы жыл егісі, табысы қажет. Өлі орылмаған. Жанбыр жіберуді бір мол учаскеге Қызылқұм сұрайды. Соған жанбыр жібертеді. Үш күндік, екі күндік жанбырды Мойынқұмға жібертеді. Арада талас. Жаппас — 1957 жыл есебін теріс шығарған. Және соны құптайды. Астық шыққан, бірақ потеря бәрін жок қылған дейді. Ол кезде ұрлық бар... Талас... Мәскеу асығыс деректер сұрайды. Бұлар өзі кешігуге бүкіл дүние есебін бөгеп жатыр. Дүниелік кітап жазылады. Қытай бітіруге жақын, Орта Европа бітірген. Союз(да) Қазақстаннан басқа бөлімде бітірген. Бұл жайды телевизияда Хажен, Жекен айтады. Бұл да дау. Цифрлар аяқталмай тұр. Қызылқұм, Мойынқұм цифрларын береді. Бедел өз есебін береді. Жаппас пікірі особое мнение — талас, достар тартысы. Жаулық жок, бірақ келіспеу бар. Қуаныш хабар.

## X-сурет

Жерге Гүлжан қайтқан. Ұдайы бір сигналды, өзгеден бөлек шифр сигналды Делдал ғана есітеді. Мұстафа қызығып, жабысып сұрайды. Өзі білмек болады. Биіч оған серік. Биби, Мұстафа бірдей Делдалдан Гүлжан хабарын сұрайды. Аспан телевизорда. Дүние станцияларының хабарлары. Мексика үстінен Родезия, тағы сондай көп станциялар хабарлары... келе-келе жатыр... Аспанда жерді үш айналып ұшып жүр Гүлжан. Телевизорда Ұланбел үстінен ұшып өтіп бара жатқаны тағы білінеді, көрінеді залға, Гүлжан хабары, өз хабары бірінші рет аман... тағы да шифр — «Мен сүйем». Мұстафа сезік айтады, Делдалға. Ештеңені аңдамайтын көңілмен қатты поэзиялық терең сырлы қасиетті айтады, махаббат қасиеті. Егер Гүлжан осы ғажайып сапарды махаббат энергиясымен істеген болса, не деген зор қыран самғауы. Адамзат, махаббат сенің ең алғыр қырғын қанатың болған дейді. Делдал айт, тағы айт, — деп ынтығады. Биби айтпа! деп тоқтатқысы келеді. Ол кішірейе береді. Мұстафа бұл жерді түсінбей, Бибидің өтінішін жүрек толған асыл сезімінен дейді, өзі Бибиге ынтығады. Биби де бұған бейім, бірақ ол шын-шынымен Делдалға ынтызар, тек түсінбейді. Делдалға не болды, не болды?.. Делдал. Хабар. Гүлжан келіп түскен. Қызылқұмға түскен. Бұндағы бәрі геликоптер мініп ұшып жөнеліседі.

## XI-сурет

Гүлжан келген. Қайтыс сапарды управлять ететін Делдал аспабы ойдағыдай сыналды. Әңгіме осы аспап болатын. Гүлжан келе алмай, қайта жерге жеге алмай қалуы мүмкін еді.

Москва, дүние хабар сұрайды. Хажен, Жекен жоғары ғылым советінде Гүлжандар, Делдал табысы ақталды, сынаған Гүлжан. Ырзалығым, алғысым ретінде осы жиын ортасында сүйемін Делдалды, дейді. Мен де сені космосқа шыққаннан бастап «Жұлдызым, бак жұлдызым болдың» дегемін дейді.

Бедслдер ең соңғы табыс — дерек итогтарын аяқтайды.

Елу жыл бұрын спутниктер болған. Қатынас ретінде Ұланбелде түйе, жылқы көлік еді. Бүгін сол Ұланбел қызы ракетамен айды айналып ұшып қайтты. Алдынан шыққандар геликоптермен ұшып барысты. Елу жыл бұрын ұрлық, жалақорлық, қызғаныш дегендермен қатар түйе, арба, есек көлік еді бұл құмда. Бұрын қалыңмал болған, малға сатылған, үш әйелдің бірі болған қыз бар еді. Қазір қыз атағы қанат қыз; жарға жоғары мезер жұлдыз жар болды. (М. О. Әуезов архиві, п. № 138, 81—87 т.).

## ҚАЛҚАМАН — МАМЫР

Қазақ өнері саласында алғаш рет балет группасын құруды қолға алған тұста Мұхтар Әуезов тез арада өткен ғасырда қазақ сахарасында болып өткен оқиға негізінде өзінің «Қалқаман — Мамыр» («Қанды құз») деп аталатын үш актылы либреттосын 1938 жылы жазып шықты. Балеттің музыкасын композитор В. Великанов жазды, Балетті сахнаға қоюшы РСФСР-дің еңбек сіңірген артисі Л. Жукова, суретші О. Таңсыкбаев.

Либреттонның орысша текстімен бірге қазақша жазылған нұсқасы да болған, бірақ сақталмаған. Әуелі бұл «Қанды құз» деп шартты

түрде аталса да, соныра шығарманың бас кейіпкерлеріне байланысты «Қалқаман — Мамыр» аталып кетті. Жазушы архивінде (ЛММА архиві, № 165 папкі, 49—77 бет.) либреттонның орыс тілінде автордың өз қолымен қарындаш арқылы жазылған толық түрдегі тексі бар. (49-58 бет). Осы асыл түпнұсқа кейіннен машинкаға басылып үстінен автор елеулі түрде редакция жүргізген. Көптеген түзетулер ендіріп, өңдеген тұстары да ұшырасады (60—66 бет). Жазушының 20 томдығына осы нұсқа негіз етіп алынып, тұңғыш рет жарияланған отыр.

**Жоғарыда** аталған № 165 папкінің 66-71 беттерінде осы либреттонның бастапқы қысқаша нұсқасы түрінде қазақша латын әрпімен жазылған автографы да бар. Бірақ текст аяқталмай күрт үзіліп қалған. «Қалқаман — Мамыр» либреттосының жазылу тарихымен таныстыру мақсатында осы нұсқаны да оқырмандар назарыңыз ұсынып отырмаз:

## КАЛКАМАН — МАМЫР (ҚАНДЫ КАКПАИ)

### I

Тау-тас арасы, сай. Тап ортада оқшау тұрған биік қанды құз. Қыз-келішшек тобы шығады. Мұн басқан, нығы түскен, жүдеу топ. Тап ортада қаралы Мамыр. Тасқа отырады. Көптен бетін сыртқа бұралы, оқшау. Қасына біресе шұбырып, біресе жалғыз-жалғыздан қыздар, достары келеді. Айналаны, тау-тасты, су, тоғай, аспан көкті көрсетіп алдандырмақ. Мамыр айықпайды. Аналарды сөзеді, қой дейді. Әр жаққа таратып жібереді. Өзі жалғыз қалған соң дертімен шірленеді, тілек тілейді. Жартасқа, қанды құзға жалынады, жабысады, сгіледі, бүктүсе жалбарынады.. Қу ағашқа әлем байлайды, оған жалынады. Күнге, аспанға, көк майса тал шалғынға да бұралып оралып зар шағады. Қайтадан шер кернейді. Қараны қайта жамылады. Қанды құзды өрлей-өрлей береді. Тау басына тақап енді атыла береді.. Сол кезде жан-жақтан нөкерлері жүгіріп-жүгіріп шығысады. Арттарына қарасып бір қызық ерекше жаңалық әкелендей. Бәрі арт жақты нұсқайды. Дабыл, керней үні. Жауынгер топ шығады. Қыздар жамырай табысып қарсы алады. Жорықтан қайтқан топтың ортасында Қалқаман. Бұның тобы қыздарға өздерінің жеңісін, жортуылын баян етеді. Шабуыл, қырғын көрінісі. Билей жүре барлық топ Қалқаманға қошемет көрсетеді. Қалқаман Мамырды көреді. Өзі барып тастан түсірседі. Мамырға қызыққан. Қыз қошеметке елікпейді. Жігітке ғана таңдана қарайды. Екеуі де бір-бірін алғаш көріскен, таңырқасады. Мамырға ойынға қосылып, көңіл көтеруді ұсынады. Көп оралады. Мамыр қаралы күйде жалғыз, мұңлы қалыңған аумаиды. Көптің қызығына қарамайды. Қалқаман Мамырдың дос қызын жібереді, шақыртпақ. Мамыр ойыспайды. Желікті топ қызарына келіп Қалқаманның айналасына оралып бұны хан көтеріп алып кете береді. Қалқаман Мамырға қызыққан бетінде Мамырдың дос қызына садақ оғын береді. Мамырға бер дейді. Мамыр бұны көріп, ен соңы сәтте Қалқаманның артынан телміріп қарап, ұмтылып тасқа шығып телміріп қалады. Кәрі жеңгелер шығады. Түстері суық. Мамырды шақырады. Мамыр тастан түспейді. Қараға оранды. Жеңгелер бұны сүйреңкіреп алып кетеді. Мамыр жалына, қинала, жүлқына, артына қарай кете береді де, Қалқаманнан оқ әкелген досына омырауындағы орамалын тастайды.

Батаға жиылған ру басылар, олар ортада биік орында... Ойын-той белгісі бар. Билер алдынан тәжім ете өтеседі. Көкенай ашулы әмір етеді. Мамырды әкелуге бұйырады. Жеңгелер Мамырды алып шығады. Мамыр бетін ашпайды. Көкенай:— Мына билер мен көптің тілек батасы, сен басындағы қараны тастайсың, мына Ескенеге тиесің,— дейді де басындағы қараны жұлып алады. Сол кезде Ескене шығады. Қаба қара сақалды құбыжық түсті әменгер. Мамыр шошынып үркеді, көлтен тілек етеді. Қара жамылшысын сұрайды. Бүгілген Мамыр қатып қалады. Билер бұйрық бата жасайды... Көкенай Мамырды Ескенеге табындыра әмір етеді. Ескене Мамырды өз қасына алғызады... Сол кезде ойын қызу күшейе береді. Топ көтеріліп қуанып бір жаққа қарайды. Қалқаман тобы хан көтеріп батырды әкеледі. Билерге тағзым қылысады. Көкенай мен Әнет Қалқаманды кезек шақырып бата береді. Жәйді сұрайды... Қалың ел биі, ойын-ойнақ жортуыл жорық көріністері, бір топтан бір топ үдеп желік қыза береді. Найзаласқан, балталасқан, көппен жалғыз алысқан және жекпе-жек соғыс көріністері. Жамбы атысу. Көкенай атады. Ескене атады, тимейді. Ақыры Қалқаман атып жамбы түсіреді... Мамыр қуана қостайды, орамалын береді. Қалқаман жамбыны бұған сыйға тартады... Шалдар қожырайды, ырза емес... Ескене бүлініп кеп жамбычы қайта лақтырып, Қалқамандағы орамалды алмақ болады. Ол бермейді... Қалқаман, Мамырдың дуэт биі... Көңіл қосылысқан серт. Уәде сияқты қабак білінеді. Көкенай Қалқаманға өз садағын сыйға тартып, қалың ел бата береді.

## III

Түн. Көл жағасы, саз камыстар. Үміт-тілекпен жаңғырып жайнап шыққан Мамыр. Қасында қыз досы, жүректегі қуанышын баян етеді. Сырын ашады. Тау, дала бостандыққа тартады. Дүние бұған күлгендей түн үшін қуана тамашалайды. Елеңдей сабырсыздана күтеді. Дос қызы қорқады. Бөгемек болады. Қой дейді. Ауыр жаза бар дейді. Мамыр қинала күліп, көнбейтінін, өлсе де осылай ететінін айтады. Елеңдейді, қуанады. Қалқаман мен жалғыз жолдасы шығады. Қалқаман қуанышты ұмтылады... Мамыр тартынады, іркіледі... Анау жабысып, жалышып оң назарын өтінеді. Салқындық себебін сұрайды. Мамыр кетейік мені алып кет дейді. Қалқаман мен қосшы қыз шошиды. Қалқаман да ойланып қалады. Мамыр жалғыз бостаидық тілек-талаптың сағымын көксейді. Қалқаманға сол өмірге кетейік деп жетелемек, еліктірмек, жалынады... Жігіт пен қыз шошып қатты қарсы болады... Қыз ауылға қашпақ, көпке хабар айтпақ, атой салмақ. Мамыр ашулы, қызды бұрымынан жұлып соғып бауыздамақ, өзін де осы арада өшірмек. Қалқаман ұстап айырады... Жолдасына ақыл салады. Ол қарсы... Не қыз, не ел-жұрт дейді. Қалқаман.— қыз Мамыр дейді. Мамыр ұмтылып қуанып бақытпен жайнайды. Екеуі де қуанышты, сүйісіп табысты, кетпекші. Сонда жігіт пен қыз хош деспестен бұлардың қаруы мен киімдерін лақтырып, кетіп қалысады. Екеуі сонда да үлкілі, бақытты. Құшақ қосып, түнге бет түзеп, ойнап, жайнап аспандағы бір жұлдызды бетке алып соған тілсз айтып қол созып, жайнай жөнep береді.

Дабырлап үркіп топ шығады. Бастық Көкенай... Қап-қара түнер-

ген қанжар, кісендер жарқылдаған қанішер бұзар қол... Жігіт пен қызға кісен салады... Ашулы Көкенай қызды бауыздап жібереді. Аяқ, серт лаулап, дүркіреп, жан-жаққа шабуылдап жөнеліседі...

#### IV

Әбігер үркінді. Жастар жүдеу. Кәрілер, үлкендер зәрлі... Жұрт шошынады... Күтеді. Баксыдай сарнап Көкенай шығады. Артында айбалталы, сапылы топ тұрғандарға әмір етеді. Жұрт жетелеп, сүйемелдеп кәрі Әнетті алып шығады. Көкенай Әнетке күш салып билік айт, бер тентектерді дейді. Әнет өз қолында жоғын айтады. Ақсақалдар, ру басылар талқысы құтырған бурадай. Жастар тағзым етіп өтініш айтады. Шалдар, Ескене әсіресе Көкенай құтырып кетеді. Жастарды айдап шығады. Әнетке салмақ салады. Әнет өзің айт дейді. Көкенай менің билігім екеуін де оққа байлатқыз, Ескене Қалқаманды мен атам дейді. Екі ана жалынады. Әнетке, көпке рахым ойла дейді, жалбарынады. Көкенай оларды лақтырып жіберді. Әнет Көкенай өкімін қостайды. Барлық жиын бата қылады... Қар, зұлымдық үкімі. Қаптап, құжынап лаулай жөнеледі. Жұртында екі ана емшегін көкке сауып егіліп қалады.

#### V

Қақпа, жартас. Қарсы биікте Әнет пен кәріелер тобы. Сірескен қол. Тұтқындарды алып шығысады. Көкенай мен Ескене Мамырға қарап әлсірейді, жаны ашығандай. Көкенай тістеніп, қажырланып кеп садақты ұстатады... Жастар Қалқаманды көргенде егіліп тілек тілеп жалбарынады. Қалқаман шалдарға лағынет оқиды, жастарға қарайды. Бірақ олар...

\* \* \*

Мұхтар Әуезовтің өзі «Қалқаман — Мамырдағы» әрбір бидің, дуэттің, монологтың мазмұнын толығырақ ашуға балетмейстер Л. Жуковаға көмектесіп отырған. Бұл балет 1938 жылы алғаш рет Мәдениет Сарайында (қазіргі «Қазақфильмнің» ескі ғимараты) қойылды. Балетті көрушілерге арналған программаның машинкамен көшірілген нұсқасында (72-77 бет). рольдерді орындаушы кардобалет, миманс артистерінің аты-жөні толық көрсетілген. Опералық театрдың ноталар сақталатын кітапханасында «Қалқаман — Мамырдың» клавирасы ксерокопияға түсірілген нұсқасы сақталуда.

«Қалқаман — Мамыр» — қазақ балетінің тұңғыш қарлығашы болумен қатар балет саласында ұлттық тақырыпты меңгеру мен оған жол ашуда негіз боп қалануымен де ерекшеленеді.

#### «ДАЛА БАТЫРЫ»

Мұхтар Әуезовтің «Дала батыры» деп аталатын киносценарий 1942 жылы С. М. Эйзенштейннің талантты шәкірттері болған кинорежиссерлер В. И. Кадочников, Ф. И. Филиповтермен бірлікте жазылды. Сценарийдің сюжеттік желісі қазақ лиро-эпикалық жыры «Қозы Көрпеш — Баян сұлудан» алынды. «Дала батырының» әдеби

сценарийі екінші нұсқасы Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыға көшіп келген Орталық киностудияға тапсырылды. «Дала батырының» әдеби-режиссерлік сценарийі бекітіліп, фильмді түсіруге даярлы жүргізіле бастады. Бірақ фильмді түсіру кинорежиссер В. И. Кадошковтің кенеттен қайтыс болуы себепті жүзеге аспай қалды.

Москвадағы әдебиет пен өнердің Мемлекеттік Орталық архивінде сақталған Эйзенштейн архивінде осы сценарийге жасаған режиссерлік үш суреті сақталуда. Сценарийдің 83 беттік қолжазбасы Қазақ СОР Орталық Мемлекеттік архивінің Алматы Көркем фильмдер киностудиясының қорында жатыр (фонд 1708, п. 1., ед. хр. 181). Осы архив дерегі негізінде «Дала батыры» сценарийі алғаш рет жарияланып, көпшілікке ұсынылып отыр.

## БІЗДІҢ СОВХОЗДА

«Біздің совхозда» либреттосының сценарийі 1954 жылы Алматы Көркем фильмдер студиясына тапсырылған болатын. Либреттонның соңғы бөлімі автор тарапынан саналы түрде аяқталмай, совхоз тұрмысының перспективасы, өркендеу жолы, дамуы жай схемалы түрде берілген. Бұлай болудың себебі: совхоздың 1954 жылғы көктемдегі өмірін, нақтылы тәжірибесін көзбен көріп, танып барып толықтыра түсуді ескеруден туған автор мақсатына байланысты еді. Сценарийдің идеялық — көркемдік жағын тереңірек аша түсу жолында либреттоға автор тарапынан ендірілген бірнеше қосымшалар да ұшырасады.

Бұл либреттонның түпнұсқасы М. Әуезовтің әдеби-мемориальды музейінің архивінен алынып (ЛММА архиві, № 503 папка, 1—50 бет) алғаш рет жарияланып отыр.

## «РАЙХАН» (Әдеби сценарий)

1940 жылы Ленфильм киностудиясы шығарған (Режиссері Л. Левин) «Райхан» көркем фильмінің негізіне алынған әдеби сценарий М. О. Әуезовтің архивінде (ЛММА архиві, № 51-папка, 1—122 беттер) сақталған қолжазбасынан алынып, бірінші рет жарияланып отыр.

## МАЗМҰНЫ

Абэй (сценарий)	5
Алуа	54
Дос — Бедел дос	115
Қалқаман и Мамыр (либретто)	173
Степной батыр (литературный сценарий)	180
В нашем совхозе (либретто сценария)	246
Райхан (литературный сценарий)	264
Түсініктер	324

**Мухтар Омарханович Ауэзов**

**СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ  
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ**

**том XII**

*Драматургические произведения  
на казахском и русском языках*

Ответственный за выпуск *М. Мырзахметов*

Редакторы *К. Узакбаева, Р. Аросланова*

Художник *Т. Мухатов*

Худ. редактор *Б. Маширапов*

Техн. редактор *С. Лепесова*

Корректоры *З. Тулетаева, А. Ракишева*

ИБ 1974

Сдано в набор 15.09.82. Подписано в печать 19.01.83.  
УГ 19007. Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 10,75+вкл. 0,187. Усл. печ. л. 18,1+вкл. 0,3. Уч.-изд. л. 19,3. Тираж 30 000 экз. Заказ № 1229.  
Цена 2 руб.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.





Қапан Бадыров — Абай ролінде. 1949 ж.



Ришат Абдуллин — Абай ролінде. 1944 ж.



Ыдырыс Ноғайбаев — Қобланды ролінде.



«Райхан» кинофильмінен көрініс.